Продолжая далее, А. Нысанбаев пишет: «Современная ситуация и новые веяния времени делают настоятельной необходимостью изучения наследия мыслителя в контексте диалога не только Востока и Запада, но и диалога тюркских культур и народов. Духовная близость народов Центральной Азии, общность культурных и духовных традиций делают актуальной проблему исследования роли и значения богатейшего духовного прошлого наших народов» [2, с. 235]. Этому во многом способствует разрабатываемые в стране государственные программы. В программе «Культурное наследие» изданы два тома наследия аль-Фараби в серии «Философское наследие казахского народа с древнейших времен до наших дней» и один том, включающий трактаты аль-Фараби, в серии «Мировое философское наследие». Сегодня мы осуществляем переводы трудов мыслителя только с языка оригинала, что позволит осветить все нюансы его творчества. Впервые будут переведены работы Абу Насра аль-Фараби: «Теология», «Малый силлогизм», используемый мутакаллимами» и некоторые другие.

Обозревая вкратце истоки и сущность фарабиеведения в контексте темы конференции, можно заключить, что контуры казахской философии явно обозначены в коллективном духе мыслителей прошлого и современности. Здесь дано представление только об одном направлении казахской философии и культуры. Более обстоятельное изучение смысло-несущих и смыслопередающих оснований философской мысли Великой Степи – темы будущих специальных исследований.

Литература

1. Қазақ халқының философиялық мұрасы (20 томдық). – Алматы: Аударма баспасы, 2004 – 36 б. (каталог қаз., орыс., ағылш.).
2. Нысанбаев А. Глобализация и проблемы межкультурного диалога в 2-х томах. – Алматы: компьютерно-издат. центр ИФиП МОН РК, 2004. – Том 1. – 274 с.
3. Наследие аль-Фараби и мировая культура: материалы Международного конгресса. – Алматы: КИЦ ИФП МОН РК, 2001. – С. 469.

Д.Қ. Құдайқұлова, Б.Ш. Құралқанова

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ИНТЕРМӘТІНДІЛІКТІҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада интермәтінділік концепциясы мәселелері қарастырылады. Интермәтінділік теориясының зерттелуі мен даму тарихы, түрлері, әдебиетте алатын орны сипатталып, ғалымдардың жазған еңбектері бойынша талданады.

Түйін сөздер: интермәтінділік, интермәтін түрлері, концепция, теория.

Аннотация. В этой статье рассматриваются вопросы концепции интертекстуальности. Анализируется история изучения и развития интертекста, его виды, место в литературе, проанализированы труды ученых.

Ключевые слова: интертекстуальность, виды интертекста, концепция, теория.

Summary. This article discusses the concept of intertextuality. The author analyzes the history of the study and development of intertext, its types, place in the literature, and analyzes the works of scientists.

Keywords: intertextuality, types of intertextuality, a concept, a theory.

Уақыт өткен сайын көркем әдебиетімізде жаңа бағыттар мен жаңа концепциялар пайда болуда. Ол көркем әдебиетіміздің дамып келе жатқандығын аңғартады. Сондай концепциялардың бірі – интермәтінділік. Интермәтінділік теориясы – әдебиеттанудағы ең өзекті тақырыптардың бірі. Интермәтінділік терминін француз зерттеушісі, постструктурализм теоретигі Ю. Кристева 1967 жылы енгізген. Ол өз еңбегінде бұл туралы былай деп жазады: «...Кез-келген мәтін дәйексөздер мозаикасы ретінде құрылады, кез-келген мәтін бұл қандай да бір басқа мәтінді түрлендіріп, өзгертетін және сіңіретін өнім» [1, 429]. Француз философы, әдебиеттанушы Р. Барт те интермәтін туралы өз тұжырымдарын жасайды. Ол әрбір мәтіннің интермәтін болып табылатындығын айтады: «Әрбір мәтін интермәтін болып табылады; басқа мәтіндер осы интермәтінге түрлі деңгейлерде азды-көпті формада таныла отырып қатысады: алдыңғы мәдениеттің мәтіндері мен қоршаған мәдениеттің мәтіндері. Әрбір мәтін ескі дәйексөздерден өрнектеп

тоқылған жаңа мата сияқты» [2, 36]. Осылайша интермәтінділік ұғымы әдебиетке жаңа концепцияның бірі болып енді.

Интермәтінділік мәтінге қатысты кез келген бағытпен байланысты болып келеді. Атап айтқанда, интермәтін постструктурализмнің де, постмодернизмнің де ортақ өкілі саналады. Тіпті осы концепциялар негізінде пайда болған деп те айта аламыз. Ю. Кристеваның айтуы бойынша, мәтін дегеніміз ерекше семиотикалық практика. Мәтін – мағына өндірісі. Мәтін үнемі «мәтіндер пермутациясы» болып табылады, өйткені мәтін қашанда интермәтін ретінде көрініс табады. Тарата айтар болсақ, мәтін орналасқан кеңістікте үнемі көптеген басқа мәтіндерде айтылған ойлар, жазылған сөздер бір бірінің үстінен қабатталып, тапталып жатады. Сонымен, біз үнемі мәтіндік интерференцияға куә боламыз деген сөз.

Постмодернизм – мәтіннің пайда болу тарихы мен талқылануы болса, осыдан барып интермәтін қалыптасады. 1999 жылы шыққан «Введение в литературоведение» деп аталатын кітапта интермәтін анонимді формулалардың жалпы кеңістігі, автоматты және тырнақшасыз берілетін дәйексөз делінген. Әдебиеттегі структурализмнің нақты мақсаты – мәтінге басты назар аудару, оның туу механизмін табу. Жалпы, бұл бағыт элементтердің өзінен гөрі шығарма құрылымындағы элементтер арасындағы қатынасқа көбірек көңіл бөледі. Ал постструктурализмнің негізгі ерекшелігі – децентрация, деконструкция, мәдениет тілін дискурсивтік талдауды мәдениет кеңістігінде мәтін мен мәнмәтіннен тұратын таңба жүйесі ретінде түсіндіру болып табылады. Демек, интермәтінділік постмодернизмге де, постструктурализмге де қатысты баяндалады.

Мәтінді интермәтінділік деп түсіну мәтінді белгілі бір қоғам және тарих шеңберінде түсіну деген сөз. Интермәтінділік концепциясының мәні мынада: әрбір жазып отырған адам үнемі бөтен контекстер ықпалында болады (әлеуметтік, ғылыми, тұрмыстық, саяси, әдеби және т.т.), сөйтіп, оның мәтіні автор қаласын-қаламасын көптеген дискурстар қиылысқан тұсқа айналады. Ю. Кристева интермәтіннің пайда болуын «оқу-хат» деп атайды. Өйткені интермәтін өзге дискурстарды оқу барысында пайда болады.

XX ғасыр ортасында интермәтінділік терминін ғылыми айналымға енгізген Ю. Кристева аталмыш ұғымды әрбір мәтіннің іргелі көрсеткіші, сипаты деп санаған. Асылы, интермәтінділік автор үшін өз шығармасының мазмұнын байыту, мағыналарын жетілдіру амалдары деп саналады, ал оқырман үшін ол – бір мәтін арқылы екінші мәтіннің мәнін терең түсінудің мүмкіндігі. М. Риффатер, И. Пэрри сияқты ғалымдардың интермәтінділікті ұлттық мәдениетпен, тарихи жадымен, дәстүрдің трансформациясымен, ұлттық тілді сақтау әлуетімен байланыста қарастырғаны назар аударарлық ұстаным деуге болар. Л. Далленбах, Ван ден Хабель атты зерттеушілер аталмыш терминді мәтіндердің ішкі

дискурстарының арасындағы әрқилы ықпалдастықпен байланыстырып, оларды зерттеудің әдістемесін ұсынған. Ал Х. Блум атақты классикалық мәтіннің автордық түпсанасында қорқыныш тудыратынын өзінше дәйектеген. М. Бахтин ұсынған «автор сөзі» мен «бөгде сөз» арасындағы диалог теориясын қолдаушылар аз емес.

Интермәтінділік теориясына қатысты ең маңызды мәселенің бірі – интермәтінділік байланыстардың әдебиеттану ғылымында жіктелуі. Интермәтін тақырыбында көптеген еңбектер жазылғанымен, интермәтін элементтері мен интермәтінділік байланыстардың жіктелуін ұсынуға тырысқан зерттеушілердің саны аз. Француз әдебиеттанушысы Ж. Женнетт мәтінаралық байланыстың бес түрін жіктейді. Оның бірінші түрі интермәтінге қатысты айтылады: «интермәтінділік, яғни бір мәтіннің екіншісінде сөзбе-сөз (азды-көпті сөзбе-сөз, тұтас немесе олай болмауы) болуы: осы типтегі және басқа да көптеген функциялардың ең айқын мысалы – дәйексөз, яғни бір уақытта енгізілетін және тырнақша арқылы басқа мәтінге эксплицитті апелляция» [3].

Интермәтінділік концепциясы біздің қазақ ғалымдарымыздың да назарынан тыс қалған жоқ. Бірқатар зерттеушілеріміз бұл мәселеге өз қызығушылықтарын танытып, зерттеу жұмыстарын жүргізген. Мысалы, Аслан Жақсылықов интермәтінділік концепциясына «Интермәтін – өзге тілдердің лексикасынан жиналған ортақ лексика, бір шығармадағы сюжеттің, екінші бір басқа шығармада болуы» деген анықтама берген. Әдебиетіміздегі постмодернистік мәтін туралы Бақытжан Майтанов та интертекст, гипертекст, подтекст сынды ұғымдарды өз еңбектерінде атап кетеді. Интермәтінділік туралы Ш. Әдібаева былай дейді: «Одним из ключевых понятий постмодернизма является понятие интертекстуальности сформулированное Ю. Кристевой. Она в конце 1965 года переехала из Болгарии в Париж, вскоре сделала в семинаре Р. Барта доклад о неизвестном тогда на Западе М. Бахтине, а в 1967 году опубликовала статью «Басхти, слово, диалог и роман». Там и появилось понятие Интертекстуальности» – дейді [4, 15]. Ғалым Әуезхан интертекст туралы былай деп жазады: «Текст автордан биік, оның болмысынан автордың ойына кірмеген мән-мағына табуға еріктіміз. Демек, текстің иесі автор емес, автордың иесі – текст. Әдебиет адамның жаны емес, адамды өнер тудыруға қозғайтын құдіреттің жаны, болмыстың атойы» [5, 5]. Сонымен қатар, Жанат Әскербекқызы Аймұханова өзінің «Қазіргі поэзиядағы интермәтінділік» атты мақаласында былай деп жазады: «Интермәтін мәтін шекарасын кеңейтіп, жаңаша пайымдауға, жүйелеуге жол ашады. Интермәтінділіктің негізгі қасиеті оның ішкі болмысының әртектілігі, анықтығы және көпнұсқалығы. Мәтіннің қайнар көздері тек мәтіннен бұрын емес, онан кейін де өмір сүре береді. Бұл тұрғыда кез келген мәтін өзге мәтіндер кеңістігінде жанданып, қосымша мағына тудырады. Сондай-ақ, біз сөз етіп отырған интермәтінділіктің семиотикалық жүйе ретінде бүкіл мәдениетті қамтитындығы белгілі» [6]. Зерттеуші

А.С. Адилова эпиграфтың ең басты белгісі – дәйексөз екендігін айта келе, «мәтінаралық байланыстар теориясында эпиграфтар «бөгде сөз» (М.М. Бахтин), «интертекст» (Ю. Кристева, И. Смирнов), «прецедентті мәтін» (Ю. Караулов), «интеркст» (Х. Тороп), «мәтін ішіндегі мәтін» (Ю. Лотман) деп түсініледі» – деп, дәйексөзді ғалымдардың зерттеулеріндегі тұжырымдары бойынша атап көрсете отырып, ойын нақтылай түседі [7, 28].

Интермәтінділік – мәтіндер арасындағы белгілі бір байланыстардың, яғни бір мәтінде басқа мәтіннің элементтерінің қолданылуы, негізгі мәтін авторының реципиент мәтіннің авторымен шығармашылық диалог орнатуы екенін жоғарыда айтып кеттім, енді оның түрлеріне тоқталамын. Интермәтіннің бірінші түрі әдебиеттегі ең айқын интермәтінділік элемент – дәйексөз. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» дәйексөзге төмендегідей анықтама беріледі: «Дәйексөз – жазылған не айтылған мәтіндегі автордың ойын нақтылау, дәлелдеу, құптау үшін белгілі бір ғалымның не ақындар мен жазушылардың шығармаларынан сөзбе-сөз алынған үзінді, цитата» [8, 540].

Интермәтінділіктің аса күрделі формасы – аллюзия. Аллюзия – (латын тілінен аударғанда *allusio* – қалжың, тұспал) – бұл стилистикалық фигура, жалпыға белгілі нақты фактіні, тарихи оқиғаны, әдеби шығарманы еске түсіру немесе ұқсас дыбысталатын сөздер арқылы тұспал. Зерттеуші А.С. Адилова аллюзияларды тақырыптық-семантикалық тұрғыдан бірнеше топқа жіктейді: «а) тарихи деректерге аллюзия; ә) саяси оқиғаларға ишара; б) әлеуметтік жағдайларға аллюзия; в) мәдени шараларға аллюзия; г) тұрмыс-тіршілікке қатысты аллюзиялар» [7, 46].

Интермәтінділіктің тағы бір түрі – реминисценция. Реминисценция – (көне лат. *reminiscentia* – еске түсіру) – еске түсіру, жаңғырту. Поэтикалық шығармадағы басқа шығарманы еске түсіретін белгілер; әдетте – автордың басқа біреудің образын, мотивін, стилистикалық құрылысын, интонациялық ырғақты қозғалысын бейсаналы түрде алуының нәтижесі. Қазіргі өнерде оқырманның (тыңдаушының) есте сақтауына және ассоциативті қабылдауына арналған саналы қабылдау ретінде кездеседі. Қазақ тіл білімінде ғалым А.С. Адилова аллюзия және реминисценция терминдеріне қатысты көптеген еңбектерде берілген анықтамаларды салыстыра отырып, өзінің пайымын жасайды: «Шынында, бұлардың ара жігін ажырату қиын, дегенмен реминисценция басқа бір әдеби шығарманы еске түсірсе, аллюзия, негізінен, көпшілікке таныс әлеуметтік-мәдени фактімен орай сол көркем шығарма семантикасына қосымша хабар, мағына қосатын элемент. Реминисценция басқа бір мәтінге цитация қағидатымен дәл, еш өзгеріссіз немесе трансформацияланып енгізілсе, аллюзия – мәтінде еркін түрде вербалданатын экстралингвистикалық фактор» [7, 39].

Интермәтіндік функцияға ие бола алатын элементтердің сипаты мен түрі сан алуан, олардың ішінен басты құрылымдар қатарына мыналар жатқызылып жүр: 1) басқа шығармаға сілтеме жасайтын атаулар («Созақтан шыққан Гамлет», «Абайдан соң»); 2) мәтін құрамындағы басқа туындылардан алынған сілтемелер, үзінділер; 3) аллюзия тудыратын сөздер; 4) реминисценциялар 5) эпиграфтар; 6) римейк 7) басқа шығарманы сынау, мазақтау, мұқату арқылы туған мәтін; 8) синтаксистік қайталаулар; 9) авторлық сентенция; 10) белгілі әдеби тұлғаларға жүгіну, мифтік кейіпкерлердің атын пайдалану; 11) аппликация құбылысы.

Интермәтінділік концепцияның, шын мәнінде, өмір сүру ортасы мен қолданылатын аумағы әлдеқайда кең. Интермәтін тек тар мағынадағы мәтіндерде ғана емес, сонымен қатар кең мағынадағы ауызша айтылатын табиғи тілден басқа белгілік жүйелер арқылы құрылған мәтіндерде де кеңінен қолданыс табады. Өнердің басқа да түрлерінде, атап айтқанда, бейнелеу өнері, сәулет өнері, музыка, театр, кино жанрларындағы туындыларда да пайдаланылады.

Қорытындылай келе айтсам, өткен ғасырда пайда болып, көркем әдебиетте өз орнын тауып келе жатқан интермәтінділік концепциясы біршама зерттелген тақырыптардың бірі. Ол әдебиетке енгеннен өзекті мәселеге айналды. Интермәтінділікті зерттеу барысында әр ғалым әр қырынан қарастыра білді, бірін-бірі толықтырып, өз тұжырымдарын нақтылай, дәлелдей түсті. Уақыт өткен сайын интермәтіннің көркем әдебиетімізде аясы кеңіп, өркендеп келеді. Бұл концепция қаламгерлер тарапынан қолдау тауып, көптеген шығармалардан орын алды.

Әдебиеттер

1. Французская семиотика: От структурализма к постструктурализму / Пер. с фр. и вступ. ст. Г.К. Косикова. – М.: Прогресс, 2000. – 536 с.
2. Семиотика: Антология / Сост. Ю.С. Степанов. Изд. 2-е, испр. и доп. – М.: Академический Проект; Екатеринбург: Деловая книга, 2001. – 702 с.
3. Женетт Ж. Фигуры. В 2-х томах. Том 1–2. – М.: Изд-во им. Сабашниковых, 1998. – 944 с. [Электрон.ресурс]. yanko.lib.ru (дата обращения: 08.03.2020)
4. Әдібаева Ш. Поэтика мифа художественной прозе конца XX – начала XXI века. Автореферат. – Алматы: – 2005. – 24 б.
5. Бөпежанова Ә., Қодар Ә. Өнер – өмір, өнер – көркем текст немесе таным тайластары // Қазақ әдебиеті. – 2000. – (№28) 3-4 б.
6. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/1516>
7. Адилова А. С. Қазіргі қазақ көркем мәтіндеріндегі цитация құбылысы. Монография. – 252 б. – Алматы, Эверо, 2015.
8. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томды қ. 4-том / Құраст.: Н. Әшімбаева, Қ. Рысбергенова, Ж. Манкеева және т.б. – Алматы, 2011. – 4-том. – Б – Д. – 752 б.

А. Нұрболатқызы, Б.Ш. Құралқанова

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

М. ЖҰМАБАЕТЫҢ «ШОЛПАНЫҢ КҮНӘСІ» ӘНГІМЕСІНДЕГІ АВТОРЛЫҚ ҰСТАНЫМ

Андатпа. Бұл мақалада 1923 жарық көрген М. Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесінің құндылығы, авторлық ұстанымы талданады. Сондай-ақ қаламгердің суреткерлік шеберлігі, бұл шығарманың танымдық қызметі жайлы да сөз етіледі. Ұлттық санадағы «бала» концептісінің алатын орны мен мәні жайында сөз қозғалады.

Түйін сөздер: психологиялық әңгіме, авторлық ұстаным, суреткерлік шеберлік.

Аннотация. В этой статье анализируется авторская позиция, ценность рассказа М. Жумабаева «Шолпанның күнәсі», изданного в 1923 году. Также рассматривается художественное мастерство писателя, о познавательной ценности этого произведения. Место и значение концепта «ребенок» в национальном сознании.

Ключевые слова: психологический рассказ, авторская позиция, художественное мастерство.

Summary. This article analyzes the value and author's position of M. Zhumabayev's story «Sholpanyn kunasy», published in 1923. It is also about the artistic skills of the writer, the cognitive function of this work. The role and meaning of the concept of «child» in the national consciousness is discussed.

Keywords: psychological story, author's position, artistic skill.

Қазақ халқында әйел тағдыры, оның қоғамдағы орны мен теңсіздігі қай қаламгердің болмасын қаламына тиек болған ауқымды тақырып. Қаламы жүйрік жазушылар сол уақыттағы қоғамдық танымды әйел тағдыры арқылы бейнелей білген. Сондай шығармалардың бірі – М. Жұмабаевтың әйел жанының қатпарларын ашып берген, нәрі мен салар ойы мол, «психологиялық тұрғыдан жазылған» [1, 59] «Шолпанның күнәсі» әңгімесі. Бұл әңгіме әйел адамның тағдырын, дәстүрлі мәдениет, адамгершілік, имандылық тақырыбын және ХХ ғасыр басындағы қазақ ауылының тыныс-тіршілігін арқау етеді. Адамгершілік, ар-ұждан мәселесі – адамзат тарихының өн бойында атадан балаға, яғни ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы дәстүр. Қазіргі қоғамда барша адамзат өркениеттің өзгеше биігіне көтерілген үш мыңжылдыққа қадам басқан кезеңінде рухани асыл мұра, адамгершілік, парыз, ар-намыс өзекті қалпында қала бермек.

«Шолпанның күнәсі» әңгімесі 1923 жылы «Шолпан» журналында жарияланған. Талдау негізінде шығармадағы тартыс табиғатының заңдылықтары сараланады. Ол сезім мен сана, ерік пен елігу, құштарлық пен парыз, адамгершілік пен имандылық арасында өрбіген тартыс. Ішкі тартыс Шолпанның ішкі сана қақтығысынан көрінеді. М. Жұмабаевтың осы әңгімесіне байланысты көптеген пікірлер кездесіп жатады. Мәселен,

«Автор «Шолпанның күнәсі» әңгімесінде шығармашылық еркіндікке жекеленген әйел образы арқылы, оның мінез-құлқын, табиғатын зерттеу, танып-білу арқылы әйелдің адами-пенделік сезім арпалыстарын кеңінен қамти жазу арқылы барды. Әңгімеде бір Шолпанның болмыс-бітімін ашу арқылы жалпы әйел затының жан сезіміне терең шолу бар, сонымен бірге адамның тіршілік иесі ретіндегі жан сырын аршып, сол арқылы барша әйелдің басында кездесетін мінезді, табиғатты зерттеуге ұмтылу бар» [2, 14]. Бұл түйін пікір де Мағжан Жұмабаев әңгімесінің биік талғаммен жазылғандығын дәлелдей түседі.

Бала үшін бақытын құрбан еткен келіншектің ішкі рухани дүниесі оқырманның көз алдына ап-айқын елестейді. Жазушы Мағжан Жұмабаевтың әйел затын түсінуі және адам баласының өзі ұғынып болмайтын бойындағы әртүрлі қиыр шегі жоқ дүниелерді аса бір нәзіктік арқылы жеткізе білуі де шеберлік. Ол авторлық баяндау, бірде кейіпкер әрекеті арқылы берілсе, енді бірде ішкі монологтары арқылы беріледі. Шағын болса да айтар ойы, мағынасы асып-тасып жатқан бұл шығарманың «Шолпанның күнәсі» деп аталуының өзінде бір терең мағына жатыр. Неге Шолпан кінәлі емес күнәлі? Бұл жерде «кінә» мен «күнә» ұғымдарының мағынасын аша білуіміз қажет. «Кінә» мен «күнә» мағыналас сөздер емес, екеуі екі жағдайда қолданылатын дүниетанымы басқа ұғымдар. Кінә – адамзатқа қатысты, яғни адам мен адам арасындағы қатынас ал, күнә – адам мен жаратушыға байланысты ұғым, нақтырақ айтсақ, адам мен Алла арасындағы мәселе.

Жаратқанның адамның мойнына аманат етіп берген бірден-бір жұмысы дүниеге өзінен кейін өнегелі, өкше басар ұрпақ алып келуі. Шолпан әуел баста ә дегеннен-ақ Алладан бала болмауын тіледі. Сөзімізге айғақ болу үшін әңгімеден үзінді келтірелік: «Ақ отаудың ішінде оңаша жатса да, яки күйеуін құшақтап жатса да, ол ылғи ішінен: «Жасаған-ау, бала бере көрме?!» – деп тілейтін еді. «Балалы болсам, әдемі өмірім бұзылады-ау», – деп ойлайтын еді Шолпан... Бала туса, күйеуімен екеуінің ортасында бір тікенек өсетіндей болушы еді... Қиюласып қосылған екі жанның арасына жат бір үшінші жан түскен соң, екеуінің де жалынды, екпінді махаббаты бүлінер, бәсеңдер, суынар деп қорқушы еді Шолпан. Осы ойлармен талай түндерде, талай таң мезгілінде Тәңірден: «Бала берме!» – деп тілеп еді. Күншығыстан ақ жібектей таң атып келе жатқан мезгілде, өзге адам сәждеге құлап, маңдайын топыраққа былғап, тасқа ұрып, Тәңірден бақытты тұрмыс, өшпес бақыт, кетпес байлық, әсіресе бала сұрайтын кезінде, Шолпан күрсіне-күрсіне, Жасағанға: «Бала бере көрме!» – деп жалынып еді». [3, 282] Алланың берген аманатынан қашып, шыны айнадай нәзік махаббатын баладан қорғаймын деп қателікке бой алдырады. Міне, осы себептен де Шолпан күнәлі. Автор осы екі ұғымның аражігін ажырата білген.

Әңгіменің басты кейіпкері Шолпан – әртүрлі сыртқы жағдайлардың әсерінен іштей тынатын, өз ойымен өзі алысатын қазақ әйелдерінің типі. Ол қасірет жамылған, балалы болу үшін жас өмірін тәрк еткен персонаж. Әңгімеде берілетін ішкі монологтары арқылы оның сана қақтығыстарына жиі ұшырап, өзінше бір түйін түйе білетін салиқалы әйел екенін аңғара аламыз.

Сол замандағы қазақ қыздарының басына қонбаған бақ Шолпанның басына қонған. Ол заманда қалаған адамына қосылу барлық қыздың басына беріле бермейтін бақыт. Мал орнына сатылмай, сүйгеніне сүрінбей қосылып, Сәрсенбаймен шаңырақ көтеріп, ерлі-зайыптылы өмірінің бал күндерін, ынтызарлық пен жібектей жұмсақ сезімдерін, арақатынасын автор керемет суреттейді. Шолпанға екеуінің осы нәзік махаббат айнасына бала пайда болса сызат түсердей көрінеді. Тіптен Шолпан күйеуі мен екі арасын баладан қызғанады. «Баласыз өмір бос» дегенді ауыл адамдарынан естіп жүрсе де, сүйгенінен естімегендіктен екі араға мұндай жүк керек емес деп ұғатын. Бірақ бұл жаңылысқан ойы бір-ақ түнде өзгеріске ұшырайды. Оған себеп Сәрсенбайдың көрші балаларының тәтті қылығын жайбарақат, күле сөйлеп, ұзақ әңгіме қылып айтуы Шолпанға қатты әсер етеді. Бақыт туралы түсінігі таяз Шолпанның аналық сезім барын біліп, оны сезінгісі келіп балалы болуды оның іші, жүрегі аңсағанын автор әйел затына тән көз жас арқылы жеткізеді. Әйел адам жыласа жаңарады демекші, Шолпанның қате ойы жас арқылы төгіліп, жаңарып жаңғырады.

Бұдан былай жатса да, тұрса да Алладан сұрауы «бала бере көрме» емес «бала бере көрге» айналып, тәубесіне келеді. Өйткені кез келген әйел үшін «ана» деген мәртебе алудан асқан атақ жоқ. Бұл сөзімізге дәлел Бұқар жыраудың:

*«Бәйбішеге жарасар,
Еміздіктеген сабасы.
Келіншекке жарасар,
Емшектегі баласы», –*

деген ұлағатты ойы ұтымды айғақ бола алады. Әрине, баланың бал-бұлдап шықылықтаған дауысы шаңырақты жарып тұрмағаннан кейін төрт қабырғаның төрт бұрышында бір-бірден мола орналасқандай емес пе?

Уақыт зымырап, өмір өткен сайын Шолпанның ана атанғысы келіп, баланың иісін құшырлана иіскегісі келіп, ақыр соңында «ойнас қыл да ұл тап» деген шешімге келеді. Осы жерден бұл көптеген әйел бейнесін ашып көрсетер кейіпкердің есімінің осылай аталуына не себеп екендігін аңғаруға болады.

Шолпан – таң қылаң беріп, күн сәулесі алыстан сезіле бастағанда шығатын жалғыз жұлдыз. Мұндағы «жалғыз» сөзіне баса назар

аударамыз. Шолпан жалғыздықтың аралында адасып қалған қаздай үнсіз жүретін кейіпкер. Бұл жалғанда жаныңда арыстай азаматың жатып, жалғыздықты сезігеннен жаман не бар? Қараңғы ойлармен жалғыз арпалысып, іштей тынып, езілетін кейіпкеріміздің осы жұлдыз атымен аталуы да кездейсоқтық емес.

«Жанынан жақын көрген Сәрсенбайдың оның жан сырын, жүрек жырын ұқпағанына зығырданы қайнаушы еді, жүрегі уға толушы еді. Бала үшін дүниеден безіп, сопы болып жүрген кезінде «пірөдар» деп келемеж қылғанына, сол бала үшін жан-тәнімен беріліп, әдейі есалаңданған шақтарында оған «Жорға» деп ат қойғанына – Шолпан Сәрсенбайға шын-шын ренжуші еді. Бала... бала екеуінің де жоғы емес пе? Екеуіне бірдей керек байлам емес пе? Сәрсенбай сол ортақ жоқты неге бірге іздеспейді? Баласыз өмірдің бос екенін неге сезбейді ол? Ол неге сол іздеу отына Шолпанмен бірге түспейді, бірге жанбайды?» [3, 287]. Міне осы бір үзіндіден қара көк теңіздің толқындарындай ұйытқыған ойлармен жалғыз өзі арпалысқанын, байқауға болады. Шолпан опасыздыққа белін бекем буып, қайтсе де бала табуға шайтанның шашындай ұзарған қараңғы түндерде шешім қабылдаған.

Опасыздық жайлы шешімі кейіпкердің ішінде піседі. Сөйтіп Шолпан Әзімбаймен ойнас болады. Баланың әкесі ретінде Әзімбайды таңдауының өзінде ұлттық таным жатыр. Қазақ халқы тек, қан, ұрпақ деген сынды мәселелерге баса назар аударған. Шолпан құлдан құл туады деп, текті отбасынан шыққан Әзімбайды баланың әкесі ретінде таңдайды. Бұл таңдау ұзаққа созылады. Бұл екеуі арада бала пайда болса да, құштарлыққа бой алдырып, ойнастығын тоқтатпағаны, нәпсіге ерік беріп, Алланың берген парыздарынан соншама алыс кетіп үлкен қателікпен өмір сүріп жатады. «Ойнасқа сенген ерсіз қалады» демекші, Шолпанның бала табамын деп жасаған қателігіне орай автор қатал жаза тағайындайды. Бұл жаза шаңырақты қаралаған Шолпанның азапты өлімімен аяқталады.

Қорыта келгенде, М. Жұмабаев өзінің жазушылық, суреткерлік шеберлігін осы бір әңгімесінен-ақ айқын көрсете білді. Бұл шығарманың өзге жанрдағы туындылардан ерекшелігі оның адамзаттың рухани болмысындағы шынайы сезім мен құштарлықты психологиялық жағынан оқырман мен көрерменнің жан күйзелісімен ұштастырып, заманның келелі мәселелерін барынша шынайы суреттеуінде. Ескі ауылдың моральдік-элеуметтік бейнесін, салт-сана ерекшелігін айқындаушы күрделі құбылыстың бәрі де осы әйелге деген көзқарас, әйел тағдыры арқылы өрбиді. Шолпанның бейнесі арқылы М. Жұмабаев дәстүрлі қазақ отбасындағы әйел образын ашып берді. Дәлірек айтсақ, ұрпақ жалғастыру қамына терең мән берген қазақи болмысты әйелдің бейнесін сипаттай білген. Осы шағын әңгіме арқылы ұлттық түсінік пен қателік жайында кеңінен түсіндіріп берген айшықты шығарма. Оны

оқырмандарға ұғындыру үшін кейіпкердің ішкі монологы арқылы жеткізіп, Шолпанды сан қырлы қасиеттермен мүсіндеген.

Әдебиеттер

1. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. Монография. – Алматы: Алаш 2003. – 328 б.
2. Әбдешев Б.М. Мағжан Жұмабаевтың прозасы: Диссертация. – Астана: 2002. – 129 б.
3. Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.

А.Т. Утегенова

Ж. Досмухамедов атындағы жоғары педагогикалық колледж, Орал қаласы

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада Әл-Фарабидің ғылыми еңбектеріне шолу жасалған. «Математикалық трактаттары», математикаға тікелей немесе жанама қатысы бар «Музыканың ұлы кітабы», «Алмагеске түсініктеме», алгебралық зерттеулері, нақты сандар ұғымдары туралы ұлы ойшылдың еңбектеріндегі философиялық ойлары қамтылған. Әл-Фарабидің математикалық трактатынан алынған мысал қарастырылып, сызбасы мен түсініктемелері көрсетілген.

Түйін сөздер: әл-Фарабидің математикалық еңбектері, екінші ұстаз, трактат, салу есептері, қолданбалы геометрия, теориялық геометрия.

Аннотация. В данной статье представлен обзор научных трудов Аль-Фараби. «Математические трактаты», «Книга музыки», «Комментарий к Альмагесту», алгебраические исследования, философские размышления великого мыслителя о понятиях действительных чисел, имеющие прямое или косвенное отношение к математике. Рассмотрен пример из математического трактата Аль-Фараби, показаны схемы и комментарии.

Ключевые слова: математические труды Аль-Фараби, второй учитель, трактат, задачи на построение, прикладная геометрия, теоретическая геометрия.

Summary. This article provides an overview of al-Farabi's scientific works. «Mathematical treatises», «Book of music», «Commentary on the Almagest», algebraic studies, philosophical reflections of the great thinker on the concepts of real numbers, which are directly or indirectly related to mathematics. An example from the mathematical treatise of al-Farabi is considered, diagrams and comments are shown.

Keywords: mathematical works of al-Farabi, the second teacher, treatise, construction problems, applied geometry, theoretical geometry.

Қазақ топырағының көкірегі ояу, көзі ашық, ойшыл азаматтары бүкіл араб-парсы мәдениетін меңгеріп, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жаза біліп, кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдыра білді. Олардың ішінде аты әлемге жайылғандары да аз емес. Солардың бірі – күллі әлемге танымал, ұлы жерлесіміз, Батыс пен Шығысты терең білімімен бас идірген Әбу Насыр Әл-Фараби.

Қазақ жерінде орын алған маңызды оқиғалар мен Қазақстанның қалыптасу жолы баяндалған Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында» кітабында «Әл-Фараби математика, сәулет, музыка сияқты көптеген ғылым мен өнердің негізін салушы ретінде әбден орынды мойындалады. Әл-Фараби Орталық Азияда түркінің Платонындай рөл атқарды» – деп, Фарабидің Қазақстан тарихында алар орнының үлкен екендігін айтқан болатын. [1, 24 бет]


Олай болса, дүние жүзілік мәдениет пен білімнің дамуына өз үлесін қосқан, Шығыс философтары әл-Фарабиді көзі тірі кезінде-ақ «ал-муаллимас-сани» – «екінші ұстаз» деп атаған, көрнекті ойшыл, философ, энциклопедист – ғалым, әдебиетші – ақын, математик, еңбектері бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоғалтпаған. Ол өз уақытында белгілі болған білімнің барлық тарауларын қамтитын 160-тан астам трактат жазып қалдырды. [2, 66 бет]

Қазіргі кезде әл-Фарабидің мұраларына қызығушылық тек қана біздің елде емес, әлемдік деңгейде өте үлкен қызығушылық танытып отыр. Себебі ол кісінің жазған еңбектері әсіресе жаратылыстану ғылымдары саласы бойынша әлемдік өркениеттің, ғылымның, әлемдік философияның дамуына үлкен ықпалы болған. Бұл кісідей бұрын да, кейін де даналар болды. Бірақ олардың ішінде дәл Әл-Фарабидей геометрия, музыка, астрономия сияқты үш ғылым саласына бірдей ұлы үлес қосқан, аса ірі жаңалық ашқан ғалымдарды табу қиын.

Қазақстан Фараби танушыларының зерттеулері нәтижесінде тарихта тұңғыш рет Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы 1972 жылы Фарабидің «Математикалық трактаттарын» басып шығарды. Бұған қоса ғұламаның бүкіл математикалық еңбектерін талдауға, зерттеуге арналған «Фарабидің математикалық мұрасы» деген еңбек жариялады.

Әл-Фарабидің математикалық мұраларын зерттеп, еңбектерін араб тілінен орыс тіліне аударып, физика-математикалық пәндер әл-Фарабидің ғылыми қызметінде үлкен орын алатындығын бізге жеткізген – Қазақстандық математик – Ауданбек Көбесов (1932–2008 жж.). А. Көбесовтың әл-Фарабидің математикалық мұралары туралы еңбектері Мичиган университетінде (2007 ж., 2010 ж.), «Комментарии к «Альмагесту» Птолемея» атты еңбегі Калифорния университетінде (2008 ж.) цифрландырылған нұсқасы жасалған. Бұл шетелдік ғалымдардың да әл-Фарабидің математикалық мұраларына қызығушылық танытатындығын, ғалым мұрасын зерттеу мәселесі әлі де маңыздылығын жоғалтпағандығын көрсетеді.

1, 2-суреттерде осы аталған кітаптың мұқабасы мен алғашқы бетінің көрінісі бейнеленген.



1 сурет

2 сурет

Фарабидің «Математикалық трактаттары» деп аталатын жинаққа оның математикалық мазмұнды мына төмендегі бес еңбегі енген:

1. «Ғылымдар энциклопедиясының» немесе «Ғылымдар тізбегінің» математикалық тауарлары.
2. «Алмагестке қосымша кітабының» тригонометриялық тараулары.
3. «Табиғат сырын геометриялық фигуралар арқылы танытарлық рухани айла-әрекеттері» немесе геометриялық трактат.
4. «Евклидтің бірінші және бесінші кітаптарының кіріспелеріндегі қиын жерлерге түсініктемелер».
5. «Жұлдыз бойынша болжаулардың қайсысы дұрыс, қайсысы теріс» [3].

Әл-Фараби классификациясының басты ерекшеліктері – жаратылыстану, математика ғылымдарына үлкен мән берілген. Бұл еңбек 500 жыл бойы Шығыс және Батыс елдерінің жоғары мектептерінде ғылым салалары оқулығы ретінде пайдаланылған, 12 ғ-да латын тіліне екі рет аударылған. Ибн Сина, Бэкон, т. б. ғалымдар классификациялау мәселесінде бұл еңбекке көп еліктеген. Орыс тіліне («Философские трактаты», 1970), қазақ тіліне («Философиялық трактаттар», 1973) аударылып басылды. Әл-Фарабидің ғылым саласында жазған еңбегінің қолжазбасы Өзбекстан Республикасы Шығыстану институтының қолжазба қорында сақталған.

«Ғылымдардың шығуы», «Ғылымдар тізбегі» атты атақты еңбектерінің бірінде табиғаттану мәселелеріне ерекше көңіл бөлінген. Географиялық құбылыстарды математикалық жолмен түсіндіріп, күн сағатын жасаған. Күн мен Айдың тұтылу ұзақтығын есептеп шығарған. Ерте кезден қазақ елі Жетіқаракшы, Темірқазық, Үркер атты жұлдыздар тобын «түн сағаты» ретінде пайдаланса, күндізгі уақытты «күн сағаты» арқылы айыратын болған. Әбу Насыр: «Бұл кітаптағының бәрі де пайдалы, өйткені егер адам осы ғылымдардың бірін қарас-тырып, зерттегісі келсе, онда ол неден бастаудың, атап айтқанда нені зерттеу керек екенін, зерттеу үшін ненің жарамды, ненің жарамсыз екенін және өзінің оған қай дәрежеде қолы жете алатындығын білетін болады. Сөйтіп

оның ғылымға баратын жолы қараңғылық пен надандыққа емес, білім мен парасатқа негізделетін болады» дейді.

Фарабидің «Музыканың ұлы кітабындағы» математикалық мағлұматтарға қысқаша шолу жасасақ, біріншіден, бұл еңбекте Әл-Фарабидің арифметика пәніне жататын, бірақ музыка теориясында әртүрлі қолданыс табатын сандар қатынастарына, яғни бөлшектерге амалдар қолдану ережелерін түсіндіреді. Ондай амалдар қатынастарды қосу, бөлу және азайту.

Фараби бұл туралы былай жазады: «Егер біз мына төмендегі үш есептің қалай шешілетінін түсіндірсек, онда біз музыканың арифметикадан алған нәрселерін түгел көрсеттік деп айта аламыз:

1. Сандар бір-бірімен берілген қатынаста болсын. Қатынастары осы қатынастарды қамтитындай екі сан табу керек.

2. Екі сан өзара берілген қатынаста болсын. Біз осы екі сан қатынасы қамтитындай қатынастардағы орта сандарды табуымыз керек.

3. Берілген қатынастағы екі сан қатынастар қосындысы бастапқы қатынастан шығатындай, екі орта санды қамтысын. Бұл қалдық қатынасты беретін, яғни бұл қосындыға қарағанда бастапқы қатынастың артықшылығы болып табылатын санды табуымыз керек [3].

«Музыканың ұлы кітабында» математикадағы функция, функциялық тәуелділіктер ұғымына келетін мәселелер мен пайымдаулар көп кездеседі. Фарабидің музыкалық аспаптар шығаратын дыбыстардың биіктіктері қандай физикалық басқа шамаларға байланысты тәуелді болатынын анықтау әрекеттері-осындай есептердің басты бір бөлігі болады. Фарабидің қорытындысы бойынша, тондар дыбысты туғызатын шектердің ұзындықтарына кері пропорционал болады. Бұл біз мектептен білетін өзара кері пропорционалдық функциялық тәуелділік.

Домбыраның шегі жай тұрған қалпында екі тиек арасында түзу сызық түрінде керілген де, оны тарта бастағанда адам саусағы тиген жері қисаяды. Осы мысалды әл-Фараби терең талдай келіп, үшкіл зерттеудің сол арқылы барлық геометрия ғылымының негізіне жаңалық енгізген. Үшкілдің әрбір жақтарын қарсы жатқан бұрыштың синусына (жібіне) бөлсек, сол тұрақты өлшеуіш сан болады деген пікір Әл-Фарабиден қалған. Қазіргі ғылымда оны синустар теоремасы деп атайды. Сол арқылы барлық тригонометриялық теоремаларды шығару қиын емес.

$$\frac{a}{\sin \alpha} = \frac{b}{\sin \beta} = \frac{c}{\sin \gamma} = 2R$$

Ежелгі грек математиктері дөңгелек шеңберінде 360° , диаметрінде 120 бөлік бар дегенді басшылыққа алып, бұрыштың хордасын табуды көздеген. Индия математиктері хорданы-синус және косинус сызықтарымен айырбастады.

Әл-Фарабиге дейінгі араб математиктері қосымша тангенс және котангенс сызықтарын қосқан. Фараби бұл мағлұматтарды бір жүйеге келтіріп, қарастыра бастайды. Ең әуелі синуспен хордың арақатынасын анықтап алады, бұл екі еселенген доғаның жарым хордасы. Бұл жаңалық дөңгелекке іштей сызылған тікбұрышты үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштарына байланысты тригонометриялық функцияларды астрономияға кеңінен енгізуге жол ашты.

Әл-Фараби геометрияны екі бағытта қарастырады, бірінші қолданбалы геометрия, екінші теориялық геометрия. Әл-Фарабидің «Табиғат сырын геометриялық фигуралар арқылы танытарлық рухаин айла-әрекеттер» деп аталатын бұл шығармасы орыс тілінде аударлып, басылып шықты. Ол түгелдей қолданбалы геометрия мәселелеріне арналған. Мұнда 150-ге тарта геометриялық салу есебінің шешуі көрсетілген, сурет-сызбалары салынған. Он бес есеп сызғыш пен адымы тұрақты циркуль арқылы шешіледі. Мұндай әрекеттер бұрынғы өткен математиктерде де кездеседі, Әл-Фарабидің негізгі жетістігі – әр жерде шашырап жүрген геометриялық салу есептері туралы материалдарды жинастырып, жүйеге келтірген «принциптер» тағайындады және геометрияның белгілі бір саласына айналдырды.


Әл-Фарабидің математикалық мұрасындағы қолданбалы геометрияда кездесетін есептерден мысалдар қарастырайық.

Мысал-1:

Әл-Фарабидің алгоритмі бойынша дұрыс үшбұрыш салу әдісі:

Салу:

- 1) Нүктелері АВ – ға тең кесінді саламыз.
- 2) А нүктесін центр етіп алып, радиусы АВ кесіндісіне тең шеңбер сызамыз.
- 3) Екі шеңбердің қиылысу нүктелерінің бірін С нүктесі етіп аламыз.
- 4) С нүктесімен А нүктесін қосамыз.



3 сурет

Мысал-2:**Дөңгелектің центрін анықтау жөнінде.**

Шеңбердің доғасы беріледі (доға сызылулы). Берілген доға бойынша шеңбердің центрімен радиусын тауып, доғаны шеңберге толықтыру керек.

1) Доғаның екі шетінен сәйкесінше А және В нүктелерін белгілеп аламыз.

2) А және В нүктесін қосып хорда сызамыз.

3) Сызылған хорданың ортасына перпендикуляр жүргіземіз.


Теорема: Хорданың орта перпендикуляры шеңбердің центрінен өтеді.

4) Хордаға сызылған перпендикулярмен доғаның қиылысқан нүктесін С нүктесі деп алып, оны А және В нүктесімен қосамыз.

5) АС және ВС кесіндісіне сәйкесінше перпендикуляр болатын түзулер сызамыз, және хорданың центріне сызылған перпендикулярмен қиылысқан нүктесін Е деп алайық. Е және С кесіндісінің ортасы О нүктесі доғаның радиусы болады.

6) О нүктесі СВЕ үш бұрышына сырттай сызылған шеңбердің центрі болады.

Ол шеңбер АВ доғасын толықтыратын шеңбер болады.



4 сурет

Осы қарастырылған мысалдардағыдай немесе Әл-Фарабидің математикалық мұрасындағы есептердің келесі ерекшеліктерін атап айтуға болады:

– Алгоритмдік түрде берілуі – кез-келген есептері қадам-қадам бойынша, әрекеттерді орындау ретімен берілген.

– Ақпараттандыруға болатындығы – ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, есептерін шығаруға болатындығы;

– Қолданбалық маңыздылығы.

Қорытынды. Математика тарихының белгілі маманы А. Көбесовтың пікірін келтіре кетейік: «Оқу-методикалық жағынан алғанда әл-Фарабидің геометриялық трактаты маңызын күні бүгінгі дейін жоғалтқан жоқ. Қазіргі педагогика ғылымы талап дәрежесіне сай біраз

өңделсе, толықтырылса, бұл еңбек орта мектеп және жоғары оқу орындарының оқушылары үшін салу есептері жөнінде аса пайдалы құралы болары сөзсіз».

Әл-Фараби: «Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу» дейді. Біздер үшін ғұлама ойшылдың белгісіз, ашуды қажет ететін жаңалықтары мен еңбектері әліде көп деп ойлаймын.

Әдебиеттер

1. Жәнібеков Е. Фараби және музыка // Білім және еңбек. – 1968. – №7. – Б. 24-25.
2. Бидайбеков Е.Ы.Әл-Фарабидің математикалық мұралары заманауи білім беру үдерісінде / Педагогика және психология. – Алматы. – 2015. – №2(23). – 66-70 б.
3. Фараби ғибратты ғалым: Фарабитанушы ғалым А.Ж. әл-Машаниге арналады / Құраст. Ш. Абдраман. – Алматы, 2006. – 397 б., суретті. – «Ұлы тұлғалар» ғылыми-ғұмырнамалық сериясы.
4. Кубесов А.К. Математическое наследие ал-Фараби. – Алма-Ата: Наука, 1974. – 247 с.
5. Көбесов А. Математика тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 240 б.

М.Д. Хасанова

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы

ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ТҮРКІ ҚҰҚЫҒЫ

Андатпа. Мақала Әл-Фараби ілімі мен түркі құқығының ішкі логистикалық байланыстарын талдауға арналған. Ортағасырлық ғалым қолданған «ізгілікті қала» ұғымы және басқалары осы теориялық бейненің құрылымын түркі билігі практикасына алдын-ала анықтағанына назар аударылады.

Түйін сөздер: әл-Фараби, құқық, түріктер, ізгілікті қала, бақыт.

Аннотация. Статья посвящена разбору внутренних логистических связей учения Аль-Фараби и тюркского права. Обращается внимание на тот факт, что использованные средневековым ученым понятия «добродетельный город» и другие предопределили конструкцию данного теоретического образа в практику тюркского правления.

Ключевые слова: Аль-Фараби, право, тюрки, добродетельный город, счастье.

Summary. The article is devoted to the analysis of internal logistics links between the teachings of al – Farabi and Turkic law. Attention is drawn to the fact that the concepts of «virtuous city» used by the medieval scientist and others predetermined the construction of this theoretical image in the practice of Turkic rule.

Keywords: al-Farabi, the right, the Turks, the virtuous city, the happiness.

Әр түрлі кезеңдерде ғалымдар, философтар түрлі мемлекеттердің модельдерін жасауға тырысты. Әр адам өзінің белгілі бір мемлекет түрлерін бөліп, қоғам үшін қандай мемлекет жақсы, ал қайсысы мүлдем қолайсыз екенін көрсетуге тырысты. Олардың арасында әл-Фараби да ерекше орын алады.

Тарихымыздағы ұлы тұлғалардың бірі, ислам дүниесінің ең ірі, атағы әлемге жайылған ғұлама философы, Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атанған, батыс пен шығысты білімімен бас идірген Әбу Насыр әл-Фараби қазақ жерінде, Отырар қаласында 870 жылы дүниеге келген.

Әл-Фараби түркі тайпасының әулетті отбасында дүниеге келген, әкесі әскер басы болған. Руы қаңлы-қыпшақ. Әкесі әскер басы болғандықтан, жас Мұхаммедтің де жауынгершілік, соғыс өнерінен хабары болған.

Бала Мухаммед қала медреселерінің бірінен сауатын ашып, хат танып, Отырар кітапханасынан мол қорынан сусындап өскен. Тіл үйренуге жастай көңіл қойған. Араб тарихшысы ибн Халликан «әл-Фараби 70-ке жуық тіл білген» деп жазып қалдырған. Әсіресе түркі тілін, араб, парсы, грек тілдерін жетік меңгерген.

Әбу Насыр әл-Фараби 12–16 жасында ғылым-білім іздеп Бағдатқа аттанған. Бағдад шаһары ғылым мен өнерге ден қойған адамдарға қақпасын кең ашып, оларға ғылыммен айналысу үшін бар жағдай жасаған.

Ұлы ғалым, философ, музыка теоретигі Әбу Насыр әл-Фараби ғылымның әр түрлі салаларының дамуына үлкен үлес қосты. Оның көзқарастары, идеялары, осы әлемді түсіну әлі күнге дейін тек үлкендер арасында ғана емес, сонымен қатар өскелең ұрпақ арасында да өзекті. XX ғасырдың белгілі философ, социолог және қоғам қайраткері П.Н. Федосеев «орта ғасырлық Шығыс ғылым тарихында әл-Фарабиге тең ғалым табу өте қиын, ол ғылыми ойдың тереңдігі мен кеңдігімен және жан-жақты энциклопедиялық біліммен ерекшеленді» [1, б.16–17]. Өйткені, трактаттарды оқи отырып, әркім өзі үшін өмірді түсінуде, өз іс-әрекеттерін түсінуде жаңа нәрсе ашады.

Әл-Фарабидің ілімі, оның өзектілігі мен көп жанрлары күмән тудырмайды. Оның үстіне, оның квинт-мәні, атап айтқанда: бақыт адам өмірінің мәні ретінде әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулердің негізі бола алады және болуы керек. Орта ғасыр ойшылы Әл-Фараби кең ой-өрісі бар және ежелгі авторлардың еңбектерін зерттеген адам бола отырып, өте танымал болды [2, б.15–16]. Оның трактаттары ғалымның жүйелі шығармашылық зертханасын ашады; ол адамды ғаламның орталығы ретінде құрметтеуге, жердегі миссиясының мәнін өзектендіруге негізделген. Қазіргі заманғы ғылыми көзқарас, әрине, осындай қорытындыға келді: жаһандық сын-қатерлерді тек адамның ақыл-ойы ғана жеңе алады. Бұл Әл-Фарабидің дүниетанымының тұтастығын және

оның түркі ғылыми ортасындағы кейінгі таным процесіне сабақтастық дәстүріне қосқан үлесін тағы да растайды.

Философ, зерттеуші, музыкатанушы Әл-Фараби түркі және әлемдік қоғамдастықтың сөзсіз мақтанышы болып қала береді. Өзінің еңбектерімен және руханиятымен ол лайықты деңгейге көтеріліп, жалпы түркі құқығын, тілі мен мәдениетін көтерді. Өйткені, ғалымның трактаттары қоғамның орналасуына, адамдар құратын қатынастарға тікелей қатысты болды, ал адамдарға дұрыс басқаруды үйретуге болады. Әл-Фараби еңбектерінің бұл ұтымды жағы орта ғасырларда революциялық болды, ал ол «қаланың» миссиясы мен қасиеттері туралы шартты түрде, жанама түрде көрініс тапты. Әл-Фараби қаласы деген сөз, күмәнсіз, неғұрлым кең ұғымды білдіреді, атап айтқанда: «мемлекет», «социум». Ол қалалардың түрлерін – «надан» бастап «ізгілікке» бөлетіні кездейсоқ емес. Әрі қарай, ол «қалалардың» белгілі бір түрлеріне салған қасиеттерін ашады.

Мұндай тұжырымдаманың қарсыластары негізінен ғылыми пікірталастар үшін азық ретінде қызмет еткен ежелгі кезеңде Орта ғасырларға және әлемдік тарихи кейінгі кезеңдеріне ауыса алмайтын «қала-мемлекет» ұғымы бар деген қарсы пікірді алға тарта алады. Алайда, қала-мемлекеттер Қазақстанның оңтүстік облыстарын кесіп өткен Жібек жолының бойында даму бағытында болғандықтан, бұған қарсылық білдіруге болады. Сығанақ, Сауран, Алмалық және басқа қалалар табиғи-климаттық жағдайларға байланысты моноқалалар немесе бекіністі қалалар түрінде пайда болды [3, б.10-11]. Жартылай шөлдер мен дұшпандық этникалық қоғамдармен қоршалған стационарлық елді мекендердің этникалық құрамы «қала-мемлекет» анықтамаларына сәйкес келді. Осылайша, Әл-Фарабидің ежелгі туралы білімдерін қазіргі азиялық қала-қоныстарға экстраполяциялағанын және осы зерттеу объектісі оның қиялын сіңіргенін және практикалық тәжірибелер үшін құнарлы өріс ұсынғанын атап өту әділетті болады.

Ойшылдың ізденістерінің тақырыбымен барлығы да түсінікті болғандықтан, әл-Фарабидің түркі қоғамындағы құқықтық қатынастарды зерттеу мен жетілдіруге қаншалықты жақын болғаны туралы толық орынды сұрақ туындайды. Әрине, сұрақ қоюдың өзі орын алады, өйткені «жақсы» қала санатын жариялай отырып, ғалым априори оның негізіне қала тұрғындарының құқығын қорғауды қойды ма?! Нұсқаның қарсыластары ортағасырлық схоластика мен юриспруденция үйлеспейтін нәрсе екендігіне оңай қарсылық білдірер еді, бірақ Әл-Фарабиды, тірі кезінде ғалымдар «Платоннан кейінгі екінші» деп таныған! Ол ешқашан өзіне берілген лайықты тауашаны – Авиценна мен Ибн Рушд есімдерінің қасында – өзіне тән өзіндік ерекшеліксіз және қызығушылық тудыратын тақырыпты жан-жақты қарастыра алмастан иемденбейді.

Құқықтық қатынастар немесе келіссөздер жүргізу мүмкіндігі кез-келген төменгі қоғамда болады және Әл-Фараби кезіндегі пікірталастардың тақырыбы болуы мүмкін.

Түркі құқығы – бұл арнайы әдебиеттерде сирек қарастырылатын тақырып, ал оның мәні жалпы түркі мұрасын қарапайым түсіндіру шеңберінен шықпайды [4,б.20-21]. Жаһандану Орталық Азия (ОА) зиялыларын, егер қалаулы «философ тасын» іздеумен айналысуға ынталандырады, онда адами қарым-қатынастың түрлі салаларында, елішілік, аймақтық және континентаралық шешім қабылдау практикасының оңтайлы тәсілдерін іздейді. Барған сайын болжанбайтын және нәзік болып келе жатқан Халықаралық қатынастар саласында ОА өңірінің рөлі қоғамдастықтың жаһандық ахуалдың, діни экстремизм мен терроризмнің қиырлығына тәуелділігіне байланысты барған сайын айқындала түсуде.

Әл-Фараби, Ибн Рушд сияқты ізашарлардың істеріне жүгініп, ұрпақтары жаһандық сын-тегеуріндерге және Киелі деңгейде жауап іздеуге құқылы.

19–20 ғғ. аралығында қазақ зерттеушілері мен жазушылары Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев және Шәкәрім Құдайбердиев, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев тарихи-мәдени дискурста түркі құқығының рөлі мен әсері туралы баяндама жасады. Құғын-сүргін 20 ғасырдың басындағы көрнекті заңгерлердің: Жақып Ақпаевтың, Әлихан Бөкейхановтың, алаштықтардың басқа да көрнекті өкілдерінің өмірін қиды, бұл олардың өңірлік және дүниежүзілік ауқымдағы түркі мұрасының орны мен рөлі туралы көзқарастарымен танысуына белгісіз уақытқа мүмкіндік береді. Алайда, Алаш басшылығы жүзеге асырған іс-әрекеттер бойынша (Ресейдің Мемлекеттік Думасына қатысу, болашақ автономия Конституциясының негіздерін әзірлеу, 1916 жылғы Бірінші дүниежүзілік соғыс және Қазақстандағы көтеріліс жылдарындағы ұстаным, Кеңес өкіметімен ымыраға келу және т.б.) олардың жағдайды нақты түсінуі мен ақылға үндеуін тарихшылар қайта жаңғыртуда. Әл-Фарабидің орта ғасырларында баяндалған «мейірімді» қала-мемлекеттің моделі Алаш жобасы арқылы Қазақстанның өміріне еруге тиіс еді.

Тоталитаризм жылдарында мұсылман теологтарына қарсы кез-келген Реверанс «тыйым» астында болды. Араб тіліндегі қолжазбалар көптеген жылдар бойы тыйым салынғаннан және жойылғаннан кейін бірден «қалпына келтірілмеді». Бұрын аз зерттелген түркі тарихы ғылымға өте мұқият қайтарылды. Лев Гумилевтің және артефактілер негізінде «еуразиялықтардың» көп жылғы ізденістерінің арқасында жазудың бар екендігі дәлелденді және тас мүсіндерде жазулардың шифры ашылды [5,б.35-36]. Кейінірек, қазақстандық және ресейлік этнографтар Ә.Х. Марғұлан, Х.А. Арғынбаев, шығыстанушы-түркітанушылар С.Г. Кляшторный, Т.И. Сұлтанов, А. Сейдімбек және т. б. Еуразия

тарихының жылнамаларында түркілердің ежелгі құқығының жаңғырығы егжей-тегжейлі қайта құрылды.

Академик Салық Зимановтың қазақтардың әдеттегі құқығы бойынша тамаша еңбектерінің арқасында, нақты тарихи мысалда тақырыпты әрі қарай зерттеу үшін құнды деректер мен ережелер енгізілді [6, б.10-12].

С.З. Зимановтың әдіснамалық әзірлемелері Түркі әлемі мемлекеттеріндегі құқықты, атап айтқанда гуманизм мен тарихи дәстүрлерін одан әрі дамыту мен жетілдірудің негізіне айналды деп айтуға болады. Зерттеулерді үйлестірген жағдайда, Қазақстандағы, ТМД-дағы және алыс шет елдердегі құқық саласындағы заманауи әзірлемелер уақыт өте келе іргелі еңбек құруға және түркілердің мемлекеттік тарихындағы нормативтік-құқықтық базаны қалыптастырудың жалпы және ерекше ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді. Олардың арасында Априори: гуманизм, бедел және үлкендерге құрмет, ұлттық дәстүрлерді құрметтеу керек. Кәдімгі құқықтың түркі дәстүрінде қатаң сақталады: отбасының жойылуына әкелген мінез-құлық, әйелді қорлау, дәстүрлерді бұзу, табиғи бастамаға қол сұғу және т.б. жоғарыда аталған сәттер түркітілдес әңгімелерде, эпикалық мәтіндерде, фольклорда оңай анықталады [7, б.44-45].

Әл-Фарабиді ұрпақтар игілігі үшін жасаған еңбектерінде метафизикалық тұрғыдан белгіленген құқық нормаларының қасиетті сипаты мен әдіснамалық миссиясын біріктіре алды. Жатақхананың жалпыадамзаттық нормаларын ілгерілетуде әл-Фараби ілімінің сабақтастығы мен баға жетпес құндылығын ұғынуға көмектесу үшін білім алушылардың жаңа буынына да осыны жеткізу маңызды. Сонымен қатар, юриспруденцияның негізін зерттеудің арқасында құқық Қазақстан Республикасында және түркі қоғамында білім мен ғылымның саласы ретінде, біздің ойымызша, фундаменталдылық тұрғысынан қосымша тұрақтылыққа ие болады. Әрине, түркі ғылыми мұрасын зерттеу ісінде пәнаралық күш – жігер қажет. Әл-Фарабидің еңбектері қазіргі еуропалық ғылыми ортада белгілі, тиісінше, қазақстандық шығыстанушылардың, философтардың, құқықтанушылардың, ғылым мен мәдениет тарихшыларының міндеті осы «қатені» түзету.

Бүгінгі таңда көптеген саясаткерлер, тарихшылар, философтар, мемлекет қайраткерлері әл-Фараби трактатына жүгінеді, өйткені оның идеялары мен көзқарастары адамның, қоғамның, мемлекеттің дамуына дұрыс бағыт береді.

Әл-Фарабидің еңбектері өмірді қайта ойлауға, қандай да бір әрекетті таңдауда дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Көптеген мемлекеттер әл-Фараби еңбектерінде сипатталатын «мейірімді» қаланың деңгейіне жетуге тырысады. Тіпті біздің мемлекетіміздің дамуында әл-Фарабидің идеялары байқалады. Мәселен, Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» Жолдауында «Қуатты мемлекет, дамыған экономика

және жалпыға ортақ еңбек мүмкіндіктері негізінде берекелі қоғам құру»мақсатын қойды. Ол сондай-ақ «тек дұрыс қойылған мақсаттар ғана табысқа жететінін» атап өтті [8].

Адамзат тарихы жұмбақтар мен қайшылықтарға толы. Тарихты шыңдау бүкіл әлем өмірінің одан әрі дамуына үлкен үлес қосу деген сөз. Бұл туралы әр түрлі халықтардың билеушілері, әр дәуірдің қолбасшылары мен жауынгерлері, түрлі заман философтары осылай айтты.

Әдебиеттер

1. Раимқұлова Д.У. Әбунасыр әл-Фараби және ортағасырлық Отырар // Ғұлама. Ойшыл. Ұстаз. Әл-Фарабидің 1130 жылдығына арналған 2001 жылдың қазан айының 12 жұлдызында Отырарда өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары,-Алматы: Қазақпарат, 2001 ж
2. Касымжанов А.Х. Абу-насер аль-Фараби. – М.: Мысль, 1982. – 189 с.
3. Назарбаев Н.А. В потоке истории. – Алматы: Атамура, 1999. – 296 с.
4. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М.: Наука, – 1989.
5. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Летопись трех тысячелетий. – Алматы: Ғылым, 1994.
6. Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины 19 века. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1958. – 296 с.
7. Муканова Г.К. Отражение международных контактов тюрков в текстах VIII в. (на примере памятника Кюльтегина) // Материалы Международной научно-теоретической
8. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы.

Э.Ә. Шуренбаева

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы

ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАЛАРЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Андатпа. Әл-Фараби мұралары шығыс өркениетінде алар орны ерекше таптырмайтын құндылық. Ұлы ғұлама ретіндешығармаларының зерттеу объектісі адам және оның бақытқа жету жолдары болып табылады. Әл-Фараби философиясының негізі адамның құндылықтық мәнін ашу болып табылады.

Түйін сөздер: философия, мұра, бақытқа жету, өмір, шыншылдық, тәрбие, қайырымды қала, ізгілікті қоғам.

Аннотация. Наследие Аль-Фараби занимает особое место в восточной цивилизации. Объектом исследования как великого ученого является человек и его пути к счастью. В основе философии Аль-Фараби лежит раскрытие ценностной сущности человека.

Ключевые слова: философия, наследие, счастье, жизнь, правдивость, воспитание, Добрый город, гуманное общество.

Summary. Al-Farabi's legacy is an invaluable asset of Eastern civilization. The object of study of his works as a great scientist is man and his path to happiness. Al-Farabi's philosophy is based on the discovery of the value of man.

Keywords: philosophy, heritage, happiness, life, truthfulness, education, Good city, humane society.

«Бақытқа жету жолында барлық халық бір-біріне көмектесетін болса, жер беті түгелімен берекеге толады».

Әл-Фараби

Аристотель денкейінгі Екіншіұстазатанған Әл-Фарабидің толықаты жөні Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Узлағ ибн Тархан әл-Фарабиат-Түркі-ұлығалым, энциклопедист. Әбу Насыр Әл-Фараби – түркі ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі, ең шоқтығы биік ғұлама. Оның заманы «Жібек жолы» бойындағы қалалардың, оның ішінде Отырардың экономикасы мен мәдениетінің дамыған кезіне дәл келеді. Әбу Насыр Әл-Фараби Орта Азия, Парсы, Ирак, араб елдері қалаларына жиһанкездік сапарлар жасап, тез есейді. Ол жерлерде көптеген ғұламалармен, ойшыл-ақындармен, қайраткерлермен танысып, сұхбаттасты. Тарихи деректер бойынша жетпіске жуық тіл білген. Өздігінен көп оқып, көп ізденген ойшыл философия, логика, этика, метафизика, тіл білімі, жаратылыстану, география, математика, медицина, музыка салаларынан 150-ге тарта трактат жазып қалдырды. Шығармаларында көне грек оқымыстыларының, әсіресе, Аристотельдің еңбектеріне талдау жасады (Аристотельдің «Метафизика», «Категория», «Бірінші және екінші аналитика» сияқты басты еңбектеріне түсіндірмелер жазған). Арабтың атақты ғалым-географы ибн-Хаукал өзінің «Китаб Масалик уә мамалик» атты еңбегінде және 13 ғасырлырда өмір сүрген ибн-Халликан өзінің «Уфиат әл-аиан фи әл-Заман» атты еңбегінде Әбу Насыр Әл-Фарабидің арғы аталарының аттары (Тархан, Ұзлақ) таза түркі тілінде келтірілген.

Әл-Фараби 870 жылы Жібек Жолының маңызды орталықтарының бірі болған Отырар қаласының маңында дүниеге келген. Ол бала кезінен сол дәуірдегі өркениет пен мәдениеттің ірі орталықтары саналған Бұхара, Самарқан, Мерв, Бағдат, Харран, Рей, Каир, Алеппо, Шам қалаларында болып, білімін үнемі жетілдіріп отырған. Әл-Фарабидің ғылыми қызметі ортағасырлық араб-мұсылман мәдениетінің гүлдену дәуіріне, яғни біздің дәуіріміздегі X ғасырдағы мұсылман ренессансына сәйкес келеді. Әл-Фарабидің әлем өркениетінде алар орнына тоқталмас бұрын, ғылымдағы әл-Фарабиге қатысты түрлі көзқарастарға тоқтала кетсек. Кейбір еуропашыл ғалымдар «Әл-Фараби ешқандай жаңалық ашқан жоқ, ол тек Платон мен Аристотельдің мұраларын насихаттап, түсіндіріп келді» – деп есептейді. Антика дәуіріндегі ғұлама ойшылдар Платон мен Аристотель – бүкіл әлемдік мәдениеттің ең жоғарғы шыңы болып табылады. Әл-Фараби осы антикалық мұраны игеріп, оны араб-

мұсылман мәдениетінің гүлденуіне жұмсап, үлкен екі жаңалық ашты. Барлығымызға мәлім, Әл-Фараби өмір сүрген уақыт айрықша кезең ретінде аталады. Отырар өлкесінде Әл-Фарабиге дейін ойшылдар өте көп болса, оның өз заманында да ғұламалар аз болмаған. Ол жастайынан туған өлкесінде білім алып, Отырар кітапханасында отырып, шаң басқан қолжазбаларды ақтарып, көз майын тауысып, талмай кітап оқып, оқу-білімге ерте құмартқан. Отырар кітапханасына алыс-жақын елдерден керуенмен сан түрлі кітаптар ағылып келіп жататын.

Әл-Фараби өмір сүрген IX–X ғасырларда Отырар өркениетінде рухани мұра жоғары бағаланған. Араб-Мысыр әлемінде Александрия кітапханасының шоқтығы биік. Одан кейінгі орынды Отырар кітапханасы иеленген. Сол кітапханадан Әл-Фараби жиырма жасқа дейін тәлім-тәрбие алып, ондағы бар кітаптарды, трактаттарды оқып зерттеген. Одан кейін білімін толықтыру үшін керуенге ілесіп, араб еліне аттанады. Бағдад, Дамаск сынды басқа да өркениеті дамыған ірі шаһарларда болып, артындағылымы-зерттеу еңбектерін қалдырған [1,266]. Әл-Фарабидің дүниетанымына келетін болсақ, кеңестік дәуірде оны маркстік-лениндік, атеистік дүниетанымға алып келді. Бірақ шын мәнінде әл-Фараби ислам руханиятындағы айтулы тұлға болатын. Біріншіден, ол-әлем мойындаған философ, Платон мен Аристотельдің еңбектерін шығыс, араб-мұсылман әлеміне таратқан үлкен ғұлама. Екіншіден, Әл-Фараби – үлкен ғалым. Әл-Фарабидің философиялық көзқарасы өте күрделі. Оны бір сөзбен айтып шығу мүмкін емес. Әл-Фарабидің көзқарасында диалектика да, таным теориясы да, ғылыми рационализм де бар. Әл-Фараби ислам өркениетіне өлшеусіз үлес қосқан. Сондықтан Әл-Фарабидің дүниетанымы туралы айтқанда оны материалист, болмаса идеалист немесе атеист деп айтуға болмайды. Ол белгілі бір ғылым академиясы тәрізді. Әл-Фарабидің мұрасы ғылымның әр түрлі саласына қатысты еңбектерден тұрады. Сондықтан да ол – әлемдік деңгейдегі философ, ойшыл. Әл-Фараби дүниетанымының қайнар көзі өте тереңде. Себебі, қазақ даласында оған дейін де ғұлама ойшылдар көп болған. Мысалы, гректерді өнерімен тәнті еткен, аузымен құс тістеген шешен Анахарсистің өзі бір төбе болса, Тоқсары, Тонкөк қобызымен кең дүниені күңіреткен Қорқыт Ата және басқа да ойшыл данышпандар болған. Осының бәрі – ғұлама ғалымның бастау алған қайнар көздері. Осы орайда, Платон мен Аристотельді атап өткен жөн. Әл-Фараби олардың ғылыми мұрасын оқып қана қоймай, әрі қарай жалғастыра зерттеп, дамытқан. Әл-Фараби тағылым алған дүниелер өте мол. Әл-Фарабидің ашқан ең үлкен жаңалығы – антикалық мұра мен исламды біріктіре мәдениет жасауында. Сондықтан Әл-Фарабидің қайнар көздерін айтқанда міндетті түрде тек шығыс пен батыс, гректің ғана емес, оның қазақтың құнарлы топырағынан түлеп ұшып, Отырар өркениетінен нәр алғанын ұмытпауымыз керек. Әл-Фараби араб елінде аты шығып, «Шығыстың Аристотелі» атанып, артында мол мұра

қалдырған. Ол: «Мен Қыпшақ елінен ешқандай атақ-даңқ іздеп келген жоқпын. Мен білім іздеп келдім, сол білімді араб елінен таптым, бірақ менің Қыпшақ еліне сүйіспеншілігім шексіз», – деп өзінің туған жерге деген сағынышын өлеңге түсірген. Әл-Фараби-қазақ өркениетінің, музыка философиясының негізін қалаған үлкен ойшыл. Бірақ ол-тек қазақтың ғана емес, қазақ халқы қалыптаса қоймаған кезеңде өмір сүргендіктен, бүкіл түркі халықтарына ортақ тұлға. Әл-Фараби мұрасы түркі халықтарын біріктіретін рухани негіз деп айтуға болады. Орта ғасырда энциклопедияшы оқымысты Әл-Фарабидай ғалым болмаған. 1980 жылдардан бастап фарабитану атты жаңа бағыт пайда болды. Әлемдік және отандық фарабитану деген бар. Әл-Фараби шетелге емес, тәуелсіз еліміздің мемлекеттік мүддесі мен ұлттық ұстанымы үшін қызмет етуі керек. Сондықтан Әл-Фарабидің ғылыми-философиялық мұрасын өзіміз ғана біліп қоймай, жас ұрпақтың санасына сіңіруіміз қажет. Әл-Фарабидің мұрасы, Әл-Фараби әлемі туралы білетініміз аз. Оның құпиясы әлі де толық ашылған жоқ. Ол-әлем халықтарын біріктіретін тұлға.

Қазіргі таңда Әл-Фараби ойларының өзектілігі қайтадан арта түсуде. Оның көзқарасында саясат, дін және бақыттың өзара терең қатынасы көрсетілген. Бүгінгі күнге дейін оның логика, метафизика, этика, саяси және әлеуметтік философия, музыка мен медицинаға арналған жүзден аса трактаттары сақталған. Ол ең алғаш болып музыканы математикалық негізде жүйелеп, оны ғылымның бір бағыты ретінде көрсеткен. Атап айтсақ, Орта Азия мен қыпшақ даласы үшін Х-ХІІ ғасырлар қоғамдық-әлеуметтік, саяси тұрғыдан дамудың жаңа басқышы болып табылады. Бұл кезеңде түркі тілдес халықтардың мәдениеті, әдебиеті, ғылымы едәуір өркендеп өсті. Әсіресе, түркі әдеби тілі жан-жақты дамып, жетіле түсті. Мұның өзі түркі халықтарының, соның ішінде, қазақ, өзбек, ұйғыр, қырғыз, т. б. халықтардың этностық құрамының қалыптаса бастауы мен олардың әлеуметтік-қоғамдықөміріндегі рөлінің біртіндеп артуына байланысты болды. «Бақыт – әрбір адам ұмтылатын ұлы мақсат» екендігін атап көрсеткен Әл-Фараби бақытқа білім мен игілік нәтижесінде ғана жетуге болады, ал ондай мүмкіндік қайырымды қала тұрғындарында көбірек болатындығын дәлелдейді. Әл-Фараби басқаруды қайырлы және қайырсыз деп екіге бөлді. Қайырлы, білімді, мәдениетті басқару халықты бақытқа бастайды, олардың іс-әрекетін, ерік-қасиетін осы жолға бағыттайды. Ол үшін басқару заң күшіне, игі тәжірибеге негізделуі тиіс. Ал қайырымсыз, надан басқаруда теріс әрекеттер мен жаман қасиеттер бой алады. Сондықтан ол надан адам басқарған, озбырлыққа сүйенген, қайырымсыз, қатал мемлекеттік тәртіпті өткір сынайды. Ол мінсіз мемлекетті уағыздайды. «Бақытқа жету» еңбегінде ол «бақыт дегеніміз игіліктердің ішіндегі ең қадірлісі, ең үлкені және ең жетілгені» деп атап көрсетеді және әр адамның оған толық құқығы бар

дейді. Ал ондай құқыққа ие болуға қайырымды қала тұрғындарының ғана мүмкіндігі бар, сондықтан да қайырымды билеушілер билеген қала тұрғындары ғана бақытқа жете алатындығын айтады. Мұндай қалалардың басқа қалалардан басты айырмашылығы және негізгі белгісі жоғары тәртіп пен оның тұрғындарының мәдениеттілігі, сыпайыгершілігі және билеушілерінің қайырымдылығы, ақыл-парасаты. Сондықтан, Әл-Фараби бұндай қалалардың өмір сүруі өзінің білгірлігі мен ұстамдылығына толық жауап бере алатын билеушіге тікелей байланысты деп тұжырымдайды. Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы» трактатында қала тұрғындарын бес топқа бөледі. Оның ойынша, «қайырымды қала бес түрлі адамдар тобынан құралады: ең құрметті адамдардан, шешендерден, өлшеушілерден, жауынгерлерден және байлардан». Әл-Фараби ең құрметті адамдарға ақылдыларды, пайымдағыш адамдарды, маңызды істерде беделге ие болғандарды жатқызады. Екінші топтағы шешендерге – діни қызметкерлерді, ақындарды, музыканттарды, хатшыларды сол сияқты шығармашылық жұмыспен айналысатындарды, ал өлшеушілерге-есепшілерді, дәрігерлерді, астрологтарды, математиканы оқытушыларды қосады. Әл-Фараби бойынша, байлар дегеніміз – қалада байлық табатындар, егіншілер, мал өсірушілер, саудагерлер, қол өнершілер. Әл-Фараби қайырымды қала басшысында алты түрлі қасиет болу керек деп есептейді. Олар: даналық, асқан пайымдылық, сенімділік, ойлау қабілетінің жоғары болуы, соғыс өнерін жетік білуі, денсаулығының мықты болуы [2, 9 б.]. «Осының бәрін өз бойында ұштастыратын адам барлық уақытта кімге еліктеу керек екенін, кімнің айтқан сөзі мен ақылына құлақ қою керек екенін көрсететін үлгі болады. Мұндай адам мемлекетті өзінің қалауынша басқара алады». «Қайырымды қала» трактатында Әл-Фараби әлеуметтік әділеттілік пен еркіндікті орнықтыратын – ізгілікті қоғам туралы ой қозғайды. Мұндай қоғамды ұлы ойшыл «әрбір адам екінші адамның өмір сүруіне қажетті үлесін беретін, бір-біріне көмектесетін адамдарды біріктіру арқылы ғана адам өз табиғатына сай жету дәрежесіне ие болатын» қоғам түрінде елестетеді. Халықтың аз қамтамасыз етілген топтарын мемлекеттік қолдау туралы бұдан мың жылдан астам бұрын айтылған ғұлама идеясы бүгінгі күні де мемлекеттің ішкі саясатындағы басты міндеттердің бірінен саналады. Осындай «жетілдірілген қоғамда, Әл-Фарабидің айтуынша бір-бірімен қарым-қатынас жасау, көмектесу, қолдау, ұжымдасу адамдардың өмірлік қажетіне айналады». Әл-Фараби мұндай қоғамды тумысынан табиғат берген он екі қасиеті бар ақылды, білімді, сабырлы, рухани билікті ізгілікті билікпен ұштастыратын, адам қасиеттерін бағалауға қабілетті адам басқаруы керек дейді.

Адамның шын бақытқа қол жеткізу тек осы дүниеде ғана мүмкін екендігіне назар аударған Әл-Фараби, адамдар өзін-өзі жетілдіруі және қиындықтан қашпауы тиіс дейді. Оның айтуынша, адам өміріндегі

«жақсылық» пен «жамандық» құдайдан емес, адамдардың күнделікті белсенді әрекетіне ғана байланысты. Адамның табиғи қабілеті жақсы әдетті де, жаман әдетті де істеуге бірдей мүмкіндік береді, ал оны таңдау адамның ізгілікті мінез-құлқына келіп тіреледі. Сондықтан да адамның жақсы істерге үйір болуы оның мінез-құлықтық жетілуіне де тәуелді. Бүкіл араб саяси философиясында саясатқа көзқарас оның адамгершілік мазмұнымен сипатталады. Осы жағынан алып қарағанда саясат «саяси адамгершілік философиясы» ретінде көрінеді. Сондықтан Әл-Фараби саясаттың басты мақсаты адамдарды бақытқа жеткізу, игілікпен жеткізу деп санайды. Қайырымды қаланың орнығуында Әл-Фараби мұсылман құқығының принциптерін талап етпейді, оны ақыл-парасаттың дамуы мен қайырымдылықтың нығаюымен байланыстырады. Ол тұжырымдаған жағдайдың бәрінде мұндай қала билеушілері моральдық-этикалық қалыпқа сай болып келеді, олардың ешқайсысының исламға тікелей қатысы жоқ. Бірақ Араб халифаты заманында өмір сүрген әл-Фараби өзінің зерттеулерінің тақырыптық шеңберінде саясатты мұсылман құқығы доктринасымен, діни догматикасымен бір қатарға қояды. Дегенмен, грек философиясының ықпалын терең сезінген ол бұл бағытта түбірлі бетбұрыс жасамайды [3,98б]. Грек философиясын мұсылман құқығы, діни және құқықтық теориясымен байланыстырып, одан саясат туралы жалпы ілім жасауға талпыну бұл ілімнің діни-мұсылмандық сипатын білдірмейді. Әл-Фараби саясат туралы ілімді мұсылман құқығымен, догматикасымен салыстыру арқылы олардың құдайлық бастауы туралы ұқсастығын емес, бұл ілімдердің адам іс-әрекеті мен мінез-құлқындағы әртүрлі жақтарға тигізген әсерінің мәнін атап көрсетеді. Әл-Фарабидің саясат туралы айтқан құнды ойлары Араб шығысы мен Орта Азия елдерінде саяси-құқықтық ілімнің одан кейінгі дамуына өз ықпалын тигізе алды. Оның саяси-құқықтық идеялары орта ғасырлық және жаңа заман ойшылдарының еңбектерінде көрініс тапты. Атақты шығыстанушы – зерттеушілер И. Гольцмер, М. Штайншипайдер, Дж. Сартон, Карра де Во, Н. Штайнер, Ф. Диетерин, А. Мец, А. Массэ, А. О. Лери, Дж. Хоурони және де басқа ғылымдар Араб халифатының идеялық өмірі туралы, ондаған ой еркіндігі мен гуманизм туралы өз еңбектерінде көп жазған [4,67б]. Біріншіден, Әл-Фараби антикалық заман мен исламды өзара жақындастыра синтез жасап, жаңа бір мәдениеттің өркендеуіне жол ашты. Келесі кезекте ол грек ойшылдарының асыл мұрасын жаңғыртты. Сөйтіп, шығыста үлкен қозғалыс, жаңа бағыттар басталды. Араб-мұсылман мәдениеті негізінде антикалық дәуірдегі шешілмеген мәселелерді шешіп, оны ілгері дамытты. Қазақстанда Фараби еңбектерін ең алғаш рет жинау, зерттеу, таныстыру жұмысын өз тарапынан мойнына алып, көп пайдалы іс атқарған адам – Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының коореспондент – мүшесі, профессор Ақжан Жақсыбекұлы Машановты айтуға болады. Оның Фараби өмірі тарихи орны туралы мақалалары

газет-журналдарда жарияланды, жинақтарда шықты. Фарабидің ғылыми мұралары жөнінде ол әлденеше рет республика, бұрынғы одақтық көлемде, халықаралық конгрестерде баяндама жасады. Фараби еңбегін алғаш рет қазақ тіліне аударғаны да мәлім. Фарабидің жер жүзі елдерінің кітапханаларында шашырап жатқан еңбектерін іздестіріп тауып, көбінің көшірмесін алдырғанда профессор А. Машанов, ал 1968 жылы араб елдеріне саяхат жасап, араб ғалымдарымен кездесіп, Фарабидің Шам, Дамаск шаһарындағы зиратын іздеп тауып, суретін түсіріп әкелген еді. Қорыта айтсақ, ұлы ғұлама Әл-Фарабидің философиялық, логикалық, танымдық, әлеуметтік пікірлерімен, эстетикалық, теориялық, жаратылыстануғылымдары салаларындағы пікірлерімен, ғылыми тұжырымдамаларымен жете танысу, оның дәуірін терең түсінуге мүмкіндік береді. Оның ғылыми ой-пікірлері өзінен кейінгі дәуірдегі Шығыс пен Батыс халықтарының философиялық, эстетикалық, қоғамдық этикалық ой-пікірін және өнердің дамуына, жалпы рухани құндылықтардың дамуына әсер етіп, үлкен ықпалын тигізіп отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Біз үшін бұл мерейтойлардың маңызы ерекше. Тарихи датаны ақыл-парасатпен, салиқалы деңгейде өткізуге баса мән беру керек. Негізгі мақсат – ұлы тұлғалардың тағылымын жастардың санасына сіңіру, ұлы тұлғаның ой-толғамдарын кеңінен дәріптеу. Үкіметке қажетті шаралар әзірлеуді тапсырамын, – деген болатын. Ұлы өркениет философы Әбу-Насыр Әл-Фарабидің рухани әлемі адамзат өркениеті мен құндылықтардың биік шыңы болып табылады. Әл-Фараби бабамыздың мұраларын зерттеу, насихаттау, оларды келесі ұрпаққа жеткізуде көптеген іс-шаралар атқарылуда. Алайда Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы талабынан қарасақ, бұл жұмыстарды әлі де тереңдете түсу керек. Әл-Фараби сияқты ғұлама бабамыздың еңбектерін толық, жан-жақты зерттеп, оны қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне аудару орайында, әлі де алда атқарылатын жұмыстардың бар екендігін ескеруіміз қажет.

Бабамыздың мұраларын зерттеу, насихаттау келер ұрпаққа жеткізу біздің міндетіміз деп білуіміз қажет.

Әдебиеттер

1. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994.
2. Көбесов А. Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі. – Алматы, 2002.
3. Сегізбаев О. Қазақ халқының рухани мәдениетіндегі еркін ойлаудәстүрі мен атеизм. – Алматы, 1973.
4. Отырар. Энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005.

**Әл-Фараби мұрасының
педагогикалық ойды
дамытудағы рөлі**

**Роль наследия аль-Фараби
в развитии педагогической мысли**

*Z.K. Kulsharipova¹, M.S. Mantykova¹,
A.B. Zhantlessova², A.A. Aldazharova¹*

¹ *Pavlodar Pedagogical University*

² *S. Seifullin Kazakh Agro Technical University*

HERITAGE OF AL-FARABI IN MODERN PEDAGOGICAL EDUCATION

Summary. The article examines the scientific views of the great orientalist, his contribution to the development of pedagogy, mathematics, logic, music, medicine, natural science, philosophy, poetry, and the study of languages of different peoples. Al-Farabi divided the science of that time into 5 main areas: linguistics, logic, mathematics, physics, and social science. Al-Farabi's works played an important role in laying the foundations of a philosophical theory. Farabi's works played an important role in the European Renaissance. Such scientists as Bacon, L. da Vinci, Copernicus, Kepler, Leibniz owe much to Farabi. His knowledge of the spiritual development of the entire civilized world can hardly be overestimated. An important point of Al-Farabi's teachings is the concept of soul and mind, which repeatedly emphasizes the unity of soul and body. He believed that the human mind can free itself as a result of improvement, as a result of continuous human efforts and work on oneself and one's own spiritual improvement.

Keywords: pedagogy, didactic goals, education, happiness, reason, methodology, concept

Abu Nasr Al-Farabi was born in 870 or 872 in the city of Otrar, which is now the territory of modern Kazakhstan, and died in 950 or 951 in Damascus, the capital of modern Syria. He was a prominent thinker of Eastern Islamic philosophy in the early Middle Ages, studied and contributed to the development of pedagogical science, mathematics, and music theory. It is believed that Al-Farabi received his early education in Otrar, and then in Bukhara, Samarkand, Tashkent, and Baghdad. He spent the last years of his life in Cairo, Aleppo, and Damascus.

Al-Farabi is known as the author of many commentaries on the works of Aristotle, Plato, and other ancient thinkers. Many works made him widely known, and it is no coincidence that he is called the «Second Teacher» (after Aristotle) or «Aristotle of the East». I must say that even his opinions went beyond the ideas of the authors in the works he considered. In general, many of his works are the result of independent research of topical issues of the medieval socio-ethical and educational theory both in the direction of and in essence the content.

Al-Farabi's creative heritage is huge, about 160 works of his works cover all areas of medieval education. In this sense, he was an encyclopedist of his time. In general, he was primarily interested in the philosophical and theoretical significance of various sciences. Moreover, starting with Al-Farabi, the Eastern disciples, or as they called it, the peripatetic. (gr. peripatetic walking (according to legend, Aristotle taught his students philosophy while walking)), at that time they began to consider philosophy as

a science designed to serve not only truth (theoretical reason), but also good (practical reason).

Al-Farabi's works are closely related to education and upbringing, but the features of each of them are different. For example, Al-Farabi prioritizes moral education, which is the key to real happiness.

In a broad sense, the scientist seems to have included labor, aesthetic, physical, humanistic, patriotic, and other forms of education in the pedagogical process. According to him, no age cannot be brought up and corrected. «Bad behavior is a mental illness. To treat this disease, you have to be like a physical therapist,» he wrote.

Al-Farabi's treatise «Pointing the Way to Happiness» describes in detail how to instill in young people the qualities of heroism, kindness, contentment, eloquence, friendship, and much more.

In the scientific and pedagogical works of the scientist, special attention is paid to fostering a sense of beauty and harmony. They are closely related to ethics and aesthetics. Al-Farabi's legacy plays an important role in music education. It is also good for health because when the body suffers, the soul suffers. Therefore, pleasant calm music raises the mood, creates a strength worthy of the «essence» of the thing, cleanses the body of diseases. Al-Farabi's ideas and conclusions about the goal and mission of pedagogy are one of the most important foundations of education at the present stage of human life.

In terms of content, all of Al-Farabi's works can be divided into several groups, in our study we will single out only those works that are directly related to the development of pedagogical thought: treatises on general properties, laws, and various categories on general philosophical problems; treatises on the problems of human cognitive activity, forms, stages, and methods of cognition; treatises on morality and its categories, issues of education, social and political life, features of the social system, issues of public administration. Among them is the «Pearl of Wisdom», «On the Foundations of Knowledge», «On the Benefits of Science and Art», «Philosophical Questions and Answers to Them», etc. [1].

Didactics occupies a significant place in the pedagogical system of the great philosopher and scientist. Al-Farabi's «Encyclopedia of Sciences» is one of the first scientific and didactic works in the history of pedagogy. This treatise has long been a key political instrument for all scientific initiatives in the East and West [2].

It was Al-Farabi who was an excellent methodologist and his work was an example of a special didactic system, the purpose of which is to generalize and analyze all the fields of science that must be mastered by a well – bred and educated person to achieve real happiness and further development. In addition, there is reason to believe that the «Great musical book», «commentary on the Almagest», «On the origin of science» and many of his works were first studied from a historical and pedagogical point of view.

We have studied the philosophical, social, and ethical foundations of pedagogy Al-Farabi, with the aim of the application I and implementation, and general pedagogical ideas and solving didactic 's question on to identify the main achievements of Al-Farabi Kazakh National University studied the effects of pedagogical activity on the formation and development of his educational ideas in their Muslim countries and among medieval European scholars.

The main topics that worried him and became the basis of the entire system of his worldview were the topics of personality, improving its moral and spiritual component, increasing the intellectual level, achieving the freedom and happiness of all mankind. The whole philosophy of Al-Farabi is imbued with boundless faith in the virtue and reason of man [1].

According to the thinker, pedagogy is the art of controlling the will and desire of the educated in a specially organized educational process.

The essence of Al-Farabi's personal upbringing is morality, which is clearly defined in his thoughts. In other words, a person with high moral principles is reasonable, and a reasonable person, on the contrary, is moral. Aesthetic education, especially musical education, plays an important role in his theory, the scientist said that its importance in the formation of personality is very great. Thus, the thinker concluded that, despite the natural knowledge about students, the need for universal music education «if this ability is not innate, it can be caused by habit (learning)» [3].

One of the central socio-pedagogical ideas of Al-Farabi was the idea of the common good, happiness, to which all humanity should strive. The thinker reflects on this in his «Treatise on the views of the inhabitants of a virtuous city.» In it, he considers possible options for the development of various urban communities. The most preferred of the cities is the «collective city» in the classification of Al-Farabi himself. It is such a city «in which the unification of people has as its goal mutual assistance in matters that bring true happiness ... and a society where people help each other to achieve happiness is a virtuous society. The people, all of whose cities help each other to achieve happiness, are virtuous. In the same way, the whole earth will become virtuous if nations help each other to achieve happiness» [4]. To summarize, the great Al-Farabi is presented as a humanist and educator of the East, who said that people should live in a world of kindness and justice, striving for spiritual development and scientific enlightenment. What is important enough, the philosopher focuses not on the achievement of happiness by a person, but for him, in principle, the achievement of this state of the entire community of people.

For Al-Farabi confirms in his teaching, that the true happiness of each individual separately – the pursuit of the implementation of the social collective ideals or virtues. But it is impossible to understand what happiness is, to make it a goal, and to go steadily towards it without improving the moral and spiritual organization.

At the same time, Al-Farabi attaches great importance to specially organized education and training. Because good is the fruit of education. Hence, the goal of educating the younger generation is to encourage them to follow the moral path of their development through correct ones. reasonable actions.

The educational process itself, as the thinker understood, is friendship and interaction between the mentor and the students.

And the efficient teacher – is both a scholar and teacher, capable of self-expression their thoughts in speech utterances capable of transmitting knowledge as an experience of life and full of love, persistent in achieving the goals of education of the future generation. As we understand now in our time, this knowledge-based on practical research, experience, and logical arguments is highly valued by young people. The above is also reflected in the methods of training and education, such as debate, controversy, the practice of persuasion, an independent search for truth, a critical approach to the subject of study.

An experienced mentor is a mandatory attribute of the educational process. Therefore, he writes: «From the description of the various qualities of people, it is clear that everyone is happy and used to know what should be. This requires a teacher and mentor. Some only need basic guidance, others more. The desire to learn from renowned and experienced teachers has become one of the ideals in human history that have begun to be encouraged by today's younger generation.

Reflecting on the qualities of a teacher, Al-Farabi says that not everyone who is engaged in teaching is a real teacher. The problem is that the great scientist differentiated the truth of the activities of teachers depending on their ability to participate in the educational activities of their students: «People can be equal in strength and speed in discovering certain things, but at the same time, one of them is a way to instruct and teach disciples not to deviate from the faith».

As believed Al-Farabi, that the true teacher has the properties of a good memory, has a sharp mind, and a meaningful speech. The teacher must develop moral and spiritual qualities, like justice about any situation, preserve wisdom and honor. As the scientist noted: «Such a person has the highest degree of human perfection and is at the peak of happiness. He is a person who knows that any action can lead to happiness» [3].

One of the most interesting aspects of Farabi's worldview is his doctrine of knowledge. Thus, he analyzes the problems of the emergence of knowledge, its relationship with reality, recognition of objective reality, the level of knowledge of the world, forms, and types of knowledge. He considers the problem of cognition as part of the general task of clarifying the essence of a person [4]. The philosopher attaches great importance to reason, puts it above blind faith and dogmas, rationalism covers all aspects of his philosophical system.

A scientist is a thinker, Al-Farabi also develops his own ideas about the development of a person's cognitive abilities, that is, his psyche: perception of the world, remembering events, ancestral memory.

From a psychological point of view, he argues that in the process of learning it is important to know the teacher and the specifics of mentally s process s as the adequacy of feelings to events, memory sort, imagination, and, most importantly, that the mind gives rise to the judgment, reasoning. And then to reflect and culture of thinking.

In an interesting thesis about the development and characteristics of mental processes, it leads to Primary, on the development of sensory and rational of Poznan me. In today's world, sensory education is often the starting point for mental education. In the process of sensory learning, the transition from sensory to rational cognition, from perception to thinking is prepared, the basis for subsequent intellectual activity is formed. At the same time, the development of sensory processes plays an important role in improving the practical activity of both teacher and student. Teacher education is thus the foundation of the education system as a whole.

This historical experience presupposes a reorientation of the university system to training independently-minded teachers who are capable of setting reasonable vital goals, analyzing psychological and pedagogical situations, designing and implementing the educational process, creating a friendly atmosphere in the learning process and who can track and evaluate the results of their activities.

Today is an important m question om remains: that the professional training of the future's teachers if necessary, should vary in the direction of a professional of development I qualification and, competitiveness and the labor market, professional mobility, active life and professional position» [5].

Pedagogical theory of Al-Farabi Kazakh National University covers a wide range of issues of improving all aspects of human development and shows some ways to solve them at the present level of development of education in Kazakhstan with Freedom to the spirit, timeless thin human values, are part of human life and relevant in all times.

References

1. Al-Farabi. Historical and philosophical treatises / Translation from Arabic. Alma-Ata: Publishing house «Science» of the Kazakh SSR, 1985. – 624 p.
2. Karpova E.N. Management of PR projects in a higher educational institution // Bulletin of social and humanitarian education and science. – 2015. – No. 1. – P. 10-18.
3. Dzhurinskiy A.N. History of pedagogy and education. – 3rd ed. – M.: Publishing house, 2014. – 676 p.
4. Sayakhov RL Education of mutual respect and tolerance in the works of Islamic educators. – Ufa: Publishing house « Polygraphdesign », 2014. – 236 p.
5. Kulsharipova Z. K., Zhantlesova A. B. Training of students in the conditions of diversification of higher pedagogical education Fundamental research. 2015 №.2.

А.Б. Абуова
СОШ №2 г. Павлодар

НАСЛЕДИЕ АЛЬ-ФАРАБИ В СЕГОДНЯШНЕЙ ПЕДАГОГИКЕ

Аннотация. Статья посвящена освещению роли величайшего мыслителя Востока Абу Насыр Мухаммед ибн Мухаммед аль-Фараби в развитии педагогической мысли в сопоставлении с некоторыми концепциями современной образовательной системы.

Ключевые слова: педагогика, воспитание, ученый, демократизация, методы, обучение.

Андатпа. Бұл мақала Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Фарабидің педагогикалық ойдың дамуындағы рөлін бүгінгі білім беру жүйесінің кейбір түсініктерімен салыстыруға арналған.

Түйін сөздер: педагогика, білім, ғалым, демократияландыру, әдістер, оқыту.

Summary. The article is devoted to highlight the role of the greatest thinker of the East, Abu Nasr Mohammed ibn Muhammad al-Farabi, in the development of pedagogical thought in comparison with the some concepts of the modern educational system.

Keywords: pedagogy, education, scientist, democratization, methods, training.

Педагогика как наука о воспитании, о передаче опыта и его усвоения подрастающим поколением зародилась в давние времена.

На Востоке развитие идей педагогики связывается в первую очередь с именем величайшего мыслителя, ученого-энциклопедиста Абу Насыр Мухаммед ибн Мухаммед Аль-Фараби, оставившего богатое теоретическое наследие, в числе которых 160 трактатов по различным отраслям знаний – философии, психологии, истории и др. И хотя педагогика еще не была выделена в отдельную науку, среди них есть и такие, которые специально посвящены проблемам воспитания подрастающего поколения. В этих трактатах изложены мысли ученого о сущности человека и путях его формирования и развития, о целях, содержании и средствах воспитания, о взаимоотношениях между воспитателем и воспитуемыми и ряд других проблем, имеющих самое непосредственное отношение к педагогике. Труды Аль Фараби позволяют составить представления о высоком уровне опыта воспитания в арабском халифате в период средневековья. А потому эта тема актуальна в современный период обновления содержания образования в Казахстане. Идеи демократизации и гуманизации общества через достойное образование и воспитание, которыми проникнуты труды великого ученого находят отклик в современной обновляемой педагогической системе.

Сегодняшний мир един. Несмотря на пропасть между людьми Запада и Востока, мы осознаем растущую целостность этих миров. Идеи великих умов становятся достоянием всего мира. Идеи аль-Фараби об

умственном, нравственном, эстетическом и трудовом воспитании, изложенные в его трактатах «Комментарии начала книги «Логика» Аристотеля, «Классификация наук», «Книга о разуме», «Обретение счастья», «Указание путей достижения счастья», «О взглядах жителей добродетельного города», становятся источником мудрости для современников. Опираясь на мысли Платона и Аристотеля о познаваемости мира, аль-Фараби работал над приложением этой теории применительно к потребностям своего времени с учетом государственной религиозной политики. Мыслитель призывал людей «к добродетели, которые приведут их к вершинам счастья, к отказу от дурных помыслов, от злобности, которые стоят преградой на пути строительства добродетельного общества».

Учения аль-Фараби о гуманных целях воспитания и предназначения человека подводят к мысли об обоюдном нравственном и эстетическом совершенствовании учителя и ученика в процессе овладения научными знаниями.

Образованный учитель – основное звено учебно-воспитательного процесса. Получить должное образование учитель может только при условии специальной подготовки. Понимание возникновения и познания мира позволит учителю, воспитателю овладеть нужными знаниями, проникнуть в душу ребенка и выработать способы и приемы, позволяющие осуществлять обучение и воспитание подрастающего поколения.

Аль-Фараби не ограничивался перечислением положительных качеств, которыми должен обладать учитель. Философ предлагал методические рекомендации, с помощью которых наставник разовьет положительные качества в своих учениках. Предложенная аль-Фараби система обучения, методы обучения позволяли активизировать творческую и познавательную деятельность учеников, способствовали развитию логического мышления и осмыслению полученной ими информации. Сегодня это находит свое выражение в научном подходе к обучению. Независимо от методов обучения, по мнению аль-Фараби, существуют общие правила, которые должны соблюдаться для обеспечения эффективности учебного процесса: следование от простого к сложному, изучение и учет индивидуальных возможностей учеников в зависимости от вида изучаемого предмета и его объема, последовательность и повторение пройденного, систематичность усвоения знаний, доброжелательность и убежденность в процессе объяснения, отсутствие излишней строгости. В переводе на сегодняшний язык это использование разноуровневых заданий, демократический стиль общения учителя и ученика, логичность и научность образовательного процесса.

Ключевым моментом развития нравственной концепции аль-Фараби являлась проблема обретения человеком счастья с помощью приобретения знаний и гармонического существования в окружающем мире. Аль-Фараби не ограничивался определением счастья (трактат «Обретение счастья»), он стремился показать людям путь к достижению счастья

(трактат «Указание путей достижения счастья»). Проблему нравственности мыслитель тесно связывал с проблемой эстетического осмысления мира. Аль-Фараби пришел к выводу, что цель воспитания заключается в том, чтобы научить человека побеждать в себе отрицательные черты характера и способствовать формированию положительных черт, что может быть достигнуто в том случае, если этическое воспитание будет начинаться с ранних лет, в школе.

Огромную роль в формировании взглядов ребенка на мир великий мыслитель отводит педагогу. По мнению аль-Фараби, человек от рождения наделен только врожденными предрасположенностями, которые можно легко развить, воспитать и направить в нужное русло. Это зависит, в первую очередь, от идеального справедливого правителя и мудрого учителя, обладающего целеустремленностью, трудолюбием, запасом знаний и культуры, хорошей подготовленностью, практическими навыками. Учитель может правильно ориентировать подрастающее поколение на знание законов общества и жизни, объясняя молодежи, что силой воли, настойчивостью и знаниями человек может преодолеть невзгоды и достичь желаемого результата.

Учитель должен знать основы педагогики. А главной задачей учителя является привитие ученикам уважения к моральным ценностям. Учитель должен заботиться об учениках, подобно их родителям, быть к ним снисходительным, умело направлять обучение. Сегодня эта идея находит свое применение в требовании связи с родителями, семьей ребенка. Ученики обязаны уважать и почитать своих наставников, избегать критических ситуаций в общении с ними. Все психологические свойства учеников, их интеллектуальные предрасположенности, вовремя подмеченные в результате внимательного и бережного взгляда наставника помогут ориентировать учеников на выбор профессии, которая соответствует данному складу ума и задаткам ребенка. Идея эта созвучна современному профориентационному воспитанию. Успешность в профессии во многом определяют гармоничность личности.

В процессе воспитания поведение и характер ребенка формируются в общении с другими детьми. Для ученого человек – существо, с одной стороны, коллективное, с другой – индивидуальное. Поэтому, считал мыслитель, поведение человека зависит как от политического устройства общества, так и от уровня знаний, которыми он владеет. Объясняя задачи воспитания, аль-Фараби связывал их с возможностями самого ребенка.

Цель сегодняшней школы – обеспечение взаимодействия ребенка с многообразными явлениями жизни, в процессе которого у него формируются отношения к миру на уровне человеческой культуры, требований общества и личных индивидуальных особенностей, максимальное развитие которых становится условием его счастья.

Сегодня во всём мире признаны принципы демократизации, гуманизации образования, его вариативность и альтернативность, нацио-

нальный характер. Педагогика не стоит на месте, а продолжает развиваться с появлением новых концепций, образовательных технологий, методов и средств обучения, способов организации учебно-воспитательного процесса, а также решений всевозможных педагогических ситуаций.

Аль-Фараби – наша гордость и наша слава. За свои 80 лет жизни Аль-Фараби оставил великое наследие, которое во многом опережало свое время. Не перестали быть актуальными его работы и в наше время [4, с. 5]. И сегодня актуальны идеи великого гуманиста о том, что только «свободный человек» может научиться здраво рассуждать и обладает способностями и решимостью добиться счастья. Не в этом ли цель и современной педагогической школы? Цель современной обновленной системы образования.

Литература

1. Жарикбаев К.Б. Психологическая наука в Казахстане (история и этапы развития в XX в.): Монография. – Алматы, 2002.
2. <https://www.psychologos.ru/articles/view/lichnost-v-psihologii> автор: Н.И. Козлов.
3. Лятиева Э.К. Становление личности человека нашего времени и наследие аль-Фараби.
4. <https://www.nkzu.kz/files/jubilees/alFarabi1150/about.pdf>

Н.С. Асенова, А.Н. Ахмульдинова

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

ӘЛ-ФАРАБИ ІЛІМІНДЕГІ ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИСТІК ИДЕЯЛАР

Андатпа. Мақалада ортағасырлық шығыс философиясының ірі өкілі, ғалым-энциклопедист әл-Фарабидің педагогикалық көзқарастары қарастырылады. Оның адамның танымдық іс-әрекеті, адамгершілікті қалыптастыру мәселелері, сондай-ақ оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың басқа проблемалары туралы көзқарастары сипатталады. Ұлы ойшылдың адамзаттың рухани өрлеуіндегі рөлі туралы қорытынды жасалады.

Түйін сөздер: әл-Фараби, тәрбиеші, гуманист, адамгершілік, таным.

Аннотация. В статье рассматриваются педагогические взгляды крупнейшего представителя средневековой восточной философии, ученого-энциклопедиста аль-Фараби. Охарактеризованы его взгляды на вопросы познавательной деятельности человека, формирования нравственности, а также другие проблемы организации образовательного процесса. Сделан вывод о роли великого мыслителя в духовном прогрессе человечества.

Ключевые слова: аль-Фараби, просветитель, гуманист, нравственность, познание.

Summary. The article examines the pedagogical views of the largest representative of medieval oriental philosophy, the encyclopedic scientist al-Farabi. His views on

the issues of human cognitive activity, the formation of morality, as well as other problems of organizing the educational process are characterized. The conclusion is made about the role of the great thinker in the spiritual progress of mankind.

Keywords: al-Farabi, educator, humanist, morality, cognition.

Әбу Насыр әл-Фараби (870–950) ерте орта ғасырлардағы Таяу және Орта Шығыстың педагогикалық ойының маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын мол теориялық мұра қалдырды. Оның заманында педагогика әлі тәуелсіз ғылым ретінде ерекшеленбесе де білімнің әр түрлі салалары – философия, психология, тарих және тағы басқалар бойынша жазған 160 трактатының арасында жас ұрпақ тәрбиесінің мәселелеріне арналғандары жетерлік. Бұл трактаттарда адамның мәні және оның дамуы мен қалыптасу жолдары, тәрбиенің мақсаттары, мазмұны мен құралдары, тәрбиеші мен тәрбиеленушілер арасындағы өзара қатынас және педагогикаға тікелей қатысты бірқатар басқа мәселелер туралы ғалымның ойлары баяндалған. Ойшылдың бүкіл шығармашылық мұрасында қоғамды ізгілендіру және демократияландыру идеялары, оны тәрбие мен білім беру арқылы жетілдіру жолдарын іздестіру орын алған.

Әл-Фарабиді толғандырған және оның дүниетанымының барлық жүйесіне негіз болған басты тақырыптар – тұлға, оның адамгершілік тұрғыда жетілуі, зияткерлік деңгейінің артуы, еркіндікке қол жеткізуі және бүкіл адамзаттың бақыты болды. Оның философиясынан адамның қайырымдылығы мен ақылына шексіз сенімді көруге болады. Ойшылдың пікірі бойынша педагогика – бұл арнайы ұйымдастырылған білім беру үдерісінде тәрбиеленушінің еркі мен қалауын басқару өнері. Тәрбиенің мақсатын үйлесімді дамыған адам деп білді.

Оның педагогикалық теориясындағы негізгі бағыттар адамгершілік, ақыл-ой, дене, эстетикалық және еңбек тәрбиесі екендігі кездейсоқ емес. Осылайша философ бастапқыда ежелгі Шығыс мемлекеттерінің педагогикалық теориясында айтылған, содан кейін Антика дәуірі ойшылдарының жетекші тұжырымдамасына айналған жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру туралы жалпы адамзаттық идеяны жалғастырады.

Әл-Фарабидің тұлғалық тәрбиесінің өзегі өзінің ой толғауларында ақылға теңдестірген – адамның адамгершілік қасиеті. Басқаша айтқанда, жоғары адамгершілікті адам ақылды және керісінше, парасатты адамның адамгершілігі бар.

Эстетикалық тәрбие, әсіресе музыкалық білім оның теориясында маңызды орын алады, оның жеке тұлғаны қалыптастырудағы маңызын ғалым өте жоғары деп бағалады. Ойшыл оқушылардың табиғи қабілеттеріне қарамастан, жалпыға бірдей музыкалық білімнің қажеттілігі туралы «егер бұл қабілет туа бітпесе де, ол әдеттендірудің (оқытудың) әсерінен пайда болуы мүмкін» деп тұжырымдады [3].

Әл-Фарабидің бүкіл адамзат оған ұмтылу керек деп санаған орталық әлеуметтік-педагогикалық идеяларының бірі – жалпы игілік, бақыт идеясы. Ойшыл бұл туралы өзінің «Ізгілікті қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактатында» көрсетеді. Онда ол әртүрлі қалалық қауымдастықтар дамуының мүмкін нұсқаларын қарастырады. Әл-Фарабидің өз жіктеуі бойынша қалалардың ішіндегі ең ұнамдысы – «ұжымдық қала». Бұл қалада «адамдардың бірлесуі шынайы бақыт әкелетін мәселелерде өзара көмекті мақсат етіп көздейді ... және адамдар бақытқа жету үшін бір-біріне көмектесетін қоғам – ізгілікті қоғам. Барлық қалалары бақытқа жету үшін бір-біріне көмектесетін халық – өнегелі халық. Сол сияқты, ұлттар бір-біріне бақытқа жетуге көмектессе, бүкіл жер беті ізгілікке айналады» [1]. Ұлы әл-Фараби Шығыстың гуманисті және ағартушысы болып табылады, ол адамдар рухани даму мен ғылымға ұмтылып, мейірімділік пен әділдік әлемінде өмір сүруі керек деген.

Әл-Фараби этикасының жоғары категориясы бақыт болып табылады. Бақыт-адам іс-әрекетінің басты мақсаты. Қарапайым адам нағыз бақыт деп санайтын көптеген нәрселер бар: байлық, атақ, абырой, билік. Әл-Фараби үшін бұл аталмыш нәрселер игіліктер жөнінде елес немесе жалған бақыттың өлшемдері. Маңызды нәрсенің бірі сол, философ жеке адамның ғана бақытқа жетуіне емес, бүкіл адамдар қауымдастығының осы күйге жетуіне назар аударады. Әл-Фараби үшін жеке адамның шынайы бақыты – қоғамдық ұжымдық мұраттарды немесе ізгіліктерді жүзеге асыруға ұмтылу. Бірақ жанды ақылмен жетілдірмейінше бақыттың не екенін түсініп, оны мақсат етіп, үнемі оған қарай жүру мүмкін емес. Сондықтан мұндайға данышпандар ғана қабілетті. Бақытқа тек таным процесі мен нәтижесінде қол жеткізіледі. Әл-Фараби тұрғысынан бақытқа жетудің қажетті, міндетті шарты – адамның еркі және оның еркіндігі. Өз іс-әрекетінде сезімге емес, ақылға сүйенетін адам ғана ерік-жігерге ие және бақытқа қол жеткізе алады.

Ойшыл арнайы ұйымдастырылған тәрбие мен білімге үлкен мән береді. Өйткені адамның ізгіліктілік қасиеті – тәрбиенің жемісі. Осыдан барып білім беру мақсаты шығады. Әл-Фарабидің пікірінше, адамның адамгершілік бейнесін қалыптастыру кезінде белгілі бір қоғамдағы адамдардың қарым-қатынасы және адамның еркі шешуші факторлар болып табылады. Жас ұрпақтың адамгершілік тұрғыдан қолдау табатын ізгі істер жасауға ұмтылысын ынталандыру керек. Тәрбие процесінің өзі тәлімгер мен тәрбиеленушілер арасындағы достық қарым-қатынас және өзара әрекеттесу болып табылады. Ойшылдың идеялары бойынша нағыз тәрбиеші бір мезгілде әрі ғалым, әрі ұстаз, мәнерлі сөйлеу қабілеті бар, білім беруді ұнататын және оны жеткізуге қабілетті, білім беру мен оқыту міндеттеріне жетуде табандылық танытатын адам. Сонымен қатар, практикалық зерттеулерге, тәжірибеге және логикалық дәлелдерге негізделген білім жоғары бағаланады. Жоғарыда айтылғандар пікірталас,

айтыс, жаттығу, сендіру, ақиқатты өз бетінше іздеу, таным пәніне сыни көзқарас сияқты оқыту мен тәрбиелеу әдістерінен көрінеді.

Әл-Фарабидің пікірінше, тәжірибелі тәлімгердің болуы білім беру процесінің ерекше белгісі, міндетті төлсипаты болып табылады. Сондықтан ол былай деп жазады: «Жеке адамдардың әр түрлі қасиеттері туралы айтатын болсақ әр адамға бақытты сезіну қажеттілігі тән екені анық. Бұл үшін мұғалім мен тәлімгер қажет. Біреулерге тек алғашқы кезде ғана жетекшілік ету қажет, ал басқаларға жетекшілік көп қажет». Атақты және тәжірибелі мұғалімдерден үйренуге деген ұмтылыс адамзат тарихындағы мұраттардың бірі болды, ал бұл қазір, өкінішке орай, біздің замандастарымыздың алдында тартымдылығы аз іс бола бастады.

Мұғалімнің қасиеттері туралы ойлана отырып, әл-Фараби оқу іс-әрекетімен айналысатын кез келген адам шынайы тәрбиеші бола бермейді дейді. Ол адамдарды білім беру қызметіне қатысты қабілеттеріне қарай ажыратады: «Кез-келген адам басқаларды басқара алмайды, және бәрі бірдей басқаларды тиісті әрекеттерді жасауға итермелей алмайды» [1].

Әл-Фарабидің пікірінше, мұғалім жақсы есте сақтау қабілетіне, зерекой мен мәнерлі сөйлеу іскерлігіне ие болуы керек. Мұғалімде адалдық, әділеттілік, адамгершілік, даналық, ар-намыс сияқты адамгершілік қасиеттер болуы керек. Ғалым атап өткендей: «Бұл адам кемелділігінің ең жоғарғы дәрежесіне ие және бақыттың шыңына шыққан адам. Бұл адамның бақытқа қол жеткізуіне апаратын кез-келген әрекеті білетін адам» [3].

Әл-Фараби мұғалімнің функцияларын мемлекеттің немесе қаланың ақылды билеушісінің функцияларымен байланыстырды, өйткені мұғалімге қоғамның әл-ауқаты тәуелді болатын жас ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілік артылады. Әл-Фарабидің педагогикалық идеяларындағы мұғалім мен қала билеушісі қызметтерінің өзара байланысы мұғалімнің маңызды рөл жүктелетіндігін көрсетеді.

Оқу процесінде оқыту мен тәрбиелеудің жұмсақ және қатаң әдістерін қолдануға болады. «Егер оқушы оқуға, жұмыс істеуге және игі істер жасауға ниет білдірсе, жұмсақ әдістер орынды. Егер ызакор, ықылассыз, бірбеткей бала болса, қатаң жазаларды қолдану толығымен ақталады» [2]. Әл-Фарабидің пікірінше, білім мазмұны энциклопедиялық сипатта болып барлық ғылымдар жүйесін қамтуы керек, екінші жағынан, ол пайдалы, ұтымды бағытқа ие болуы керек. Зайырлы білімнің жақтаушысы ретінде ойшыл тек ақылсыздар ғана ең жоғарғы игілік әлемнен тыс жерде деп санайды. Адамгершілігі болуы үшін және жамандыққа қарсы тұру үшін адам өзін-өзі тануы керек деді.

Фарабидің дүниетанымдық жүйесінің ең қызықты жақтарының бірі-оның таным туралы ілімі. Ол білімнің пайда болу мәселелерін, оның шындыққа қатынасын, объективті шындықты тануды, әлемнің танылу дәрежесін, танымның формалары мен түрлерін талдайды. Оларды

қарастыру кезінде ол медицина, физиология, математика, астрономия, филология, педагогика және басқа ғылымдар саласындағы табиғи-ғылыми жетістіктерден бастау алады. Ол таным мәселесін адамның мәнін анықтаудағы жалпы міндеттердің бөлігі ретінде қарастырады [4]. Философ ақылға үлкен мән береді, оны соқыр сенім мен догматикадан жоғары қояды, рационализм оның философиялық жүйесінің барлық жақтарын қамтиды. Ғылыми танымның мазмұны мен әдісіне өз көзқарасын білдіре отырып, альФараби кез келген ғылымды зерделеу кезінде үш өзгермейтін шартты сақтауды талап етті: қандай принциптерді басшылыққа алу, осы ғылымға қатысты алынған эмпирикалық деректерден қорытынды жасау және басқалардың пікіріне сыни тұрғыдан қарау [5].

Ойшыл адамның психикалық күштерін дамыту туралы өз идеяларын дамытады. Ол түйсіну, есте сақтау, қиял және ең бастысы – ойлау немесе ақыл сияқты психикалық процестерді қарастырады. Ол психикалық процестердің дамуы туралы қызықты ережелер мен оларға тән ерекшеліктерді алға тартады. Сонымен қатар, танымның бір түрі екіншісін толықтырып қана қоймай, оның көрінуінің міндетті шарты болып табылады.

Осылайша, әл-Фараби өз заманынан едәуір алда тұрған ұлы мұра қалдырды. Оның еңбектері Ибн Сина, Ибн Баджа, Ибн Туфайя, Ибн Рушдқа, сондай-ақ ортағасырлық Батыс Еуропа ғылымының дамуына, Қайта өрлеу дәуіріне ғана емес, Ағарту дәуіріне де үлкен әсер етті. Ол жаһандық әлеуметтік, мәдени немесе жалпы философиялық мәселелер тұрғысынан педагогикалық мәселелерді ашатын философиялық мектептің өкілі болды. Оның педагогикалық теориясында адам дамуының барлық аспектілерін жетілдіру мәселелері кеңінен талқыланды, сондай-ақ оларды шешудің белгілі жолдары көрсетілді. Оның шығармашылығына енетін тұрақты адами құндылықтарды негіздеудегі рух еркіндігі өте пайдалы және нағыз классика ретінде барлық уақытта өзекті

Әдебиеттер

1. Аль-Фараби. Историко-философские трактаты / Перевод с арабск. – Алма-Ата: Изд-во «Наука» Казахской ССР, 1985. – 624 с.
2. Джуринский А.Н. История педагогики и образования. – 3-е изд. перераб. и доп. – М.: Изд-во Юрайт, 2014. – 676 с.
3. Избранные произведения мыслителей Среднего Востока IX–XIV вв. / Сост. С.Н. Григорян, А.В. Сагадеев. – М.: Изд-во «Социально-экономической литературы», 1961.
4. Очерки истории школы и педагогической мысли Древнего и средневекового Востока / Под ред. К.И. Салимовой. – М., 1988.
5. Аль-Фараби. Естественно-научные трактаты. – С. 332.

А.И. Булшекбаева, М.К. Сураншиева, Г.К. Ширинбаева

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қаласы

ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ЕҢБЕК ТЕОРИЯСЫ

Андатпа. Мақалада әл-Фараби мұраларындағы тәрбие мәселелері, оның ішінде еңбек теориясы талданады. Еңбек тәрбиесінің тарихы мен негізгі тұғырлары зерделеніп, оның тәжірибелік маңыздылығы туралы айтылады.

Түйін сөздер: тәрбие, еңбек тәрбиесі, білім тарихы.

Аннотация. В статье анализируются проблемы воспитания в наследии Аль-Фараби, в том числе теория труда. Изучаются история и основные положения трудового воспитания, рассказывается о его практической значимости.

Ключевые слова: воспитание, трудовое воспитание, история образования.

Summary. The article analyzes the problems of education in the legacy of al-Farabi, including the theory of labor. The history and main provisions of labor education are studied, and its practical significance is described.

Keywords: education, labor education, history of education.

Белгілі тарихи жағдайларда ғана көрініп және жойылып отыратын басқа қоғамдық құбылыстарға қарағанда тәрбиенің мәңгібақи категория қатарына жататындығы ғылымда әбден нақтыланған. Сонау Орта ғасырларда адамзат ілімінің молайып, ақыл – парасатының жетілуін, оқу-ағартудың қажеттілігін айтып, білім алудың маңызын анықтауда орасан зор еңбек сіңірген ғұламалардың бірі, еңбек тәрбиесінің және оның теориясын жасаушылардың бірегейі Әбу Насыр Әл-Фараби екені мәлім [1].

Әл-Фараби тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің теориясы ғылымға негізделуі қажет деп санады. Ол ғылымды тарихи үрдіс деп түсініп, ғылым жүйелі түрде құрылған білімнің жоғарғы формасы деген анықтама берген. Фараби өмір сүрген дәуірде педагогика ұғымы болмағаны белгілі. Алайда ол оқу-ағарту мен тәрбие туралы, еңбек мәдениеті туралы ілім жасады. Еңбектің өзі – өнер. Ал еңбек тәрбиесі сол өнерден туындайды, әрбір адамды еңбекке баулиды, еңбек шеберлігіне үйретеді. Олардың еңбек ету дағдысын қалыптастырады, – деген болатын Фараби. Ол еңбек өмір сүрудің негізі, адамзат тіршілігінің мәңгілік, табиғи шарты деп қарастырды. Адам еңбегі бағытталған нәрсенің бәрі еңбек заттары деп аталады. Оның еңбек туралы бұл тұжырымдарын күні бүгінге дейін жалғастырып келе жатқан ғалымдар бар [2].

Еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда ол Аристотель негізін салған теорияның анықтамасына сүйенеді. Демек, ол қандайда болсын құбылысты түсіндіруге бағытталған ұғымның, идеяның, белгілі бір саласының мәнді байланыстары мен заңдылықтары жөнінде толық түсінік беретін ғылыми білімді қорытудың ең жоғарғы формасы деген қағиданы ұдайы басшылыққа алған Фараби еңбек тәрбиесінің теориясын

«Өзінің ішкі құрылымы жағынан бір-бірімен логикалы байланыста болатын біртұтас білім жүйесін құрайды «деп тұжырымдайды.

Педагогикалық тұрғыда қарастырсақ, бұл тұжырым – «оқушыларға саналы тәртіп, сапалы білім беру, пайдалы қоғамдық еңбекке баулу» деген сөз. Фараби еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда еркін еңбектің адамның жан-жақты дамуы үшін маңызы зор екенін атап көрсетеді [3].

Фараби «еңбек ету, сапалы болу, адамгершілік, ақылдылық табиғаттан туындауы қажет» деген ғылыми тұжырым жасады. Фараби адамды табиғат, адам, жер бетіндегі тірі организмдер дамуының ең жоғары сатысына көтерілген, еңбек құралдарын жасап, оларды өз қажетіне жарата білген, түсінікті сөз сөйлей білетін саналы ортаның мүшесі дейді. Адам туралы материалистік бағытты ұсынған Фараби адам еңбек ету нәтижесінде жоғары сатыға көтерілетінін алға тартады.

Әл-Фараби тәрбие үрдісінде «Қатты әдіс» пен «Жұмсақ әдісті» ұштастыруды талап етеді. Ол оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарын жеке-жеке анықтап кеткен. Қазіргі тәрбие үрдісі тұрғысынан қарағанда «қатты әдіс» деп отырғаны жазалау, ал «жұмсақ әдіс» деп отырғаны-мадақтау. Демек, Фараби педагогикалық ықпал ету әдістерін алғаш ұсынған, оның тиімділігін дәлелдеп кеткен ғалым [4].

Фарабиден қалған ғылыми еңбектің саны жүзден астам. Сол еңбектерді ғылымдар саласына бөлсек, олар мыналар: математика, логика, музыка, астрономия, дәрігерлік, лингвистика, поэзия-риторика, педагогика, т.б. (Фараби заманында бұлар ағартушылық ғылым деп аталған.) Оның пікірінше, оқу, тәрбие, білім алу, еңбек ету, ғылым адамы болу адамгершілік және еңбек тәрбиесіне тығыз байланысты. Фараби ең алғаш еңбекті, таза еңбекті, адал еңбекті тәрбиенің алғышарты етіп алады. «Тәрбиені неден бастау керек», Философия-меңгеру, білім-тәрбие алу, еңбекке үйрену, философияны меңгеру тәрбие әдістеріне байланысты екенін ғылыми тұрғыда дәлелдейді. Осы негізде ол оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарын жеке-жеке анықтайды. «Ғылымдар тізбегі», «Ғылымдардың шығуы» еңбектерінде ғылымдарды үйрену, үйрету реттерін белгілейді және тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің тарихи тағылымын, үлгісін болашақ ұрпаққа өнеге, тәлім етіп қалдырады.

Әл-Фараби жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп, еңбекке үйретіп, еңбек тәрбиесін беретін адамды (ұстаздық ететін адамды) өте жоғары бағалаған. Оның ойынша, тәрбиеші адам (қазіргі мұғалім) – «мәңгі нұрдың қызметшісі».

Фарабидің шәкірті, оның ілімін әрі қарай жалғастырушы Ибн-Синаның «Фарабидің тәрбие тағылымдарының ең маңыздысы әрбір жеке адамды еңбекке тәрбиелеу болды. Өйткені, еңбексүйгіштік, еңбек ете білуге және еңбекке ынталы болуға тәрбиелеу. Ол кімде-кім өзінің тіршілігі үшін, өзіне пайда келтіретін еңбекпен айналысқанда ғана

нағыз ел адамы бола алады деген өмірлік өсиет қалдырып кетті» – деуі бекер емес.

Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» еңбегінде барлығы еңбектің нәтижесі дей келіп, адамның өзін танымақтығы жөніндегі ойларын «Өсімдік жаны», «Хайуан жаны, Адам жаны» деп жүйелейді. Адам жаны (интеллектіге), оның ішкі және сыртқы сезім мүшелеріне (хауас) талдау бергенде де, жүрекке үнемі шешуші мән беріп, ерекше даралай көрсетіп отыратыны бар. Жалпы жан қуаты жөнінде танымға бұлай қарау Фараби ілімінің ғылымилығы оның тәлімділігін көрсетеді. Ибн Синаның айтуынша Фараби көзқарастарында бірінші орында еңбек тұрған [5].

Ұлы ойшыл Фараби тарихи шындықты, еңбекті, тәрбиені, оның ішінде еңбек тәрбиесін адамның игілігі, бақыты үшін қолдануды армандады. Адамның игілікке жету жолдары туралы ойларын Фараби (сол кездің өзінде) экономиканың, саясаттың, мемлекеттік құрылыстың, отбасы тәрбиесінің, еңбек тәрбиесінің мәселелеріне байланыстыра отырып аса қажет мызғымас берік негізге сүйенеді. Сондай-ақ ол қоғамды ақылмен дұрыс басқарудың шарттары жөнінде батыл пікір айтқан ғұлама ғалым. Өйткені адам бақытты болуға лайық және сол бақытын табуға тиіс. «Адам өз заманында жақсы да дұрыс басқарылатын қоғамда ғана шын мәнісінде бақытты өмір сүре алады «дейді данышпан. Сөйтіп, Фараби адамның өмірлік іс-әрекетіне үлкен мән бере отырып, еңбек қана адамды жануарлар дүниесінен бөліп, оқшау көрсететінін ғылыми тұрғыда дәлелдеді. Адамзат қоғамының өмір сүруіне ең керектісі оның материалдық тұтыну қажеттері дегенді бірінші орынға қойып, осынау маңызды мәселе төңірегіндегі теріс көзқарастарды үзілді-кесілді жоққа шығарды.

Фараби адамдар бір-бірімен келісіп, тіл табысып отыруы керек деп есептейді. Әділеттіліктің қалыптасқан нормасы, әмбебап заңдар қажеттігін ескерте келе, ол заңдардың тәрбие арқылы жүзеге асатынын дәйектейді. Оның ойынша, еңбексіз заң да, қоғам да ілгері дами алмайды. Ұлы ойшылдың заң күші туралы осы айтқандарынан қоғамдық келісімдер туралы идеяның алғашқы ұрығы жатқандығын аңғару қиын емес. Бұл идея Еуропада кеңінен өріс алды. Кейбір шығармаларында Фараби өз тұсындағы қоғамды астыртын ғана сынап отырады. Ондағы етек алған озбырлықтар мен қаталдықты, ақыл мен адамгершілік, еңбек тәртібі ұстанымдарының орасан бұрмалануынан деп түсіндіреді [6].

1478–1535 жылдар арасында өмір сүрген ағылшынның атақты утопист-социалисі Томос Мор қайта өрлеу дәуіріндегі еңбек пен еңбек тәрбиесінің жүйесін Әл-Фараби іліміне негіздеп жүргізген. Осы жылдары басқа Еуропа елдерімен салыстырғанда Англияда капитализм тез қарқынмен дамыды. Тоқыма өндірісінің дамуына байланысты қой өсіру кең етек алды, жерсіз қалған шаруалар мен қолөнершілердің күйзеліске ұшырауына себеп болды. Томос Мор еңбекшілердің

тұрмысының нашар екендігін көрсетіп, Фараби ұсынған еркін суын аңсады. Ол еңбек тәрбиесін еркін еңбек негізінде жасаған «Үш білімі және оның тараулары» еңбегіне сүйеніп балаларға қоғамдық тәрбие, бастауыш білім беруді жақтады, оқудың ана тілінде оқытылуын қолдады. Ол дене тәрбиесіне үлкен мән берді. Алғаш рет еңбекке тәрбиелеуді ұсынды. Мор барлық балалар ауыл шаруашылығы мен қолөнердің бір түрімен шұғылдануы керек деп түйді.

Еңбек және еңбек тәрбиесінің ғылыми негізін қолдауда XII ғасырда жазылған «Фарабидің энциклопедиясы» атты еңбектің маңызы орасан зор. Әсіресе, мұның трактат ретінде ғылым тарихында алатын орны айрықша. Бұл трактат «Ғылымдар энциклопедиясы», «Ғылымдар реті», «Ғылымдар классификациясы», т.б. аттарымен Шығыс және Батыс елдерінде өте ертеден-ақ мәлім болған. Бұдан көп ғұламалар тәлім алған.

«Фарабидің энциклопедиясы» сол кездің өзінде (XII ғасырда) арабшадан латын тіліне екі рет аударылған. Одан кейінгі ғасырларда бұл еңбек толық немесе үзінді түрінде ескі еврей, неміс, ағылшын, француз, ислам, түркі, т.б. тілдерге тәржімаланған. Роджер Бэкон, атақты Әбу Әли Ибн Сина (980–1037) және басқалар тікелей соның әсерімен өздерінің көпке мәлім энциклопедиялық еңбектерін жазды.

Бұл еңбектің құндылығы, оны басқа халықтардың өз қажетіне жаратып, оның еңбек заңдарына, еңбек адамдарының өз жұмысына саналылықпен, ұқыптылықпен қарап, өндірісті дамыту, еңбек өнімін, жеке адамның еңбекке құштарлығын, ынта-жігерін арттыру мақсаты көзделгендігінде.

Әл-Фараби – жаратылыстану ғылымының негізін салған ғұламалардың да бірі. Ол математиканы жаратылыстану ғылымының басты саласы деп санады. Біз қазір техникалық ғылымдарды жаратылыстану ғылымының басты саласына жатқызамыз. Фарабидің «Теориялық арифметикаға қысқаша кіріспе» деп аталатын еңбегінде барлық құбылыстарды табиғат – жаратылыстану әлемінің ауқымында дамитынын дәлелдеп көрсетеді. Трактаттарында қоғамдағы барлық құбылыстар мен өзгерістер таза адал еңбектің жемісі деп тұжырымдады. Сөйтіп «Адамды адам еткен – еңбек» қағидасының да негізін салып берген. Ал логикалық еңбектерінде еңбек пен еңбек тәрбиесінің даму элементтері кездеседі. Әсіресе «Ғылымдар тізбегі», «Алмагеске түсініктеме», «Астрология», «Философияны үйрену үшін не білу керек» еңбектерінде еркін еңбектің маңызы мен мәнін талдап ашып көрсеткен.

Әл-Фарабидің еңбектеріне, оның қоғамды дамытудағы ой-пікірлеріне, тәрбие талаптарына сүйене отырып Әбу-әл-Уафа, Ибн Сина (Авевина), Әл-Бируни, Омар Хаям сияқты Шығыс ғұламаларымен қатар Роджер Бэкон, т.б. жаратылыстану ғылымдары бойынша шығармалар жазған. Әл-Фараби медицина саласына арнап «Адам ағзалары» және «Темперамент туралы» еңбектер жазды. Бұл еңбектерінде медицинаның теориялық мәселесін тереңнен қозғап, медицина өнерінің мәнін, міндет-

мақсатын анықтап беруге тырысады. Мәселен, медицина саласын дамытуды – «таза» еңбектің жемісі дейді де, пайдалы қоғамдық еңбекті (тіршілік – еңбегі) дамытудың, өмір сүрудің құралы деп қарастырады. Әл-Фарабидің философиялық және натурафилософиялық еңбектерінде жаратылыстанудың көптеген мәселелеріне тоқталады. Ал ғылыми-философиялық еңбектері оқу-тәрбие мәселелеріне арналған. Оның пікірінше оқу, білім алу, ғылым адамы болу адамгершілік және еңбек тәрбиесі мәселелерімен тығыз байланысты. Ол білім алу мен оқу еңбегін пайдалы еңбекке жатқызады.

Фарабидің ғылыми мұралары – орта ғасырдағы олқылығы (оқу, білім алу, еңбек ету) сол дәуірдің жемістері. Сондықтан да оның әлеуметтік-этикалық, эстетикалық, этнопедагогикалық тұжырымдары сол дәуірдің дәстүріне тәлімше әуендес болып келеді.

Орта ғасырлық ғұлама жалпы теориялық ой-пікірдің жетістіктерін жаңғыртып, жетілдіре түсті. Халық даналығы туғызған данышпандық пікірлерге ден қойды. Нәтижеде өзінің философиялық тән тұжырымын жасап, қоғам туралы ілімді, этика мен эстетиканы, этнопедагогиканы дамытты. Аристотелдің еңбектеріне сүйене отырып, антика заманының теориялық озат ой-пікірлерін сыннан өткізіп барып, оның қажеттігін алды және заманның ілімін белгілі бір жүйеге салды [7].

Фараби еңбектерінің, оның ішінде еңбек пен еңбек тәрбиесі туралы тағылымының тәжірибелік маңызы мынадай:

1. Еңбек әрбір қоғамдық құбылыс ретінде өзгеріп отырады, еңбек – еңбек тәрбиесінің мазмұны мен мәнін береді.

2. Әл-Фараби ілімі тәрбиенің әрбір қоғам кезіндегі (феодализм, капитализм, социализм) әлеуметтік мәнін ашып, еңбек, адамгершілік, ақыл-ой тәрбиесінің теориялық негізін қалыптастырды.

3. Ғылымдар тізбегін жасау, оны әрбір топқа бөлу арқылы болашақ жасөспірімдерді жан-жақты жетілдірудің қажеттілігін ғылыми тұрғыда дәлелдеді.

4. Еңбектің, еңбек тәрбиесінің ғылыми негізін сала отырып, оны өмірде қолданудың тәжірибесін көрсетіп берді.

5. Әл-Фараби ілімі шығыс халықтарының педагогикалық ой-пікірінің дамуында төңкеріс болып есептеледі. Демек, ол шығыс халықтарының салт-санасының, әдет-ғұрпының ағартушылық, тәлім-тәрбиелік ой пікірінің, ғұламалық тағылымының дамуында жаңа кезең ашып, халықтық педагогиканың негізін қалады.

Әдебиеттер

1. Әл-Фарабидің тұжырымдары // Ақиқат. – 2006. – № 6. – 70–73 б.
2. Қари Қ. Әл-Фараби еңбектері елге қайта ма? // Жас қазақ. – 2006. – 27 қазан. – 9 б.
3. Кенжебаев Т. Әбу Насыр Әл Фараби дидактика туралы // Ұлт тағлымы. – 2002. – №1. – 28 бет.

4. Әбу Насыр Әл – Фарабидің тәрбие және еңбек тәрбиесінің теориясын жасауы // Ұлағат. – 1997. – №1.
5. Көбесов А. Әл-Фарабидің педагогика-психологиялық пайымдаулары // Ұлағат. – 1995. – №1.
6. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім – тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995.
7. Көбесов А. Әл-Фарабидің педагогикалық мұрасы // Бастауыш мектеп. – 1995. – №1-2. – 36–44 б.

А.И. Булшекбаева, М.К. Сураншиева, Р.Е. Каримова

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қаласы

ӘЛ-ФАРАБИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҰСТАЗДЫҚ ШЕБЕРЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Андатпа. Мақалада әл-Фараби еңбегіндегі ұстаздық шеберлік мәселелері талданады. Сонымен қатар әл-Фарабидің ұстаздық тұлғасы мен ұстаздық қасиеттер сараланған.

Түйін сөздер: ұстаз, педагогикалық шеберлік, білім тарихы.

Аннотация. В статье анализируются проблемы педагогического мастерства Аль-Фараби. Кроме того, у Аль-Фараби дифференцированы черты учительской личности и учительские качества.

Ключевые слова: учитель, педагогическое мастерство, история образования.

Summary. The article analyzes the problems of al-Farabi's pedagogical skills. In addition, al-Farabi has differentiated features of the teacher's personality and teaching qualities.

Keywords: teacher, pedagogical skills, history of education.

Ұстаз шеберлігі дегеніміз – тек мұғалімнің жан-жақты және методикалық сауаттылығы ғана емес, ол әр сөзді бойға сіңіруі, ұстаздық әдеп жайын сөз еткенде біз әрдайым ғалымдардың зерттеулеріне назар аударамыз. Ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда «Ұстаз», «Тәрбиеші», «Мұғалім» деп қастерлі мамандық сыр сипаты 200-ден астам компоненттерден тұрады екен. Осы ұстаз өнегісінің, озат үлгісі жөнінде ғұлама ғалым Әл-Фарабидің айтуы бойынша нағыз ұстаз ғана айтқанын екі еткізбейтін, ешкім шағым жасауға батылы бармайтын, білімі телегей – теңіздей, ақыл-ой парасаты да, ерік – жігеріне де ешкім тең келе алмайтын адам. Осындай қасиеттері бар ұстаз ғана шәкіртке үлгі-өнеге көрсетеді, ол халықты соңына ертіп, оның мұң-мұқтажын, талап – тілегін орындай алады [1].

Әл-Фараби түсінігінде, ұстаз да қала басшысы сияқты ел жетекшісі, халық қадірлісі. Медресе балаларды оқытып, тәрбиелесе, қала бастығы олардың ата-анасына өнеге көрсетеді, халықты ізгі қасиеттерге баулиды. Олай болса мұның екеуі де «сегіз қырлы, бір сырлы» қай жағынан да болса барша халықтан қош ілгері тұрған кісілер. Сондықтан бұл екеуіне

де мынадай 12 түрлі қасиет сәтті қабысып келсе нұр үстіне нұр болған болар еді:

1. Тән ерекше жетілген түрлі іс-әрекетті нәтижелі етіп орындауға ыңғайлы бейім болуы;
2. Нені болса да жақсы айырып, тез тұжырымға келе алатын;
3. Өзінің түсініп, сезгенін көріп, білгенін есіне жақсы сақтай алатын;
4. Көреген ойлы, талғампаз, ақылды адам болуы;
5. Ойын анық, дәл бере алатын, көркем сөйлей алатын шешен;
6. Ілім-білімді, оқу-ғылымды жан тәнімен, ұңғыл-шұңғылын ақыл-ой жұмысының үлкен бейнетін тек ләззат санайтын адам;
7. Қайда жүрсе де өте ұстамды;
8. Өтірік-өсекті, мылжындықты жек көріп, шындықты, әділдікті бар ынтасымен сүйе білу;
9. Өр кеуделі, жан мен арын бірдей кіршіксіз ұстайтын адам;
10. Мал-мүлікке, дүние-жиһазға, мәнсіз ұсақ тіршілікке қызықпау;
11. Табиғатынан әділ, шынайы, шыншыл;
12. Басқаға дау, өзіне де қиянат қыңыр-қиқар болмай, әркез шешімге келе алатын байсалдығы мен батылдығы қатар жүре алатын, қорқыныш пен үрейге жол бермейтін адам [2].

Осылайша бабамыз Әл-Фараби өнегелі ұстаз бен әділ билеушіге ортақ 12 қасиетке мән береді де, бұған қосымша жұртты аузына қаратқан даналық, заң мен әдеп-ғұрыптарға жетістік, іс-әрекеті осыларға сәйкес. Жаратылысында әрбір адамға өз тіршілігі үшін және ең жоғары кемелділік дәрежесіне жету үшін көп нәрсе керек, ал мұны ол жалғыз жүріп таба алмайды және бұған жету үшін ол қандайда бір адам қауымын қажет етеді, осы қауымдағы адамдардың әрқайсысы оған қажетті нәрселердің жалпы жиынтығынан қандай да бір затты тауып беріп отырады. Оның бер жағында әрбір адам өзінен басқа екінші адам жөнінде де нақ осындай күйге түседі. Міне, сондықтан да бір – біріне көмектесіп отыратын, біреуі екіншісінің өмір сүруіне қажетті нәрселерінің бір бөлігін тауып беріп отыратын көптеген адамдар бірлестіктері ғана адам өзінің жаратылысына сай кемелділік дәрежесіне жете алады. Осындай қауымның барлық мүшелерінің іс-әрекеті жиналып келгенде олардың әрқайсында өмір сүру үшін және кемелділікке жету үшін керекті нәрсенің бәрін тауып беріп отырады. Міне, сондықтан да, адамзат индивидтері көбейе түсіп, жер жүзіндегі әр түрлі мекендерге қоныс тепті, осының нәтижесінде адам қоғамдары пайда болды... [3]

Әл-Фараби ұстаз бен шәкірт арасындағы ара – қатынастарды олардың моральдық қатынастың қандай болу керектігін де ескерген. Ұстаз өз шәкірттерінен адалдық, сыпайылық, ізгілік, әділдік сияқты қасиеттерді көргісі келсе, онда оның өзінде де осы қасиеттер болу қажет. «Мұғалімдік» (ұстаздық) еткен адамның өлшеуі тым өкпелі болмасын және тым асыра босаңсытқан төмендікпен де болмасын. Егер тым қатты

үнемі ызғармен болса, онда оқушылар мұғалімді жек көретін хәлге жетеді. Егер тым босатып жіберген кішіпейілдік болса, онда оқушылар жағынан мұғалімдерді кем санау, оның ғылымына жалқау қарау қауіпі тұрады деп жазды өзінің «Философияны үйрену үшін алдын-ала не қажет» деген еңбегінде.

Ешбір жанға бағынбайтын басшы – адам, міне, осындай. Ол – иман, ол – қайрымды қаланың бірінші басшысы, ол – халықтың басшысы және жер жүзін мекендейтін елдің басшысы. Өз бойында туа біткен он екі қасиетті ұштастырған адам ғана осындай бола алады. Біріншіден, бұл адамның мүшелері мүлдем мінсіз болуға тиіс, бұл мүшелердің күші өздері атқаруға тиісті қызметті аяқтап шығу үшін мейлінше жақсы бейімделген болуы тиіс, сонда егер, осы адам әлде бір мүшесінің жәрдемімен әлденендей бір іс істемек болса, ол мұны оп – оңай атқаратын болады; жаратылысынан өзіне айтылғанын бәрін жете түсінетін, айтылған сөзінің сөйлеушінің ойындағысындай және істің жай – жағдайына сәйкес ұғып алатын болуы керек; өзі түсінген, көрген, есіткен және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, бұлардан ешнәрсені ұмытпайтын болуы керек; әйтеуір бір заттың кішкене ғана белгісін байқаған заматта сол белгінің ишаратын іліп әкелерліктей алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі болуы шарт; өткір сөз иесі және ойына түйгенін айдан – анық айтып бере алатын тілмар болуы шарт; өнер – білімге құштар болу, оқып – үйренуден шаршап шалдықпай, осыған жұмсалатын еңбектен қиналып азаптанбай бұған оңай жететін болуы керек: тағамға, ішімдік ішуге, сыр – сұхбат құруға келгенде қанағатшыл болуы керек, жаратылысынан сауыққұмарлықтан аулақ болып, бұдан алатын ләззатқа жирене қарауы шарт; шындықпен шыншыл адамдарды сүйіп, өтірік – жалған мен суайттарды жек көру керек; жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын болуы шарт; оның жаны жаратылыстан пасық істердің бәрінен жоғары болып, жаратылысынан игі істерге ынтызар болуы тиіс; дирхем, динар атаулыға, жалған дүниенің басқа да белгілеріне жирене қарау керек; жаратылысынан әділеттілікпен әділеттілерді сүйіп әділетсіздікпен озбырлықта және осылардың иелерін жек көруі керек; жақындарына да, жат адамдарға да әділ болып, жұртты әділеттілікке баулып, әділетсіздіктен зардап шеккендердің залалын өтеп, жұрттың бәріне өз білгенінше жақсылық пен ізгілік көрсетіп отыру қажет; әділ болу керек, бірақ қыңыр болмауы керек, әділеттілік алдында ойыс мінез көрсетіп қасарыспау керек, бірақ әділетсіздікпен пасықтық атаулыға мүлдем рақымсыз болуы шарт; өзі қажет деп тапқан істі жүзеге асырғанда шешімпаздық көрсетіп, бұл ретте қорқынышпен жасқану дегенді білмейтін батыл, ер жүрек болуы керек... [4]. Кімде – кім туған кезінен бастап және жас жеткіншек шағында жоғарыда аталаған шарттарды бойына дарытқан болса және есейгеннен кейін басқа алты шартқа сай келетін болса, біріншісінің орнын басатын екінші басшы сол болады:

- Бірінші шарт – дана болу.
 - Екінші шарт – қалаға арнап бірінші имамдар белгілеген заңдарды, ережелер мен әдет – ғұрыптарды жадында сақтап, жетік білу, өзінің барлық іс – әрекетін осыларға сәйкес жүргізу.
 - Үшінші шарт – бұрынғылардан тиісті заң сақталмаған жағдайда, бірінші имамдардың үлгісімен әрекет жасай отырып, бұл жөнінде тапқырлық көрсету.
 - Төртінші – бірінші имамдар андай алмаған нәрселерді, бұрыннан қалыптасып қалған жағдайды да, болашақ оқиғаларды да қалаған кезінде танып – біліп отырарлықтай тапқыр да білгір болу; өзінің осындай іс – әрекетінде ол халықтың әл – ауқатын жақсартуды мақсат етуге тиіс.
 - Бесінші – бірінші имамдарының заңдарын және солардан кейін, солардың үлгісі бойынша өзі белгілеген заңдарды орындауға жұртты өз сөзімен жігерлендіре білу.
 - Алтыншы – әскери істерді жүргізу үшін қажетті дәрежеде қайратты болу, оның бер жағында әскери өнерді қызмет бабындағы өнер ретінде біліп алу...
- Фараби ең әуелі ұстаз, ағартушы, оның бүкіл философиялық ізденістері мен пайымдаулары адамды барынша кемелдендіру, дамыту мақсатына арналған. Ол-адамдарды шынайы бақытқа жеткізу жолдарын табуды мұрат тұтады.
- Ұстаздың айтуы бойынша адам ғылым, философия, тәрбие арқылы кемелдікке жетеді. Ол шартты түрде адамды нағыз бақытқа, мұратқа бастайтын негізгі кредосы – адамдар бақыт жолында өзара көмек, достық, бейбітшілік қатынаста өмір сүруі ләзім.
- Бала тәрбиесі қоғам мен халықтың балаларды оқыту жөніндегі қамқорлығы, жастарды халық өміріне байланысты білімдермен қаруландыру, балаға оның жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп шын жүректен қамқорлықты қарым-қатынас мұның бәрі ұлы ұстаздың педагогикалық жүйесінің құрамды бөлігі. Халықтан алып пайдаланылған көптеген ережелер оның ілімінің демократикалық, гуманистік өзегін құрады және оның педагогикасының озық бағыттылығын күшейтеді [5].
- Әрине, ұлы педагогтің халықтық тәрбие дәстүрлерін алып пайдаланып және өз жүйесіне негізін салып қана қоюымен шектелмеуі әбден табиғи жағдай. Ол педагогикалық құбылыстардың жиынтығын байыптады. Тәрбие және тәрбиелеу орындары мәнін түсіндіруге жаңа мазмұн беріп, әрі қарай шығармашылықпен дамыта алды.
- Ұстаздың пікірінше, оқу, білім алу, ғылым адамы болу, адамгершілік және тәрбие мәселелерімен тығыз байланысты. Мәселен, «Философияны үйрену үшін алдын-ала не қажет» деген еңбегінде бірінші алғышарт ретінде жан тазалығын, ар тазалығын қойған.
- Адам өмірі үшін, әсіресе ұстаздарға бұл құралдың қажеттігі түсінікті. Ұстаздың негізгі мақсаты – өз шәкіртіне білім беріп, ізгілікті мінез-құлыққа тәрбиелеу деп білсек, сол тиянақты білім, ізгілік ұстаздың

өз бойында болуы шарт. Егер де өзінің бойында кездеспейтін болса, онда логика саласында надан деп есептелініп, қайсыбір мәселеде кімдікі жөн екенін, оның қалайша жөн екенін ажырата алмайды. Бұл жағдай ұстаз бойында кездесетін болса, сөзсіз оның беделін түсіріп, өз шәкірттерінің мінез-құлық, іс-әрекеттеріне дұрыс баға бере алмағандықтан, олардың арасында түсінбеушілік, кейде бір-біріне деген дөрекілік, жүрген жерде әрине, логика, парасаттылық туралы дұрыс түсінік болуы мүмкін емес. Сол себепті шәкірттің ой-талағамын жетілдіру, оның іс-әрекет жасауына көмектесу-ұстаз парызы [6].

Кемеңгер ұлы ғалым ұстаз туралы былай деген екен: «Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны жақындарына да жай адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақындық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек».

Сонымен, Әл-Фараби бабамыз шәкірт пен ұстаз арасындағы қарым-қатынастың тиімді әдістерін пайдалана білгендіктен, оның ұстаздық шеберлігі жоғары деңгейде бағаланып, оны «ұлы ұстаз» деп танимыз.

Яғни, ол өз дәуіріндегі замандастары оны «Шығыстың екінші ұстазы» деп мойындағанынан-ақ көруге болады және де Әл-Фараби ең әуелі ағартушы болғандықтан, оның бүкіл философиялық ізденістері мен пайымдаулары адамды барынша кемелдендіру, дамыту мақсатына арналған. Әл-Фараби – адамдарды шынайы бақытқа жеткізу жолдарын табуды мұрат тұтады.

Әдебиеттер

1. Күмісбаев Ө. Отырар ойшылы және поэтика // Оңтүстік қазақстан. – 1987. – 13 желтоқсан. – 3 б.
2. Көбесов А. Әл-Фарабидің педогогикалық мұрасы // Бастауыш мектеп. – 1995. – №1-2. – 36–44 б.
3. Барлыбайұлы А. Даналардың данасы // Егемен Қазақстан. – 2001. – 19 қазан. – 3 б.
4. Тасымова З. Тәрбие адам етеді // Қазақстан мектебі. – 1996. – №8. – 18 б.
5. Құл-Мұхаммет М. Ұлттың ұлы ұстазы // Егемен Қазақстан. – 2003. – 12 желтоқсан. – 3 б.
6. Медетбаев Т.С. Әл-Фарабидің әдеби – ғылыми мұрасы // Ғылым кандидаты академиялық дәрежесіне ізденудегі автореферат. – Алматы, 10.01.1998. – 28 б.

Р.Н. Демиденко

Павлодарский педагогический университет, г. Павлодар

ОРГАНИЗАЦИЯ ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ И РАЗВИТИЕ УЧАЩИХСЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЕ ШКОЛЫ

Аннотация. Эта статья посвящена актуальной проблеме духовно-нравственного воспитания личности. Автор считает, что необходимо обратить внимание на универсальные ценности и важнейшие элементы национального образования. В этих условиях особенно значимы проблемы развития духовно-нравственного развития личности: именно нравственное и духовное развитие может и должно стать главным ориентиром образования. Духовно-нравственное воспитание учеников можно практиковать в учебной деятельности, если обучающиеся действуют целенаправленно при выполнении образовательных задач: их действия становятся сознательными; использовать этот опыт для решения образовательных проблем. Автор делает вывод, что эффективность нравственного воспитания учеников доступна при создании педагогических и психологических условий, мотивационные, информативные, оперативные мероприятия, с учетом индивидуальных и возрастных особенностей детей.

Ключевые слова: духовно-нравственное воспитание, развитие, личность, социокультурная реальность, мотивационные, информативные, оперативные мероприятия, индивидуальные особенности.

Андатпа. Бұл мақала жеке тұлғаны рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің өзекті мәселелеріне арналған. Автор жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық тәрбиенің маңызды элементтеріне назар аудару қажет деп санайды. Бұл жағдайларда жеке тұлғаның рухани-адамгершілік дамуының проблемалары ерекше маңызды: бұл тәрбиенің басты бағдары бола алатын және айналуы керек адамгершілік және рухани даму. Оқушыларға рухани-адамгершілік білім беруді оқу іс-әрекетінде қолдануға болады, егер оқушылар оқу міндеттерін орындау кезінде мақсатты әрекет етсе: олардың әрекеттері саналы болады; білім беру мәселелерін шешу үшін осы тәжірибені қолдану. Автор оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеудің тиімділігі балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық-психологиялық жағдайлар, мотивациялық, ақпараттық, жедел шаралар құрғанда қол жетімді деп тұжырымдайды.

Түйін сөздер: рухани-адамгершілік білім, даму, тұлға, әлеуметтік-мәдени шындық, мотивациялық, ақпараттық, жедел шаралар, жеке ерекшеліктер.

Summary. This article is devoted to an actual problem of spiritually-moral education of the individual. The author believes that it is necessary to pay attention to universal values and to the critical elements of national education. In these circumstances the development problems of spiritual and moral development of the individual is particularly significant: it is the moral and spiritual development can and should become the main orientatorom education. Spiritually-moral education of pupils can be practiced in training activities if students act purposefully when carrying out educational tasks: their actions become conscious; use the experience to address the educational challenges.

The author concludes that the effectiveness of the moral education of pupils is available when you create a pedagogical and psychological conditions of motivational, informative, operating activities, taking into account individual and age peculiarities children.

Keywords: spiritual and moral education, development, personality, sociocultural reality, motivational, informative, operational activities, individual characteristic.

Абу Насир аль-Фараби, известный как «Аристотель Востока», был ученым, который изучал многие области науки и написал множество научных трудов. В числе его 160 трактатов по различным отраслям знаний – философии, психологии, истории и др. – есть и такие, которые специально посвящены проблемам воспитания подрастающего поколения, хотя в его время педагогика еще не выделилась в самостоятельную науку. В этих трактатах изложены мысли ученого о сущности человека и путях его развития, о целях, содержании и средствах воспитания, о взаимоотношениях между воспитателем и воспитуемыми и ряд других проблем, имеющих самое непосредственное отношение к педагогике.

Аль-Фараби уделял особое внимание образованию, науке и воспитанию в развитии человека. Об этом свидетельствуют выводы ученого: «Образование без воспитания – злейший враг человечества», «Чтобы стать мастером своего дела, нужно стремиться к совершенству».

Глобализация современного мира несет в себе экономические, политические и социокультурные предпосылки формирования единого человеческого сообщества. Столкнувшись с целым рядом цивилизационных проблем, человечество осознало необходимость создания общепланетарного кодекса интегральной этики, где определяющими должны стать ценности духовности, нравственности, толерантности, взаимопонимания, солидарности, любви и справедливости.

В начале третьего тысячелетия прогрессивными лидерами планеты провозглашен курс к духовному единству человечества. Магистральные пути, ведущие к этому единству, разные, но сложились они на базе единых общечеловеческих гармонизирующих начал: высшей нравственности, основанной на учении о любви и уважении к ближнему, и экологии внутреннего и внешнего мира.

Образовательная политика в этом контексте выполняет функцию реконструкции и прогрессивного развития общества в соответствии с новыми целями, отвечающими нуждам и перспективам развития человечества. Морально-этической доминантой стратегии развития образования становится ориентация на общечеловеческие ценности и гуманистические идеалы.

В современных условиях от каждого народа, каждого государства, каждого типа культуры и каждой личности требуется высочайшее самосознание и понимание существа этой принципиально новой социокультурной реальности.

Отечественные философы А.Н. Нысанбаев, Г.Г. Соловьев, характеризуя менталитет народа, отмечают, что для Казахстана «общечеловеческая проблема формирования личностного универсума, отвечающего запросам и критериям нового тысячелетия, приобретает особую актуаль-

ность, так как страна вобрала в себя культуру Востока и Запада, Европы и Азии, лежит на стыке исторических судеб многих народов, является поликультурным, много конфессиональным государством с мощным, стабильным ядром традиционной культуры казахов» [1].

Поиски, предпринятые исследователями и практическими работниками, привели к выводу о необходимости обратить свое внимание к общечеловеческим ценностям и к важнейшим элементам национального воспитания. В этих условиях разработка проблем духовно-нравственного развития личности представляется особо значимой: именно нравственное и духовное развитие может и должно стать главным ориентатором воспитания современных условиях.

Духовно-нравственное развитие личности должно опираться на лучшие образцы морально-этических традиций народа. Народная мудрость, разработанная на протяжении многих веков, выраженная в инструментальной, декоративно-прикладной, танцевальной культуре народа, в его устном творчестве, является действенным средством нравственного и духовного воспитания молодежи. Обратимся к тем качествам личности, которые выдвигаются на первый план казахской этнопедагогикой и этнопсихологией. Это привязанность к родной земле, защита чести, Отечества и высокая оценка заслуг народных героев, выдающихся деятелей народа, любовь к родному языку, уважительное отношение к людям и, прежде всего, к родителям, гостеприимство, находчивость, остроумие и меткость выражения мысли, доброта, готовность прийти на помощь людям. Очевидно, данный перечень представляет собой определенную программу нравственного воспитания.

Цели духовно-нравственного воспитания молодежи могут быть достигнуты при личностно-ориентированном подходе к образованию. Современное образование «призвано «вооружить» молодежь всеми доступными инструментами для личностной и социальной адаптации в мире» (М. Хасанов), подобное же образование невозможно без обращения к проблеме личности воспитуемого.

Для того, чтобы образование отвечало своему истинному предназначению, надо с раннего возраста развивать в детях самые важные человеческие качества – добродетели: любовь, сострадание, терпимость, мир и спокойствие, правдивость и другие.

В настоящее время перед казахстанским обществом поставлена задача вхождения в число пятидесяти наиболее развитых стран мира. Это, безусловно, консолидирующая нацию задача, так как она в основном отвечает вышеперечисленным признакам. Безусловно, в эпоху высоких технологий мощь человеческого интеллекта, знания и творческий подход к деятельности расцениваются как основной капитал общества.

Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев глубоко убежден, что конкурентоспособность Казахстана должна привести не только к материальному, но и духовному обогащению нации. Будущее

страны видится Президенту в образе общества максимальных возможностей, где уважают личность и свободу человека, «ценятся честь, достоинство и репутация каждого, где присутствует высокая мораль, этические стандарты и духовные ценности» [2].

За годы независимости Казахстан стал известен мировому сообществу как страна с динамично развивающейся экономикой, многовекторной конструктивной политикой, гуманитарными реформами в социальной сфере. Огромный резонанс в мире вызвали инициативы нашего государства по достижению межнационального и межконфессионального согласия, урегулированию международных конфликтов и борьбе с терроризмом. Крупнейшие духовные лидеры и политические деятели планеты стали с воодушевлением говорить об особом казахстанском пути развития.

Исследователи традиционной казахской культуры справедливо отмечают, что сознание кочевников в силу особенностей жизненного уклада отличалось балансом особых качеств социума и личности: открытостью другим культурам, старанием избегать конфликтов, умением учиться на собственных ошибках, находить неадекватные решения в труднейших ситуациях, стремлением к достижению баланса во взаимоотношениях с внешней средой, природой, космосом [3].

Казахстанский путь развития как феномен гармоничного развития современного многокультурного общества наглядно демонстрирует миру диалог, интеграцию восточного и западного типов мышления, становление обще казахстанской национальной идентичности.

Наиболее важные требования к качеству образования составляют основу образовательного стандарта как эталонного уровня образования, необходимого для данного общества в конкретный исторический отрезок времени. Вектор развития современного образования направлен на обеспечение качества жизни, которое в решающей мере определяется духовностью как основным условием жизни человека и человечества.

Современная парадигма духовно-нравственного образования требует учета потребностей и интересов не только ныне живущих, но и будущих поколений. Она предполагает целенаправленное конструирование желаемого грядущего, в принципе неопределенного и альтернативного.

В этой связи именно духовно-нравственное образование знаменует собой новое понимание качества образования как механизма решения нарастающих цивилизационных проблем, средства выживания и процветания человечества.

Глубокие социально-экономические преобразования, происходящие в современном обществе, заставляют думать нас о будущем республики, о ее молодежи. В настоящее время сняты нравственные ориентиры, подрастающее поколение можно обвинять в бездуховности, безверии, агрессивности. Поэтому актуальность проблемы воспитания школьников связана, по крайней мере, со следующими положениями:

– общество нуждается в подготовке широко образованных, высоко- нравственных людей, обладающих не только знаниями, но и определенными чертами личности;

– в современном мире школьник живет и развивается, окруженный множеством разнообразных источников сильного воздействия на него как позитивного, так и негативного характера;

– само по себе образование не гарантирует высокого уровня нравственной воспитанности, ибо воспитанность – это качество личности, определяющее в повседневном поведении человека его отношение к другим людям на основе уважения и доброжелательности к каждому человеку.

Вооружение детей духовно-нравственными знаниями важно и потому, что дают представления о последствиях данного поступка для окружающих людей.

Перед общеобразовательной школой ставится задача подготовки ответственного гражданина, способного самостоятельно оценивать происходящее и строить свою деятельность в соответствии с интересами окружающих его людей. Решение этой задачи связано с формированием устойчивых духовно-нравственных свойств личности школьника.

Значение и функция школы в системе непрерывного образования определяется не только преемственностью ее с другими звеньями образования, но и неповторимой ценностью этой ступени становления и нравственного развития личности ребенка.

Духовно-нравственное воспитание школьников может быть осуществлено в учебной деятельности в том случае, если учащиеся действуют целенаправленно при выполнении учебных заданий: их действия приобретают осознанный характер; используют приобретенный опыт для решения учебных задач.

Ученые в области педагогики выявили, что в различные возрастные периоды существуют неодинаковые возможности для нравственного воспитания. Ребенок, подросток и юноша по-разному относятся к различным средствам воспитания. Нравственное воспитание ребенка занимает ведущее место в формировании всесторонне развитой личности.

Работая над проблемами духовно-нравственной воспитанности младших школьников, надо учитывать их возрастные и психологические особенности: склонность к игре, невозможность долго заниматься монотонной деятельностью, недостаточная четкость нравственных представлений в связи с небольшим опытом.

На уроках и во внеклассной работе в постоянном общении с учителем и сверстниками формируется духовность и нравственность ребенка, обогащается его жизненный опыт. Важным источником в систематическом приобретении духовно-нравственных знаний является знакомство школьников с окружающей средой.

Знания школьников о духовно-нравственных нормах, полученные на уроках, собственные жизненные наблюдения нередко бывают разрозненными и неполными, поэтому требуется специальная работа, связанная с обобщением полученных знаний. Формы работы разные: в начальных классах это рассказ учителя, этическая беседа.

Этическая беседа требует от учителя большой душевной близости к детям. Дети должны доверять учителю, любить его, только в этом случае у них появляется стремление поделиться своим мыслями.

Чтение и разбор статей, рассказов, стихотворений, сказок из учебных книг помогают детям понять и оценить духовно-нравственные поступки людей. Дети читают и обсуждают статьи, в которых ставятся в доступной для них форме вопросы о справедливости, честности, дружбе, верности.

При исследовании нравственного опыта младших школьников можно использовать ряд взаимодополняющих методик: беседа по сюжетному рассказу, метод незаконченных рассказов.

При использовании беседы по сюжетному рассказу школьнику предлагается прослушать рассказ, содержащий нравственную проблему. Герои рассказа попадают в ситуацию морального выбора. После прослушивания рассказа школьникам задаются вопросы, которые составлены таким образом, чтобы в ответах и высказываниях дети проявляли отношение, знание о способах поведения и о самой нравственной норме. При использовании метода незаконченного рассказа ученикам зачитывается рассказ, в котором герою необходимо было действовать или нарушая нравственную норму, или в соответствии с ней. Ученик должен сам закончить рассказ, предполагая свои способы поведения и обосновать их.

Эффективность нравственного воспитания школьников возможна при создании педагогических и психологических условий мотивационной, содержательной, операционной деятельности.

Таким образом, учить духовности и нравственности надо постоянно, требовательно, настойчиво, с учетом индивидуальных и возрастных особенностей детей. Позитивный вклад аль-Фараби в учение о воспитании заключается в том, что он учитывал психолого-педагогические особенности и индивидуальные качества каждого ребенка. Предложенная образовательно-воспитательная система активизирует деятельность учеников, позволяет выявить индивидуальные способности каждого.

Литература

1. Каракузова Ж.К., Кишкентаева Ж.А. Универсум традиционной казахской культуры // Актуальные проблемы современного гуманитарного знания / Сб. науч. статей. Вып.1 – Алматы: КазНПУ им. Абая, ОФ «Региональный центр гуманитарных инициатив», 2006.
2. Назарбаев Н.А. Казахстан на пути ускоренной экономической, социальной

и политической модернизации: Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана. – Астана, 18 февраля 2005 г.

3. Нысанбаев А.Н., Соловьев Г.Г. Изменимся вместе с детьми. – Алматы: Компьютерно-издательский центр философии и политологии МОН РК, 2012.

R.N. Demidenko, M.S. Mantykova
Pavlodar pedagogical University

THE PROBLEM OF PERSONAL RESPONSIBILITY AND SELF-REGULATION

Summary. The article is devoted to the actual problem at the present stage of personal responsibility and self-regulation. The characteristic features of the interpretation of the categories of responsibility and self-regulation are analyzed. Special attention was paid to the results of the study of the responsibility of socially immature adolescents and adolescents who made their professional choice. The authors believe that it is necessary to pay attention to how the individual exercises control over the implementation of standards adopted in society and regulates their behavior and activities. Based on the analysis of scientific literature, the authors suggest the most popular methods that will help self-regulation of the mental state of the individual.

Keywords: responsibility, self-regulation, personality, locus of control, introspection.

Андатпа. Мақала жеке тұлғаның жауапкершілігі мен оны өзін-өзі реттеудің қазіргі кезеңіндегі өзекті мәселеге арналған. Жауапкершілік пен өзін-өзі реттеу категорияларын түсіндірудің сипаттамалық ерекшеліктері талданады. Кәсіби таңдау жасаған әлеуметтік жетілмеген жасөспірімдер мен жасөспірімдердің жауапкершілігін зерттеу нәтижелеріне ерекше назар аударылды. Авторлар адамның қоғамда қабылданған нормалардың орындалуын бақылауды қалай жүзеге асыратынына және оның мінез-құлқы мен қызметін реттейтіндігіне назар аудару қажет деп санайды. Авторлар ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде жеке тұлғаның психикалық жағдайын өзін-өзі реттеуге көмектесетін ең танымал әдістерді ұсынады.

Түйін сөздер: жауапкершілік, өзін-өзі реттеу, жеке тұлға, бақылау локусы, ішкі көзқарас.

Аннотация. Статья посвящена актуальной проблеме на современном этапе ответственности личности и ее саморегуляции. Проанализированы характерные особенности толкования категорий ответственность и саморегуляция. Особое внимание было обращено на полученные результаты исследования ответственности социально незрелых подростков и подростков, сделавших свой профессиональный выбор. Авторы считают, что необходимо обратить внимание на то, как личность осуществляет контроль над исполнением нормативов, принятых в обществе, и регулирует свое поведение и деятельность. На основе проведенного анализа научной литературы авторы предлагают наиболее популярные методы, которые помогут саморегуляции психического состояния личности.

Ключевые слова: ответственность, саморегуляция, личность, локус контроля, самоанализ.

Abu Nasir al-Farabi was a scholar who studied many fields of science and wrote many scientific papers. Philosophy and logic, mathematics and music theory, astronomy and medicine, cosmology and law are some of the Sciences that have opened up new opportunities for human development.

Al-Farabi's teaching about mind and consciousness is one of the most important achievements in philosophy. Al-Farabi paid special attention to education, science and education in human development. This is evidenced by the conclusions of the scientist: «Education without education is the worst enemy of humanity», «to become a master of your craft, you need to strive for perfection».

In psychology, responsibility is considered as a concentrated control over the acts of an individual's activity, a criterion for their fulfillment of standards that are projected using differentiated forms, such as observation and evaluation of social behavior [1, p.75].

Analysis of the works of specific authors on the problem of responsibility also allows us to see the diversity of approaches and ambiguity of the characteristics of this category. Some define it as a person's ability to perform a duty, others (T.F. Ivanova) reveal it as a strong-willed quality associated with the moral and value orientation of the individual (A.I. Golubeva, L.S. Slavina), reflecting the individual's tendency to adhere to generally accepted social norms in their behavior, to fulfill their duties, as a willingness to give an account for their actions to society and themselves.

G.V. Kovaleva defines responsibility as an integral quality of personality that determines a person's behavior based on their awareness of the dependence of activity on generally accepted goals and values [2, p.102].

N.V. Bordovskaya, Ya.L. Kolominsky, and A.A. Rean emphasize in their works that, first of all, responsibility is the most important characteristic of a person, it is what «first of all distinguishes a socially Mature person from a socially immature one» [3, p.92]. Second: based on the locus of control theory, they consider two types of responsibility. Responsibility of the first type is the case when a person assumes full responsibility for what happens to him in life. «I am responsible for my own successes and failures. My life and the life of my family depend on me. I must and can do it» – this is the life credo and postulates of such a person. The second type of responsibility is associated with a situation where a person is inclined to consider other people, external circumstances, or a situation responsible for everything that happens to them. Parents, teachers, and future colleagues often act as «other people» who are responsible for both failures and successes,

In this regard, there are interesting results of experimental psychological research. We obtained the following results: among socially immature adolescents, the proportion of those who have responsibility of the second type is 78%, while only 22% are inclined to take responsibility for themselves (that is, they belong to the first type). This is in stark contrast to other results obtained in our own research. In this case, adolescents were examined, mostly

those who made their professional choice and had certain life goals. Here, according to the coefficient of responsibility, the picture is reversed – 80% of respondents have the first type of responsibility («I am responsible for myself») and only 18% – the second type of responsibility («Let the other person answer»). The results of the two studies «match» almost «exactly the opposite».

Self-regulation is an important part of the human psyche, and it is useful for everyone to own it. It is about managing your mental and emotional state, and this is undoubtedly a very useful quality. By acting on yourself with the help of mental images, controlling your breathing or using other techniques, a person can quickly «recover».

Self-regulation – (from lat. regulare – to put in order, to establish) – in General, the impact on the system, carried out in order to maintain the required performance indicators, but implemented through internal changes generated by the system itself in accordance with the laws of its organization. A significant contribution to solving the problems of self-regulation was made by scientists who studied the manifestation of this phenomenon in various activities.

Self-activity and self-identity reached a high point in the efficiency of formation it was during training, when the process of personality development. Self-regulation of the individual goes in the following main directions: development of a humanistic position in relation to oneself, when there is a consciousness of the importance of one's personality; acquisition of basic knowledge, ideas about human capabilities in General and one's own capabilities in particular; actualization of personal resources through self – exploration methods; development of reflexive ability-constant rethinking of one's own and others' positive and negative life experience [4, p.215].

The essence of personal self-regulation is to bring their behavior in line with the norms of social and professional morality. The most effective personal phenomenon of self-regulation of behavior is moral categories. Moral self-regulation is a process that characterizes the ability of an individual to bring their behavior in accordance with generally recognized moral norms and professional requirements. This means that the individual actively understands the influences of the environment exerted on it and determines an independent attitude to them. Self-regulation is not limited to the choice of individual actions, it also consists in the formation of oneself as a person. For this purpose, the individual has a multi-level system of internal mechanisms or processes that occur in his moral consciousness and provide a stable connection between external requirements expressed in the norms of social and professional morality, and behavior. A person has the ability to regulate their activities and behavior awareness and experience of these requirements.

The norm is the situation when self-regulation is formed and develops in parallel with personal maturation. If there is no personal development, a

person does not learn to take responsibility, then the situation worsens. The development of self-regulation is impossible without personal growth.

In adulthood self-regulation helps to subordinate emotions to intellect, but in old age the balance is shifting again in the direction of emotions. To optimize the mental state in self-regulation, there are various methods – auto-training, meditation, physical exercises, self-massage, relaxation, breathing techniques, aromatherapy, art therapy, color therapy, and others. Auto-training is useful in those activities that cause a person to become more emotional. Conscious use of certain types of self-regulation begins around the age of three.

In 3–4 years, involuntary motor and speech methods of self – regulation are predominant – for 7–8 involuntary ones, there is only one voluntary one.

Children 4–5 years old learn emotional control through games. Involuntary methods still prevail: four to one.

By the age of 5–6, the proportions are aligned one to one, and now children actively use their imagination, memory, thinking and speech.

From the age of 6–7 years, you can already talk about self-correction and self-control. The proportions have changed dramatically: for 3–4 arbitrary methods of self-regulation, only one involuntary method falls out.

From the age of 8 and the entire period of growing up, the individual improves his methods, adopting them from others.

At the age of 20–40 years, the type of self-regulation chosen is directly dependent on human activity. Mostly conscious volitional methods are used.

A person 40–60 years old retains manipulations with attention, but they are gradually replaced by passive rest, reading books.

After 60 years, passive discharge, communication, reflection-comprehension is predominant.

Thus, the process of responsibility and self-regulation as a system of functional links ensures the creation and dynamic existence in the consciousness of the individual of an integral model of his activity, anticipating (both before the beginning of actions and during their implementation) his performing activity.

Literature

1. Korovin V.M., Sviridov V.A. Training of teachers of Russian military educational institutions // *Pedagogy*. – 2004. – N°1. – P. 75-84.
2. Kovaleva G.V. pedagogy of peacemaking, social responsibility, cooperation // *Priorities of modern pedagogy*, – Moscow, 1993. – Pp. 109-125.
3. Bordovskaya N.V., Rean A.A. *Pedagogy*. – SPb., 2004. – 300 s 4. Lomov B.F. *Methodological and theoretical problems of psychology*. – M.: Science, 1984. – 444.

А.К. Ермекова, З.Е. Жұмабаева

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ҮШ ТІЛДЕ ОҚЫТУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Андатпа. Мақалада мектеп жасына дейінгі балаларды үш тілде оқытудың мәселелері қарастырылған. Балалардың жас ерекшеліктері, ұйымдастырылған оқу-қызметі, педагогикалық кадрлар туралы сөз қозғалды. Үштілділікті балалардың жас ерекшеліктерін есере отырып мектеп жасына дейінгі балаларға оқытуды дұрыс деген пайымдауларын білдірген педагогтар мен психологтар осы мақалада айтылған.

Түйін сөздер: үштілділік, мектепке дейінгі жас, балабақша, бағдарлама, тіл саясаты, болашақ.

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы обучения дошкольников на трех языках. Затронуты некоторые проблемы о возрасте детей, организованной образовательной деятельности, педагогическом составе. В этой статье обсуждаются учителя и психологи, которые считают, что трехязычную лучше обучать дошкольников с учетом их возраста.

Summary. The article deals with the issues of teaching preschool children in three languages. They talked about the age of children, organized educational activities, teaching staff. This article discusses teachers and psychologists who believe that it is better to teach trilingual preschool children, taking into account their age.

Көпұлтты қоғамның дамуы жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың көп мәдениетті даму мәселесі ерекше өзекті болып отыр. Бастауыш, орта, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру барысында көптілді құзыреттілікті қалыптастырып, оны ары қарай сабақтастықпен жалғастыру үшін мектепке дейінгі ұйымнан бастау алу керек [1].

Балабақшада үштілділікті жүзеге асыру барысында мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің барлық мамандардың қызметі ретінде қазақ тілін – ана тілі ретінде, орыс тілін қарым-қатынас құралы ретінде, ағылшын тілін қосымша тіл ретінде баланы тәрбиелеу мен дамытуға бағытталуын болжайды. Осыдан, тілдерді үйрену ерекше орын алатыны байқалады. Қазақстан Республикасының тіл саясаты білім берудің алдына мынадай стратегиялық міндет қояды – үш тілді: мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілін және жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі ретінде ағылшын тілін дамыту [2].

«2011–2020 жылдарға арналған ҚР Тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасы» тілдерді дамыту мен қолданудың нормативтік-құқықтық және әдіснамалық базасын жетілдіруге бағытталған кешенді шаралар өткізуді қарастырады [1].

Ана тілін және шетел тілдерін үйрену оқу процесінің бөлігі бола тұра, білім берудің негізгі компоненттерінің бірі болып табылады. Осыған байланысты, педагогтардың, психологтар мен әдіскерлердің басым көпшілігі балаларға ана тілі мен шет тілдерін мектепке дейінгі ерте жастан бастап үйрету оңтайлы шешім деген ұстанымда, себебі мектеп жасына дейінгі кезең – тұлғаның негізгі қасиеттері қалыптасатынын, дене дамуының, эмоционалды, ақыл-ой негіздері қалыптасатынын кезең болып саналады (Ш.А. Амонашвили, Л.С. Выготский және т. б.).

Мектепке дейінгі ұйымда таным оқу-тәрбиелік үдерістегі оқу элементтерінің ойын іс-әрекетімен белсенді интеграциялануы арқылы қамтамасыз етіледі. Ю. Козлова өзінің диссертациялық жұмысында: «Ойынның талап ететін тұрақты бақылауы сыртқы сезімдердің дамуына ықпал етеді: көру, есту, қол, аяқ қозғалысы. Демек, сезімнің дамуы жаттығуларға қарағанда ойындармен көбірек қолдау көрсететінін атап өту керек. Ойын жүйелі оқытуға маңызды көмек ретінде танылуы тиіс; үйрену және ойнау – бұл жаулар емес, олар бір-бірін қолдауға тиіс достар», – деп П.Ф. Каптеревтің сөзін атап өткен» [5, 36 б.].

Ана тілі мен шет тілдерін мектепке дейінгі жастан бастап үйренуге қазіргі заманғы қоғамның қызығушылықтары артқан және бұл қазіргі заманның талабына сай қажеттіліктерден туындайды. Қазіргі таңда бұл қажеттіліктің жоғары болуына байланысты, осы сұранысты қамтамасыз ететін мектепке дейінгі ұйымдардың саны артты. Ана тілі мен шет тілдерін мектепке дейінгі жастан бастап үйрету мектепке дейінгі ұйымдарда, балаларды дамыту орталықтарында, мектепке даярлық курстарында жүргізіле [3, 5 б.] басталды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың психофизиологиялық дамуына негізделетін тілдердің үштұғырлығын (қазақ, орыс, ағылшын) оқытудың өз ерекшеліктері бар. Психологтардың пайымдауы бойынша мектеп жасына дейінгі балалардың қабылдауы, есте сақтауы, зейіні еріксіз болады. Балалар өз қабылдау үдерісін басқара алмайды, кез-келген затты өздігінен талдай алмайды. Балалардың есте сақтауы тек қана фотографиялық сипатта болады, сонымен бірге мектеп жасына дейінгі бала барлық қабылдағанын кейін қолдануды ойланбайды.

Мектеп жасына дейінгі бала зейіннің ұзақ концентрациясын сақтай алады, оның мақсатқа бағытталған іс-әрекетті қажет етіп, ол жеткілікті лексикалық қорды, өзінің коммуникативті қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сөйлеу модельдерін меңгереді. Осы жас аралығында адамдардың қарым-қатынастарына қызығушылығы дамып, қоршаған ортаның заттарын тану шеңбері кеңейеді. Балалар осы жасында қоршаған ортаның заттары арасындағы кейбір байланыстарды және тәуелділіктерді өздігінен орнатады. Бұл жас аралық сөйлеудің барлық қырлары мен қызметтерінің дамуы үшін сензитивтілігімен сипатталады. Тілдерді меңгеру үшін ең қолайлы кезең ретінде 4–5 жас аралық екендігін мамандар атап көрсетуде.

Әр бала өзінше бір бөлек әлем, баланың әртүрлі ерекшеліктеріне байланысты сензитивті кезеңдер жалпыға бірдей (балалар ұлтына, нәсіліне, геосаяси жағдайына, мәдениет ерекшеліктеріне тәуелсіз) және жеке деп белгілеген. Сензитивтік кезең – баланың түрлі іс-әрекетпен ерекше сезімталдықпен қабылдауы. Бұл бала дамуының арнайы түйсік, қабылдағыш кезеңі деп атаған. М. Монтессори төмендегідей баланың дамуына сенситивтік кезеңдер ұсынған:

- 0–6 жас тілдің даму кезеңі;
- 0–3 жас тәртіпті қабылдау кезеңі;
- 0–5 жас сенсорлық даму кезеңі;
- 1,5–2,5 жас ұсақ заттарды қабылдау кезеңі.

Монтессори балаларды тәрбиелеу мен дамытуда олардың жоғары қабылдағыштығы мен сезімталдық кезеңдеріне көп бағытталған (сензитивті кезеңдер). Егер оларды баланы тәрбиелеу мен оқытуда қолданбаса, олар мүлдем жоғалып кетеді. М. Монтессори тілдік сензитивті кезеңнің кезеңі мен мазмұнын ашып, қолданымға ұсынған [6].

Психологтар (Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, А.А. Леонтьев және т. б.) бала төрт жасынан бастап ересек адамға қарағанда шет тілдерін оңай меңгере алатынын пайымдайды. Осы жаста тілдік материалды есте сақтауы берік болады, фонематикалық естудің жоғары деңгейі белгіленеді. Шет тілді меңгеруде үзіліс болса да, меңгерілген дағдылар ұзақ уақытқа дейін сақталатын болады. Мектепке дейінгі жастағы меңгерілген сөйлеу жылдам қалпына келетіндігі белгілі.

Мектепке дейінгі ұйымдарда тілдердің үштұғырлығын дамыту бағдарламасында үштілділікке үйрету іс-әрекетін ұйымдастырудың жетекші түрі – топпен жұмыс істеу болып табылады. Топтардың толымдылығы – 8–12 адамнан артық емес. Тілдің үштұғырлығын дамыту бойынша ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері 4–5 жастағы балаларға – аптасына 1 рет, ұзақтығы 20–25 минуттан, ал 5–6 жастағы балаларға – аптасына 2 рет, ұзақтығы 25–30 минуттан жүргізіледі. Тілдің үштұғырлығын дамыту бойынша ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері барысында алынған білім барлық режимдік кезеңдердің үдерісінде күнделікті: сәлемдесу, киіндіріп шешіндіру, тамақ ішу, ұйқыға дайындық, ойындар мен серуендер барысында бекітіледі [3, 7 б.].

Балабақшада көптілді білім беруді жүзеге асыру барлық білім беру салалары арқылы жүзеге асыру арқылы: «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтану», сондай-ақ балаларды тілдік кеңістікке кіріктіру үшін пәндік-дамытушылық органы құру арқылы дамытуға болады.

Балабақшада үштілділікті енгізудің басты міндеті тілдік материалды игеру емес, мектеп жасына дейінгі баланың тілдік дамуы, басқа елдің тілі мен мәдениетіне деген қызығушылықты ояту екенін түсіну керек. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі дидактикалық материал арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың әртүрлі халықтардың тілі туралы

идеяларын байытып, оларды оқытылатын тілдің тілдік ортасына кіріктіруге болады. Балаларды халықтық музыкалық аспаптармен және би әуендерімен, ән өнерінің стильдерімен және ағылшын тілді елдердің музыкалық фольклорының жанрларымен таныстыру мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық тәжірибесін кеңейтуге және олардың аймақтық білімін байытуға көмектеседі. Өндерді орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде жаттау балаларға сөздердің лексикалық қорын кеңейтуге және жаңа сөйлеу құрылымдарын зерттеуге көмектеседі.

Балабақша оқу үдерісіндегі ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті барысында үштілде жұмыс жүргізудің сәтті болуы тәрбиешінің тілдік құзіреттілігінің жоғары деңгейде болуына байланысты. Үш тілде оқу-танымдық, ән, музыкалық және театральді репертуарды таңдай отырып, орыс тілді топтардың мектеп жасына дейінгі балалары үшін қазақ немесе ағылшын тіліндегі мәтіннің сапасы жоғары және мазмұны жағынан ұтымды нұсқасы қолданылуы қажет. Кіріктірілген мазмұн туғызып, үш тілде бірлескен қойылымдар, бір жағынан, ересек мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, әдебиетке, музыкаға, театрға тұрақты қызығушылықты оятуға көмектеседі. Екінші жағынан, бала ана тілінде монолог және диалог құру дағдыларын жетілдіреді, жаңа бейнелер жасау арқылы ойлауды және сөйлеуді дамытуға мол мүмкіншілікке ие болатыны күмәнсіз жәйт.

Үштілді білім беру барысында мынандай мәселелерге назар аударған дұрыс болар еді:

- мектепке дейінгі оқу ресурстары мен оқу бағдарламаларының сапалы жаңартылуы;

- балалардың жас ерекшеліктері; оған қоса физиологиялық ерекшеліктерінің ескерілуі;

- ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті барысында білімдендіру және тілдік коммуникацияны дамыту қалай дұрыс болады деген мәселенің шешілуі;

- үштілділік бағдарламасын табысты жүзеге асыруға қатысты халықаралық тәжірибе туралы ақпараттың дәлелді формаларын табу қажет етілуі;

- оқу құралдары мен дидактиканың маңызды, ұтымды ресурстары нелер екенінің айқындалуы.

Қазақстан білім беру саласындағы түрлі тілдер тобына жататын үш тілді меңгерудің жоғары деңгейіне жету саясатын жария еткен әлемдегі жалғыз ел болып табылуы мүмкін. Ойымыздың дәлелді болуы үшін мына фактілерді тізіп, қазақстандық білімнің жаңартылуларының құрамына инновациялар кіретін маңызды реформалардың елімізде жүргізіліп отырғанына назар аударалық:

- оқу ресурстары және елдегі барлық оқу бағдарламалары жаңартылуда;

– үздік отандық және халықаралық тәжірибені біріктіретін оқу мен оқытудың жаңа әдістерін пайдалануға қарқынды енгізілуде;

– этникалық азшылықтардың тілін қорғау [4, 35 б.];

– «қазіргі ата-аналар балаларына шет тілін оқытуды мүмкіндігінше ертерек бастауды қолға алуда. Сонымен қатар, психологтар мектепке дейінгі жасты осы қызметтің ең қолайлы кезеңі ретінде мойындады» [7].

Қазақстанда үштілді қоғам қалыптастыру – тым ауқымды міндет болса да, ол қолжетімді. Бұл міндетке жету үшін сауатты жоспарлау, дұрыс қаржыландыру, жақсы үйлестірілген әдістемелік ресурстар, белсенді және нәтижеге жеткізетін үйрету тәсілдері, қоғам ахуалын түсіну, үштілділік тұжырымдамасын ұғыну қажет болады.

Әдебиеттер

1. Государственная Программа развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011–2020 годы, утвержденная Указом Президента Республики Казахстан от 29 июня 2011 года №110.

2. Послание Президента Назарбаева Н.А. к народу Казахстана в 2009 году «Новый Казахстан в новом мире».

3. Мектепке дейінгі ұйымдарда тілдердің үштұғырлығын дамыту: бағдарлама. – Астана, 2013. – 52 б.

4. Қазақстан Республикасында 2015–2020 жж. Білім беруді реформалаудың стратегиялық бағыттарын жүзеге асыру. – Астана, 2014. – 174 б.

5. Козлова Юлия Владиславовна. Возрастная и педагогическая психология в наследии П.Ф. Каптерева (Проблемы и решения) : Дис. канд. психол. наук : 19.00.07 : Н. Новгород, 2000. – 166 с.

6. Монтессори М. Помоги мне сделать это самому / Сост., вступ. статья М.В. Богуславский, Г.Б. Корнетов. – М.: Издат. дом «Карапуз», 2000. – 272 с, ил. – (Педагогика детства) Научный редактор С.В. Лыков.

7. Яцкова Ю.Ю. Влияние игровой деятельности как средства развития речевой деятельности дошкольников на английском языке. Электронный документ URL: <http://conf.grsu.by/alternant/2012/04/17/492/>.

У.Ж. Аменова, З.Е. Жумабаева

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТТЕРІ

Андатпа. Мақалада Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беруі және оның маңызы жайлы жазылған. Оған қоса, балаларға білімді дұрыс меңгертіп тәрбиелеу үшін мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында қолданылатын ұйымдастырылған оқу қызметі туралы ақпараттар берілген. Мектепке дейінгі білім беру кезеңі баланың ата-атанасынан кейінгі тәрбие мен білім алатын, өмірінің жаңа кезеңіне аяқ басатын кезі болғандықтан ең маңыздысы болып саналады. Сол себепті, оқу қызметінің не екенін, оның мақсатын, не үшін қолданылатынын және оны қалай қолдану керек деген сұрақтарға жауапты осы мақаладан табуға болады. Осыған орай, тәрбиешілерге баланың білім алуын

қызықты әрі оңай ететін түрлі кеңестер де бар. Сонымен қатар, мектепке дейінгі білім берумен тығыз байланысты «стандарт», «білім беру мазмұны» сияқты терминдерге анықтама берілген.

Түйін сөздер: мектепке дейінгі білім беру, ұйымдастырылған оқу қызметі, стандарт, білім беру мазмұны, тәрбие.

Аннотация. В статье рассказывается о дошкольном образовании Республики Казахстан и его значении. Кроме того, представлена информация об организованной учебной деятельности, которая используется в дошкольных организациях для правильного усвоения детьми знаний и воспитания. Период дошкольного образования считается наиболее важным, поскольку ребенок получает воспитание и образование после родителей, вступает в новый этап своей жизни. Поэтому ответы на вопросы о том, что такое учебная деятельность, ее назначение, для чего она используется и как ее использовать, можно найти в этой статье. В связи с этим представлены различные советы воспитателям, которые сделают обучение ребенка интересным и простым. Кроме того, дается определение таким терминам, как «стандарт», «содержание образования», которые тесно связаны с дошкольным образованием.

Ключевые слова: дошкольное образование, организованная учебная деятельность, стандарт, содержание образования, воспитание.

Summary. The article describes preschool education in the Republic of Kazakhstan and its significance. In addition, information is provided about organized educational activities that are used in preschool organizations for the correct assimilation children's knowledge and education. The period of preschool education is considered the most important, since the child receives upbringing and education after the parents, enters a new stage of his life. Therefore, in this article you can find answers to questions about what educational activities are, their purpose, what they are used for, and how to use them. In this regard, various tips are provided to educators that will make the child's education interesting and simple. In addition, the definition of such terms as «standard», «content of education», which are closely related to preschool education, is given.

Keywords: preschool education, organized educational activity, standard, content of education, upbringing.

Қазақстан Республикасының дамуы еліміздің әрбір тұрғындарына, азаматтарына, олардың білім деңгейіне, кәсібилігіне, жұмыс жасау қабілеттілігіне, рухани әрі материалдық жағынан өсуіне байланысты. Тұңғыш елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтқандай, еліміздің болашағы жастардың қолында. Жастардың өз елінің патриоты болып өсуі, отанының алдындағы борышын өтеуі, ата-анасының, мемлекетінің мақтанышы болуы кішкентай кезінен бойына сіңірген тәрбиесіне, алған біліміне тікелей байланысты.

Қазіргі таңда әрбір адам сапалы білім алып жоғары санатты қызметкер атанып, елінің дамуы үшін, болашағының зор болуы үшін еңбек етеді. Соның барлығы мектепке дейінгі жастағы балаларға білімді дұрыс меңгерте алуына байланысты. Сол себепті балаларға қызығушылығын оятып, өзі талпыныс жасайтындай, кез келген ақпаратты түрлі жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып меңгертуіміз қажет. Ал, оны

ұйымдастырылған оқу қызметтерін пайдалана отырып жүзеге асырамыз. Ол дегеніміз – Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру жүйесінің тиімді әрі сапалы болуының маңызы зор.

Қазақстан халқына Жолдауындатұңғыш Президент ойлау негіздері, ақыл-ой және шығармашылық қабілеттер, жаңа дағдылар ең ерте балалық шақта қалыптасатынын атап өтті. Білім берудің назары 4К моделіне қарай жылжиды: креативтілік, критикалық (сыни) ойлау, коммуникабельдік және командада жұмыс істей білу.

Мектепке дейінгі білім беру – бұл балалардың танымдық қабілеттерін дамытудың жүйелі, жоспарлы, мақсатты үрдісі, олардың қарапайым білім жүйесімен қарулануы, шеберлік пен дағдыларды қалыптастыру.

Мектепке дейінгі ұйым – бұл балалардың күтімін қамтамасыз ету барысында отбасының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, жалпы мәдени, ұлттық құндылықтар негізінде олардың үйлесімді дамуы, баланы жалпы орта білім берудің бастауыш сатысына дайындау, ата-аналарға өз жұмысы мен оқуын жалғастыру, қоғамдық өмірге белсенді қатысу үшін қажетті жағдай жасау мақсатында құрылған білім беру ұйымы.

«Балабақша оқыту қызметін бастауыш мектептің жаңартылған білім беру үдерісіне бейімдеу үдерісінде нормативтік құжаттарға жүгіну қажет. Ол нормативтік құжат мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт болып табылады.

Балабақша оқыту іс-әрекетін бастауыш мектептің жаңартылған білім беру үдерісіне бейімдеу арқылы кішкентай бүлдіршіндердің балабақшада білімнің алғашқы сатысын сапалы түрде алып, бастауыш мектептің табалдырығын сенімді түрде аттауы жүзеге асады. Жалпы мемлекеттің болашағы болашақ жастар бүлдіршіндердің қолында болғандықтан, сол бүлдіршіндерді балабақшада сапалы білімдендіріп, тәрбиелеу үшін жылдар бойы көптеген білім беру бағдарламалары әзірленіп, даярланған. Олардың ішінде «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» бірнеше рет жаңарып, уақыт талабына сай өзгеріп отырды.

«Стандарт» ұғымы ағылшын сөзінен аударғанда (standard) «үлгі» (образец), «норма» (өлшем) деген мағынаны береді» [1, 291б.].

Қазіргі кезде заман талабына сай қоғам өмірінің жаңа сапасының негізін құрайтын жан-жақты білімді, жоғары мәдениетті, бәсекеге қабілеті мол тұлға қажет. Ондай тұлға жалпы орта білім беру арқылы, немесе мектеп арқылы даярланады. Білім беру ұйымдарында берілетін білімнің сапасы білім беру мазмұнымен тығыз байланысты. Білім алушыға берілетін білім мазмұны қоғам талабымен, сұранысымен айқындалады.

«Білім беру мазмұны» ұғымына Қазақ әдеби тілінің сөздігінде мынадай анықтама беріледі: «Білім беру мазмұны – білім алушының

меңгеруі, олардың жан-жақты дамуы үшін негізін қамтамасыз ететін, олардың ойлауын, танымдық қызығушылығы мен еңбек іс-әрекетіне дайындығын қамтамасыз ететін білім, іс-әрекет тәсілдері, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі, әлемге эмоциялы құнды қатынас жүйесі» [2, 133 б.].

Ұйымдастырылған оқу қызметі баланың жеке тәжірибесі өзінің базасы және сонымен қатар алған білімін тексеру, нақтылау болып табылатын қызмет. Академик А.Н. Несмеянов меңгеру жаттап алу дегенді білдірмейді деп жазған болатын. Сөздің тамырының өзі оның мәнін айтады: пәнді меңгеру оны өзіндікі ету, яғни оларды әр түрлі өмірлік жағдайларда оңай қолдануға болатындай білімді бойға сіңіру. Оқушылардың қоғамдық тәжірибені игеруі арқылы олардың шындықты тануы оны жетілдіре отырып, танымдық процестің өтуіне әсер етеді. В.И. Ленин өзінің тарихи дамуында таным процесін сезімдік танымнан абстрактылы ойлауға, одан практикаға көшу ретінде сипаттайды.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты – балаларға қоршаған ортаны таныту, яғни олардың білім жүйесін, оқу дағдылары мен іскерлігін меңгерту. Бұл міндетті шешу барысында баланың жан-жақты мүдделері, қабілеттері мен мінез-құлықтары қалыптасады.

Бала сондай-ақ әлемді тануды сезімдік қабылдаумен бастайды. Алайда, танымның жеке дамуының барлық процесі қоғамның тарихи қалыптасуынан өзгеше, баланың сөйлеу тілін ерте меңгеруі мен ересектермен оқытылуы арқасында қалыптасады.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің әр түрлі тәсілдерін меңгеру балалардан айтарлықтай әртүрлі белсенділігін талап етеді. Оқып үйренудің тиімділігі білім берушінің балалардың күнделікті жұмысында осы белсенділікті қалай бағыттайтынына тікелей байланысты. Егер тәрбиеші балалардың ақыл-ой белсенділігін олардың жеке қабілеттерін ескере отырып, тапсырмаларды шешу тәсілдерін өз бетінше іздеуге талпынып, оларды мақсатты түрде бақылауға, белгілерден, пішіндерден, жалпы және әр түрлі сөздерден іздеуге, қорытынды жасауға үйрететін болса, онда оқу қызметі оқушылардың ақыл-ой даму мектебіне айналады.

«Балалардың оқу қызметін тәрбиешілер немесе мұғалімдер белгілі бір құжатта, яғни бағдарламада рәсімделген мемлекеттік талаптарға сәйкес ұйымдастырады. Бағдарламада балалардың әрбір даму сатысында жұмыс істеуі тиіс мазмұны қатаң белгіленген. Балалардың оқу қызметінің мазмұны басқа адамдар алған білімді меңгеру болып табылады. Білімді меңгеріп, оларды өзінің әртүрлі қызметтерін қолдана отырып, оқушылар арнайы дағдылар мен ақыл-ой біліктерін, яғни іс-әрекеттің әр түрлі тәсілдерін меңгереді.

Ұйымдастырылған оқу қызметі ойлау белсенділігін талап етеді: оқу материалын түсінуді қамтамасыз ететін белгілі ережелер мен басқа да операцияларды талдау, қорыту, ескімен жаңасын салыстыру, ой-

пікірлерді нақтылау. Бұл жадының жұмысын жеңілдетеді. Осы кезеңде жадының рөлі ерекше. Балабақшада ҰОҚ барысында тәрбиеші балалардың есте сақтау қабілетін дамытып жануарлар мен өсімдіктер, туған қаласы және қоғамдық өмір құбылыстары туралы жаңа ұғымдармен байытады. 4–5 жастағы балалар өлең оқып, отбасы туралы әңгімелейді, қоршаған ортасындағы көрген заттарды, адамдарды, үй жануарлары мен құстарды, өсіп тұрған ағаштар мен шыршаларды, трамвай мен көліктерді, кейіннен серуендеген кезінде байқаған, басынан өткерген түрлі оқиғаларды бейнелейді. Балалардың тиянақты ұйымдастырылған оқу қызметі олардың қиялын байытып, жаттықтырады. Тәрбиеші әртүрлі халықтардың өмірі туралы айтқан кезде, оларға алыс өлкедегі, өз елімізде кездеспейтін өсімдіктер, құстар мен жануарлар туралы сипаттап мәлімет берген кезде, балалар оны барынша көз алдарына елестетіп, қиялдарын дамытады. Сыртқы нақты әрекеттен ішкі идеалдыққа өту процесі интериоризация деп аталады, бұл ішкі түрленуді білдіреді. Оқу қызметінде барлық психикалық процестер ерікті сипат алады. Ойында да ойлау, қиял қалыптасады, есте сақтау үшін жағдай жасалады, бірақ оқу еңбектерінде баланың барлық психикалық қызметі міндетті, қатаң регламенттелген қызмет шеңберіне енгізіледі. Балалар оқу материалын сабақта немесе үйде қабылдауға, қажетті атауларды, ережелерді, анықтамаларды есте сақтауға күш салуы тиіс. Оқу басынан бастап маңызды, міндетті және жауапты жұмысқа айналады. Сондықтан оқу іс-әрекеті балалардан ерік-жігерді, шыдамдылықты, өзін-өзі ұстауын талап етеді. Мұғалімнің тапсырмасын мұқият тыңдап, қандай ретпен берілсе, дәл сол ретпен орындау қажет. Оқу барысында балалар үнемі өзінің эмоциясын қадағалуға тиіс: мұғалімнің шақырғанын күту, басқалардан бұрын тапқан шешімін орнынан айқайлап айтпау және т.б., осылайша оқу қызметінде тәртіптілік пен дербестік, шығармашылық белсенділік пен педагог талаптарына қатаң бағыну қабілеті, яғни адамның ерік-жігері қалыптасады [3].

Ұйымдастырылған оқу қызметінің құрылымы ерекше. Әрбір нақты ұйымдастырылған оқу қызметі үшін қызықты сәт қажет, балалардың қызығушылығын тудыратын және зерттеуге сұрақ қоюға мүмкіндік беретін қандай да бір оқиға.

Біріншіден, бұл әртүрлі кезеңде болатын нақты оқиғалар болуы мүмкін: жарқын табиғи құбылыстар (мысалы, жапырақтардың түсуі) және қоғамдық оқиғалар (мысалы, барлығы күтіп, дайындалатын Жаңа жыл мерекесі).

Екіншіден, тәрбиешімен арнайы «дайындалған» іс-әрекеттер немесе оқиғалар: топқа бұрын беймәлім балаларға қызығушылық пен зерттеу белсенділігін тудыратын заттарды енгізу (Бұл не? Онымен не істеу керек? Бұл қалай әрекет етеді?). Мұндай заттар магнит, табиғи минералдар жинақтары, белгілі бір тақырыпқа байланысты қолдан жасалған көрнекіліктер және т.б. болуы мүмкін. Әрбір сұрақ балаларды белгілі бір

фактіге, қандай да бір құбылыстың пайда болу жағдайларына қарап, оларды салыстыруға, осы фактілер мен құбылыстарды ажыратуға және біріктіруге, олардың арасындағы ықтимал байланыстар мен қарым-қатынасты орнатуға мәжбүр етеді. Тәрбиеші балалармен бірге олардың идеяларын, ұсыныстарын талқылайды, жауаптың өз нұсқасын ұсынады.

Үшіншіден, бұл тәрбиеші балаларға оқитын немесе еске салатын көркем шығармада болған оқиға (мысалы, Әбділдә Тәжібаевтың «Толағай» атты ертегісіндегі Толағайдың өз туған жерін қуаңшылықтан сақтап қалуы) [4, 48б.].

Қорыта келе, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жалпы мәдениетті қалыптастыруға, дене, зияткерлік, адамгершілік, эстетикалық және жеке қасиеттерін дамытуға, оқу әрекетінің алғы шартын қалыптастыруға, мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулықтарын нығайтуға және сақтауға бағытталған. Сол себепті балабақшадағы оқыту мектептегі табысты оқу үшін маңызды алғы шарт болып табылады, балалар білім, білік және дағды жүйесін меңгереді, сонымен қатар олардың оқу қызметінің негіздері қалыптасады. Балалық шақ – бала тұлғасының қалыптасуындағы бірегей кезең. Мектепке дейінгі сапалы тәрбие мен оқыту және балалардың қабілеттерін дамыту, балалар еліміздің зияткерлік әлеуетінің болашағы болғандықтан қоғам үшін өте маңызды болып табылады. Дәл осы кезеңде бала өзінің қоршаған ортасы туралы алғашқы көрінісін тауып, тәлім-тәрбие, білім алады, сондықтан мектепке дейінгі ұйым мектепке дейінгі баланың өміріне үлкен үлес қосады.

Әдебиеттер

1. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Механика / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007. – 291 б.
2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. – Алматы, 2006. – III том. – 133 б.
3. Люблинская А.А. Детская психология: Учебное пособие для студентов педагогических ин-тов. – М.: Просвещение, 1971.
4. Жақсым О.И. Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды жаңартылған білім мазмұны негізіне ендірудің тиімді жолдары // Білім берудегі менеджмент. – 2017. – №1. – 48 б.

А.В. Садыкова

Ташкентский государственный педагогический университет им. Низами

З.Е. Жумабаева, Ж. Абыкенова

Павлодарский педагогический университет, г. Павлодар

СОВРЕМЕННЫЕ ДОШКОЛЬНЫЕ ЗДОРОВЬЕСБЕРЕГАЮЩИЕ ТЕХНОЛОГИИ

Аннотация. В данной статье рассматриваются современные здоровьесберегающие технологии в условиях обновленного содержания образования. Обосновывается идея о том, что в основе системы здоровьесбережения заложена двигательная активность ребенка применяемая в игровой деятельности и на занятиях.

Ключевые слова: здоровьесбережение, технология, метод, упражнения, дошкольное образование.

Summary. This article examines modern health-preserving technologies in the context of the updated content of education. The idea is substantiated that the child's motor activity is based on the system of health preservation, which is used in play activities and in the classroom.

Keywords: health preservation, technology, method, exercises, preschool education.

Нынешнее дошкольное образование с каждым годом раскрывает свои возможности для обучения и воспитания детей от одного года до пяти лет. Актуальность нашего исследования обозначена тем, что на сегодняшний день здоровье является благополучием социальным и душевным и физическим, способствующим всестороннему развитию.

Здоровьесберегающие технологии в обучении и воспитании детей дошкольного возраста определяются как совокупность методов и приемов, используемых для решения задач по сохранению, поддержанию и укреплению здоровья. Большой вклад в теорию и практику здоровьесбережения детей, обучающихся в дошкольном учреждении, внесли наши отечественные ученые: Г.Д. Алимжанова, Р.Р. Амангельдиев, З.К. Дунаева, С.А. Жанпеисова. Целью здоровьесбережения является формирование навыков здорового образа жизни, прогнозирование возможных изменений здоровья и в проведении соответствующих психолого-педагогических, коррекционных и реабилитационных мероприятий [1, с. 5].

Согласно Типовому учебному плану, образовательная область «Здоровье» имеет два раздела: «физическая культура» и «основы безопасного поведения». Группа раннего возраста, младшая, средняя и старшая группы имеют учебную нагрузку по физической культуре по три часа, но группа предшкольной подготовки два с половиной часа [2, с. 2].

Здоровьесберегающие технологии в дошкольном учреждении основываются на:

1) релаксации, т. е. создают благоприятную атмосферу, тем самым снимает напряжение;

2) коммуникации – инновационному способу, бережному отношению к здоровью и передачи здорового образа жизни;

3) коррекции, т. е. происходит исследование развития умений и навыков детей по результатам анализа и диагностики, проводится коррекционная работа, фиксирующаяся в «Листе наблюдений»

4) профилактике – предупреждение заболеваний психологических или физиологических [1, с. 6-7].

Здоровьесберегающие технологии – дыхательная гимнастика, артикуляционная гимнастика – взаимодействуют с образовательной областью «Творчество» в разделе «Музыка», они способствуют укреплению здоровья, развитию музыкальных способностей, активизируют умственные способности, т.е. они всесторонне развивают малыша.

Согласно Санитарным правилам «Санитарно-эпидемиологические требования к объектам дошкольного воспитания и обучения детей» (приказ МНЗ РК от 16 августа 2017 года №611, с изменениями и дополнениями от 28.08.2020 г.), ежедневно время пребывания ребенка проводится в соответствии с возрастными особенностями, воспитатели и педагоги организуют разные формы физкультурно-оздоровительной работы: утренняя гимнастика, физические упражнения на прогулках (в I и II половину дня), закаливающие процедуры, массаж, подвижные игры, самостоятельная двигательная деятельность детей, активный отдых (физкультурные досуги, праздники, дни здоровья) в дошкольной организации [3, с. 43].

Рассмотрим здоровьесберегающие технологии под названием «стретчинг». Это специальные упражнения под музыку, на растяжку мышц, проводимые с детьми в игровой форме, за тридцать минут до приема пищи, два раза в неделю, предназначены для детей старше трех лет. Упражнения можно проводить как в группе, так и в музыкальном или спортивном зале, упражнения направлены на развитие вялой осанки и плоскостопия.

Песочная терапия – инновационный метод – используется с детьми преимущественно младшего дошкольного возраста, способствует легкой адаптации ребенка к условиям детского сада. Например, малыш совместно с педагогом копает для мышки неглубокие норки руками или совком. Затем взрослый обыгрывает постройку с помощью игрушки. Такие домики можно делать и для других игрушек – зайчиков, лисят, медвежат и пр.

Музыкотерапия направлена на слушание правильно подобранной музыки и выполнение психогимнастических упражнений, тем самым повышает иммунитет детей, снимает напряжение и раздражительность, головную и мышечную боль, восстанавливает спокойное дыхание. На музыкальных занятиях используем дыхательную гимнастику и артикуляционную.

Ароматерапия является новой методикой лечения запахами, которые, в свою очередь, благоприятствуют укреплению естественных сил организма ребенка, способствуют поддержанию хорошего настроения. Во время гриппа и эпидемий ОРВИ целесообразны эфирные масла: кипариса, сосны, пихты, эвкалипта, кедра. Они оказывают антисептическое воздействие на дыхательную и стимулирующее – на иммунную систему. Во время дневного сна в спальне используйте эфирное масло лаванды: его успокаивающее и антисептическое действие поможет уложить малыша спать и не переживать по поводу вирусов. Если детки страдают от насморка, хорошо распылять эфирное масло пихты, а от кашля помогает эвкалипт и кедр. Эфирное масло стимулирует выработку активных веществ, подавляющих вирусы, а цитрусовые озонируют воздух и очищают от вредных вирусов [4, с. 43].

Закаливание является одним из самых эффективных методов укрепления иммунитета. В дошкольном учреждении проводятся ежедневные прогулки два раза в день. Гигиенические процедуры проводятся перед каждым приемом пищи и возвращением с прогулки. Витамины, кислородный коктейль снимают физическую и умственную усталость, повышают силу иммунной системы, улучшают состояние нервной системы. Кислородные коктейли в дошкольных организациях стремятся снизить появление простуды.

Ритмопластика как здоровьесберегающая технология основывается на совершенствовании двигательного аппарата через музыкальную деятельность, которая предоставляет ребенку возможность весело провести время и выплеснуть накопившуюся энергию.

Сказкотерапия выступает как инновационный вид здоровьесберегающих технологий. Суть данного метода заключается в том, что при помощи художественного произведения ребенок становится героем сказки, играет роль и воспроизводит соответствующие двигательные движения.

Исходя из вышеизложенного, здоровьесберегающие технологии – это система методов и приемов, направленных на сохранение и укрепление здоровья ребёнка на всех этапах его развития и обучения. Здоровьесберегающие технологии способствуют улучшению здоровья, стабилизируют психоэмоциональное самочувствие детей, активизируют двигательную деятельность и снижают случаи заболеваемости среди детей дошкольного возраста.

Литература

1. Методические рекомендации «Внедрение здоровьесберегающих технологий в ОУД возрастной группы дошкольной организации». – Астана, 2017. – 44 с.
2. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 20 декабря 2012 года № 557. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 17 января 2013 года № 8275.

3. Приказ Министра здравоохранения Республики Казахстан от 16 августа 2017 года № 611. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 13 сентября 2017 года № 15681.

4. Гаврючина Л.В. Здоровьесберегающие технологии в ДОУ: Методическое пособие. – М.: ТЦ Сфера, 2008. – 160 с. (Здоровый малыш).

А.А. Садуакасова, З.Е. Жумабаева

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ЖОБАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аңдатпа. Соңғы кезде білім беруде жобалау әдістемесін қолдану аясы айтарлықтай кеңейді. Егер бұрын ол негізінен мектепте және орта кәсіптік білім беруде қолданылса, енді ол мектепке дейінгі тәрбиешілер арасында лайықты танымалдылыққа ие бола бастады. Берілген мақалада мектепке дейінгі білім берудегі жоба әдісінің мазмұны қарастырылған. «Жоба», «жобалық қызмет» ұғымына анықтама берілген. Мақалада мектепке дейінгі білім берудегі жобалық қызметтің кезеңдері негізделіп, жоба іс-әректің ұйымдастырудың ерекшеліктері анықталды.

Түйін сөздер: жоба, жобалық қызмет, жоба әдісі, педагогикалық технология.

Аннотация. В последнее время сфера применения методики проектирования в образовании значительно расширилась. Если раньше его применяли в основном в школе и среднем профессиональном образовании, то теперь он набирает заслуженную популярность среди педагогов дошкольного образования. В данной статье рассмотрен метод проектов в дошкольном образовании. Дано определение понятия «проект», «проектная деятельность». В статье выявлены особенности организации проектной деятельности в дошкольном образовании. Кроме того, определены этапы проектной деятельности.

Ключевые слова: проект, проектная деятельность, метод проекта, педагогическая технология.

Summary. Recently, the scope of application of design methods in education has expanded significantly. If earlier it was used mainly in schools and in primary and secondary vocational education, now it is gaining well-deserved popularity among teachers of preschool education. This article discusses the method of projects in preschool education. The definition of the concept «project», «project activity» is given. The article reveals the features of the organization of project activities in preschool education. In addition, the stages of project activity are defined.

Keywords: project, project activity, project method, pedagogical technology.

Жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуы қоғам мен білім беруді дамытудағы қазіргі жағдайдың талаптарымен анықталады. Егер бұрын әлеуметтік табысты адам болу үшін жақсы орындаушы болу, белгілі бір білім мен дағдыларға ие болу жеткілікті болса, қазірде мәселені өз бетінше қоя алатын және оларды шығармашылықпен шеше алатын шығармашыл адам болу керек.

Дамып келе жатқан педагогика ересектердің балаларға деген көзқарасын айтарлықтай өзгертті. Баланың даму деңгейі педагогтың және бүкіл білім беру жүйесінің жұмыс сапасының өлшеміне айналды. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің педагогтары тек қана мектепке дайындық ғана емес, сонымен бірге дамып келе жатқан тұлғаның психофизикалық ерекшеліктеріне сәйкес толыққанды балалық шақты сақтауға бағытталған. Баланы құрметтеу, оның мақсаттарын, мүдделерін қабылдау, дамуына жағдай жасау – гуманистік көзқарастың ажырамас шарттары. Ересектер мектеп жасына дейінгі баланың білімін, дағдыларын қалыптастыруға және оны әлеуметтік өмірге бейімдеуге назар аударып қана қоймай, сонымен бірге шешімдерді бірлесіп іздеуге үйретіп, балаға мәдени нормаларды өз бетінше игеруге мүмкіндік беруі керек.

Бүгінгі таңда ғылым мен практикада балаға «өзін-өзі дамыту жүйесі» ретінде көзқарасы қарқынды түрде дамып келеді, ал ересектердің күш-жігері балалардың өзін-өзі дамытуына жағдай жасауға бағытталуы керек. Балалар мен ересектердің ынтымақтастығын, білім берудің тұлғалық-бағдарлы оқытуды жүзеге асырудың тәсілі – жобалау технологиясы болып табылады.

Жоба әдісі әлемдік педагогика ғылымында жаңа ұғым емес. Жоба әдісі 1920 жылдары АҚШ-та философия мен білім берудегі гуманистік бағыттың дамуымен байланысты пайда болды. Оның негізін американдық философ, психолог және ағартушы Дж. Дьюи қалады. Әрі қарай бұл әдіс В. Килпатрик, Э. Коллингстің еңбектерінде дамыды [1, 3 б].

Жоба әдісін қазіргі ғылым инновациялық қызмет циклі ретінде қарастырады және тиісті белгілері, функциялары мен құрылымы бар перспективті педагогикалық технологиялардың бірі болып табылады. Бұл факт, сондай-ақ инновациялық технологияларды қолдану тәжірибесінің жай-күйін талдау, тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін арттыру және мектепке дейінгі білім берудің тұтас педагогикалық процесін оңтайландыру құралы ретінде жоба әдісін таңдауға мүмкіндік береді [2, 61б].

Жоба әдісінің негізінде танымдық дағдыларды дамыту, өз білімін өз бетінше құру дағдылары, ақпараттық кеңістікте шарлау дағдылары, сыни және шығармашылық ойлауды дамыту жатыр. Бұл практикалық немесе теориялық білімнің белгілі бір саласын, белгілі бір қызметті игерудің әдістері, амалдар жиынтығы. Бұл таным жолы, таным процесін ұйымдастыру тәсілі. Сондықтан, егер біз жоба әдісі туралы айтатын болсақ, онда мәселені (технологияны) егжей-тегжейлі дамыту арқылы дидактикалық мақсатқа жету әдісін айтамыз, ол нақты түрде жасалған практикалық нәтижемен аяқталуы керек [3, 12б].

Жоба әдісі технологиясының негізі баланың өз бетінше әрекетінде жатыр: зерттеушілік, танымдық, өнімдік, оның барысында бала қоршаған әлемді біледі және жаңа білімді нақты өнімдерге айнал-

дырады. Жоба әдісінің мақсаты – баланың еркін шығармашылық тұлғасын дамыту, мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекетін белгілі бір және жоспарланған нәтижеге бағыттау, ол бала үшін теориялық немесе іс жүзінде маңызды мәселені шешу арқылы алынады [4, 76].

Дидактиктер, педагогтар өздерінің дидактикалық мәселелерін шешу үшін осы әдіске жүгінді. Жоба әдісі «жоба» тұжырымдамасының мәнін құрайтын идеяға негізделген.

«Жоба» («projectio») термині латын тілінен аударғанда «алға лақтыру» дегенді білдіреді және Н.И. Епишкиннің сөздігінде бір нәрсенің жоспары, алдын-ала ойы, алдын-ала нобайы деген мағынаға ие [5, 36776]. Ал ағылшын тілінің Кембридж сөздігінде жоба мынадай анықтамасы бар: белгілі бір уақыт аралығында аяқталған және белгілі бір мақсатқа жетуге арналған жоспарланған жұмыстың немесе қызметтің бөлігі [6]. Ал Евремованың сөздігінде жоба талқылауға, бекітуге ұсынылатын қандай да бір құжаттың алдын ала мәтіні деп көрсетілген [7].

Жобалық қызмет – бұл баланың қазіргі және перспективалы мүдделеріне негізделген тәуелсіз іс-әрекеттің, мінез-құлық пен тәжірибенің әртүрлі түрлері. Жобалық қызмет, бір жағынан, ересектермен қарым-қатынасқа, ал екінші жағынан, баланың үнемі кеңейіп отыратын дербес әрекеттеріне негізделген. Жобалық қызмет– тәрбиешінің балаларға өз бетінше немесе ересек адаммен бірге жаңа практикалық тәжірибені ашуға, тәжірибе жүзінде алуға, іздеу, талдау және түрлендіруге мүмкіндік беретін жағдайларды жасау. Песталоцци: «Әр адам өзінің не істеуге тырысатынын ғана біледі», – деп жазды. Жобалық қызметте бала өзін субъект ретінде сезінеді, өйткені ол өз қызметінің тәжірибесіне, іс-әрекеттеріне жауап беретін тәуелсіз, белсенді тұлға болуға мүмкіндік алады [8, 66].

Жобалық қызмет тек белгілі бір жағдайда тікелей әрекет ету мүмкін болмаған жағдайда ғана жобалық қызмет болып табылады. Басқаша айтқанда, егер бала сурет салғысы келсе, ол үшін қарындаш, парақ алып, өзінің жоспарын жүзеге асырса, онда бұл әрекет жобалық іс-әрекет болып саналмайды. Бала барлық әрекеттерді дәстүрлі өндірістік іс-әрекет шеңберінде жасады. Жобалық қызмет барысында мектеп жасына дейінгі бала мәселені шешудің әртүрлі нұсқаларын зерттейді, белгілі бір өлшемдерге сәйкес шешудің оңтайлы әдісін таңдайды. Балабақшада жобалық қызметті ұйымдастыру кезінде тәрбиешілер келесі мәселелерге тап болуы мүмкін:

В общей психологии, рассматривая память, мы говорим о таких свойствах памяти, как запоминание, сохранение, забывание. Исследуя мышление, Аль-Фараби отмечал, что в мышлении человек познает глубинную сущность ощущаемых предметов. Он высказывался о тесной связи мышления и речи, считал мыслительную деятельность высшим проявлением творческой активности человека, способной организовать и дисциплинировать природные инстинкты и аффекты человека. Ученый считал нужным разграничивать речь на внешнюю и внутреннюю. К внутренней речи он относил умопостигаемые сущности, создаваемые в душе человека через понимание, а внешней речью называл выражение

языком того, что находится в уме. Проводя грань между мышлением и языком, Аль-Фараби подчеркивал коммуникативную роль языка, выступающего в качестве орудия общения. Современная психология мышления не отрицает, а только подтверждает каждое высказывание Аль-Фараби.

Литература

1. Сатыбекова С.К. Гуманизм Аль-Фараби. – Алма-Ата, 1975. – 144 с.
2. Аль-Фараби. Естественно-научные трактаты. – Наука, 1987. – 496 с.
3. <https://www.kazedu.kz/referat/94744>

А. Жармаханбет, М. Кененбаева

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қаласы

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Андатпа. Мақалада бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық белсенділігін арттыру жолдары қарастырылған. Сонымен қатар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың бірнеше тәсілдері көрсетілген. Мақала бойынша шығармашылық қабілеттерін дамыту жайлы жазылған көптеген ғалымдардың еңбектері пайдаланылды. Педагогикалық практика кезінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үрдісінде істелінген жұмыстарымыздан үзінді келтірілген.

Түйін сөздер: шығармашылық, қабілет, білім беру, дамыту, арттыру, жолдары.

Аннотация. В статье рассмотрены пути повышения творческой активности младших школьников. Также существует несколько способов развития творческих способностей учащихся. В статье использованы работы многих ученых по развитию творческих способностей. Приведем отрывок из нашей работы в процессе развития творческих способностей студентов на педагогической практике.

Ключевые слова: творчество, способности, образование, развитие, повышение, пути.

Summary. The article discusses ways to increase the creative activity of younger students. There are also several ways to develop students' creativity. The article uses the work of many scientists on the development of creative abilities. Here is an excerpt from our work in the process of developing students' creative abilities in teaching practice.

Keywords: «creativity», «ability», «education», «development», «increase», «ways».

«Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе-білім» деп ұлы жазушы М. Әуезов айтқандай, тәуелсіздік туын тіккен елімізді өркениетке апарар жолдың бастауы – мектеп. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, әлемдік қауымдастықта өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің қалыптасуына, даму бағытына тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасының 2030 жылдарға арналған стратегиялық даму бағдарламасында Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев халқымыздың болашағын тереңнен толғай отырып «Мемлекетіміздің ең басты дүниесі тек қана табиғи байлық емес, сонымен қатар жасөспірім ұрпағы, өйткені олар – біздің ұлтымыздың болашақ айнасы» дегені мәлім. Олай болса, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін ұстаз – баға жетпес биік тұлға. Қазіргі уақыттың негізгі талаптарының бірі – білімді әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, шығармашылық таныммен тікелей қатынас жасайтын жаңаша, тәуелсіз ойлай алатын шығармашыл адамға айналдыру. Қоғамның әлеуметтік – экономикалық даму деңгейі сол қоғамдағы жеке адамның шығармашылық мүмкіншілігіне байланысты[1].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңында» Білім беру мазмұны – жеке адамның біліктілігі мен жан-жақты дамуын қалыптастыру үшін негіз болып табылатын білім берудің әрбір деңгейі бойынша білімдер жүйесі (кешені). Білім беру мазмұны білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде әзірленетін білім беретін оқу бағдарламаларымен айқындалатын айтылған.

Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу қызметіндегі оң себептер мен іскерліктерін: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғысынан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің қарапайым дағдыларын дамытуға бағытталған.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының негізгі міндеттерінің бірі баланың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуды міндеттесе, Қазақстан Республикасының дарынды балаларды анықтап, оларға қолдау көрсетіп дамыту концепциясы шығармашылық қабілетті дамытуға бағытталған білім беру кеңістігін туғызуды талап етеді. Соған сәйкес Қазақстан Республикасының білім саласындағы нормативтік – құқықтық құжаттары адамның шығармашылығын дамытудың басым бағыттарының бірі ретінде қарастырады. Сондықтан жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндігін, шығармашылық қабілетін, шығармашылық ойлауын әрбір адамның жаңа білімді игеруіне, интеллектісі мен ойлау қызметінің артуына қажетті ықпал ретінде дамыту өзекті мәселелердің біріне айналып отыр [2].

Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында білім беру мазмұны жаңаруда. Оқушы бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы ретінде қарастырылады. Қазіргі бағдарламада оқушының еркін сөйлеуіне, пікір таластыруына, достарының ойын тыңдауға, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге бағытталған жұмыс түрлері іске асырылады.

Қабілет нышандарын дамыту барысында төмендегі міндеттер іске асқан кезде ғана нәтиже беріледі:

1. Оқушының жеке тұлғасының қалыптасуына жол беру.
2. Жеңілден ауырға қарай жеткізу, жоғарғы жетістіктерге апару.
3. Бала бойындағы қабілет нышандарының қай түрі байқалғанына қарай қабілетін тану, ортаға енгізу, жеке еңбектері мен жұмыстарын көтермелеу.
4. Балаға берілетін тапсырма толығымен, жаңадан өтетін тақырыппен байланысты берілуі керек. Бұл әдіс балаларда бағдарлау реакуляциясын, ориентация туғызады.
5. Сабақта өтілген бір тақырыпқа жаңаша, басқаша көзқараспен қарауға үйрету, жеке тапсырма беру.
6. Баланың өз бетімен жұмыс істеуіне ерік беру.

Балалық кезеңдегі бала бойындағы қабілеттің нышандарын анықтау және оны дұрыс тәрбиелеу мұғалімдер баланың оқуға ынтасын қалыптастыру арқылы, олардың бойындағы қабілеттерінің дамуына кең жол аша алады.

В.Д. Эльконин шығармашылыққа мынадай анықтама береді: «Шығармашылық – бұл ерекше тұрғыдағы жасампаздық, жаңадан жасалған нәрсе, бұрынғы нәрселердің механикалық қайталануы емес, өзінің сонылығымен, біртумалығымен ерекшеленетін болса, өзін-өзі куәландыратын, дәлелдейтін болса, онда бұл нәрсені туғызған шығармашылық акт туралы сөз қозғауға болады».

«Шығармашылық» сөзінің төркіні «шығу», «ойлап табу» дегенге келіп саяды. Көрнекі психолог Л.С. Выготский шығармашылық деп жаңалық ашатын әрекетті атаған.

Шығармашылық – ойлау қабілетінің ең жоғарғы қасиеті. Шығармашылық арқылы оқушының жолдасына, өмірге, білімге деген сенімі, көзқарасы өзгереді.

Шығармашылық дегеніміз – адамның өмір шындығында өзін – өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйрену керек. Ұзақ жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері негізінде қабілеттің мұндай дәрежесіне белгілі бір шарттар орындалған жағдайда кез келген баланы шығармашылыққа бейімдеуге болатыны көп айтылуда. Адамның шығармашылыққа ынтасы оның өз даралығын, өз қабілеттерін іске асыруға жол ашады. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Өйткені адам туынды ғана емес, жаратушы да. Адам бойындағы дарындылықты табиғи талантпен шектеліп қалмай, табандылықпен еңбектенуге баулу [3].

Бастауыш мектепте шығармашылық қабілеттіліктері оқу әрекетінде көрінеді. Оқу әрекетінде мұғалім мен оқушы тығыз байланыста болуы

керек. Ол үшін мұғалім бар күш – жігерін, педагогикалық шеберлігін оқушы бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашуға, үйлесімді дамытуға бағыттауы, шығармашылық жағдай жасауы қажет. Менің байқағаным, бастауыш сыныптарда шығармашылықпен жұмыс істеуге үйренген оқушы жоғарғы сыныптарда шығармашылық жұмыстың қай түріне болсын бейім болады және дұрыс жол табу үшін дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге тырысады. Оқушы не нәрсені болса да білуге құмар, қызыққыш, қолымен ұстап, көзбен көргенді жақсы көреді. Оқушылардың қызығуын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сонымен оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда қажетті жағдайлардың мазмұнын ғалымдарымыз ұсынған. Соларға тоқталмақпыз:

– Мұғалім ең алдымен, сыныпта шығармашылық көңіл – күй тудыру арқылы оқушылардың назарын бір нәрсеге бағыттау керек, яғни, оқушылардың назарын шығармашылық арнаға бұру үшін, үнемі шығармашылық тапсырма – міндеттер, жаттығу, ойын түрінде ұсынған жөн.

– Шығармашылық жаттығу, ойын – тапсырмалардың мазмұны жеткіншектердің жас ерекшелігіне, қызығушылығына үйлесуі керек.

Шығармашылықты тежейтін үш нәрсе бар: бірінші – «сәтсіздікке ұшыраймын, қолымнан еш нәрсе келмейді» деген қорқыныш сезімі, екінші – өзіне – өзі тым риза болмаушылық сезімі, үшінші – жалқаулық [4].

Бала бойындағы қабілетті ашу – оқушының шығармашылық бағытта дамуына жеке мән беру болып табылады. Шығармашылық жұмыстар оқушыларды ойлауға жетелеп, қызығушылығын оятып, шығармашылық қабілетін арттыруға, белсенділікке ынталандырады.

Бастауышта сәтті сабақ белгіленген мақсатқа жетуге ұстаз бен оқушының өзара ынтымақтастығы негізінде жүзеге асатын үрдіс. Оқушы әрекеті:

1. Өзойынеркінжазу.
2. Өзгені тыңдай білу және көмектесу.
3. Бірлесәрекетету.
4. Өзәрекетінталдау.
5. Өз мақсатын анықтау.

Оқушының іс-әрекетіне жағдай тудыру дегеніміз – оқушының ойлай білуге үйрету болып табылады. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршіннен шығармашылық іс-әрекетті талап етпестен бұрын соған үйреткен дұрыс. Ойлап үйрену үшін оқушының зейінін тұрақтандыру, интеллектісін дамыту керек. Білім негізі-бастауышта екені ешкімге құпия емес. Оқушыны қазіргі нарықтық заманға лайықты, білімді етіп тәрбиелеуде бастауыш сыныптан бастап жүргізілетін жұмыстарға да аса мән берілуі керек. Сондықтан ұсынылып отырған «Қазақ тілінде оқытатын мектептердің 2-сынып оқушыларының шығармашылық

қабілеттерін ұштауға арналған тапсырмалар» атты әдістемелік құрал бастауыш 2-сынып оқушыларының ой-өрісін, қиялын, шығармашылығын дамытуға зор үлес тигізетін құрал.

Бұл дидактикалық материалда жинақталған тапсырмалар оқушылардың танымдық дүниесін, логикалық ойлауын қалыптастыруға, шығармашылық қабілеттерінің ұшталуына, жаңаша ойлап, айналаға жаңаша көзқараспен қарауға көмегін тигізеді. ұсынылып отырылғын «Ұйқасын тауып ойнаймыз», «Өлең құрау» сияқты тапсырмалар баланы өзі үшін жаңалық ашып, өз күшін сезінуге, сөздік қорларын молайтуға, қажетті сөзді қажетті жерінде айтуға мүмкіндік береді. «Ертегі құрау» тапсырмалары оқушының ой-қиялын дамытуға, байланыстырып сөйлеуге, монологтік тілінің дамуына үлес қосады, ғажайыптар жайлы қиялдауға, әлемнің тылсым құпияларын ашуға ұмтылыс тудырады. «Жалғастыр» тапсырмалары оқиға желісін сақтай отырып, жүйелі түрде мәтін құрауға баули түседі. Мұнда оқушылар оқиғалардың бір-бірімен сатылай, тізбектей байланысатындарын байқап, соны өз беттерінше топшылап үйренеді. «Үстел үстіндегі карта» ойыны оқушыларды тапқырлыққа, табанасты ойланып сөйлеуге үйретуге көп көмегін тигізеді. «Себебін айт» тапсырмалары оқушылардың ештеңенің жайдан-жай болмайтындығын, кез-келген оқиғаның белгілі бір себептерге байланысты екенін ұғынып, соның себебін табуға барлық күш-жігерін жұмсауға, шығармашылық танытуға жетелейтін жұмыс. «Мен кімін?» ойыны арқылы оқушылардың дүниетанымын кеңейтуге, жан-жануарлар тіршілігі жайлы, оларға қамқорлық қажеттігі жайлы тереңірек ойлануларына зор үлес қосады. Оқушыларды мейірімділікке, адамгершілік қасиеттерінің дамуына жол аша түседі. «Артық сөз» ойыны оқушылардың кез-келген заттар мен құбылыстардың белгілі бір заңдылықтарға бағынатындықтарын өздері үшін жаңалық ретінде ашауға көмектеседі. Кез-келген сөзге ассоциация жасау оқушылардың ұғымдардың арасындағы байланыс пен айырмашылықты анықтауға неғұрлым көбірек байланыс ашуға талпындырып, шығармашылыққа баули түсері сөзсіз. Тіл сабақтарын меңгеру оқушылардан түрлі шығармашылық қабілеттерді қажет етеді. Бұл жинақ оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдап, өз ісіне сын көзбен қарауға, өзіндік пікір айтуға, ой еркіндігіне мүмкіндік беріп, өз бетіммен дұрыс шешім қабылдауға үлес қосады.

Мысалы біз практика кезінде зерттеу жұмысымызда оқушылардың қабілеттерін қалыптастыруда мынадай инновациялық амалдармен жұмыс жүргіздік.

Үстел үстіндегі карта. Ойынға екі немесе үш команда қатыса алады. Үстел үстіне карта тәрізді қатталып бірнеше суреттер қаратылып қойылады. Суреттерде не бейнеленгені балаларға жұмбақ. Мұғалім команда мүшелерінің біреуіне карталардың біреуін суыруын ұсынады. Ойынның шарты бойынша, оқушы суретке қарап жіберіп, сол

бойда әңгіме бастауы керек. Яғни белгісіз бір әңгіменің бірінші сөйлемін бірінші суретті паракшаны суырған бала шығарады. ал, қалғандары болса әңгіме желісін үзіп алмау үшін, мұқият көңіл қойып, өз кезегінде келгенде әңгімені ары қарай жалғастырып әкетуге дайын отырады. Мысалы: кірпі, алма, құс – деген суреттер бергенде мынадай нәтиже болуы мүмкін.

1-оқушы: Орманда бір кірпі келе жатыр.

2-оқушы: Ол бір алма тауып алды.

3-оқушы: Оны көріп қалған ұшып бара жатқан құс көріп оған қарай төніп келді – деп кете береді.

Ертегі құрау.

Оқушыларға ертегі құрауға тапсырма беру арқылы олардың қиялын, ой – өрісін, логикасын дамытуға болады. ертегі құрауға тапсырма берген кезде де оны сан түрлі етіп түрлендіруге болады.

Мысалы: ертегінің басын беріп ары қарай жалғастыруға тапсырма беруге болады.

«Ер жігіт» деген тақырыпта ертегі құрауға берген кезде ертегінің басын былай беруге болады.

«Баяғы өткен заманда бір кемпір мен шал болыпты. Олардың перзент дегенде жалғыз қыздары бар екен. Оның аты Алтын екен. Бір күні Алтын тасы мен әжесіне көмектесу үшін орманға отын әкелуге кетіпті де содан қайтып қайтпапты» деп ертегіні бастап, ары қарай жалғастыруды ұсынуға болады.

Қорытыта келе зерттеуімізде шығармашылық тапсырмаларды пәндерге бейімдеп қолданудан, оқушылардың пәнге қызығушылығы артып, білім сапасы көтерілгенін байқадық. Сондайақ оқушылардың логикалық ойлауы, шығармашылық іс – әрекетке қабілеті артты.

Осында өзгерісті байқай келе әр мұғалім болашақ үшін қызмет істейді. Ол әр оқушыны жеке тұлға ретінде көріп, оның өміріндегі өз орнын табуына, сынып ұғымын қалыптастыруға, ата-аналармен ынтымақтасуға, оқытуда қиындық көріп жүрген оқушыға көмегі тиері сөзсіз деп айта аламыз.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 ж.
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 маусымдағы №546 Қаулысы.
3. Қарапаев С. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеу маңызы / Бастауыш мектеп. – 2006. – №1.
4. Омарова Р. Шығармашылық – басты мақсат / Бастауыш мектеп. – 2006. – №3.
5. Нұрахметов Г. Шығармашылық жұмыстар – оқушының қозғаушы күші. / Бастауыш мектеп. – 2006. – №2.

А. Сағынаева, М. Кененбаева

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қаласы

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІГІН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Андатпа. Мақалада бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістігін бағалаудың жолдары қарастырылған. Сонымен қатар оқушылардың өзін-өзі тиімді бағалаудың тәсілдері көрсетілген. Мақала бойынша оқу жетістігін бағалау әдістемесі жайлы жазылған көптеген ғалымдардың еңбектері пайдаланылды.

Түйін сөздер: бағалау, өзін-өзі бағалау, оқу жетістігі, білім беру, шеберлік.

Аннотация: В статье рассмотрены пути оценки учебных достижений младших школьников. Также показаны подходы к эффективной самооценке учащихся. В статье использованы труды многих ученых, посвященных методике оценки учебных достижений.

Ключевые слова: оценка, самооценка, учебные достижения, образование, мастерство.

Summary. the article deals with the ways of developing logical thinking in primary school children. It also describes the improvement of thinking abilities abstract: the article discusses ways to assess the educational achievements of younger students. Approaches to effective self-assessment of students are also shown. The article uses the works of many scientists devoted to the methodology of evaluating educational achievements.

Keywords: assessment, self-assessment, academic achievements, education, skill.

Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңі мектептегі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары жасалып, білім беру мекемелерінің тәжірибесіне енуде. Жаңа технологияны меңгеруге мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Жаңа технологиялар теориялық тұрғыда дәлелденіп, тәжірибеде жақсы нәтиже беруде [1].

Бағалау дегеніміз – керекті мәліметтер жинап, сол мәліметтер арқылы оқушының жетістігін бағалап, оқу бағдарламасының нұсқаулық құрамдас бөліктерін бағыттау үшін қолданылатын әдіс

Оқушыға және оның ата – анасына қойылған бағасы түсінікті және маңызды болуы үшін, дамыта оқытудың маңызды міндеттерінің бірі болып саналатын өзіндік бақылаумен бағалау тәсілдері оқушы алдын-ала меңгеруі қажет. Өзін-өзі бағалаудың басты мазмұнына өз әрекетін реттеу және жөндеуде тұлғаның белсенді қатысуы жатады. Бірақ өзін-өзі бағалауды осындай тар шеңберде қарастыру жеткіліксіз. Менің ойымша, оқушы белсенділігін оятумен бірге, оқушыны өзіндік бағалауды қажетсінуге баулу, өзін-өзі бағалауға бейімдеу және қалыптастыру қажет.

Сөйтіп, өзіндік бағалау білімді игерудің ғана емес, алған білімді пайдалана білу тұрғысынан да білім алудың процессуалдық қырының жетілуіне жағдай туғызады. Бұл жерде оқушы бұрынғы тәжірибелеріне сүйеніп оқуды әрі қарай нәтижелі жалғастыруға мүмкіндік беретін білім деңгейіне қойылатын талаптарды басшылыққа алып отырады [2].

Өзін-өзі бағалау оқушының оқу танымдық әрекетінің бағыттылығына қол жеткізеді, себебі оқу – танымдық әрекет кезінде оқушы өзіне қоятын талаптарды да реттеп отырады, оқу әрекеті барысындағы өзін-өзі бағалаудың құрылымы өзіндік әрекеттің мақсатын айқындау, оқыту нәтижелерімен оған қол жеткізу жолдарын анықтау, өзіндік іс-әрекетті жүзеге асырудан алынған нәтижелерді оқыту нәтижелерімен салыстыру, орындалатын іс-әрекет барысын бағалау жіберілген қателерді анықтау, оның себептерін ашу өзін-өзі бағалау негізінде жұмысты түзету, әрекет жоспарын нақтылау, жетілдіру, қорытындылау деп аталатын бірнеше буыннан тұрады.

Өзін-өзі бағалау бойынша оқушылар жұмысының психологиялық мағынасы жөнінде ХХІ ғасырда француз философы Мишель Монтень жасаған тұжырым бойынша «Кез-келген адам қандай да бір істі атқарудан бұрын ол алдымен өзінің кім және не нәрсеге бейім екенін білу қажет» деген. Ал оқушы өзінің білім шекарасының қайдан өтетінін біле бермейді. Өзінің нақты нені білмейтінін біліп алмай, нені білу керектігін түсінбейді және оны білу үшін ұмтылмайды да [2].

Мұғалімнің негізгі міндеттерінің бірі – баланы өзіне баға беруге дағдыландыру үшін оған бағалау өлшемдерін түсіндіру.

Дәстүрлі төрт баллдың бағалау жүйесі:

- толық біледі (өте жақсы);
- жеткілікті біледі (жақсы);
- жеткіліксіз біледі (қанағаттанарлық);
- білмейді (қанағаттанғысыз).

Бірінші тәсіл арқылы мұғалім баға туралы өз пікірін айтады, бірақ оған уақыт кететіндіктен, көп қолданбайды. Екінші тәсіл – бағаны, оны неліктен қойғаны жөнінде күнделікке жазу. Үшінші тәсіл – үлгерім экранын шығару. Білім, іскерлік, дағдыларды бақылау және бағалау жұмыстары:

- тексеру және бағалаудың пайдасын көрсететін жағдаяттар жасау;
- «Үйге не берілді?» деген сұраққа жауап алуға уақыт кетірмеу;
- жақсы көңіл-күйге бөлеу;
- оқушының жауапты ойланып беруіне уақыт бөлу;
- оқушылардың жауаптарын мұқият тыңдау, мадақтау;
- жауапты соңына дейін тыңдау, талдау және ескертулерді кейін жасау;
- оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру (жай, темперамент, тіл кемістігі);
- жеке тапсырмалар беру;

- оқушы өзін еркін сезетін жағдай жасау;
- оқушының жауабын талдау, жеке тұлғасын сынамау;
- оқушылар бағасын көтергісі келсе, оларға талсырманы қайта беру;
- жауап бергенде, тапсырманы орындағанда тірек сызбаларды қолдануға рұқсат беру;
- бақылау және тексеру әдістерін түрлендіріп отыру;
- тестілік бақылауды жиі қолдану.

Сонымен баға қою білімді және шеберлікті талап етеді. Баға-бала өміріндегі маңызды оқиға. Баға арқылы бала өзі туралы ойын реттеп, сыныптағы беделін нығайтады. Сондықтан мұғалім баға қоюға өте мұқият болу керек. 1-сыныпта баға қоймауға болады, басқа сыныптарда байқау, жарыс, ойындар ұйымдастырып, әр баланың өз орнын анықтауына көмектеседі [3]

Бағалаудың ең басты мақсаты, ол баланың өсіп жетілуін анықтап, оқушының қай деңгейге жеткенін бағалап, оқу бағдарламасындағы сабақтарды солардың талаптарына сай етіп, әр баланың тәжірибесінің табысты болуына себін тигізу. Ерекше талаптары бар қосымша көмек немесе араласуды қажет ететін баланы анықтау бағалаудың тағы бір себебі болып келеді. Дұрыс жасалған бағалау, нұсқау беру әдісі нені үйреніп, нені жағтап жатқандығы арасындағы белсенді байланысты қамтамасыз етуі керек.

Әр баланың кеміс жерлерін тапқаннан гөрі, олардың жетістіктерін атап көрсету, нұсқауды мәлімдеу арқылы балаға нені оқыту керектігімен қалай оқыту керектігін көзге түртіп көрсетуі, нұсқаудың үздіксіз және жүйелі жасалып, бірізділікті сақтап отыру, баланың әлеуметтік, әсершіл, танымдық даму процестеріне бағыттталып, жан-жақты болып ескерілуі, ата – аналармен мұғалімдер, мұғалімдер мен білім алушылар арасындағы бірлескен белсенді қарым-қатынастың қамтамасыз етілуі, оқып үйренудің маңыздылығын айтып отыру керектігі. Оқушылардың тиімді білім алуына және табысқа жетуіне қолайлы жағдай туғызылуы. Оқушылар мен олардың ата – аналарын бағалау жүйесінің анық түсінікті болуы қажет[4].

Дәстүр бойынша бала үлгерімі әрдайым қолданылып жүрген қағаз және қалам арқылы бағалау жұмыс қағаздары, апталық үлгеру тестілері және қалыпты тест арқылы бағаланып келеді.

Бүгінгі таңда ынталықпен белсенділікті арттыруда осындай қосымша бағалау әдістері өзін-өзі ақтап отыр. Бағалау процесіне мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар және мектеп әкімшілігі қатысуы тиіс. Мұғалімдер оқушылардың өсіп жетілуін және білім алуын үнемі бақылап отыруы тиіс. Үздіксіз бағалау мұғалімдерге балалар мен олардың жасаған жұмыстары жайлы сөйлесіп, осы мәліметті оқу бағдарламасына бағыттау үшін негіз етіп қолдануына мүмкіндік беретініне көз жеткіздік.

Бүгінгі күні оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау – оқу үдерісінің маңызды да салмақты бөлігі болып табылады, оқыту үдерісін басқарудың түйінді кілті бағалауда деп те айтуға болады.

Бағалау – оқыту нәтижесін анықтау үшін қолданылатын тәсіл, оқушының берілген тақырыпты меңгерудегі кемшіліктерін жоюда, оның үлгерімінің нәтижелі болуына ықпал ететін фактор. Сондай-ақ, мектеп тәжірибесіндегі бағалау баға қоюмен ғана шектелетін тәсіл емес, ол материалды меңгеру, меңгермеу фактісімен қатар оның себептерін анықтауға мүмкіндік беретін оқытудың маңызды құрамды бөлігі болып табылады.

Біз практикка кезіндебілімді бағалау жүйесінде көптеген қиындықтарға кезіктік. Бұл қиындықтарды ғалымдар да зерттеп көрсеткен. Олар:

- «Баға қою» мектеп пен мұғалім тарапынан сыртқы бағалау функциясын атқарады: мұғалім оқушыға жауап бергені үшін немесе сабақ оқымағаны үшін баға қояды. Оқушы қаншалықты әділ баға алғанын білмей қалады, күмәнмен қарайды.

- Оқушының өздігінен оқуын қалыптастыруға мүмкіндік бермейді;

- Оқытуды даралауға қиындық келтіреді. Бұрынғы алған білімімен салыстырғанда әр баланың қаншалықты деңгейге нәтижеге жеткенін айқындау қиын;

- Көбіне «зақым» келтіреді. «Баға қою» мұғалім қолында ғана болғандықтан балаға да, ата-анаға да психологиялық қысым жасалады. Оқушылар білім үшін емес баға үшін оқиды.

- Мұғалімдер тәжірибесінде оқушының жеткен нәтижесі емес жұмыстың көлемі мен формасын бағалау әдетке айналған;

- Бағалауда оқушыларды бір-бірімен салыстыруға екпін жасалатындықтан оқушылардың оқуға ынтасы, белсенділігі жойылады, орта деңгейде оқитын оқушылардың ынтасы мүлдем жойылып, жақсы оқитын оқушылардың жетістікке жетуіне жағдай жасалмайды.

Бес балдық жүйенің қазіргі заманға сай білім жүйесін қанағаттандыра алмауы-оқушылардың жетістіктерін бүгінгі күннің талабына сай жаңаша бағалау жүйесін қажет етеді. Сол себептен, оқытуға деген көзқарас өзгергендіктен, оқыту нәтижесін бағалау да жаңа бағытқа ие болуда.

Жұмысымызды қорытындылай келе, бастауыш сыныпта оқу жетістігін бағалаудың түрлі әдістемелерін қолдану арқылы баланың өзін-өзі бағалай алуына, орындалған тапсырма бойыншамұғалімнің оқушыға әділ баға қоя алуына қол жеткіздік. Сонымен қатар, бағалау ісіне ата-ананың қатысы тек табельді қабылдап, баланың жазған жұмыстарын анда-санда қарап шығу міндеттерінен әлде-қайда кеңірек болуы тиіс. Баланың жасаған жұмыстарынан деректі дәлелдер көрсе, ата-аналар баланың қаншалықты ілгерілегендігі жөнінде анық мағлұмат алады. Баланың жасаған жұмыстарының жинағы, оның уақыт аралығындағы

ойлау мен даму сапасын анық көрсетті. Мәліметтерді қорытындылап отыру, ата-аналарға есеп беру процесін түсінікті де тиімді етпек. Бастауыш мектептерге арналған бағдарламаның моделін алға жылжыту үшін бағалаудың осы түрлерін қолдану қажет. Сонда біз оқыту және бағалау бірін-бірі толықтырып, оқу процесінде дұрыс бағыттағы даму тәжірибелерін қолданылып жатыр деп айта алатын боламыз.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы // Изденіс. – 1992. – №5. – 64 б.
2. Roach A.T., Niebling B.C. Білім беру бағдарламасы, оқыту мен бағалаудың ретін бағамдау: зерттеу мен тәжірибе үшін маңызы мен ықпалы. – НЗМ, 2008. – 158-176 б.
3. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы, 2002. – 382 б.
4. Захарова А.В. Развитие контроля и оценки в процессе формирования учебной деятельности школьников. – М.: Педагогика, 1982. – 113 с.

Б. Толепбергенова, М. Кененбаева

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қаласы

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

Аннотация: мақалада бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілеттерін дамыту жолдары қарастырылған. Сонымен қатар оқушылардың оқу барысында ойлау қабілеттерін жетілдіру туралы, ақыл-ойын дамыту жолдары көрсетілген. Мақала бойынша танымдық логикалық ойлауды дамыту жайлы жазылған көптеген ғалымдардың еңбектері пайдаланылды. Педагогикалық практика кезінде өткізген жұмыстарымыздан үзінділер келтірдік.

Түйін сөздер: логикалық ойлау, ақыл-ой, оқыту, ойлау, шығармашылық, логика, білім-беру.

Аннотация. В статье рассмотрены пути развития логического мышления младших школьников. Также рассказывается о совершенствовании мыслительных способностей учащихся в процессе обучения, о путях развития интеллекта. В статье использованы труды многих ученых, посвященных развитию познавательного логического мышления. Мы приводили фрагмент из работ, которые мы проводили во время педагогической практики.

Ключевые слова: логическое мышление, интеллект, обучение, мышление, творчество, логика, образование.

Summary. The article deals with the ways of developing logical thinking in primary school children. It also tells about the improvement of students' thinking abilities in the learning process, about ways to develop intelligence. The article uses the works of many scientists devoted to the development of cognitive logical thinking. We gave an excerpt from the works that we conducted during our teaching practice.

Keywords: logical thinking, intelligence, learning, thinking, creativity, logic, education.

«Қазақстан Республикасының 2005–2010 жылдары білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында» халықтың барлық жіктері үшін білім беру саясатының негізі міндеттерінің бірі сапалы білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету екендігі, оны іске асырудағы «бастауыш мектеп бағдарламасы баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға, оның жеке қабілетін ашуға және іске асыруға, өз бетінше білім алуға және оны практикада қолдану қажеттілігі мен дағдысын қалыптастыру» мәселелері қарастырылған [1].

Қазіргі қоғам жеке адамнан прогрессивті ойлай алатын белсенді әрекетті, жан-жақты болуды талап етеді. Өйткені адамның қоғамда алатын орны, қазіргісі, болашағы үнемі толғандыратын мәселелер қатарына жатады.

Оқыту процесінде мұғалім оқу материалын байланысты қандай да бір деректерді хабарлай отырып оқушылардың логикалық – әдістемелік білімдерін қалыптастыруды жүзеге асырады.

Оқушылардың санасында белгілі бір білім қоры болмайтын болса, онда олар ойлай да алмайды. Оқушыны жеткілікті білім қорымен қаруландыру және өз бетінше ойлауға үйрету, оқушының білім алуға ынта – жігері, құмарлығы, қызығушылығы, білімдерді меңгеру, оның саналы ақыл – ой дамуының маңызды жолы болады [2, 23б.].

Логика ғылымның өз заңдары, дәстүрлері мен дау-дамайлары, бар өзіндік бір ерекше дүние деуге болады. Логика – дұрыс ойлаудың заңдары туралы, жүйелі де дәлелді түрде пайымдауға қойылатын талаптар туралы ғылым. Анықтама, жіктеп-саралау, дәлелдеме, жалпылау, сияқты логикалық амалдарды педагогикалық практикада ұдайы қолданып отырдық.

Халық ұғымында ақылдылық – ерен еңбектің жемісі. Ақылды болу үшін көп үйреніп, көп оқып, оны миға тоқып, көп білу қажет. Білім мен ақыл – егіз, ақылдылық қымбат қасиет, оны ерекше қадір тұтқан абзал. Ақылдың жақсы қасиетінің бірі – оның ұшқырлығы. Бұл мәселені тез шеше алу, ойға сергектік, белсенділік әкеледі.

Адамның ойы әрқашан да сөз арқылы білдіріледі. Біреу екінші біреуге пікірін білдіргенде, өзін естісін деп дауыстап сөйлейді. Ой толық сөз күйінде білдірілгенде ғана айқындалып, дәйектеліп, дәлелдене түседі. Ойлау мен сөйлеуді бірдей деп, бұлардың арасына теңдік белгісін қою дұрыс емес. Ой сыртқы дүниені бейнелеудің ең жоғарғы формасы болса, ал сөз ойды басқа адамдарға жеткізетін құрал болып табылады.

Бала тілі шықпай тұрған кезде де ойлай алады. Нәресте айналасындағы дүниені 1-сигнал жүйесінің қызметі арқылы танып біледі. Ойлаудың бұл түрі оның танымын онша кеңіте алмайды. Баланың тілі шығып, сөз арқылы үлкендермен қарым-қатынасқа түскенде ғана оның ойлау шеңбері кеңейетін болады.

Ойлау адамның сыртқы дүниемен қарым-қатынас жасау процесінде туындап отырады. Адам ойлауының мазмұнын билейтін – объектив

шындық. Адамға мақсат қойып, оған жетуге ұмтылдыратын – оның қажеттіліктері.

Ойлау – өзіндік ішкі қарама-қайшылықтарға толы процесс. Бұл қайшылықтар ойлау дамуының және асуының қозғаушы күштері болып табылады, яғни ойлау осы қарама-қайшылықтарды, басқаша айтқанда, проблемалық жағдаяттарды шешу барысында өрбиді [3, 85б.].

Логикалық ойлаудың ерекшелігі – қорытындылардың қисындылығында, олардың шындыққа сай келуінде. Логикаға түскен құбылыс түсіндіріледі, себептері мен салдарлары қатесіз анықталады. Ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады.

Ғалымдар: Н.Н. Пospelов, Ю.А. Петров, А.Н. Леонтьев, «логикалық ойлау» ұғымына нақты анықтама берген. Олардың пікірінше «логикалық ойлау» дегеніміз логика заңдылықтарын пайдалана отырып ой – пікірлерді, тұжырымдарды қолдануға негізделген ойлаудың бір түрі.

Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту жөнінде А.В. Запорожец, Л.Н. Венгер, И.С. Якиманская еңбектері жарық көрді.

Жоғарыдағы авторлардың пікірлерінше «Логикалық ойлауды дамыту» дегеніміз:

– барлық логикалық ойлау операцияларын (талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау, саралау) арнайы жүйелі түрде қалыптастыру;

– ойлау белсенділігін, өз беттілігін дамыту [4].

«Логикалық ойлау – логикалық сөйлеудің негізі, ал мұны – логикалық сөйлеуді ұстаз дамытуға тиіс». Балалардың ойлауын дамыту туралы М. Жұмабаев былай деген: «Ойлауды өркендету жолдары. Ойлау – жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр. Сондықтан тәрбиеші баланың ойлауын өркендеткенде, сақтықпен басқыштап іс істеу керек. Оқулықтағы берілген тапсырмалар, суреттер баланың жанына дұрыс әсер ететіндей, оқушының оқуға, білімге деген ынта – ықыласы, құштарлығы болуы керек» [5].

Логикалық тапсырмалар арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үш негізгі бағытта іске асырылады:

– Қызығушылығын арттыру;

– Ойлау және қабылдау қабілетін дамыту;

– Шығармашылық ізденісін дамыту.

Баланың бойындағы қабілетті ашу шығармашылық бағытта дамуына жетелейді. Осы орайда логикалық ойлау қабілетін дамытудың өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудың мынандай:

«Заңдылықтар», «Нені отырғызу керек?» «Нені орналастырсам екен?» «Сыңарын табындар?» «Өзіл жұмбақтар» «Логикалық есептер». «Пішінді орналастыр» логикалық ойын түрлерін айтуға болады. Осындай ойындарды тапқырлықпен, ізденпаздықпен орындаған балалардың білімділік дағдылары қалыптасып жақсы нәтиже береді.

Бастауыш сынып баланың логикалық ойлауын дамытудың негізгі кезеңі деп есептеледі. Өйткені логикалық ойлау кейінірек бейнелік ойлаудың негізінде қалыптасады, ауқымы кеңірек мәселелерді шешуге ғылыми білімдерді меңгеруге мүмкіндік береді. Әйтседе бұл баланы қайткенде де, неғұрлым ертерек логикалық «жолға» шығару дегенді көрсетпейді. Біріншіден, ойлаудың логикалық формаларын игерудің өзі ойлаудың логикалық жетілген бейнені формалары ретінде игерілмейінше, толық құнсыз күйде қалып отырады. Дамыған көрнекі схемалық ойлау баланы логика табалдырығына жеткізеді. Екіншіден, логикалық ойлауды игеріп болғаннан кейін, бейнелік ойлау өзінің мәнін ешбір жоғалтпайды.

Ойлау танымдық теориялық іс-әрекет ретінде әрекетпен тығыз байланысты. Адам әсер ету арқылы ақиқатты таниды, дүниені өзгерту арқылы оны түсінеді. Әрекет ойлаудың жүзеге асуының бірінші ретгі формасы болып табылады. Ойлау операцияларының барлығы (анализ, синтез және т. б.) ең алғашында практикалық операциялар түрінде пайда болып, содан соң барып теориялық ойлаудың операцияларына айналды. Яғни ойлау еңбек іс-әрекеті барысында практикалық операция ретінде немесе практикалық іс-әрекеттің бір компоненті ретінде туындап, содан кейін барып дербес теориялық іс-әрекетке айналады. Бірақ тәжірибе әрқашан да ойлау ақиқаттығының негізі, мәнді критеріі болып табылады [6, 54б.].

Ғалымдардың зерттеулері бойынша ойлау формалары немесе логикалық формалар үшеу: ұғым, ой пікір және ой қорыту. Балаларды логикалық ойлаудың тәсілдеріне үйрету керек: мұнысыз оқу материалын қабылдау мүмкін емес. Мұғалімнің басшылығымен балалар түрлі есептер мен тапсырмалар орындай отыра логикалық тәсілдері қолдануды үйренеді. Сабақта әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы оқушының ойлау қабілеті дамып, білімдері бекіп, ізденуге, өз жұмыстарының ойларын ортаға салуға дағдыланатындығын байқадық. Педагогикалық практика кезінде бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында сабақта тақырыпқа байланысты логикалық есептер пайдаландық. Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру барысында да оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға бағыттадық. Мысалы:

1. Егер тырна бір аяғымен тұрса, 3 кг болады. Екі аяғымен тұрса оның салмағы қанша?
2. Үстел беті төртбұрышты, оның бір бұрышын арамен кесіп алсақ неше бұрышы қалады? (5 бұрыш)
3. 4 қойдың неше аяғы бар? (16)
4. Наурыз тойы кезінде ат жарысы өтуде, үш пар ат 60 км шапса, әр ат неше км шабады? (60 км)
5. Ұшақ Зайсаннан Алматыға дейін 1 сағат 20 минут ұшады, ал кері қарай 80 минут ұшады. Бұл қалай? (тең).

Бұл тапсырмалардан басқа ребустар мен сөзжұмбақтарды шешу, мәтінді есеп құрастыру сияқты тапсырмалар орындалды.

Қорыта келе, оқушылардың логикалық ойлауы дамыса шығармашылыққа, ойлана әрекет етуге, өзінің іс-әрекетін талдауға үйренеді деп айта аламыз. Оқушылармен өткізген жұмыс түрлері, бала үшін, оның танымын, логикасын арттыру үшін өмірде қажетті екенін көрсететіндігін аңғартты, яғни олардың шығармашылық деңгейін көтереді, қызығушылықтарын арттырады. Баланың логикалық ойлауын дамыту бағытындағы жұмыстар жүйеленді және оны ұйымдастырудың тиімді жолдары, әдіс-тәсілдері айқындалды, ол өз ретінде, балалардың логикалық ой-қабілеттерін қалыптастыру жұмысының жағдайын бір шама арттырды. Оқу процесіндегі осындай іс-әрекеттердің арқасында қоғам талап етіп отырған шығармашылық қабілеті жоғары, өз ойын жүйелі де ашық айта алатын, қоғамға еркін сіңетін, өндіріске белсене араласатын азамат қалыптасатындығын байқадық.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының 2005–2010 жылдары білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан. – 2007. – 16 қазан.
2. Алдамұратов Ә.Ж. Оқушының логикалық ойлау қабілеттерін дамыту / Қазақстан мектебі. – 2016. – №1.
3. Сейталиев Қ. Жалпы психология: Оқуқұралы. – А.: Білім, 2007.
4. Бабаева С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика: Оқулық. – Алматы: Нұр-пресс, 2005. – 288 б.
5. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 бет.
6. Жақыпов С.М., Бизақова Ф. Білім беру жүйесінде қолданылатын логикалық жаттығулар: оқу құралы. – Тараз, 2007.

Ж.Т. Кенжебаева

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

ОҚУШЫ ДАРЫНДЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Андатпа. Мақалада дарынды баланы тәрбиелеу және оқыту мәселелері ашылды. Дарындылық дәрежесі артуы қажетті білімдер мен ептілік, дағдыларды игеріп, жетілдіріп дамытуға тікелей байланысын қарастырды және үздіксіз білім берудің бірнеше шарттарын атап өтеді.

Түйін сөздер: дарынды, талант, білім, тәрбие.

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы проблем воспитания и обучения. Повышение таланта напрямую связано с приобретением и развитием необходимых знаний, навыков и представлены несколько условий для продолжения образования.

Summary. The article deals with the problems of education and training. Talent development is directly related to the acquisition and development of the necessary knowledge and skills, and provides several conditions for continuing education.

Дарынды баланы тәрбиелеу және оқыту – қиын және кең ауқымды мәселелердің бірі. Осында өзіндік тәрбиелеу процесі, сонымен қатар ата-анасының баласының ерекшеліктері туралы білуі, мұғалімнің дұрыс даярлығы, олардың әртүрлі қиындықтарға дайындығы және талантты балалармен жұмыс істеуден қуаныш алатыны да бар. Тіпті біздің отандық медицина да дарынды балалармен жұмыс істеуге де дайын болуы керек. Өйткені, көптеген аурулар, көбінесе психосоматикалық бұндай балаларда жиі кездесетін, әрі өзгеше өтетін аурудың түрі [1,б.256].

«Тәрбиеле дегеніміз – адамның бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарыту» деп Әл-Фараби, дарынды балалар тек психология және педагогика ғылымдарының ғана қызуғушылықтарын оятпай, сонымен қатар генетика, эндокринология ғылымдарының да зерттеу пәніне айналуы керек. Себебі, дарынды балалардың ерлер және әйелдер гормондарының қатынасы мүлдем әртүрлі, «жай баладан» қарағанда.

Интеллект, шығармашылық қабілеттер – ең басты ұлттық байлық. Педагогикалық шарттар адам өмірінің әртүрлі кезеңдерінде ақыл-ой, адамгершілік, еңбек, эстетикалық, дене тірбиесінің мүмкіндіктерін анықтайды.

Дарындылықты дамытудың педагогикалық шарттары – дарынды оқушының дамуы үшін міндетті түрде орындалатын педагогикалық шарттар жиынтығы. Бұл шарттар дарындылықты дамытуда негізгі рөл атқарады. Себебі, педагогикалық шарттардың орындалуы үшін, дарындының көзі ашылуы, оның дамуына жағдай жасалуы, ұстаздың, ата-ананың тарапынан үлкен еңбекті қажет ететін жұмыс. Осы жерде К.Д. Ушинскийдің сөздерін еске түсіріп, «ақыл-ой дегеннің өзі жақсы ұйымдастырылған білім жүйесі» дегенін ескерсек, ақыл-ойдың қандай бағытта, қандай формада дамыту керектігі туралы қарастыра келіп, өз еңбектерінде оқушының оқу процесінде ақыл-ойды дамыту мен тәрбиелеудегі ең негізгі дидактикалық шарт – мұғалім мен оқушының оқу барысындағы еңбегінің дұрыс болуы мен жүйелі жинақталуында екендігін айтып өтті. Осы жерде тек мұғалімнің ғана ықпалы зор екенін айту дұрыс емес болады. «Жұмылдыра көтерген жүк жеңіл» дегендей, егер мұғалім мен ата-ананың ойы бір жақты, талабы бір жерден шығатын болса, баланың ол талапқа бағынбай кетпеуі екі талай. Ал, шебер ұстаз дарындылықты ашу және дамыту үшін педагогикалық шарттарды міндетті түрде орындайтын болса, оқушының білім-ғылымға деген ынтасы, қызығушылығы артып, соңында оң нәтижеге қол жеткізіп, дарынның көзін ашуына болатынына кемел сенеміз.

Дарындылықты дамытудың педагогикалық шарттары:

1. Үздіксіз білім беру процесін ұйымдастыру (білім, білік, дағды).
2. Оқушының үздіксіз еңбек етуін ұйымдастырып, басқару (шығармашылық әрекеттер, конференцияларға, диспуттарға қатысу, іскерлік ойындарға, интеллектуалдық олимпиадаларға, сайыстарға, ғылыми оқуларға, факультативті сабақтарға, әр түрлі үйірме-секцияларға қатысу).
3. Оқушының үздіксіз ізденісте болуына бағыт-бағдар беру (әдебиеттер оқу, жана ақпараттармен хабардар болу, ғылымға деген қызығушылығын тудыру).
4. Мұғалім мен ата-ананың тығыз байланысы (ата-аналар жиналысы, педагогикалық консультациялар беру, психологиялық сауалнамалар, тренингтер өткізу, педагогикалық жеке әңгімелер, ата-ана күндерін өткізу, педагогикалық талап қою, ата-аналардың педагогикалық оқуларын ұйымдастыру).

Дарынды баланың қажеттіліктерін қамтамасыз ету (әлеуметтік, биологиялық, идеалистік қажеттіліктері) [1,б.256].

Интеллектуалдылық – бір адамға бірнеше қабілеттердің жиынтығын құрастырады. Дарындылықтың санасы – зейінділік. Дарындылық – сананың белгілі бір нысанаға бағыттталып, сол нәрсеге шоғырлануы. Дарындылық – қуат пен серпін беретін сиқырлы күш. Дарындылық – даналығымен даралану, ойлылығымен ерекшелену. Дарындылар – материалдық, рухани жағынан бай адамдар. Мектептердің ұлы мақсаты – оқушылардың бүгінгі ақпараттар ағынын сауатты игере алатын, сол игерген білімінің қай жерде нақты көмекке келетінін пайымдай алатын, қандай әлеуметтік топпен де қарым-қатынас жасай алатын, өз бетінше оқу, іздену арқылы кез келген мәселенің шешімін таба алатын ұлт азаматтарын, дарынды да қабілетті адамдарды даярлау мен қалыптастыру. Қабілетті қалыптастыру үшін білім және етілік қажет. Білім, еп дағдыны меңгерген алып тіршілікте пайдалану керек. Оқытып, тәрбиелеу процесінде балаға әлеуметтік тәжірибе беріледі [2,б.310].

Қабілет біліммен, еппен, дағдымен тығыз байланысты, бірақ білім, еп пен дағдының баламасы емес, баланың өзіне тән тұрақты өзгешелігі. Білім, еп, дағды – қабілетті дамытып қалыптастыратын ұйытқы. Ал қабілет баланың білім, еп дағдыны меңгеруін шапшандатады.

Білім беру – адамның қоғам, мемлекеттің мүддесі үшін белгілі бір білімдер жүйесін игеру барысы және нәтижесі.

Үздіксіз білім беру – өз бетімен білім алудың ұйымдастырылған жолымен және бүкіл өмір бойы оқу орындарында адамның мақсатқа бағытты білім, білік және дағдыларды алуы. Үздіксіз білім берудің мақсаты – қажетті қоғамдық және жеке мәдениеттің, жалпы білім және кәсіби даярлықтың деңгейін ұстап тұру. Жалпыға ортақ, қол жетерлік, үздіксіздік, ықпалдылық, ұласымдылық, өз бетімен білім алу, икемді және жеделдік принципінде ұйымдастырылады [3,б.121].

Үздіксіз өз бетінше білім алу – өзіндік оқу түрі, оның негізінде жеке адамның өз білімін, біліктілігін, дағдысын үнемі ұлғайтуға деген ішкі қажеттілігі немесе әлеуметтік ортаның өзгеруі нәтижесінде маманның кәсіби іс-әрекетіне үнемі жаңа талаптар қоюы жатыр.

Үздіксіз өз бетінше білім алу адамның өзін-өзі тануға деген құлшынысы, білімнің шыңына жетуге деген талпынысы.

Білік – игерілген білімдерімен өмірлік тәжірибе негізінде орындалуы тез, дәл, саналы теориялық және тәжірибелік әрекеттерге даярлығы. Білік жаттығулары жолымен әрекеттерді орындаудың мүмкіндігін жасайды. [3,б.185]

Дарындылық дәрежесі артуы қажетті білімдер мен ептілік, дағдыларды игеріп, жетілдіріп дамытуға тікелей байланысты.

Сондықтан бірінші шарт – үздіксіз білім беру процесін ұйымдастыру (білім, білік, дағды) ең басты, ең негізгі шарт екеніне көзіміз жетеді. Бұл дегеніміз, әрине міндетті түрде оқушының дамуы үшін үздіксіз білімнің берілуі. Үздіксіз білім алу процесін бала балабақшаға келгеннен бастап, одан мектеп қабырғасында, ЖОО-дарында, т.б. білікті көтеретін мекемелерде өз білімдерін жетілдіріп, толықтыра береді.

Екінші шарт – оқушының үздіксіз еңбек етуін ұйымдастырып, басқару.

Адамның қабілетіндегі айырмашылық іс-әрекеттің нәтижесінен, яғни оның сәтсіздігінен не сәттілігінен байқалады. Қызығушылық адамда объективтілікті жан-жақты бейімділік, нақты іс-әрекетті орындауға талпыну, қызығушылық пен бейімділік сапаларының үнемі өзара үйлесім тауып, бір бағытта тоғысып отыруы мүмкін емес. Оған түрлі жағдайлар себепші, мысалы: адам көркемөнер туындыларын тамашалауы ықтимал, бірақ бір іс-әрекет түріне қабілеті бар адамдардың қызығушылығы мен бейімділігі бір-бірімен үйлесім таба алады. Жеке тұлға қоршаған ортамен өзара белсенді қарым-қатынас үрдісінде қалыптасады. Өзара қарым-қатынас тек қана іс-әрекеттің нәтижесінде мүмкін.

Іс-әрекет – тұлғаның психикалық белсенділігінің формасы. Іс-әрекет өте ұсақ біліктерден тұрады – әрекеттерден, әрқайсысына өзіндік дербес мақсат пен міндет сәйкес келеді. Іс-әрекетке мақсат, сылтау, тәсілдер, жағдайлар (шарттар), нәтижеге енеді.

Жетекші іс-әрекет – баланы жаңа, дамудың жоғары сатысына өтуге дайындайтын оның психикасындағы басты өзгерістер болуына ықпал ететін іс-әрекет.

Іс-әрекетпен айналысқанда адамның табысқа жетуі үшін қабілет, қызығушылық, бейімділіктен мына сапалық көріністер болуы қажет, ең алдымен, еңбексүйгіштік, табандылық, батылдық. Бірақ, осындай ерекше қабілеті бар адамның өзі де айтарлықтай өнімге қол жеткізе

бермейді. Негізі, адамның іс-әрекеті жеке басының сапаларын айқын ажырата алатын деңгейде болуы керек. [4,б.69].

Іс-әрекет адамның мінез-құлықын басқару қабілеттілігін меңгеруге тиіс. Іс-әрекет адамның белсенділігін ынталандыру және қолдауы қажет. Бұдан біздің аңғаратынымыз, іс-әрекет таныммен, ерік-қайратпен тығыз байланысты, оларға сүйенеді, таным мен ерік-қайрат үрдістерісіз мүмкін емес.

Демек, іс-әрекет – бұл ішкі (психикалық) және сыртқы (дене) саналы, мақсатты реттелген адамдардың белсенділігі. Іс-әрекет – шындық дүниеге белсенді қатынастың түрі, ол арқылы адам мен дүние, қоршаған ортамен байланысты іске асады. Іс-әрекет арқылы адам табиғатқа, заттар мен құбылыстарға, басқа адамдарға іске асыра отырып, ол заттарға субъект ретінде, ал адамдарға жеке тұлға ретінде қарастырылады.

Еңбек – адамның табиғатты түрлендіретін, қоғамның материалдық және рухани мәдениетін өзгертетін саналы, орынды іс-әрекеттің барысы, адамның өмір сүруінің бастапқы және негізгі шарты. Дарынды баланың «дарынды» атануы бұл 99% еңбегінің нәтижесі, ал 1% табиғи нышан. Сондықтан да, дарынды оқушының еңбек етуін жүйелі ұйымдастырғанда ғана үлкен жетістіктерге қол жеткізуге болады. Яғни, оқушы әртүрлі үйірме-секцияларға қатысып, өзінің дамуына жол іздеуі керек. Өзінің алтын уақытын ақылмен ұйымдастырған жөн.

Үздіксіз еңбек етуі:

- Шығармашылық әрекеттер;
- Конференцияларға қатысу;
- Диспутке қатысу;
- Іскерлік ойындар (олимпиадалар);
- Сайыстарға қатысу;
- Факультативті сабақтар;
- Үйірме, секцияларға қатысу.

Үшінші шарт – оқушының үздіксіз ізденісте болуына бағыт-бағдар беру (әдебиеттер оқу, жаңа ақпараттармен хабардар болу, ғылымға деген қызығушылығын тудыру).

Балалардың ерте қабілеттерінің дамуы туралы мәліметтер «қабілеттер мен бейімділіктер» туралы мәселеге үлкен маңызды материал береді. Бейімділік бұл – іс-әрекетке жақындылығы, онымен айналысуға ынтасының болуы. Іс-әрекетпен айналысудың қажеттілігі қабілеттердің динамикалық жағын көрсетеді. Дарынды балалардың психологиялық ерекшеліктері – ақыл-ойының жоғары белсенділігі, яғни ақыл-ой әрекетіне жоғары бейімділігі жатады. Іс-әрекетте қажетсіну – кез-келген баланың ерекшелігі екенін біз білеміз. Бірақ, бейімділікте индивидуалды ерекшеліктері және ақыл-ойының кернеуі жоғары болады. Көбінесе дарынды балалар ортақ деңгейден жоғарыға көтеріледі, оларға ақыл-ой сабақтары өте ұнайды және сонымен қатар

үнемі оларды соған тартады. Өзінің құрдастарының арасынан жалпы дамуда озу үшін, үлкен ақыл-ой жұмысын атқарулары керек.

Дарынды баланың үздіксіз ізденісте болуын ұйымдастыру – мұғалімнің негізгі міндеттерінің бірі.

Төртінші шарт – мұғалім мен ата-ананың тығыз байланысы.

Баламен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас стилі туралы мәселе аса ауқымды зерттелген. Ғалымдар баланы қатты бақылауға алу, күш көрсету, қысым көрсету – дарынды тұлғаны дамытуға мүмкіндік бермейді деп санайды.

Бесінші шарт – дарынды баланың қажеттіліктерін қамтамасыз ету.

Адамның жеке тұлға ретінде белсенділігінің көзі не болып табылады? Осы проблеманың төңірегінде көптеген жылдар бойы, әсіресе XX ғасырда шиеленіскен қызу пікір талас болып келді. Жеке тұлғаны осылай деп түсіндіру және оның белсенділігі ғылыми психологияға ешқандай қа қатысы жоқ, оның түсіндіруінше, жеке тұлғаны биологиялық құбылыс емес, әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырады. Жеке тұлға оның белсенділігі қоршаған ортамен қарым-қатынас үрдісінде, іс-әрекетте аңғарылады. Жеке тұлғаның белсенділігінің көзі оның қажеттілігі болып табылады. Тек қана қажеттілік адамды белгілі дәрежеде және бағытта қызмет етуге талпындырады.

Бала қаншалықты дарынды болса да, оны оқыту керек екенін ұмытпау қажет. Әл-Фараби айтқандай «Білім болу деген – жаналық ашуға қабілетті болу». Олардың тұрақтылыққа, еңбек етуге, өз бетімен шешім қабылдауға үйрету керек. Дарынды бала ойлау дербестігіне ие, ол жаңа мәселелер мен проблемаларды қоя біліп, оларды тың әдістермен шеше біледі. Ал бұл қабілет өз кезегінде ойлаудың белсенділігімен кезіккен міндеттер мен мәселелерді өз бетінше шешуге ұмтылыс жасайды.

Қойылған проблеманы тұтастай көре біліп, оған байланысты болмыс сырларын көптеп шешуге, белгісіз нәрселерге зер салып, қызығады, түсініксіз нәрсені білуге ынтызарлық, түрлі сұрақтарға жауап іздеп, ой әрекетімен шұғылдануға бейім келеді. Қабілетті дарын иесі арнайы білімге мұқтаж болуы табиғи нәрсе. Әлеуметтік жағынан оларға дұрыс тәрбие берудің алғышарттары – қоғамның аз ғана бөлігін құрайтын дарын иелерін таңдаумен бірге оларды ерекше жетілдіру мен жөн көрсету, олардың құқығы және мұқтаждығын қорғаудың басты мақсаты болып табылады.

Әдебиеттер

1. Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы: Білім, 2007.
2. Психология одаренности детей и подростков / Под. ред. Н.С. Лейтеса. – Москва, 1996.
3. Лейтес Н.С. О признаках детской одаренности / Н.С. Лейтес // Вопросы психологии. – 2003. – №4. – С. 13-18.
4. Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы. – Алматы, 2001. – III-том.

Т.Б. Кенжебаева, И.М. Курмангалиева, Н.Б. Қайролла
Аль-Фараби также глубоко изучил проблемы педагогики, психологии, эстетики и акустики, астрономии и внес плодотворный вклад в культуру и науку. Он также великий гуманист, защищающий разум и просвещение. Аль-Фараби разделил науку того времени на 5 крупных разделов: лингвистика, логика, математика, физика, наука о гражданстве.

Он написал множество трактатов и комментариев к трудам таких великих древних интеллектуалов, как Платон, Аристотель и Гален. Таким образом, Фараби сыграл ключевую роль в ознакомлении восточного и западного научных сообществ с греческой философией, наукой логики и древней культурой [1, с. 28].

Фараби, помимо родного тюркского языка, знал также арабский, персидский, греческий, латынь и санскрит. Он писал свои стихи на арабском языке, который считался духовным и научным языком его времени.

Нет области науки, в которой Аль-Фараби не участвовал или не исследовал бы. Он изучал философию, логику, математику, лингвистику, теорию литературы и др. Опубликовал множество научных работ. Однако многие его работы были выпущены в рукописном виде и постепенно исчезли. Сохранилось лишь несколько списков произведений Фараби. Однако точное количество научных работ неизвестно [2, с. 45].

Опубликован ряд работ Фараби: около 117 немецким ученым Ш. Штейнштейн, турецким ученым А. Атес – 160 и таджикским ученым Б. Гафуров показывают 200 трактат. И эти сохранившиеся научные труды доказывают, что аль-Фараби был энциклопедистом, талантливым литературным критиком и поэтом [3, с. 22].

Аль-Фараби в своих трудах исследует ряд социальных и этических вопросов. Ученый делится своими взглядами на возникновение государства, зарождение неравенства, моральный облик идеального города, нравственные качества, необходимые городским правителям, необходимость сосуществования в обществе, чтобы каждый мог наслаждаться счастьем, и многое другое. Хороший правитель должен быть справедливым, добрым, знающим, любящим добро, ненавидящим зло, храбрым, щедрым, любящим искусство и литературу. Фараби устанавливает такие высокие стандарты для правительства [4, с. 13].

В трудах Абу Наср аль-Фараби подробно изучаются идеи политики, государства, власти и права в средневековой арабской философии. Арабские философы, не обращавшие внимания на различия между политикой, государством и властью, видели в этих понятиях синонимы и предлагали другие варианты политики и политического образования. Для решения политических проблем арабо-мусульманская философия часто основывается на древнегреческой философии, в частности, на взглядах Платона и Аристотеля. Тема исключительного совершенства Главы государства, «главного члена объединения города», являющегося «сердцем» механизма социального организма, является любимой и часто повторяющейся темой в работах аль-Фараби [5, с. 27].

Одним из важных аспектов творчества аль-Фараби является его историко-философский анализ древнего наследия. Особый интерес представляет сравнение учений Платона и Аристотеля, которым он хотел подчеркнуть не их различие, а скорее сходство, схожесть борьбы за истину, известную с разных сторон.

Богатое духовное наследие, оставленное «Вторым Учителем» в дар всему человечеству, получило достаточно глубокое развитие в трудах казахстанских ученых. В связи с фундаментальным характером исследования и достигнутыми результатами на данный момент мы можем с уверенностью говорить об исследованиях Фараби в Казахстане как о сложной науке, которая, уделяя особое внимание личности аль-Фараби, охватывает широкий спектр различных областей знания (философия, логика, история, религиоведение, социология, политология, культурология, этнопсихология, этнопедагогика, литературоведение, искусство, лингвистика, музыка, математика, медицина и др.).

Как указывает профессор М.С. Бурибаев, первые упоминания аль-Фараби на землях Казахстана относятся к XVIII веку и связаны с именем «выдающегося ученого, философа, историка, государственного деятеля и дипломата Казыбек бек Тауасарула (1692–1776)», что «прожив около восьми лет в странах Ближнего Востока, он глубоко изучил и перевел многие произведения аль-Фараби» [6, с. 32]. Многочисленные работы ученых из разных стран Европы, Азии и Америки посвящены изучению отдельных сторон научной деятельности аль-Фараби. В этом смысле особо выделяется вклад ученых из Средней Азии и России советского периода, представителей научных кругов Турции, Ирана и арабских стран.

Для глубокого понимания научных идей Абу Наср аль-Фараби и воссоздания наиболее полной картины степени и состояния их изученности, кажется необходимым постоянно знакомиться со всеми научными исследованиями, связанными с именем средневекового мыслителя.

Привлекательность творчества аль-Фараби заключается не только в том, что он разработал хорошо продуманную общефилософскую систему, но и в том, что впервые основные положения и принципы политиче-

ской философии были четко сформулированы в политические произведения мыслителя. Изучение политической философии аль-Фараби приобретает большую актуальность в контексте независимого развития Казахстана, укрепления демократических реформ, создания правового, светского государства, установления гармонии в нашем обществе. В связи с этим изучение политической философии аль-Фараби, особенно его учения о политике, свободе, счастье, необходимости взаимопомощи между людьми, его призыв к изучению наук, интеллектуальному и нравственному совершенствованию человека и общества, чрезмерно актуализирован. Обретение Республикой Казахстан независимости и связанные с ним общественно-политические реалии вызвали значительные изменения в самосознании общества, вызвали значительный интерес к отечественной истории [7, с. 8].

Необходимо обратиться к духовному наследию прошлого, чтобы извлечь уроки из него, чтобы обновить и улучшить современное общество. Концепция мыслителя о политическом лидерстве, его идеи о добродетельном обществе, о справедливости, равенстве, сохранении мира, предотвращении войн, осуждении несправедливых войн остаются особенно актуальными и сегодня. В связи с этим политическая философия и идеи мыслителя могут стать ценным источником в процессе социализации молодого поколения. В центре философской системы аль-Фараби стоит тема человека, его интеллектуального и морального совершенствования, его стремления к свободе, личного и социального счастья, поисков лучшего будущего человеком. Вопросы о происхождении и функционировании человеческого общества, государства, его типов, форм правления, места и роли права, принципов организации добродетельного государства, а также как качества и свойства, необходимые человеку, наделенному властью (политическому лидеру), которая актуализируется в современных условиях [8, с. 19].

В изучении энциклопедического наследия Фараби в Казахстане можно выделить несколько этапов, на которых был изменен исследовательский акцент и сделан акцент на конкретных аспектах многогранной проблемы философского мировоззрения аль-Фараби, обусловленных исследовательскими интересами и требованиями времени. Принимая во внимание динамику развития истории изучения философского наследия аль-Фараби в Казахстане, можно выделить два исторических периода, существенно различающихся по своему мировоззрению и методологии исследования.

Современная ситуация и новые веяния времени обуславливают необходимость изучения наследия мыслителя в контексте диалога турецких культур и народов. Духовная близость народов Средней Азии, схожесть культурных и духовных традиций делают актуальной проблему изучения роли и значения богатейшего духовного прошлого казахского народа. Этому во многом способствует разработка по инициативе Пре-

зидента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева Государственной программы «Культурное наследие», в рамках которой осуществляются переводы договоров аль-Фараби на казахском языке, в том числе ранее не выпускавшиеся в научном обороте [9, с. 28].

С момента обретения Казахстаном независимости исследование творчества аль-Фараби проводится как в рамках вышеуказанного государства, программ, а также в рамках деятельности различных учреждений, фондов и объединений, а также отдельных представителей творческой и научной интеллигенции. Похоже, что деятельность Института философии и политологии Министерства образования и науки Республики Казахстан известна за пределами республики. Именно на базе этого научного учреждения плодотворно работал творческий коллектив ученых-фарабистов (аль-Машани, А.Х. Касимжанов, А.Н. Нысанбаев, А.Х. Кубесов, М.С. Бурабаев, Г.К. Курмангалиева, А.М. Кенесарин и другие). С 1991 года сотрудниками института подготовлено несколько монографий о наследии аль-Фараби.

И в то же время, как никогда, нам нужно единство – не через унификацию и подавление самобытности и самобытности культур, а, наоборот, через развертывание различий, утверждение национального видения мира. Разве не об этом мечтал аль-Фараби? [10, с. 23].

В 2003 году в Алматы был создан Общественный фонд им. Аль-Фараби, который возглавляет доктор философских наук, профессор Анель Азимхан (дочь известного казахстанского философа А.Х. Касимжанова). Основная цель фонда – поддержка программы изучения и распространения наследия аль-Фараби. В 2006 году вышла книга Азимхана «Философские предложения Аль-Фараби» (Азимхан А., 2006). В 2006 году создан Общественный благотворительный фонд в честь аль-Фараби и Султана Байбарса, президентом которого является СапарИскаков. После последнего визита Президента Республики Казахстан в Сирийскую Арабскую Республику было подписано межправительственное соглашение о строительстве историко-культурного центра аль-Фараби в Дамаске и возведении мавзолея ученого.

Социально-политический и нравственный идеал аль-Фараби можно рассматривать как одну из теоретических моделей, если не рожденных, то по крайней мере мотивированных многочисленными дискуссиями и размышлениями средневековой мысли о проблемах социальной структуры общества. В своем социально-философском учении аль-Фараби отразил «болевые точки», точки напряжения социальных проблем и выразил критическое отношение к политической и правовой реальности своего времени, отражая стремление интеллектуальных слоев общества, если не к освобождению от установок догматической религии, сдерживающей развитие, затем, по крайней мере, попытайтесь указать на ее недостатки и ограничения [11, с. 9].

Этот идеал был найден в виде сообщества людей, существующего как гармоничное целое на основе сотрудничества и взаимопомощи. Согласно целостной позиции аль-Фараби, достижение счастья людьми возможно, если они придут к совместной «согласной жизни», то есть сообществу, основанному на принципах взаимопомощи, взаимопонимания при правильном управлении и воспитании своих граждан.

Аль-Фараби как истинный гуманист отдавал предпочтение методам просвещения, убеждения, мудрого наставничества. Человек, обладая свободой воли и разумом, должен сделать достойный выбор между добром и злом, между невежеством и распутством, с одной стороны и знанием и благочестием, с другой. Подлинная, нравственно ориентированная философия (которая непременно должна быть доведена до умов всех людей) учит жить в соответствии с высшими идеалами добра, истины и красоты. Однако, зная, что души и сознания людей, особенно определенных групп (возрастных или социальных) остаются незрелыми и эгоистично ориентированными, аль Фараби допускает методы принуждения и существование строгих законов и регламентации в обществе.

Центром, фокусирующим и аккумулирующим в себе всю содержательность философии аль-Фараби, является социально-политический идеал [12, с. 8].

Литература

1. Фараби и духовное наследие / Материалы международной научно-теоретической конференции «Аль-Фараби в истории науки и культуры народов Востока». – Алматы, 1994.
2. Розенталь Ф. Торжество знания. – М., 1978.
3. Хайруллаев М.М. Фараби. Эпоха и учение. – Ташкент, 1975.
4. Нысанбаев А.Н. Аль-Фараби и развитие восточной философии. – Астана, 2005.
5. Назарбаев Н.А. Наследие аль-Фараби // Наука и высшая школа Казахстана. – 15 ноября 2003.
6. Алексеева Д. Домой сквозь века // Аргументы и факты (приложение Казахстан). – 2006. – №12.
7. Машанов А. Мир ценностей аль-Фараби и аксиология XXI века. Книга 1. – Алматы, 2006.
8. Философия аль-Фараби и исламская духовность. Авторский коллектив. – Алматы, 2005.
9. Орынбеков М., Алтаев Ж. Мыслители казахской степи (IX–XII вв.). – Алматы, 1995.
10. Аль-Фараби. Социально-этические трактаты. – Алма-Ата, 1973.
11. Конюхов Л.Ф. Аль-Фараби и современный мир. – Усть-Каменогорск, 2005.
12. Чалоян В.К. Восток-Запад: Преемственность в философии античного и средневекового общества. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Наука, 1979.

Б.Ғ. Сәрсенбаева, Ж. Джақудаева, М. Хамитова
Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ҒЫЛЫМ МЕН АҚЫЛ-ОЙ БАЙЛАНЫСЫ ТУРАЛЫ

Андатпа. Мақалада шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің шығармашылығындағы ойлар: ол ғылым және ақыл, егер олар ішкі сеніммен және рухани-адамгершілікті идеалмен мөлшерлес болса, Аллаға, Жаратушыға жақындататын тәсіл деп көрсетуі берілген. Сондықтан да, барлық білім беру үрдісінен руханилық бетбұрыс жасай отырып, барлық білім корпусының жаңа мүмкіндіктерін және көкжиектерін ашып көрсетуіміздің қажеттілігі туынғаны айтылған.

Түйін сөздер: білім беру саласы, педагогикалық парадигма, руханилық, адамшылдық, бағыттылық.

Аннотация. В статье представлены идеи великого восточного мыслителя Абу Насира аль-Фараби: наука и разум как способ приблизиться к Богу-Творцу, если они находятся в гармонии с внутренней верой и духовно-нравственными идеалами. Поэтому настала необходимо совершить духовный рывок во всем образовательном процессе, раскрыть новые возможности и горизонты всего образовательного корпуса.

Ключевые слова: образование, педагогическая парадигма, духовность, человечность, направленность.

Summary. The article presents the ideas of the great oriental thinker Abu Nasir al-Farabi: science and reason as a way to get closer to God the Creator, if they are in harmony with inner faith and spiritual and moral ideals. Therefore, it is necessary to make a spiritual breakthrough in the entire educational process, to reveal new opportunities and horizons for the entire educational corps.

Keywords: education, pedagogical paradigm, spirituality, humanity, orientation.

Инновациялық процестер қоғамдық өмірдің бар қырларын жеделдетіп, және де қоғамдық пен жеке-даралық әлеуметтік-мәдени даму қарқындары арасындағы қарама-қайшылықтарды үдетіп және тереңдете түседі. Адамның әлеммен өзара қатынасы, бір жағынан, мәдениеттің жаһандануы, интеграциясы, екіншіден – рухани жұтаңдаушылық пен азғындау жағдайында тұлғаның адамгершіліктік-рухани қалыптасуының проблемасын өзектендіре түседі [1]. Жаңа әлемдік дәуірдің дүниетанымының қалыптасуы руханилықтың қайта өрлеуіне, жақсылық, махаббат пен мейірімділікке бет бұру қажеттілігімен бірлесе жүреді.

Саяси, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени жағдайлар білім беру саласының даму сипатына әсер етеді. Сонымен қатар әрбір мемлекеттің адамгершіліктік, интеллектілі, экономикалық және мәдени потенциалы білім беру саласындағы мәселелермен тікелей байланысты, өйткені ол тұлғаның әлеуметтенуі мен әлеуметтік-мәдени тәжірибені іске асырушы болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы қазіргі кездегі білім беру еуропалық рационализм дәстүріне бағдарланған. Батыстық педагогикалық парадигмалар мен модельдер білім берудің негізгі міндеті – оқушылардың білім жиынтығын меңгеруі, оларды кәсіби іс-әрекетке дайындау – деп есептейді. Еліміздің әлеуметтік-саяси жүйесінің қайта құрылуы білім беру саласында да күрт өзгерістерді талап етеді. Дегенмен қазіргі кезде әлеуметтену тұрғысынан қарағанда білім беру адамды білімнен танымға – заттар мен құбылыстардың мәнін, олардың табиғаты, әлемдегі орны, даму процестері мен тенденцияларын түсінуге жетелеуі тиіс. Міне, әлемдік өркениет, жеке мемлекет, қоғам, әрбір адам үшін білім берудің басты мәні осында. Психологияның өзгеру қажеттілігін айтқанда, біз, педагогиканың да тереңдей өзгеруін, яғни бүткіл оқу процесінің өзгеруі туралы да айтамыз. Философиялық парадигманың ауысуы міндетті түрде өзімен бірге педагогикалық парадигманың алмасуын да көрсетеді [2].

...Постиндустриалды мәдениет пен постмодернистік тұрғыға сай, интернеттің гипершынайылығы қалыптасатын және де адам ақпараттық, коммуникативті ағымдар тоғысында болатын кезеңде, жаһандану мен экономикалық және білім беру құрылымдарының интеграциялық процестері қарқындала түсуде. Осындай әлемде өзара түсіністік, рухани келісім, бірліктің жаңа пішімдері мен «күш көрсетпеушіліктің синтезіне» деген қабілеттілік маңызды бола түседі. Қазақстандағы білім, педагогика, психология ғылымдары сырттай көріністер мен жаңа технологиялар, инновацияларды үндеумен ғана шектелмеуі керек. Ең басты маңызды инновация іске асырылуы қажет: философиялық, дүниетанымдық ұстанымдарды қайта ұғыну, философиялық материализмнен руханилықтың басымдылығын бекітетін философияға бағытталу керек. Шығыстың бірінші ұстазы әл-Фараби айтқандай, қайырымды қала, универсумның қажетті құрушысы, сондықтан да мінсіз және бақытты қоғам құруға қажетті қағидаларды білу үшін, осы қоғам енетін тұтастықтың қағидалары мен заңдарын білу қажет. Егер тарихи тұрғыда шығыс мәдениеттерінде екінші – руханилық және адамшылдыққа бағыттылық басым болса, ал батыс дәстүрінде бірінші бағыт – прагматикаға, сәттілікке, өмірлік маңызды нәтижеге, кәсіби білімге, ғылымға бағыттылық жоғарылау болды [3]. Қазіргі уақытта, бірегей планетарлық адамшылдық пен әлем мәдениеті қалыптасып жатқан жағдайда, осы екі бағыттың өзара қатынасын өзгерту қажеттілігі туындап отыр: басымдылық (доминанта), руханилық және адамшылық бағытымен байланысты және дәл осы руханилықтың өсуімен, басқа бағытқа әсер ету, оны руханиландыру, басымдылық үшін «позитивті» білімді құтқару біліміне айналдыру үміті пайда болды. Әрине, білім адамның тек ішкі рухани өміріне шоғырланбайды, дегенмен ол «нанды қалай табу керек» дегенге ғана оқытумен шектелінбейді. Ол, сөзсіз, білім негізіне, жоғары кәсіби білімді талап ететін постиндустриалды

ақпараттық қоғамның күрделі жүйесінде бағытталу, іскерлігін меңгеруге, және іс-әрекеттің басқа да бағдарламалары мен тәртіптеріне тез ауыса білуге үйретуі керек. Егер де білім бұл міндеттен бас тартса, ол өзінің әлеуметті миссиясын, индивидтің әлеуметтенуін, және әлеуметтік-мәдени тәжірибені тасымалдауды орындай алмайды. Адамдағы руханилықтың өсуіне мән бере отырып, оның әлеуметтік әлемін де руханиландыру керек, руханилықты болмыс тәсілдері мен типтеріне де телу, табиғи және әлеуметтік тарихи әлемді жарқындандыру керек. Бүгінгі таңдағы технологиялар, коммуникативті және ақпараттық жүйелер өмір құпиясына енетін адамды клондау мен гендік инженерияның ғажайып мүмкіндіктері, жаһандану, барлық осы керемет ғылыми нәтижелер рухани-адамгершіліктік инстанциясының бақылауында болуы керек. Тек осы жағдайда ғана ғылым және техника өзінің мәнін анықтап, және де «болмыстың шынайылық жолына» айналады. Бұл ойды Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің шығармашылығымен бекітуге болады: ол ғылым және ақыл, егер олар ішкі сеніммен және рухани-адамгершілікті идеалмен мөлшерлес болса, Аллаға, Жаратушыға жақындататын тәсіл деп көрсетті [4]. Сондықтан да, барлық білім беру үрдісінен руханилық бетбұрыс жасай отырып, барлық білім корпусының жаңа мүмкіндіктерін және көкжиектерін ашып көрсетуіміздің қажеттілігі туындады.

Әдебиеттер

1. Тарихи тұлғалар. Танымдық – көршілік басылым. – Алматы: «Алматы кітап» ЖШС, 2005. – 368 бет.
2. Ақиқатты тани біл. Ғибрат толғамдары / құраст. А. Сейтқанов. – Алматы, 2004. – 320 бет.
3. Алтаев Ж. т.б. Философия және мәдениет тану: Оқу құралы. – Алматы: Литера, 2001. – 272 бет.
4. Аль-Фараби. Социально-этические трактаты. – Алма-Ата, 1973.

Б.Ғ. Сәрсенбаева, Ә. Асан, Қ. Беспаева

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

ӘЛЬ-ФАРАБИДІҢ АДАМИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Андатпа. Мақалада педагогикалық ойдың қалыптасуы мен дамуындағы маңызды Орта Азия ойшылдарының рөлі көрсетілген. Ғасырлар бойы Шығыстың да, Батыстың да ойшылдары әлеуметтік және жалпыадамзаттық құндылықтардың арақатынасының проблемаларын қарастырып отырғаны, мақалада айқындалады. Орта Азияның көрнекті ғалымы Шығыстың ортағасырлық философиясының негізін қалаушы болып саналатын Әл-Фараби Әбу-Насыр (870–950) тұлға тәрбиесі туралы ғылымның қалыптасуына үлкен үлес қосқаны аталады. Ортағасырлық ойшылдардың кейінгі ұрпақтардың ғылыми ойларымен жетілдірілген және

байытылған педагогикалық идеялары қазіргі заманғы жеке тұлғаны тәрбиелеу мен тәрбиелеу әдістерін, бағыттары мен принциптерін дамытудың негізін құрайтын қазіргі заманғы педагогикалық тұжырымдамаларда көрініс табатыны айтылады.

Түйін сөздер: жалпыадамзаттық құндылықтар, адамгершіліктік, руханилық, педагогикалық процес, өзіндік сана-сезім.

Аннотация. В данной статье подчеркивается роль выдающихся мыслителей Центральной Азии в формировании и развитии педагогической мысли. В статье показано, что на протяжении веков мыслители как Востока, так и Запада рассматривали соотношение социальных и общечеловеческих ценностей. Аль-Фараби Абу-Наср (870–950), выдающийся центральноазиатский ученый и основоположник средневековой философии Востока, был отмечен большим вкладом в формирование науки о воспитании личности. Отмечается, что это отражено в современных педагогических концепциях.

Ключевые слова: общечеловеческие ценности, мораль, духовность, педагогический процесс, самосознание.

Summary. This article highlights the role of prominent thinkers of Central Asia in the formation and development of pedagogical thought. The article shows that over the centuries, thinkers of both the East and the West have considered the relationship between social and human values. Al-Farabi Abu-Nasr (870-950), an outstanding Central Asian scholar and founder of medieval philosophy of the East, was noted for his great contribution to the formation of the science of personality education. It is noted that this is reflected in modern pedagogical concepts.

Keywords: universal values, morality, spirituality, pedagogical process, self-awareness.

Қазіргі заманғы педагогика ғылымы көптеген мыңжылдықтар бойына әлемдік өркениеттер жинақтаған педагогикалық тәрбие мен білім берудің орасан зор тәжірибесін біріктіреді. Педагогикалық ойдың қалыптасуы мен дамуындағы маңызды рөл Орта Азия ойшылдарына лайықты түрде жүктелген. Орта Азияда педагогика ғылымының қалыптасу ерекшеліктеріне моңғолдан кейінгі кезеңде кеңінен таралған түркімен тайпаларының исламдануы үлкен әсер етті. Бұл жерлерде Құран мектептері, яғни білім беру дінмен тікелей байланысты мектептер мен медреселер құрыла бастады. Балаларды 6 жасынан бастап мектептерге жіберу керек, сондықтан олар 14 жасқа дейін бастауыш білім алады деп сенген. Орта білім беру мамандандыру кезеңі болды, бұл кезде мектеп оқушылары баланың әлеуметтік мәртебесіне қарамастан болашақ жұмысында пайдалы болатын практикалық дағдыларды игеруі керек болатын. Араб тілі білім беру мекемесінде оқыту тілі болды. Оқу әдебиетінің көп бөлігін Орталық Азияның ғалымдары мен ұлы ойшылдары жазды. Осы кезеңдегі оқу-педагогикалық процестің ерекшеліктерін түсіну үшін Орталық Азияның көрнекті ғалымның қызметін қарастырайық. Ғасырлар бойы Шығыстың да, Батыстың да ойшылдары әлеуметтік және жалпыадамзаттық құндылықтардың арақатынасының проблемаларын қарастырып отырған [1].

Тұлғаның адамгершіліктік-рухани қалыптасуы білім берудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Руханилық, бұл – адам және адамзаттың шабытты-сезімдік жағы, адамдардың ойлауы мен өмір әрекетінің ерекше бейнесі, ол ең алдымен материалдық емес құндылықтардың басымдылығына және де адамның түрлі өнер, әдебиет, поэзия, философияны дамытудағы рөліне негізделген. Руханилық – адам өмірінің керемет қырларының бірі, бірақ адамның рухани әрекетінің өзіндік бағыттылығы болады, ол адамгершіліктікпен анықталады.

Адамгершіліктік – адамның жалпы дамуының, оның үйлесімділігі мен жетілгендігінің, ақылы мен мінезінің дамығандығының көрсеткіші. Адамгершіліктік адам қоғамындағы бүкіл құбылыстар мен процестерді жандандырып, адами қасиеттермен иелендіретін, қоғам өмірінің дінгегі болып табылады.

Біртұтас педагогикалық процестің мазмұнын анықтаудың әдіснамалық негізінде дүниетанымдық мәселелерде ғылым мен діннің ортақ тұрғылары, рух, жан және адам тәні арасындағы қатынасты танып түсіну, адам болмысының тұтастылығын танып түсінудегі жаңа стратегияның ұстанымдары, соның ішінде, руханилық пен тәндік құрылымы жатыр. Осылар қазіргі білім беру мен тәрбиенің сипатын: біртұтас рух, жан және тән бірлестігі, микро және макроғарыштың үйлесімділік қағидасына негізделгенін анықтайды.

Философиялық парадигманы өзгерту міндетті түрде психология және педагогика ғылымдарының парадигмасын, мәнділіктің тереңдік түсінілуін, Қазақстандағы білім берудің міндеті мен мақсаттарын да өзгертеді. Бағдарлама адами білімдер (философия, психология, дінтану, мәдениеттану, әлеуметтану, саясаттану, тарих, әдебиет) және табиғи білімдерді (биология, физика, астрономия) біріктіреді [2].

Адам жаны – бастапқы құндылық, ол махаббат пен мейірімділік сәулесіне бөленген, сол сәулені қоршаған әлемге төге отырып, агрессиялық, қанды қақтығыстар, лаңкестікті, күш көрсету, жек көрушілікті тоқтатуға бағытталған.

Өзіндік сана-сезім әрқашанда этникалық аспектіні көрсетеді, сондықтан да адамның адамгершіліктік-рухани қалыптасуы тәрбиенің этно-әлеуметтік-рөлдік тұрғысында іске асырылуы керек.

Әрбір адам өз дамуында этнос өкілі ретінде этникаланудың бірнеше деңгейінен өтеді. Тұлғаның этнос субъекті ретіндегі үйлесімді дамуының көрсеткіші – оның өз жасы мен жынысына сәйкесті, диалектикалық бірлікте этноәлеуметтік рөлдерді игеруі болып табылады.

Руханилықтың басымдылығы оқытудың мазмұнын, әдістері мен тәсілдерін таңдауды да анықтайды. Дәстүрлі білім беру жүйесінде – білім беру, оның игерілуін бақылау негізгісі еді.

Алайда, құндылықтар мазмұнына адамның мінез бітістері, моральды ережелердің тізбегі ретінде қарауға болмайды. Адами

құндылық – жалған ұғым емес, ол адамда оянған руханилықтың жарығымен сәулеленуі тиіс. Орта Азияның көрнекті ғалымы Шығыстың ортағасырлық философиясының негізін қалаушы болып саналатын әл-Фараби Әбу-Наср (870–950) тұлға тәрбиесі туралы ғылымның қалыптасуына үлкен үлес қосты. Бұл кезде педагогика әлі тәуелсіз ғылым ретінде көзге түсе алмады, этика мен бірге ол саяси (азаматтық) ғылымға кірді. Әл-Фараби білім беруді «халықтар мен қалалардың теориялық ізгіліктерін сыйлау» деп, ал білім беруді «қалаларға этикалық ізгіліктер мен өнер сыйлау» процесі ретінде қарастырды. «Бақыт» ұғымы оның педагогикасының негізгі категорияларының бірі. Фараби жаман қылықтар адамға бақытсыздық әкелетініне сенімді болды, осыған байланысты білім берудің міндеті – жағымды қасиеттердің дамуына ықпал ету және жағымсыз мінездерді жою. Сонымен қатар, Фараби мұғалімнің кәсіби қасиеттерін қарастырады. Оның пікірінше, мұғалім бірқатар жақсы қасиеттерге ие болуы керек, атап айтқанда: есте сақтау қабілеті, батылдық, әділеттілік, дамыған логика, байқағыштық, ашкөздіктен аулақ болу, шындық пен білімге деген сүйіспеншілік, ақшаға немқұрайлы қарау және дүниелік өмірдің басқа да артықшылықтары [3]. Жоғарыда келтірілген фактілерге сүйене отырып, Орталық Азия философтары тәуелсіз, креативті, діндар, еңбекқор тұлғаны қалыптастыруға ұмтылды деген қорытынды жасауға болады. Шығыс ойшылдарының басты идеясы – бұл рухани дамуға, парасат, сана, интеллект, ойлау қабілеттерін жетілдіруге алып келетін ең жақсы адамгершілік қасиеттерді дамытуға ықпал ететін ғылыми білім мен еңбек. Қорытындылай келе, ортағасырлық ойшылдардың кейінгі ұрпақтардың ғылыми ойларымен жетілдірілген және байытылған педагогикалық идеялары қазіргі заманғы жеке тұлғаны тәрбиелеу мен тәрбиелеу әдістерін, бағыттары мен принциптерін дамытудың негізін құрайтын қазіргі заманғы педагогикалық тұжырымдамаларда көрініс табатынын атап өтеміз.

Әдебиеттер

1. Тарихи тұлғалар. Танымдық – көршілік басылым. – Алматы^ «Алматы кітап» ЖШС, 2005/ – 368 бет/
2. Ақиқатты тани біл. Ғибрат толғамдары / құраст. А. Сейтқанов. – Алматы, 2004. – 320 бет/
3. Аль-Фараби. Социально-этические трактаты. – Алма-Ата, 1973/

*З.Ш. Шавалиева, Г.И. Жумажанова,
Р.С. Мустафина, Қ. Анарметов
Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.*

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Андатпа. Мақалада әл-Фарабидің философиялық-педагогикалық және әлеуметтік-этикалық мұрасындағы рухани-адамгершілік ізгіліктік құндылықтар жүйесі ашып көрсетілген. Ғалымның рухани-адамгершілік мәселелері бойынша идеялары жүйеленген. Бұл идеялар «қайырымды қала», «интеллектуалдық қайырымдылық», «этникалық қайырымдылық», «әдіснама», «дидактика», «психология», «тәрбие», «әдістеме», «үйрету», «ақыл», «парасат», «бақыт» сияқты негізгі ұғымдармен сипатталған. Әл-Фарабидің педагогикалық мұрасы заманауи ғылым философиясы тұрғысынан зерделенді.

Түйін сөздер: педагогика, әдіснама, тұжырымдама, дүниеге көзқарас, зерттеуші, дидактика, оқыту, үйрету, тәрбиелеу, ақыл, бақыт, пайым, парасат, мұғалім, каллиграфия, музыка, психология, қайырымдылық, мұра.

Аннотация. В статье раскрывается педагогическая система, основанная на духовно-нравственных добродетельных ценностях в философско-педагогическом и социально-этическом наследии Абу Насыра аль-Фараби. Систематизированы идеи ученого по вопросам методологии педагогики, дидактики, воспитания, психологии и методики. Эти идеи проиллюстрированы основными категориями, такими как «добродетельный город», «интеллектуальная добродетельность», «этническая добродетельность», «методология», «дидактика», «психология», «воспитание», «методика», «научение», «разум», «рассудительность», «счастье». Педагогическое наследие аль-Фараби рассматривается с позиций философии как науки современности.

Ключевые слова: педагогика, методология, концепция, мировоззрение, исследователь, дидактика, обучение, научение, воспитание, ум, счастье, разум, рассудительность, учитель, каллиграфия, музыка, психология, добродетельность, наследие.

Summary. The pedagogical system based on spiritual and moral virtuous values in the philosophical, pedagogical and socio-ethical heritage of Abu Nasir al-Farabi is revealed in the article. The ideas of the scientist on the methodology of pedagogy, didactics, education, psychology and methodology are systematized. These ideas are illustrated by the main categories such as «virtuous city», «intellectual virtue», «ethnic virtue», «methodology», «didactics», «psychology», «education», «method», «learning», «reason», «prudence», «happiness». The pedagogical heritage of al-Farabi is considered from the standpoint of the philosophy of modern science.

Keywords: pedagogy, methodology, concept, worldview, researcher, didactics, teaching, learning, education, mind, happiness, reason, judgment, teacher, calligraphy, music, psychology, virtue, heritage.

Қазақ педагогикасының өзіндік төл ерекшелігі оның ізгілендіру мен парасаттылықты, адамгершілік пен адами құндылықтарды жоғары қоятын бай халықтық педагогикалық мұраларымен айрықша орын алады. Қазақтың болмысы түрлі мәдениеттің тоғысында қалыптасқан, ал

қазақ педагогикасы рухани мәдениет дамуының қалыптасқан белгілі бір бағдары, деңгейі болып табылады.

Қазақстандағы педагогика ғылымы қазақтың ұлттық рухы, тілі, тарихы, мәдениеті, менталитеті мен тәрбие жүйесінің қалыптасуы мен даму тарихын, әлемдік мәдениеттің жетістіктерін, жалпы адамзаттық тәрбие тарихын тұжырымдау негізінде қазақтың тәрбие тәжірибесін әлемдік педагогикаға танытатын ғылым болуы тиіс. Бұл мақсат заманауи тәуелсіз Қазақстан жағдайында халықтың рухани ахуалына, ұлттық болмысына сай қазақ педагогикасының әдіснамасын жасауды қажет етеді. Педагогика ғылымының әдіснамасы философия заңдылықтарына сүйенетіні белгілі. Ғылым және білім беру философиясы педагогикаға тәрбиенің мағынасы мен мақсатын анықтауға, адамзат болмысы мен ойлауының қағидаларын дұрыс түсінуге көмектеседі, қоғамдағы өзгерістер туралы пайымдауларды ұсына отырып, тәрбиенің әдіснамалық тұғырларын нақтылай түседі. Философия табиғат пен қоғам дамуының жалпы заңдарын, өмір шындығын танып білу жөніндегі көзқарастың негізгі жүйесі ретінде адамды күшті идеялық сенімге, айқын ұғына білушілікке тәрбиелейді. Педагогика материалистік диалектиканың негізгі заңдарын, категорияларын, тұғырларын, ұстанымдарын, әдістерін білім беру және зерттеу үдерістерінде шығармашылықпен пайдалануды көздейді [1,152 б.].

Соңғы отыз жылдықта педагогика мен психология саласындағы тарихшы ғалымдар философтардың «Қазақстанда бүгін ең көкейкесті философиялық тақырып көшпелі өркениеттің дүниетанымдық сансалалығы мен философиялық ой түйіндеуінің шығыстық ерекшеліктерін және ғылымның шығыстық әдіснамасын тұтас тұжырымдамалық тұрғыдан саналы түрде ой елегінен өткізу болып табылады» деген пікірін басшылыққа алуда. Әрбір халық «өз тарихын, философиясын білмейінше және оған белгілі бір көзқараста болмайынша, ешқандай мәдениеттің дамуы мүмкін емес» – деген болатын Л.Н. Гумилев.

Қазақ педагогика ғылымының қалыптасуын зерттеу барысында тарихи-педагогикалық танымның әдіснамасы мен тарихи-педагогикалық ілімнің құрылымы сияқты екі талапты орындауға тиіс. Олай дейтініміз, ұлттық ұстаным – халқымыздың ұрпақ тәрбиелеудегі мол тәжірибесін, педагогикалық ілімін пайдалануды, оның өсіп-өркендеп дамуын жүзеге асыру. Мұның өзі қазақ педагогика ғылымын өз деңгейіне көтеру, оның әлемдік педагогикадағы орнын айқындау және ұлттық тұжырымдамасын жасау міндеттерін алға қояды. Түркі тектес халықтардың барлығына ортақ алғашқы педагогикалық ой-пікірлердің дамуы VI–IX ғасырлардан бастау алады, бұл қоғамдық сананың алғаш дүниеге келу кезеңі (Орхон-Енисей жазу ескерткіштері, Қорқыт ата тағылымдары, т.б.) болып табылады. Орхон-Енисей ескерткіштерінен кейін түркі тектес халықтардың алғашқы педагогикалық ой-пікірлерінің дамуы Қорқыт есімімен байланысты. «Қорқыт ата кітабында» сол дәуірдегі түркі тектес

халықтардың тәлім-тәрбиелік ойпікірлерінің өзіндік ерекшелігін айқындайтын педагогикалық туынды екендігін білдіреді. Адамзат тарихында ұрпаққа тәрбие берудің жалпы адамзаттық идеяларын жүзеге асырып, жаңа педагогикалық жүйенің қалыптасуында өз заманында Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атанған әлемге әйгілі ойшыл, ғұлама ғалым, ұлттың ұлы кемеңгері Әбу Насыр әл-Фарабидің алатын орны ерекше [2, 225 бет.].

Белгілі тарихи жағдайларда ғана көрініп және жойылып отыратын басқа қоғамдық құбылыстарға қарағанда тәрбиенің мәңгібақи категория қатарына жататындығы ғылымда әбден нақтыланған. Сонау Орта ғасырларда адамзат ілімінің молайып, ақыл – парасатының жетілуін, оқу-ағартудың қажеттілігін айтып, білім алудың маңызын анықтауда орасан зор еңбек сіңірген ғұламалардың бірі, еңбек тәрбиесінің және оның теориясын жасаушылардың бірегейі Әбу Насыр Әл-Фараби екені мәлім.

Әл-Фараби тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің теориясы ғылымға негізделуі қажет деп санады. Ол ғылымды тарихи үрдіс деп түсініп, ғылым жүйелі түрде құрылған білімнің жоғарғы формасы деген анықтама берген. Фараби өмір сүрген дәуірде педагогика ұғымы болмағаны белгілі. Алайда ол оқу-ағарту мен тәрбие туралы, еңбек мәдениеті туралы ілім жасады. Еңбектің өзі-өнер. Ал еңбек тәрбиесі сол өнерден туындайды, әрбір адамды еңбекке баулиды, еңбек шеберлігіне үйретеді. Олардың еңбек ету дағдысын қалыптастырады, – деген болатын Фараби. Ол еңбек өмір сүрудің негізі, адамзат тіршілігінің мәңгілік, табиғи шарты деп қарастырды. Адам еңбегі бағытталған нәрсенің бәрі еңбек заттары деп аталады. Оның еңбек туралы бұл тұжырымдарын күні бүгінге дейін жалғастырып келе жатқан ғалымдар бар.

Еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда ол Аристотель негізін салған теорияның анықтамасына сүйенеді. Демек, ол қандайда болсын құбылысты түсіндіруге бағытталған ұғымның, идеяның, белгілі бір саласының мәнді байланыстары мен заңдылықтары жөнінде толық түсінік беретін ғылыми білімді қорытудың ең жоғарғы формасы деген қағиданы ұдайы басшылыққа алған Фараби еңбек тәрбиесінің теориясын «Өзінің ішкі құрылымы жағынан бір-бірімен логикалы байланыста болатын біртұтас білім жүйесін құрайды» – деп тұжырымдайды [3, 447 б.].

Педагогикалық тұрғыда қарастырсақ, бұл тұжырым – «оқушыларға саналы тәртіп, сапалы білім беру, пайдалы қоғамдық еңбекке баулу» деген сөз. Фараби еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда еркін еңбектің адамның жан-жақты дамуы үшін маңызы зор екенін атап көрсетеді.

Фараби «еңбек ету, сапалы болу, адамгершілік, ақылдылық табиғаттан туындауы қажет» деген ғылыми тұжырым жасады. Фараби адамды табиғат, адам, жер бетіндегі тірі организмдер дамуының ең жоғары сатысына көтерілген, еңбек құралдарын жасап, оларды өз қажетіне жарата білген, түсінікті сөз сөйлей білетін саналы ортаның мүшесі дейді.

Адам туралы материалистік бағытты ұсынған Фараби адам еңбек ету нәтижесінде жоғары сатыға көтерілетінін алға тартады.

Әл-Фараби тәрбие үрдісінде «Қатты әдіс» пен «Жұмсақ әдісті» ұштастыруды талап етеді. Ол оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарын жеке-жеке анықтап кеткен. Қазіргі тәрбие үрдісі тұрғысынан қарағанда «қатты әдіс» деп отырғаны жазалау, ал «жұмсақ әдіс» деп отырғаны-мадақтау. Демек, Фараби педагогикалық ықпал ету әдістерін алғаш ұсынған, оның тиімділігін дәлелдеп кеткен ғалым. Фарабиден қалған ғылыми еңбектің саны жүзден астам. Сол еңбектерді ғылымдар саласына бөлсек, олар мыналар: математика, логика, музыка, астрономия, дәрігерлік, лингвистика, поэзия-риторика, педагогика, т.б. (Фараби заманында бұлар ағартушылық ғылым деп аталған.) Оның пікірінше, оқу, тәрбие, білім алу, еңбек ету, ғылым адамы болу адамгершілік және еңбек тәрбиесіне тығыз байланысты. Фараби ең алғаш еңбекті, таза еңбекті, адал еңбекті тәрбиенің алғышарты етіп алады. «Тәрбиені неден бастау керек», Философия-меңгеру, білім-тәрбие алу, еңбекке үйрену, философияны меңгеру тәрбие әдістеріне байланысты екенін ғылыми тұрғыда дәлелдейді. Осы негізде ол оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарын жеке-жеке анықтайды. «Ғылымдар тізбегі», «Ғылымдардың шығуы» еңбектерінде ғылымдарды үйрену, үйрету реттерін белгілейді және тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің тарихи тағылымын, үлгісін болашақ ұрпаққа өнеге, тәлім етіп қалдырады [4, 241 б.].

Ғұлама ғалым планетамыздағы халықтар бір-бірінен үш ерекшелігі арқылы ажыратылады дейді. Бұл айтқандарға әрбір халықтың табиғи әдет-ғұрпы мен салт-санасы, мінез бітімі мен тіл ерекшеліктері жатады. Әл-Фарабидің педагогика ғылымының негізін салушы екендігін оның еңбектерінде қарастырылған педагогикалық ұғымдардың анықтамалары неғұрлым нақтылай түседі. Педагогикалық ойлардың тарихында әл-Фараби оқыту теориясын жүйе ретінде анықтауға «Ұлы дидактиканы» ұсынған Я.А. Коменскийден алты жүз жыл бұрын жасады деуге толық негіз бар. Әл-Фараби өз заманындағы ғылымдарды қандай ретпен, қандай мазмұнда, қандай әдістермен оқу, оқыту қажеттілігін шешіп беруді ойластырған. Маңызды педагогикалық мәселелерді шешуге арналған еңбегі «Ғылымдар классификациясы» Шығыс және Батыс елдерінде мәлім болып, 500 жыл бойы мектептерде ғылым негіздері жөнінен негізгі бағдарламалық жетекші құрал болды.

Әл-Фараби мұғалімнің қызметтерін мемлекетті парасатты басқарушының қызметтерімен қатар қойды, себебі мұғалім келешекте қоғамның бақыты тәуелді болатын өскелең ұрпақтың тәрбиесі үшін жауапкершілікті арқалайтын еді. Ғұлама қайырымсыз қалалардың болуы шын мәніндегі білімді мұғалімнің болмауы мен парасаттылардың, ғалымдардың, философтардың жоқтығынан деп санады [5, 71 б.]. Әл-Фараби мұғалімге баланы жазаламау керек, керісінше мадақтау қажет деді. Мұғалімге оқушыны тыңдау, түсіндіру әдістерін ұсынды. Демек,

әл-Фарабидің ұсынған оқыту жүйесі, оқыту әдістері оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік туғызады. Оқытуда қарапайымнан күрделіге жылжу, оқушылардың білім алудағы жеке ерекшеліктерін ескеру, жүйелілікті, бірізділікті сақтау, аса қатаң болмау сияқты идеялар бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған өміршең ойлар болды.

Әбу-Насыр әл-Фараби орасан зор маңызы бар ғылыми мұра қалдырды, оның ғылыми көкжиегінің кеңдігі, батыл идеялары, әмбебап ғұламалығы әлі де аса өзекті. Әл-Фараби дидактикасы «оқытудың мақсаты», «оқытудың түпкі мақсаты», «дидактиканың негізгі ұғымдары», «оқыту ұстанымдары», «ұстаз бойындағы қасиеттер» сияқты ұғымдар қатарын қамтиды. Соңғы отыз жылдықта өз зерттеу бағытыма байланысты педагогиканың әдіснамасы мәселелерін зерделеген кезде әл-Фарабидің зерттеушіге қойған талаптарын, ғылым классификациясын, тәрбие мен білім, досгерлік пен үнемшілдік, рақат пен азап, үнемшілдік пен ысырапшылдық, қайырымдылық, бақытқа жету туралы ойларын өтілетін тақырып аясында пайдаланып жүрміз.

Педагогиканың философиясы мен әдіснамасын оқып-үйрену барысында әуелі осы саладағы ғалымдардың қауымдастығымен, ғылыми мектептермен, яғни ғалымдардың педагогиканың түрлі салаларынан зерттеу жүргізе отырып, педагогиканың философиясы мен әдіснамасын, педагогикалық зерттеулер әдіснамасы мен әдістерін пайымдау жолдарын, білім алу маршруттарын өзекті мәселеге сәйкес түсініп, ұғынуына зер саламыз.

Әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамаларының өміршеңдігі оның заманауи педагогикаға қажет идеялары ғылым мен білім беру философиясына, педагогика мен психологияның пәндік-теориялық матрицасына, білім беру идеалына, зияткерлікке, көптілділікке, тәрбие парасаттылығына бағдарланған. Бұлар бүгінгі күні университеттің педагогика жоғары мектебіндегі «Педагогика», «Педагогикалық психология», «Әлеуметтік педагогика», «Өзін-өзі тану», «Тәрбие теориясы мен әдістемесі» сияқты базалық пәндерді оқыту барысында кеңінен пайдаланылуда.

Әл-Фарабидің педагогикалық мұрасы – гуманистік құндылықтардың жарқын туындысы.

Әдебиеттер

1. Көбесов А. Әбу Насыр әл-Фараби. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 176 бет.
2. Абу Насыр Аль-Фараби. Добродетельный город: Философские трактаты. – Алматы: Международный клуб Абая, 2014. – 504 с.
3. Әл-Фараби. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары. Азаматтық саясат. Бақытқа жол сілтеу. Бақытқа жету жайында / «Бағзы замандардан бүгінгі күнге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасы». Жиырма томдық: «Әл-Фараби философиясы». – Астана: Аударма, 2006. – 2 Т. – 507 бет.

4. Сарбасова Қ.А. Қазіргі қазақ педагогикасының негіздері: монография. – Алматы: Білім, 2008. – 243 бет.

5. Бейсенов А. Әл-Фарабидің тұжырымдары // Ақиқат. – 2006. – №6. – 70–73 б.

*Ж.А. Усина, А.А. Усина,
А.А. Сыздықов, С.В. Комисар
Павлодарский педагогический университет*

ВЛИЯНИЕ ИДЕЙ АЛЬ-ФАРАБИ НА РАЗВИТИЕ СРЕДНЕВЕКОВОЙ МУСУЛЬМАНСКОЙ И ЕВРОПЕЙСКОЙ ФИЛОСОФИИ

Аннотация. В истории исламской философии Абу Наср аль-Фараби является первым ученым, создавшим системное философское учение, основателем таких отраслей науки, как логика, метафизика, философия политики, музыка, в настоящее время о нем мало работ, опубликованных на европейских языках. В европейской литературе по средневековой арабо-мусульманской философии в большинстве трудов уделяется внимание таким мыслителям, как аль-Кинди, ибн Сина, Ибн Рушд, ибн Туфейль и др. К примеру, аль-Кинди указан как основоположник «восточного перипатетизма», Ибн Сину хорошо знают, как создателя теории эманации и знатока медицины, а ибн Рушда – как основателя теории «двойственности истины». Но любой человек, знакомый с философией аль-Фараби, не будет сомневаться в том, что аль-Фараби заслуживает каждого из вышеуказанных званий.

Ключевые слова. Абу Наср аль-Фараби, философское учение, арабо-мусульманская философия, средневековая философия, идеи.

Андатпа. Ислам философиясы тарихында Әбу Насыр Әл-Фараби жүйелі философиялық ілім жасаған алғашқы ғалым, логика, метафизика, саясат философиясы, музыка сияқты ғылым салаларының негізін қалаушы болып табылады, қазіргі уақытта ол туралы еуропа тілдерінде жарияланған еңбектер аз. Ортағасырлық араб-мұсылман философиясы бойынша Еуропа әдебиетінде көптеген еңбектерде әл-Кинди, ибн Сина, Ибн Рушд, ибн Туфейл және т. б. ойшылдарға назар аударылады. Мысалы, Әл-Кинди «Шығыс перипатетизмінің» негізін қалаушы ретінде аталған, Ибн Сина эманация теориясының негізін қалаушы және медицина білгірі, ал ибн Рушда «шындықтың қосарлануы» теориясының негізін қалаушы ретінде танымал. Бірақ Әл-Фараби философиясымен таныс кез келген адам әл-Фарабидің жоғарыда аталған атақтардың әрқайсысына лайық екендігіне күмән келтірмейді.

Түйін сөздер: Әбу Насыр Әл-Фараби, философиялық ілім, араб-мұсылман философиясы, ортағасырлық философия, идеялар.

Summary. In the history of Islamic philosophy, Abu Nasr al-Farabi is the first scientist to create a systematic philosophical doctrine, the founder of such branches of science as logic, metaphysics, philosophy of politics, and music. currently, there are few works published about him in European languages. In European literature on medieval Arab-Muslim philosophy, most works focus on such thinkers as al-Kindi, Ibn Sina, Ibn Rushd, Ibn Tufail, and others. For example, al-Kindi is listed as the founder of «Eastern peripatetism», Ibn Sina is well known as the Creator of the theory of emanation and an

expert in medicine, and Ibn Rushd – as the founder of the theory of «duality of truth». But anyone familiar with al-Farabi's philosophy will have no doubt that al-Farabi deserves each of the above titles.

Keywords: Abu Nasr al-Farabi, philosophical teaching, Arab-Muslim philosophy, medieval philosophy, ideas.

Когда идет речь об основателях арабо-мусульманской философии, первым обычно упоминается имя Абу Якуба аль-Кинди. Его наследие охватывает почти все важные научные области того времени, начиная от астрономии до психологии, физики и метафизики. Но из дошедших до нас его считанных трудов очень трудно найти ответы на важные вопросы и споры того времени. Хотя аль-Кинди заслуженно занимает место первого арабского философа в истории философии, надо признать, что его философия не была системной. Абу Наср аль-Фараби, как и аль-Кинди, охватил много областей знания и первым в истории ислама создал единую философскую систему.

Он на основе метафизики и космологии Плотина и Прокла создал теорию эманации, до этого не рассматривавшуюся в исламской философии, и заложил основы мусульманского неоплатонизма. Кроме того, на основе «Государства» Платона аль-Фараби написал один из первых в мусульманском мире политических трактатов – «Трактат о взглядах жителей добродетельного города».

Он сумел связать античную и исламскую философии. Только через труды аль-Фараби известные средневековые мыслители могли правильно понять и оценить философские воззрения Платона и Аристотеля. По мнению французского философа Этьена Жильсона, не изучив труды средневековых исламских философов аль-Кинди, аль-Фараби, Ибн Сины, невозможно понять труды Фомы Аквинского, Дунса Скота и других европейских философов. Работы аль-Фараби имели непосредственное влияние на развитие процесса средневекового европейского возрождения.

Он был прекрасным логиком, написавшим комментарии и сумевшим превосходно объяснить «Органон» Аристотеля, являющийся источником всех его логических идей. Но, несмотря на это, на Западе не было уделено достаточного внимания логике аль-Фараби. Первая монография об аль-Фараби в Европе была издана лишь в конце XIX века, в 1889 году немецким ученым М. Штейншнейдером. В 1890 году Ф. Дитерицием был выпущен сборник трудов аль-Фараби на немецком языке. В 1934 году в Париже была издана работа франкоязычного арабского ученого Ибрахима Мадкура *La Place d'al-Farabi dans l'école philosophique Arabe*. Все указанные работы, хотя и давали Европе первоначальные сведения об аль-Фараби, были еще недостаточны для глубокого ознакомления с его логикой, метафизикой, общей философией. Можно особо отметить работы М. Махди и Д.М. Данлопа, которые отдельно рассмотрели и подробно проанализировали философские проблемы в трактатах аль-

Фараби. Но все эти исследования об аль-Фараби незначительны по сравнению с трудами в литературе Запада, посвященными таким его последователям на Востоке, как Ибн Сина, Ибн Рушд, Ибн Туфейль.

Одну из ценных работ о влиянии аль-Фараби на средневековую христианскую философию написал английский востоковед Роберт Хаммонд. Исследуя творчество аль-Фараби, он отмечает три причины того, что аль-Фараби занимает высокое место в истории философии: «Во-первых, аль-Фараби стал своеобразным мостом, через который мусульманский мир впервые познакомился с эллинским наследием, а Запад – с мусульманским миром.

Во-вторых, аль-Фараби оказал большое влияние на средневековых мыслителей-схоластов. Доказательством этому служит обращение Альберта Великого к трудам аль-Фараби. Это было бы не возможно, если бы он не был знаком с трудами аль-Фараби. Понимание трудов аль-Фараби помогли Альберту Великому и его ученику Сент Томасу создать новую логическую систему и найти ответы на ряд спорных тем при разъяснении христианской философии.

В-третьих, аль-Фараби усовершенствовал многие теории Аристотеля и распутал клубок нерешенных до этого проблем. Кроме того, он развил схоластику, создав такие термины как необходимое бытие, условное бытие, спекулятивный и практический интеллект и мн. др.».

Аль-Фараби, глубоко изучая труды таких мыслителей античности, как Платон, Плотин и мн. др., сумел сформировать присущую только ему традицию особого философского мышления, являющуюся замечательным «соединением» трудов указанных мыслителей. Его идеи привели к возрождению к тому времени подзабытого эллинского наследия, говоря иначе, разбудили Европу, долгие годы пребывавшую во сне.

Известный поэт, общественный деятель Олжас Сулейменов, выступая 18 ноября 2010 года в Париже на Международном круглом столе ЮНЕСКО, посвященном аль-Фараби, отметил следующее: «В VII веке арабы, перебравшись через Гибралтар, захватили Испанию и пребывали там в течение VIII веков. Поэтому они (в их числе и наш предок аль-Фараби) привнесли много новшеств в культуру и Испании, и в целом Европы. В XI веке его труды с арабского были переведены на латынь... Эти книги в XI веке дошли до Гранады и Кордовы, где и были переведены на латинский. Затем книги Аристотеля и Платона тайно распространились по всей Европе. Так началась эпоха Возрождения или Ренессанса» [1].

4. Стив Прентис. Интегрированный тайм-менеджмент. [3]
5. Гин А. Приемы педагогической техники. [4]

Р.Б. Курманалинова, А. Жамлихан

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

ЕСТІМЕЙТІН ЖӘНЕ НАШАР ЕСТИТІН БАЛАЛАРДЫҢ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Андатпа. Мақалада арнайы мектептегі тәрбие мәселесі қарастырылған. Революциядан кейін арнайы мектептер ашыла бастады. Қазіргі кезде Қазақстанда жүзге жуық арнайы мектептер бар. Бұл мектептерде орыс және қазақ тілдерінде білім беріледі. Республикамыздағы арнайы мектептер балаларға білім беруде және тәрбиелеуде көптеген жетістіктерге жетті. Арнайы мектептің педагогикалық ұжымы білім беруде және тәрбие дәрежесін көтеруге өз үлестерін қосты. Арнайы мектеп, жалпы мектептің тәрбиелік міндеттері бірдей. Арнайы мектептің тәрбиелік проблемаларына оқушының жеке ерекшеліктері, кемістіктері күрделеніп, әлеуметтік, экономикалық, мәдениеттік жағынан жанұя, кемістіктің құрамы, жас ерекшеліктері, тәрбиешілердің арнайы білімдерінің жоқтығы жатады.

Сондықтан тәрбие процесі мұғалім мен тәрбиешінің жұмысына байланысты. Сондықтан біз, яғни келешек ұрпақтың мақсаты – мүмкіндігі шектеулі бала – болашақта қандай адам болатыны педагог пен тәрбиешінің жұмысына байланысты.

Түйін сөздер: кемістік, арнайы мектеп, тәрбие, объект, еңбек.

Есту кемістігі бар балаларды тәрбиелеудің мектептегі басты мақсаты – тәрбиелеу және білім беру болып табылады. Тәрбие беру табысты болу үшін анамальды балалардың есту және сөйлеу дамуын ескеру қажет. Осы балаларды тәрбиелеу балалардың даму ерекшеліктері дене дамуына, тәрбие әдістеріне байланысты. Есту кемістігі бар балалардың мінез-құлқы ерекше болады, балалар болған жағдайды ескермейді. Мұндай балалар сөздерін, ойларын толық жеткізе алмайды. Есту қабілеті зақымданған балаларға білім беруде және тәрбиелеуде, сонымен қатар түзету жұмыстарын жүргізуде, танымдық процестері дамиды. Есту қабілеті зақымданған қалыпты балалар бірдей заңдылықпен дамиды. Осыған байланысты есту қабілеттері зақымданған оқушыларға арналған арнайы мектеп жұмыстарының қағидалары мен тапсырмалары жалпы мектептердегідей. Бірақ арнайы мектепте оқитын естімейтін және нашар еститін оқушылардың даму психикасының кейбір жақтары өзіндік формада қалыптасады. Сол себептен есту қабілеті зақымданған оқушыларға арналған мектеп мұғалімдері оқу-тәрбие жұмысын балалардың жас және тұлғалық, есту зақымдықтарын

ескере отырып құру қажет. Арнайы мектеп жалпы және арнайы тапсырмаларды шешу үшін есту мүшесі зақымданған балалардың тәрбиесін жалпы мектеп бағдарламасына сүйене отырып қолданады. Мектептің жалпы және басты мақсаты естімейтін және нашар еститін балаларды өз бетімен өмір сүруге және жұмыс істеуге бағытталған.

Есту қабілеті зақымданған оқушыларға арналған мектептердегі тәрбиелеудің басты бағыты – еңбек болып табылады. Еңбек жайында бастапқы түсініктерін қалыптастырады.

1. Еңбек ету үшін оқи білу, жаза білу, санай білу, көп нәрсені үйрену қажеттігі жөніндегі мысалдармен танысады.

2. Үй шаруасындағы жұмысқа шамасы келгенше қолғабыс тигізіп отырады.

Есту кемістігі бар балаларға арналған мектептерде мұғалімдер сабақта көптеген көрнекіліктерді пайдаланады, сол арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады.

Естуі зақымданған балаларды және де басқа да ауытқуы бар балаларды мемлекет өз қарамағына алғанымен, олар мұндай балалардың білім алу дәрежесін көтеру қажеттілігін көрсетті [1, б. 10-11].

Қазіргі уақытта арнайы мектепте, жалпы мектептегідей сынып жетекшісі оқытады және тәрбиелейді. Сынып жетекшісі – өзінің сыныбына тәрбие жұмысын қалыптастыру болып табылады. Арнайы мектеп оқушылары қозғыш болып келеді. Мұғалімдерді тыңдамай, жан-жағына алаңдап, қасындағы жолдасына жұмыс жасауына мүмкіндік бермей, кедергі келтіреді. Осы себептен арнайы мектепте тәрбие тәрбие мазмұнының рөлі аса зор. Мұғалім оқушыға тек бір жақты қарамай, оның мінез-құлқына, кемістігіне, дәрежесіне, денсаулығына аса зор мән беру қажет. Кейбір есту қабілеті зақымданған балалар қарапайым нәрсені орындаудан бас тартады. Мұндай кезде мұғалімнің талап қойғыштығы болу керек. Балаға бас салып ұрыспай, оған түсіндіру, дұрыс жолға бағыт беруі тиіс. Сондықтан да, есту кемістігі бар балаларға арнайы мектеп тәрбиешісінің алатын орны ерекше.

Естімейтін балалар және нашар еститін балаларды тәрбиелеуде, мұғалімдер мен тәрбиелеушілер, олардың даму ерекшеліктеріне қарап, методтар мен тәрбиенің салаларына байланысты нақты формаларды өңдеп, қарастырған жөн. Осы мәселелерді арнайы мектептерде қарастыру үшін ең алдымен тәрбиені тәжірибелер арқылы зерттеп, жалпылап алу керек.

Естімейтін және нашар еститін балаларға арналған мектептерде балаларды, қоғам-еңбек іс-әрекетіне дайындап, оларға білім мен дағдыны ғана қалыптастыру емес, сонымен қатар, адамгершілікке, әлеуметтік ортадағы, ортадағы адамдардың жақсы қасиеттерін, яғни еңбек сүйгіштікке, коллективте және коллективпен жұмыс істеуге, тәртіптілікке, қоғамдық мүліктерді қастерлеуге көзқарастарын қалыптастыруға, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болуға, табиғатты қорғауға,

тапсырылған жұмысқа жауапкершілікпен қарауға, жан-жануарлармен өсімдіктерді қастерлеуге үйрету – мұғалімдер мен тәрбиелеушілердің міндеттері.

Арнайы мектептегі тәрбиелеу мен оқытудың объектісі ол қалыпты жағдайдан және психикалық дамуы бұзылған балалар, яғни естімейтін және нашар еститін балалар.

Естімейтін және нашар еститін балаларға арналған мектептің жалпы және негізгі мақсаты – естімейтін және нашар еститін оқушыларды жан-жақты дамытып, өз бетімен өмір сүруін және еңбек етуіне даярлық жасау. Бұл міндеттерді шешу үшін жүйелі түрде коррекциялық шаралар жасау, есту кемістігі бар балалардың кемістігін жақсарту, жеке тұлғаның жан-жақты қалыптасуы мен әлеуметтік бейімделуін жоспарлап жүргізу керек.

Естімейтін және нашар еститін балаларға арналған мектептің мұғалімдері мен тәрбиелеушілердің негізгі міндеті, яғни тәрбиеленушілердің қоршаған ортаға деген көз-қарасын, іс-әрекетіне баға беруге қалыптастыру.

Тәрбие процесінің барлық түрінде естімейтін және нашар еститін балаларды коллективтік іс-әрекетке ұйымдастыру болып табылады. Мұндағы негізгі жағдай, ұстаздар мен тәрбиелеушілердің оқушылармен қарым-қатынасы жылы жүзді болуы керек [2, б. 101].

Тәрбиенің басты міндеттері – проблеманың ойлау жүйесінің меңгеруі, оның саяси-идеялық, интернационалдық, патриоттық ой-өріс аясын кеңейтіп, естімейтін және нашар еститін балалардың сөйлеу қабілетін дамыту.

Естімейтін және нашар еститін оқушыларды тәрбиелеудің жауапкершілік принциптерін арттыруда, оны еліміздің қазіргі кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық дамуымен байланыстыру міндетті. Естімейтін және нашар еститін тәрбиеленушілердің өмірін жаңарту, әлеуметтік, әдептілік үшін күресте қандай да болмасын қиыншылықтарға мойымай, дұрыс берілген тәрбие арқылы жеңуге болады. Адамды қалыптастырудағы тәрбиенің, жауапкершіліктің рөлі туралы жаңа көзқарас болуы қажет.

Естімейтін және нашар еститін балалар үшін адамгершілік тәжірибелердің шешуші маңызы зор.

Тәрбие көбінесе ең алдымен кемістігі бар баланың адамгершілік ережелерін, нормасын және принциптерін қолдана білу қажеттілігіне көз жеткізіп, әдеттенетін күнделікті тұрмысына өтеді. Мұндай балалардың төңірегіндегі адамдардың қоғамдық мүддесімен қоғамдың өмірімен байланысқан кез-келген әрекеті, адамгершілік әрекеті болып табылады. Адамгершілік қасиеттердің дамуын анықтайтын тәрбиенің өзегі кеміс балалардың гуманистік қарым-қатынасы мен өзара қатынастарын қалыптастыру болып табылады. Тәрбие жұмысының мазмұны, методы және формаларына, соған сәйкес нақты мақсаттарға қарамастан,

мұғалімнің алдында әрқашан есту қабілеті зақымданған балалардың адамгершілік қатынастарын ұйымдастыру міндеті тұруы тиіс. Тәрбие жүйесіндегі тиімділік көрсеткіштерінің бірі – бала адамгершілігінің дамуы, оның рухани адамгершілік дүниесінде елеулі өзгерістер болуы тиіс [3, б. 125]

Арнайы мектептерде оқытылатын естімейтін және нашар еститін оқушылардың жеке басының адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру үшін, оның дербес әрекеттері ерекше маңызды, мұндай оқушылар тек мұғалімнің нұсқауы және олардың бақылауы мен әрекет жасаған кезде, ең алдымен тіл алғыштыққа үйретеді.

Тәрбие процесі мінез-құлықпен қарым-қатынастың адамгершілік жағын балалардың мойындауын қамтамасыз етуі тиіс.

Балалардың басқалармен өзінің қылықтарын түсіне білуі – адамгершілікпен өз ісіне баға беруін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Адамгершілік қасиеттердің жетілуі – тәрбие жүйесінің нәтижесі және тәрбие жұмысы тиімділігінің негізгі критерийі.

Арнайы мектептерде оқытылатын естімейтін және нашар еститін оқушылардың сабақ үстінде мұғаліммен және құрбыларымен үнемі қатынасып отыруы нәтижесінде баланың адамгершілігі қалыптасып, өмір тәжірибесі баии түседі. Есту қабілеті зақымданған оқушылардың тебіреністері, олардың қуаныштары мен реніштері, ең алдымен оқуға байланысты. Сондықтан, арнайы мектептерде өтетін сабақта тәрбие процесінің барлық негізгі элементтері, мақсаты, мазмұны, құралдары, әдістері, ұйымдастырылуы өзара әсер етеді. Сабақта мұндай оқушыларды тәрбие беру сәттері ғана емес, бүкіл оқыту процесі тәрбиелейді. Сабақта адамгершілікке тәрбиелеу тиімділігі сабақ мазмұны, оның ғылымилығы, идеялылығы, мұғалімнің жұмыс әдістері мен тәсілдерінің адамгершілік-экономикалық қуаты, сабақта мұғаліммен оқушылардың арасында қалыптасатын өзара қарым-қатынас стилі, мұғалімнің жеке басының адамгершілік қасиеттерінің бағыттылығы, оның оқытатын материалдарға қатынастарын қамтамасыз етеді.

Сабақ үстінде оқушылар арасында белгілі бір іскерлік және адамгершілік қатынастар үнемі туып, пайда болып отырады.

Арнайы мектептің сабақтарында жүргізілетін дидактикалық ойындардың да тәрбиелік мәні өте зор. Бұл жағдайда, кемістігі бар балалардың ұжымдық жұмысын ұйымдастыру формасы тәрбиелеуші фактор болып табылады, мұнда оқушылар бір-бірімен араласып, ортақ жауапкершілікті көтеріп, бір-біріне көмектеседі, тапсырмаларды шеше алмай жатқанда бір-біріне жандары ашиды. Міне, осы жағдайды арнайы мектептегі педагог, балалар арасындағы жолдастық, ізгі ниеттік қатынастарды қалыптастыруға, әдептілік және жолдастық сезімді тәрбиелеуге пайдаланады.

Сабақта өздері жасайтын бұйымдар балаларға өте көп тәрбиелік ықпал жасайды. Бұл бұйымдардың әдетте, белгілі бір тәжірибелік

құндылығы болуы тиіс, оқушыларға немесе басқа адамдарға пайда келтіруі тиіс.

Дамуында ахауы бар оқушы өз еңбектің нәтижесін, яғни жасаған бұйымдарын жолдастары немесе мұғалімі бағалайтынын білгенде, ол өз жұмысының сапасына жоғары талап қойып, өз жұмысын көрсетуге ұялмайтын болып істеуге ұмтылады, талпынады.

Арнайы мектептердің зерттеу жұмыстарынан, естімейтін және нашар еститін оқушыларды еңбек саласының әр түрлі қызметіне немесе іс-әрекеттеріне бейім екенін көруге болады. Естімейтін және нашар еститін оқушыларды еңбек тәрбиесіне араластырудың маңызы өте зор. Сондықтан, психологиялық және тәжірибелік көмекші мектептерде оқушыларды еңбекке тәрбиелеуде қоғам үшін пайдасы өте көп, әр оқушыға мұғалім еңбектенудің қажет екенін, еңбек арқылы табысқа жететінін түсіндіру қажет.

Естімейтін және нашар еститін оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу үшін, еңбек дайындығы керек. Еңбек оқушыға қоршаған ортаны танып білуге көмектеседі. Еңбекке тәрбиелеудің кең тараған методтарының бірі – еңбек жайында әңгімелесу.

Еңбекке тәрбиелеуде оқушыларды өнеркәсіптерге, ауыл шаруашылығына апарып, еңбек түрлерімен таныстырудың маңызы зор. Бірақ, оқушылар еңбек түрлерімен танысып қана қоймай, сонымен қатар, еңбек адамдарымен де танысады.

Осындай жағдайлардың арқасында оқушылар өмірдегі ең қажетті нәрсе, ол – еңбек. Еңбек – адамдарға бақыт әкеледі, әр адам адал еңбек етуі қажет.

Арнайы мектепте оқытылатын естімейтін және нашар еститін оқушылардың көбі, бейнелеу өнеріне қабілетті болады. Бұл әрекет – балада әлемді эстетикалық тұрғыдан ұғыну қажеттілігін тудырады, сол арқылы бала бойында эстетикалық тәрбие қалыптасады. Бейнелеу әрекетінде баланың бақылағыштық, қиял, көру арқылы аз болса да, есте сақтауы, қабылдауы қалыптасады.

Арнайы мектепте оқитын естімейтін және нашар еститін балаларды эстетикаға тәрбиелеу үшін, оларды көптеген мұражайларға, театр-концерттерге, табиғатқа серуендеуге, көрмелерге апару керек.

Серуендеуді арнайы мектепте оқитын нашар еститін оқушыларға жақын және түсінікті құбылыстардан бастау керек. Мысалы, мектеп мұражайларын, мектепке жақын көшелерде орналасқан – завод, фабрика, почта, магазин, кітапхана, дәріхана, балалар бақшасы, клуб, ауылдардағы шеберхана мен фермалардан серуендеуді бастау керек [4, б. 156–160].

Қазіргі кезде, арнайы мектепте оқытылатын нашар еститін оқушылардың оқу бағдарламасында балаларды әр түрлі серуендерге шығару енгізілген.

Әдебиеттер

1. Назаровой Н.Н. Специальная педагогика: учеб. пособие для студентов высш. пед. учеб. завед. – М.: Академия, 2004. – С. 10–11.
2. Намазбаева Ж.И. Психология: оқулық. – Алматы: Print –S, 2015. – 296 б.
3. Сулейменова Р.А. Система ранней коррекционной помощи детям с ограниченными возможностями в Казахстане: проблемы создания и развития. – Алматы, 2001. – 320 с.
4. Тілеуова С. Жеке тұлғаның құндылық бағдар жүйесінің танымдық мәні // Изденіс. – №3. – 1998. – 156-160 б.

Н.А. Жангазина, Р.А. Ельтинова

Павлодар педагогикалық университеті

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА ТОЛЫҚТЫРЫЛҒАН ШЫНАЙЫЛЫҚТЫ ҚОЛДАНУ

Андатпа. Бұл мақалада адам қызметінің әр түрлі салаларында толықтырылған шынайылық технологиясын қолдану мысалдары келтірілген. Білім беру саласында оқу материалдарын визуалды модельдеу, оны көрнекі ақпаратпен толықтыру, білім алушылардың кеңістіктік бейнелеуді, қиялды және үш өлшемді жобалау дағдыларын дамыту мақсатында, бұл технологияны қолдану мүмкіндіктері көрсетілген. Толықтырылған шынайылық технологиясы оқытушылар мен білім алушыларға ақпараттың барлық түрлерін беру мен игеру мақсатында уақытын үнемдейді және үдерісті жеделдетеді.

Түйін сөздер: толықтырылған шынайылық технологиясы, инновациялық технологиялар,

Білім алу – заманауи адамның қалыптасуының ажырамас бөлігі. Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде, білім алушылар практикалық дағдыларға қарағанда теориялық білім алуда. Алайда, практикада қолданылған теориялық білім жақсы есте қалады деген фактіні жоққа шығаруға болмайды.

Практикалық сабақтардың көп санын өткізудің күрделілігі – қымбат құрал-жабдықтардың зақымдануы немесе оқушылардың денсаулығына зиян келтіру қауіпіне байланысты болуы мүмкін.

Қазіргі білім берудің тағы бір проблемасы кейбір зерттелетін объектілерді визуализациялаудың болмауы. Мысалы, оқытушылар сирек кездесетін минералдар туралы айтады, оларды білім алушыларға көрсетуге мүмкіндігі жоқ.

Аталған мәселелер білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың өзектілігін атап көрсетеді.

Қазіргі уақытта білім беру технологияларын дамытудың ең перспективті бағыттарының бірі толықтырылған шынайылықты қолдану болып табылады.

Соңғы бірнеше жылда толықтырылған шынайылық технологиясы қолдану саласын дамыту мен кеңейтуде үлкен серпіліс жасады.

Толықтырылған шынайылық (ағыл. Augmented Reality (AR)) – бұл нақты өмірдің элементтері ретінде қабылданатын сандық деректермен физикалық әлемді толықтыратын орта. Егер бұрын бұл технология әскери өнеркәсіп пен компьютерлік ойындарда ғана қолданылса, қазір толықтырылған шынайылық адам қызметінің барлық салаларында: медицинада, білім беруде, сәулеттік, жарнамалық және т.б. салаларда қолдануға болады. Толықтырылған шынайылық үшін жаңа технологиялар пайдаланылғандықтан ғана емес, сонымен қатар, адамдарға заманауи ақпаратты көрсетуге, жүктеуге және көмектесуге мүмкіндік береді. Яғни, толықтырылған шынайылықты құру кезінде кеңістікке нақты уақыт режимінде объектілер арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету және гаджеттер көмегімен орналастырылады, мысалы, толықтырылған шынайылық көзілдірігі, планшеттер, смартфондар және басқа гаджеттер [1].

Толықтырылған шынайылық адамның ақпаратты қабылдауын әлдеқайда жеңіл және көрнекі жасай алады. Талап етілген сұрау автоматты түрде пайдаланушыға жеткізіледі. Толықтырылған шынайылық – бұл, ең алдымен, технология, оның көмегімен нақты объектілер жаңа сапаларға ие болады және пайдаланушыға екінші жағынан ашылады. Толықтырылған шынайылық принципі нақты уақыт режимінде виртуалды және қолданыстағы объектілерді біріктіру болып табылады. Талап етілетін ақпараттың нақты әлемнің бейнесімен өзара әрекеттесуі толықтырылған шынайылықты виртуалды деректерден ажыратады [2].

Толықтырылған шынайылықты пайдалану білім алушыларға олардың алған білімдеріне мүлдем қауіпсіз (мысалы, химиялық эксперименттер жүргізу, физикалық заңдарды моделдеу, ток өткізгіш элементтермен және т.б. жұмыс істеу), оқу әдебиетінде ұсынылған объектілерді визуализациялау, осылайша олардың көрнекілігі мен түсінігін арттыру, сондай-ақ оқыту процесінде болашақ мамандардың үлкен қызығушылығын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, нақты өмірде пайдаланылатын жабдықтың сақталуы, оны 3D-редакторларда сәнделген және толықтырылған шынайылыққа арналған қосымшаға жүктелген виртуалды объектіге ауыстыру қамтамасыз етіледі. Толықтырылған шынайылық білім беру саласында маңызды рөл атқарады. Бұл технология білім беруді жаңа сапалы деңгейге көтереді.

Толықтырылған шынайылық қосымшалары стандартты оқу бағдарламасын толықтыра алады. Оқулықтарда, әдістемелерде және басқа да оқу материалдарында жапсарлас маркерлер болуы мүмкін, олар қосымша арқылы сканерлеу кезінде студентке қосымша ақпарат шығаратын болады. Студенттер тарихи оқиғаларды генерациялайтын компьютермен интерактивті түрде қатыса алады, бастауыш мектеп оқушылары – виртуалды суреттермен оқулықтарды оқи алады [5].

Қазіргі уақытта білім беру саласында толықтырылған шынайылық технологиясын пайдалану перспективті болып саналады. Сондай-ақ, қазіргі уақытта қосымша білім беру орталықтарында білім беру эксперименттері аясында да толықтырылған шынайылық қолданылады.

АҚШ және Еуропа елдерінде зерттеулер көп мөлшерде оқыту AR-технологиялары ақпаратты 80%-ға дейін жақсарта отырып, 25%-бен салыстырғанда дәстүрлі сабақтар немесе лекциялар, сондай-ақ мәтінді оқу кезінде қысқа мерзімді жадыда тіркеледі. Бұл мәтін емес, суреттермен жұмыс істеу үшін адам миының арналуымен байланысты [3].

Жалпы білім беретін орта мектептерде аталған қосымшаларды сынамалық қолдану үлгерімнің 25–27%-ға дейін айтарлықтай артуын және жаратылыстану-ғылыми бағыттағы пәндерге қызығушылықтың артуын көрсетті, бұл жастарды АҚШ пен Еуропа елдерінде өнеркәсіпті жаңғыртудың өзекті мәселелерін шешу үшін ғылыми-инженерлік мамандықтарға оқуға тартады.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесінің күші электронды-ақпараттық білім беру ортасына бағытталған. Іс жүзінде әрбір білім беру мекемесі компьютерлік техникамен, интернетпен, электрондық білім беру ресурстарымен, проекторлармен және т.б. құрылғылармен жабдықталған. Оқушылардың назарын оқу әдебиетіне баспа түріне аударды. Сондықтан, оқушылар кейде кітапта сипатталған қандай да бір процесі елестету қиын, оқушылар оқуға деген қызығушылығын жоғалтады [5].

Соңғы онжылдықтарда компьютерлік технологиялар белсенді дамуда. Осы уақытқа дейін қағаз негізіндегі оқулықтардың арқасында оқушы немесе студент оқу бағдарламасының белгілі бір тақырыптарымен тактикалық және ғылыми, сирек жағдайларда көзбен шолып танысады. Толықтырылған шынайылық технологиясының арқасында оқу материалын қабылдау және есте сақтау процесі жеңілдетілуі мүмкін. Толықтырылған нақтылық технологиясы оқыту үдерісіне үш өлшемді жарқын бейнелерді, ойын элементін енгізеді, жобалық іс-әрекет дағдыларын дамыта отырып, оқу процесіне қатысушылардың өзара іс-қимылын белсендіреді. Толықтырылған шынайылықтың арқасында білім алушылар алдында жаңалықты тану үшін шексіз мүмкіндіктер ашылады.

Айта кету керек, қазіргі уақытта электрондық оқулықтар танымал, алайда олар қағаздағы оқулықтардың цифрланған көшірмелері болып табылады. Бұл ретте пәнге назар аудару үшін компьютерлік визуализация аз пайдаланылады.

Өкінішке орай, оқыту жүйесіне қандай да бір инновацияларды енгізу үшін көп уақыт қажет. Алайда, қосымша білім беретін көптеген үйірмелер мен мектептер бар, онда ұзақ уақыт бойы толықтырылған шынайылық және жыл сайын үлкен танымалдыққа ие заттар интернет сияқты жүйелер мен технологиялар кеңінен қолданылады.

Білім беруде толықтырылған шынайылықты қолданудың бірнеше нұсқаларын атап өтуге болады: толықтырылған шынайылық техно-

логиясы бар кітаптар мен әдістемелік нұсқаулар жасау, эксперименттерді моделдеу, жабдықтармен жұмысты моделдеу. [5]

AR-ді пайдалану білім алушыларға олардың алған білімдеріне мүлдем қауіпсіз (мысалы, химиялық эксперименттер жүргізу, физикалық заңдарды моделдеу, токөткізгіш элементтермен жұмыс істеу және т.б.), оқу әдебиетінде ұсынылған нысандарды визуализациялау, осылайша олардың көрнекілігі мен түсінігін арттыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, нақты өмірде пайдаланылатын жабдықтың сақталуы, оны 3D-редакторларда сәнделген және толықтырылған шынайылыққа арналған қосымшаға жүктелген виртуалды объектіге ауыстыру қамтамасыз етіледі [4].

Әдебиеттер

1. AR – Дополненная реальность (статья плюс ролик) – [электрондық ресурс]: habr.com/ru/post/419437/
2. Дополненная реальность (AR): перспективы и будущее технологии – [электрондық ресурс]: www.kp.ru/putevoditel/tekhnologii/dopolnennaya-realnost/
3. Технологии AR и VR в образовании – [электрондық ресурс]: habr.com/ru/company/mailru/blog/435996/
4. Сферы, которым дополненная реальность принесет пользу – [электрондық ресурс]: ar-conf.ru/ru/news/sferi-kotorim-dopolnennaya-realnost-prineset-polzu-31149
5. Дополненная реальность в образовании – [электрондық ресурс]: vj.ru/stati-i-obzory/dopolnennaya-realnost-v-obrazovanii/

Е.С. Женаева

ГУ «Средняя общеобразовательная школа №6»

Р.Ж. Муканова, М. Баймурат

Павлодарский педагогический университет, г. Павлодар

И.М. Борисов

Башкирский государственный педагогический университет им. М. Акмуллы

ИЗ ОПЫТА ВНЕДРЕНИЯ ТРЕХЪЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В СРЕДНЕЙ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Аннотация. Статья посвящена проблемам преподавания естественнонаучных дисциплин на английском языке. Представлена разработка элективного курса по предмету химия «EASY CHEMISTRY», разработанного совместно с Павлодарским педагогическим университетом и ГУ «Средняя образовательная школа №6». Спецкурс разработан по CLIL технологии с использованием всех четырех языковых навыков и проходит апробацию в школе.

Ключевые слова: полиязычное образование, CLIL технологии, преподавание естественных дисциплин с элементами английского языка, закон о языках.

В Послании Нурсултана Назарбаева к Казахстанцам 2007 года был упомянут английский язык. Было сказано, что казахстанские учащиеся должны владеть языком на высоком уровне. «Во-первых, привлекать в

школы зарубежных преподавателей английского языка. Нужно добиваться того, чтобы любая среднестатистическая школа могла предоставить возможность детям обучаться иностранному языку на самом высоком уровне» [1]. Во-вторых, была представлена идея культурного проекта триединства языков. В-третьих, почему необходимо изучать английский? Потому что на нем общается весь прогрессивный мир. Это язык науки и технологий. На нем ведется большая часть исследований в экономике и бизнесе. Владение английским языком открывает перед человеком большие перспективы» [2].

В целях реализации политики трехязычия в настоящее время во всех старших группах детских садов одновременно изучается алфавит казахского, русского и английского языков. Однако, как показал международный опыт, эффективным способом обучения английскому языку является его внедрение в качестве языкового предмета с 9–12 лет и осуществление за счет увеличения количества часов и качества обучения. Вместе с тем, международная практика убеждает, что освоение других дисциплин на английском языке наиболее эффективно внедрять в вузах.

По планам авторов программы, к 2020 году государственным языком должны владеть 90% взрослого населения, русским языком – 90%, английским – 25%, а одновременно всеми тремя – до 20%.

Для реализации программы необходимо разрабатывать материал удобный и простой в использовании для того, чтобы нашим студентам было легко и интересно усваивать программный материал государственного стандарта.

Исходя из опыта, преподавание предметов естественных наук сталкивается с рядом проблем. Прежде всего, студенты привыкли думать на родном языке. Главная цель – научить их, как начать думать по-английски. Лучше всего это реализовать в начальных классах. Преподаватели английского языка могут обучать языку с помощью карточек, плакатов, видеороликов, презентаций, фотографий и картинок без использования родного языка. После окончания начальной школы мы будем готовы сформировать навыки мышления, потому что мы уже достигли навыков письма, чтения, говорения, аудирования.

Далее должны продолжить преподавание естественных дисциплин с элементами английского языка. Необходимо начинать занятия с приветствий на английском языке, пишутся основные термины на английском языке, затем подводится рефлексия урока. Считается, что цели урока должны быть ясными и достижимыми. Все ученики достигнут целей урока, потому что обычно учителя думают, что запланированная дифференциация будет работать хорошо, задачи должны быть интересны для учащихся.

Далее должны добавить больше задач для планов уроков, если есть дополнительное время. Всегда думайте об интересах учеников, чтобы сделать уроки хорошими и более ясными и продуктивными.

Работая второй год по методике CLIL, было отмечено, что может быть полезным и легко усваиваемым для учеников. Разработка уроков помогла нам понять, что есть необходимость разработать элективный курс для учащихся 8 класса, которые уже занимались и изучали предмет химия на английском языке.

Работая с детьми, выявились следующие трудности. Во-первых, недостаточное количество понятного и доступного материала. Во-вторых, задания были немного усложнены, что не позволяло учащимся всегда понимать, что от них требуется. В-третьих, нужна адаптация информации и полная переработка материала согласно уровню владения языком и уровню мотивации учеников.

Программа спецкурса по химии «Easy Chemistry» 8 класс была разработана совместно с Павлодарским педагогическим университетом и проходит апробацию в ГУ «Средняя образовательная школа №6».

Рабочая программа по элективному курсу в 8 классе рассчитана на 1 час в неделю, 34 часа в год. За основу спецкурса взяты Государственный общеобязательный стандарт основного среднего образования, утвержденной приказом министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 года №604 (с внесенными изменениями и дополнениями №182 от 5 мая 2020 года); Типовые учебные планы основного среднего и общего среднего образования, утвержденные приказом министра образования и науки Республики Казахстан от 8 ноября 2012 года №500 (с внесенными изменениями и дополнениями на 15 мая 2019 г. №205).

Актуальность данного курса в том, что он разработан по технологии CLIL с использованием всех четырех навыков и содержанием четырех компонентов в рамках обновленного содержания образования. Преимущества технологии CLIL позволяют учащимся более эффективно общаться друг с другом на английском языке, развивают навыки общения на английском языке, расширяют межкультурные знания учащихся, тренируют все языковые навыки, а также повышают мотивацию студентов и их уверенность в себе.

Главная цель этого спецкурса – изучать предмет «химия» по средствам английского языка, технологии CLIL. Исходя из цели, задачами данного курса являются:

1. Обучить учащихся основным понятиям курса «Химия» за 8 класс на английском языке.
2. Развивать коммуникативные навыки и умение работать с источниками и текстами на иностранном языке.
3. Способствовать развитию навыков самостоятельной работы.

В ходе изучения спецкурса учащиеся исследуют информацию о предмете химия, историю возникновения химии, углубление в виды химических элементов, их свойства, классификацию, связи и применение на иностранном языке. В курсе содержатся различные тексты о периоди-

ческой таблице и химических элементах, химических реакциях и уравнениях.

В данном спецкурсе ученики видят, что с помощью английского языка можно узнавать новую интересную информацию, закреплять ее и применять на практике новый материал. Использование аутентичного материала (текстов, сайтов и программ) помогает учащимся сформировать четкую картину работы с текстами на английском языке и пересказывать ее. Текст является не просто как источник информации, но и смотреть на текст как на единицу науки лексикологии, филологии, лингвистики и языковедения. Главное, дети открывают для себя что-то новое не только в химии, но и в языке. Интерес к английскому языку и предмету «Химия» в данном случае считаю главным.

Мы используем следующие виды работы:

1. Чтение текстов и их пересказ.
2. Просмотр видео на английском языке.
3. Изучение химической терминологии.
4. Использование в работе с текстами различных видов диаграмм.
5. Парная работа (составление диалогов на английском языке).

Перед началом работы с детьми с данным спецкурсом была проведена анкета с учащимися 8 класса. Были заданы вопросы о желании изучать предмет «Химия» на английском языке и трудностях изучения. После анализа ответов учеников на 5 сентября было выяснено, что только 50% учеников мотивированы на обучение предмета на английском языке. Это хороший результат, но недостаточен для того, чтобы сказать с полной уверенностью, что химия на английском языке дается легко. Проработав с детьми в течение двух месяцев, мы провели анкетирование снова и было выяснено повышение интереса к предмету на 15% больше. Это небольшая динамика, но рост интереса стал очевиден. Также был проведен онлайн открытый урок, на котором учащиеся показали свои крепкие знания прошлых тем и точные ответы по новому материалу.

Литература

1. Развитие трехязычия в Казахстане: Анализ посланий президента РК. – Аликее, Бугенова, 2017.
2. Назарбаев Н. Программа 2030.
3. Закон о языках Республики Казахстан от 11 июля 1997.
4. Химия для 8 класса общеобразовательной школы: учебник. – Алматы: Атамұра, 2018.
5. Chemistry 8: билингвальный учебник. – Астана.
6. Methodology course for teachers of English, CLIL methodology, student's book and workbook, 2017.

Использованные материалы и Интернет-ресурсы:

1. <https://www.nur.kz/1618075-trekhyazychie-kak-propusk-v-bolshoy-mir.html>
2. https://tengrinews.kz/zakon/pravitelstvo_respubliki_kazahstan_premier_ministr_rk/hozyaystvennaya_deyatelnost/id-P1900001045/

3. <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=30049072>
4. https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1008034#pos=3;-58
5. <https://flexbooks.ck12.org/cbook/ck-12-middle-school-physical-science-flexbook-2.0/section/5.25/primary/lesson/conservation-of-energy-in-chemical-reactions-ms-ps>

Н.Н. Имаков, А.К. Алысов

Павлодарский педагогический университет, г. Павлодар

ПРОБЛЕМЫ И ПУТИ РЕШЕНИЯ В ПОДГОТОВКЕ УЧАЩИХСЯ К ОЛИМПИАДЕ ВО ВРЕМЯ ПАНДЕМИИ

Аннотация. Статья посвящена проблемам и путям их решения в подготовке учащихся к олимпиаде во время пандемии. В связи с переходом на дистанционное обучение возник ряд трудностей. Если мы преодолеем эти трудности, то можем получить дополнительные инструменты, которые могут поднять подготовку к олимпиаде на другой, более высокий уровень.

Ключевые слова: подготовка к олимпиаде, дистанционное обучение, проблемы дистанционного обучения, информационно-коммуникационные технологии, учащиеся, учитель.

Пандемия COVID-19 в буквальном смысле посадила многих школьников во всем мире, в том числе и олимпиадчиков, в домашнюю изоляцию. Внезапно обычное обучение в школах прекратилось, а на замену пришло дистанционное обучение. В этой связи появились новые проблемы в качественной подготовке школьников к олимпиаде. Определение основных проблем и пути их решения являются целью этой статьи.

Первая проблема заключается в потере прямого общения и зрительного контакта, которые играют одну из главных ролей в подготовке олимпийца. Важным аспектом в подготовке ученика является взаимоотношение ученика и учителя. Не секрет, что для учащегося учитель, готовящий его к олимпиаде, является одним из самых любимых учителей.




Путь решения первой проблемы: встреча учителя и ученика на свежем воздухе, с применением средств индивидуальной защиты. В первую очередь, именно живого общения не хватает учащимся.

Вторая проблема это контроль выполнения заданий учеником. Если в школе это можно было, дав задание, посадить ученика за парту, то во время пандемии, когда учащийся, находясь дома, предоставлен самому себе, это представляет очень большую трудность.



Путь решения второй проблемы: использование видео-конференции с обязательным включением камеры и микрофона. Просить олимпийца высылать вам фото решений заданий на мессенджер или на электронную почту.

Третья проблема заключается в профессиональной подготовке учителей к дистанционному обучению. Нахождение и применение Интернет-платформ, которые могут обеспечить комфортное и качественное обучение, выходит на передний план. Если в классе можно было объяснить на доске маркером или мелом, то воспроизведение этого на компьютере представляется трудным.



Путь решения третьей проблемы: спрашивать у людей, которые с IT технологиями на «ты», опыта использования новейших гаджетов и Интернет-платформ для дистанционного обучения. Покупка графического планшета. Быть в поисках методов дистанционного обучения.


Четвертая проблема. Если в третьей проблеме затрагивалась готовность учителя, то суть четвертой проблемы заключается в готовности учащегося. В процессе дистанционного обучения ученик сталкивается с рядом преград в виде своих индивидуальных особенностей, условий обучения, умение использовать компьютерные технологии и Интернет-ресурсы [1]. В настоящее время не существует тех или иных дистанци-

онных программ, которые учитывали те или иные индивидуальные особенности каждого учащегося. И, скорее всего, создать такие индивидуальные программы невозможно. Также немаловажную роль играет атмосфера в семье.



Путь решения четвертой проблемы: это создание благоприятных условий в комнате, где учащийся будет заниматься олимпиадой. Поддержка родителей, семьи играет одну из ключевых ролей.

Пятая проблема заключается в отвлечении ребенка на Интернет и на игры. Ребенок с подключением к Интернету начинает тратить больше времени понапрасну. Именно время является одним из важнейших ресурсов в подготовке к олимпиаде. Чем больше времени, тем больше возможности повысить уровень знаний ученика.



Путь решения пятой проблемы: выделить в расписании ученика периоды времени, которые он будет проводить без подключения к Интернету. Так учащийся может глубже погрузиться в учебу. Использование реальных книг или распечатки материала, чтобы ученик все время не сидел рядом с компьютером или сотовым телефоном.

Заключение. В заключение можно прийти к выводу, что решение актуальных проблем, возникших с дистанционным обучением, поможет учителям, учащимся и родителям преодолеть возникшую непривычную ситуацию, когда ученик должен находиться больше времени дома. Вместе с этим это может вывести нас на новый, более обширный уровень в подготовке к олимпиаде. И, может, в скором времени наши дети будут брать только первые места на международных олимпиадах.

Литература

1. Чигинцева А.А. Актуальные проблемы дистанционного обучения: статья по специальности «Науки и образования» <https://cyberleninka.ru/article/n/aktualnye-problemy-distantionnogo-obucheniya>

Г.С. Искакова

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университет

ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ БІЛІМ АЛУ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ

Андатпа. Мақала оқушылардың химияны жекелей оқыту технологиясының практикалық маңыздылығына арналған. Жекелей оқыту технологиясының практикалық тиімділігі сараланып, нәтижеге жетудің әдістері анықталды.

Түйін сөздер: жекелей оқытуға бағытталған технология, оқу парағы.

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіндегі бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты жаратылыстану-математика бағытындағы пәндері бойынша білім сапасын жетілдіру мәселесі ерекше өзекті орын алып отыр.

Бүгінгі таңда химия пәні ҰБТ-де ең күрделі таңдаулы пәндердің бірі. Осы тұрғыда біздің мақсатымыз, барлық оқушыны білім деңгейі қандай болса да сабақта олардың ерекшелігін ескере отырып: бойында өзін-өзі өзгертуге, өз бетінше оқып-үйренуге, өз ойын дәлелдеу, химиялық заттардың практикалық қолдануын білу, тиянақты есеп шығарып, жауап беруге жетілдіру. Ал химиялық дайындықты жоғары деңгейге жеткізу үшін, сабақта озық технологиялардың практикалық білім алу жолын тиімді қолдана білудің маңызы зор. Білім, білік, дағды қасиеті өзінің даралығымен сипатталып, өз бетімен жетілдіріліп отырған жағдайда ғана күзиреттіліктің негізі бола алады.

Сабақтың қызықты өтуі мұғалімнің үнемі іздену, ұтымды әдіс-тәсілдерді қолдану, оқыту әдістемесін жаңартып отыруына байланысты. Мақсаты: оқушылардың ақпаратпен жұмыс жасау іскерлігін қалыптастыру арқылы коммуникативтік қабілеттерін, ақыл-ойын, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, алған білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдануды үйрету. Осы мақсатқа жету үшін өзімнің ұстаздық іс-тәжірибемде жекелей оқытуға бағытталған технологияны, сонымен қатар химия кабинетіндегі интербелсенді тақтаның мүмкіншіліктерін қолдана отырып, оқушылардың практикалық білім алуда сапалы әрі қызықты өтуіне жағдай жасаймын. Бұл жұмыс өзара байланысты үш міндетті қамтиды:

1. Танымдық әрекетті дамыту.
2. Білімді практикалық тұрғыда пайдалана білу.
3. Түрлі практикалық жұмыстарды тиімді қолдана білу.

Жалпы орта білім беруді жетілдірудің негізіне – құзыретті тәсілді алу ұсынылып жүр. «Құзіреттілік – оқудың және өздігінен білім алудың нәтижесінде қалыптасатын және адамның әлеуметтік шапшандылығын анықтайтын, білім мен тәжірибеге, құндылықтар мен бейімділіктерге негізделген жалпы қабілеттіліктер.

Оқушылардың бәрі де жақсы оқығысы келеді. Бірақ олардың ақыл-ой қабілеті, бағдарламадағы берілген материалды ұғу-түсіну деңгейі бірдей емес. Оқушылардың кейбіреулері мұғалімнің түсіндірген сабағын тез ұғады, кейбіреулері орташа ұғады. Ілгіре алмайтын да оқушылар бар. Сондықтан да барлық оқушының қолын білімге жеткізу үшін өз мүмкіндіктеріне сәйкес үйретудің маңызын зерттеуші ғалымдарымыз ғылыми жағынан дәлелдеп берді. Менің ойымша, білім, білік, дағдыны жетік меңгеруіне ықпал ететін өзіндік жеке тапсырмалардың төмендегідей жүйесін ұсынуды жөн көремін:

- өз мүмкіндігі бойынша орындайтын тапсырмалар.
- нұсқалық тапсырмалар.
- жеке тапсырмалар.

Әрбір оқушының өзінің мақсатталған тапсырманы орындау сапасы мен жылдамдығының жекелей ақпаратты өңдеуді ойластыру қабілеті ерекшеліктерін ескеру.

Технология бойынша әрбір тарауға модуль құралады және жекелей оқытуға арналған сабақтар бөлінеді. Бұл сабақтарға жаңартылған бағдарламаға сәйкес «Оқу парағы» құрастырылып, тақырыптық жоспарлау төмендегідей қадамдардан тұрады:

- берілген тақырып бойынша қандай білім, білік, дағды бар екенін анықтай білу;
- білім, білік, дағды уақыты бойынша бөлу;
- жеке сабақтағы білім, білік, дағдының әрбір компоненттің меңгеру деңгейін жоспарлай білу.

Бұл жерде мынадай қағидаларды басшылыққа алу керек:

- меңгеру сапасын жоғалтпай, білім берудің ақпараттық бөлігін мейілінше азайту;
- білік, дағдыларын практикалық меңгеруге арналған уақыт ресурсын ұлғайту;
- жекелеген тақырыптарды ілгерілей, оза меңгеру есебінен уақыт ресурсын босату, сол арқылы пәндік білімді тереңдете меңгерту мүмкіншілік жасау.

Осылайша білімді хабарлама түрінде беру уақытын 30–40%-ға қысқарту – сонша мөлшерде пропорционал түрде білім сапасын арттыруға технологиялық әсер етеді.

1. Алгоритм – білімдік компоненттерді беруге арналған. Мақсаты – оқушылардың зейінін дамыту, ойлау жылдамдықтарын, жадыны дамыту.

2. Білімді және дағдыны сөздік қор арқылы бекітуге арналған. Материалды меңгеру және сауатты түрде мазмұндау әрекетіне көмек береді.

3. Тренажер – қатаң түрде материалды меңгеріп және мазмұндаудан кейін жүреді. Білім, білік, дағдыны өңдеуге арналған, тақырыпты қорытындылайды. Мақсаты – автоматты дағдыны қалыптастыру.

4. Логика – логикалық (индукция және дедукция) және шығармашылық ойлау қабілетін дамыту үшін қолданылады.

5. Лидер – кіріктіре оқыту кезінде көлемді материалдарды меңгерту үшін қолданылады.

Технологиямен танысып, саралай келе төмендегідей артықшылықтарды бөліп алуға болады:

- нақты нәтижеге, сапа көрсеткішіне бағытталуы;
- оқыту формасының белсенділігі;
- жекелей-дара оқытуды қамтамасыз етеді;
- деңгейлеп оқытуды жүзеге асырады;
- түзету, коррекция және рефлексия жұмыстарын сабақтың әрбір кезеңінде іске асыруға болады;
- зерттеу – ізденушілік дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Ағымдағы тексеру жұмыстары тек бақылау ғана емес диагностикалық тану сипатта да қызмет атқарады. Оның мақсаты – түзету жұмыстарының қажеттілік деңгейін анықтау.

Оқушылардың біріккен жұмыстарын топта, шағын топтарда ұйымдастыру олардың бойында субъектіліктің алғы шарты болатын жаңа материалды өздігінен игеру;

- шығармашылық тұрғыда ойлау, талдау, қорытынды жасау;
- өз ойларын басқа оқушыларға толықтай жеткізу;
- мәселе қою;
- ұйымдастыру, басқару іскерлігін жүзеге асыру;
- өзін – өзі тексеру, бағалау.

Сол арқылы оқушыларда пәннің мазмұнын білумен қатар белсенділік, жауапкершілік, бастамашылдық сияқты құнды тұлғалық қасиеттер қалыптасады.

Мен сабақ барысында оқушылардың қабілетіне, білім деңгейіне, ынтасына қарай үш топқа бөліп, өздігінен еңбек жасау, іздену, шығармашылыққа баулу, қорытынды жасауға машықтандырамын, оқушының ақыл-ойын дамытып, өзіндік дүниетанымын қалыптастырамын, сабаққа ынтасы арттырып, тапсырманы орындау барысында жіберілген қателер мен кемшіліктерді уақытында анықтап түзетуге мүмкіндік беремін. Әр тарауды өткен соң, химиялық диктант, өздік жұмыс, тақырыптық есеп, БЖБ жұмыстары, тесттік тапсырмалар өткізу арқылы тақырыпты қаншалықты меңгергенін тексеріп, тақырыпты толық меңгере алмаған оқушылармен қосымша сабақтар, сыныптан тыс жұмыстар жүргіземін. Тест түрлері оқушы білімін бекіту, қайталау, жүйелеуге мүмкіндік береді. Сонымен қоса мұғалім мен оқушылардың уақытын үнемдеуге оқу жұмысын ұйымдастыруға жағдай жасайды.

Баға – бейне бір белгі және сонымен қатар өлшем сияқты, ол оқытудың нәтижелілік дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді. Бағалау парағына әр деңгейлік тапсырманың бағасын қойып, қорытынды бағасын шығарып отырамын. Осындай тәжірибе арқылы оқушылардың білімін, дағдыларын, ойлау қабілеттерін, шығармашылық ізденісін бақылау арқылы біршама нәтижелерге жеттім.

Интербелсенді тақтаның мүмкіншіліктерін қолдану да ақпараттық технологияның үлесі зор. Интернет желісі платформаларын қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын, интеллектуалдық танымын, практикалық білім сапасын арттыруға болады. Өз басым интербелсенді тақтаны сабақ барысында, соның ішінде химиядан зертханалық және сарамандық жұмыстарды өткізген кезде жиі қолданамын. Интернет желісіндегі Google диск қосымшасын пайдалану арқылы оқушылардың білімін тексеру үшін әр тарауды аяқтаған кезде немесе жаңа сабақты бекіткен уақытта Google формалары платформасындағы тестілеу әдісін қолдануға болады. Оқушылардан бір уақытта жауап алуға мүмкіндік береді. Тестілеудің нәтижелерін құрылған график арқылы тексеріп, сол уақытта бағалауға болады. Жауап нәтижелерін бақылап және оқушылардың материалды түсіну деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Оқушыға тест сұрақтарына жауап беруі үшін уақыт беріледі. Бұл жүйе тұйық оқушылардың ойын білдіріп, жалқау оқушылардың қызығушылығын арттырады. Оқушылар жауаптарын құпия түрде бере алады.

Ақпараттық технологияларды жүзеге асырудың тағы бір мүмкіндігі – интернет желісіндегі оқыту платформалары. Бұл дидактикалық әдістәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе. Оқытушының оқушымен жеке жұмыс істегендей болады, тек қана оқушы үшін емес, мұғалімнің дидактикалық әдістемелік көмекші құралы да болып табылады. Аз уақыттың ішінде бағдарламаның көптеген қиын сұрақтарын, формулалар мен эксперименттер көрсету арқылы түсіндіріліп, бекітіледі. Химия сабағында жаңа ақпараттық технологиялар өздігінен жұмыс істеу факторы – есептерді шығара білу, шапшаңдылық, шеберлік дағдыларын ұйымдастыра отырып, сабақтар өткізуді қолға алдым. Зертханалық және сарамандық жұмыстарды виртуалды лаборатория көмегімен жүргізген нәтижесінде бір сабақ көлемінде уақыт үнемделеді және химиялық реактивтердің зияны келтірілмейді. Интернетбелсенді тақтамен келген «Xplorer GLX-пен Химия» зертханалық құралы оқушылардың өздігінен жүргізетін жұмыстарында техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру басты ұстаным ретінде қарастырылады. PASCО бағдарламасы негізіндегі зертханалық жұмыстардың үлгілері оқу бағдарламаға толық қамтылған. Зертханалық жұмыстардың талаптарын игеруге, жұмыс тәртібінің жүйесін сақтауға негіз бола алады. «Xplorer GLX-пен Химия» зертханалық құралы көмегімен 8-сыныпта «Бейтараптану реакциясы»; 9–10-сыныптарда

«Электролиттік диссоциация», «Тұздар гидролизі», «Электролиз» тәжірибелері жасалып көрсетілді.

Практикалық білім алу жұмыстар мынадай тұрғыда жүргізіледі.

1. Негізгі білім мен іскерліктерді жүзеге асыру
2. Оқу материалын бекіту
3. Жаңа білім мен іскерлікті меңгеру
4. Білім мен іскерлікті қайталау мен жалпылау
5. Білім мен іскерлікті тексеру
6. Шығармашылық зерттеу жұмыстар жүргізу

Теориялық білімді практикалық тұрғыда игеру жұмыстың түрлері төмендегідей жіктеледі:

- жаттығу
- зерттеу жұмыстары
- практикалық жұмыстар
- лабораториялық жұмыстар
- бақылау жұмыстары

Оқушылардың ақпараттық технология негізінде практикалық білім алу арқылы:

1. Оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, құлшынысы оянады.
2. Шығармашылық қабілеттері артады.
3. Жылдам ойлауға машықтанады, білім сапасы артады.
4. Оқушылар өздігінен жұмыс жасауға дағдыланады.
5. Экологиялық сауатты болуға үйренеді.
6. Тағамның химиялық құрамының зияндылығын іс-тәжірибелер барысында анықтайды.
7. Химиялық технологияны меңгеруге ұмтылыс пайда болады.

«Армансыз адам қанатсыз құспен тең» демекші, менің ұстаз ретінде де, еліміздің ұлтжанды азаматшасы ретінде де арманым еліміздің әрбір азаматы терең білімді, интеллектуалды, заманауи техникаларды еркін меңгере алатын, әрқайсысы еліміздің дамуына өз үлесін қоса алатын болса деймін. Ол үшін оларға білім беретін ұстаздар өз пәнін жетік меңгерген, теория мен практиканы оқушылар бойына сіңіре алатын шығармашыл, ізденімпаз, ең бастысы еңбекқор болуы қажет. Химия пәнін таңдаған оқушылар білім сапасы 100% – Байғараева Маржан ПМПУ оқытушысы, магистр. 2018–2019 оқу жылы химия пәнін таңдаған оқушылар – 10, білім сапасы 100%, оның ішінде Жусупова Айым «Алтын белгі» және Абраева Зухра «ерекше үздік аттестат» бағаларын дәлелдеді. Академик Қ. Сәтбаевтың 120 жылдығына арналған Жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының «ХІХ Сәтбаев оқулары» атты халықаралық ғылыми конференцияда «Шығармашылық ғылыми шешім» номинациясына ие болған Аксенова Наталья. Химия пәнінен халықаралық қашықтық «Инфоурок» жобасындағы олимпиадада ІІ-дәрежелі Диплом иегерлері Хасенов

Алдияр және Жусупова Айым. Химиядан Республикалық Ұлттық олимпиада I-дәрежелі Диплом жеңімпаздары Жусупова Айым, Орымбай Асемгуль. Биология бойынша М.В. Ломоносов атындағы Республикалық олимпиада III-дәрежелі Диплом иегері Бастемиева Альмира және Мақтау қағазымен марапатталған Нуртазинова Адина, Баязитов Олжас, Ескендір Мөлдір, Аксенова Наталья Республикалық химиядан КИО II-дәрежелі Диплом күміс жүлдегері Кайсарина Меруерт. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы көлемінде «Менің Отаным – Қазақстан» XVII-ші аймақтық оқушылар ғылыми-тәжірибелік конференциясында Тлеубай Камила II орын Мадақтама иегері. Өз шәкірттеріме білімді одан әрі жетілдіре отырып беру, талантты да талапты оқушылар оқытып тәрбиелеу – негізгі мақсатым.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2019 ж.
2. Сабилов Т. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары.
3. Оқыту жұмысын ұйымдастырудың сабақтан басқа түрлері 17.07.2011
4. «Химик анықтамалығы» журналдары. – 2014. – №1(15); 2018. – №2(16).

Р.Б. Курманалинова, К.М. Ильясова

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРҒА КӨРСЕТІЛЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨМЕК

Андатпа. Мақалада Әлеуметтік – экономикалық дамудың қазіргі кезеңінде мүмкіндіктері шектелген балалардың жеке даралық ерекшеліктеріне, қазіргі қоғамдағы орнына, олардың мінез-құлық және мінез ерекшеліктеріне мән бермеу бүгінгі қоғам даму мәселесі қарастырылған. Дегенмен «ерекше» балаларды оқыту мен тәрбиелеу және әлеуметтендіру күрделі мәселе болып қалып отыр. Аталған балалар категориясын қоғамға интеграциялауға дайындаудағы жағымды беталыстардың алдын-алу үшін оларды оқыту, тәрбиелеу және барлық өмірлік әрекеттерін ұйымдастыруда арнаулы (түзетім) білім берудің қазіргі проблемаларын талдаудан шығатын жаңа теориялық ықпал жасауды талап етеді және де бұл мүгедек балаларды әлеуметтік қорғауға қатысты медициналық, педагогикалық, әлеуметтік, әлеуметтік психологиялық және өзге де проблемалар комплексін ескере отырып шешілу қажеттігін туындатады.

Түйін сөздер: психологиялық-педагогикалық қолдау, анамнез, қолдау, консультация.

Мүмкіндігі шектеулі балалар, тегін әлеуметтік және медициналық-педагогикалық қолдаулар алуға; мемлекеттік медициналық мекемелерде, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда немесе медициналық-әлеуметтік сараптау бөлімдерінде тегін тексеруден өтуге; Қазақстан Республикасы заңнамалары аясында бекітілген тегін медици-

налық көмектер алуға; психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қорытындысы бойынша дене бітіміндегі немесе психикасындағы ауытқушылықтардың көріну деңгейлерінің түрліше болуына қарамастан ауытқушылық анықталған күннен бастап тегін психологиялық-медициналық-педагогикалық түзету алуға құқылы.

Оқушыға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге мыналар енеді:

– тұлғаның когнитивті-танымдық ерекшелігін диагностикалау, педагогикалық байқаулар;

– тұлғаның дамуына, оқыту табыстылығына қолайлы әлеуметтік-педагогикалық жағдай жасау;

– балаға нақты психологиялық-педагогикалық көмек көрсету.

2-топ. Бұл топтың балалары ортамен қатынаста белсенділеу, тез ренжімейді, қоршаған ортамен таңдап қатынасқа түсе алады, бірақ оларға қоршаған әлемді тануға деген ұмтылыс пен қызығушылыққа қарағанда оны қабылдамау тән болады. Балалар қорғаныс тәсілі ретінде жайсыздық пен қорқыныш тудыратындардың бәрінен белсенді түрде бас тартуды пайдаланады. Сондықтан қоршаған ортамен қатынас баланың бекіткен және бұлжытпай орындайтын тәртібі бойынша ғана жүреді. Мұндай балалар үшін қалыптасқан өмірлік стереотиптерді, белгілі бір әдеттерді қатал сақтау өте маңызды. Олар таныс еместердің барлығын жаратпайды. Ұнату оларда өте тар және қатал қалыптасады, баланың тәртібін қалыптасқан әдеттің аясынан шығаруға ұмтылу, балада қарама-қарсылық реакциясын тудырады (айқайлау, жылау, агрессия). Бұл топ балаларда қолдарын сермеу, қол бастарын айналдыру, секіру, таяқшаларды және жіптерді сілкілеу сияқты қимыл-қозғалыс стереотиптері байқалады. Олар өзінің қажеттілігін білдіру үшін сөйлеу тілін пайдалана алады, бірақ олардың сөйлеу тілінің дамуы ерекше. Бұл топ балалары анасынан бір минут та ажырамайды себебі қатты қорқыныштарға беріліп кетеді [2, б. 105]

3-топ: Балалар қатынасқа оның ішінде сөйлеу тілдік қатынасқа түсе және оны қолдай алады, бірақ оны орнату айрықша жан-жалдықпен ерекшеленеді. Олар қырсық, қыңыр болып, басқалардың пікірлерін есепке алмай, сөйлесіп тұрған адамның сөзіне және одан алған әсеріне мән бермей барлық жерде өздерінің айтқандарын істеткілері келеді. Олар үшін басқа адамдардың сезімін түсіну олардың басқалардың ісіне жауап беру, жол беріп, жаны ашу қиындық туғызады.

Бұл балалардың жоғарыдағы топтармен салыстырғандағы психикалық белсенділігінің жоғары болғандарына қарамастан, оларда басқа аутистер сияқты өте сезімтал, тез ренжігіш болып келеді. Олар жайсыздық пен қорқынышты жеңу үшін аутистік қызығушылықтары басым болып келетін психологиялық қорғаныш тәсілін пайдаланады.

Балалар қандай да бір интеллектуалды түрдегі сабақтармен және қызығушылықтармен айлап айналысуы мүмкін.

Бұл топ балалары іс-әрекеттерін жоспарға сәйкес қатал дәйектілікпен орындауға тырысады; егер оны іс жүзіне асыру бұрмаланса, онда ол тәртіптің бұзылуына: қырсықтыққа, агрессияға, керісінше істеуге ұмтылуға әкеліп соқтырады.

4 топ. Бұл балалардағы аутизм қарым-қатынас пен өзара әрекеттестікті ұйымдастырудағы қиындық ретінде жеңіл түрде байқалады. Бұл балалар жоғары сезімталдығы мен және тез ренжігіштігімен, сын мен қолдамауды жаратпайтындығымен ерекшеленеді. Олар жақындарына бауыр басқан, олардан үнемі көңіл мен эмоциялық қолдауды талап етеді. Бұл топ балалары жасық, ұялшақ және қорқақ балалар сияқты әсер қалдырады. Оларда басқа адамдардың сезімдерін, тәртібін және олармен белсенді және икемді әрекеттес болу ұғымы, түсіну мүмкіндігі төмендеген; олар қарапайым әлеуметтік жағдайларда естері шығып кетуі мүмкін. Бұл топ балалары үшін тәртіп пен қызметтің стереотиптік формаларына ұмтылу тән. Әдеттегі стереотиптің сәл болса да өзгерген кезінде оларда бірден қорқыныш пен ыңғайсыздықтың жоғарлауы байқалады. Қимыл-қозғалыстың тежелуі мен сенімсіздігі тән. Оларда жиі жағдайда психикалық және сөйлеу тіл дамуының тежелуі байқалады. Сөйлеу тілі байланысқан, бірақ кедей, көмескі [3, б. 44-56].

Аутист баланың психикалық дамуының ерекшеліктері.

Аутист балалардың ата-анасы және оларды бақылайтын бала дәрігерлері әдетте олардың өмірінің бірінші жылында нәрестенің психомоторлық дамуындағы қандай да бірауытқушылықтарды байқамайды. Көптеген аутист балалардың психофизикалық дамуы олардың өмірінің бірінші жылында жас шамасы нормативтеріне сәйкес болады. Баланың эмоциялық дамуы да оның бір жасқа дейінгі жас ерекшеліктеріне қарай одан психикалық жоғары белсенділікті күтпейтіндіктен ата-анасын көп алаңдатпайды.

Сонымен бірге мамандарға аутист балалардың психикалық ерекшеліктері олардың өмірінің алғашқы айларында-ақ, әсіресе ерте аффекті немесе эмоциялық-коммуникативті саласының дамуынан байқалатыны жақсы мәлім.

Сәби жас. Көптеген сәби балаларда ересек адамның эмоциялық қатынасына әлсіз көңіл аударулар байқалды, олар өзіне көңіл аударуларды талап етпейді, қолға алуды сұрамайды, өздерімен өздері болып тыныш жата береді. Анасының қолындағы бала оған жабыспайды, құшақтамайды табиғи және жайлы қалыпты қабылдаудан қиналады. Оларда адамның бетіне қызығушылық байқалмайды, қараған күнде де олардың көзқарасы адам бетіне қарамай жанай өтіп кетеді. Бұл сәбилерде жиі жағдайда жеке сенсорлық әсерді жоғары деңгейдебекіту байқалады. Олар кілем немесе түс қағаз өрнектері ұзақ уақыт мұқият қарайды, қабырғадағы көлеңкенің қозғалысын бақылайды, 3–4 айдан

бастап, жарнаманы немесе мультфильмді басқалардан ерекшелеп ұзақ қарай бастайды. Олардың тағы бір ерекшелігі кітаптың бетін парақтау, бір нәрсені шикылдату, саусақтарын салалау, арбаны тербету, секіруді жақсы көреді.

Ерте жас. Егер баланың ата-анасы аутист бала өмірінің алғашқы бір жарым жылында оның дамуындағы проблемаларды байқамаса, бала өмірінің екінші жылының соңы мен үшінші жылының басында айқын байқалады. Жақын адамдары атын атап шақырса оның қарамайтыны, ата-анасымен өзара әрекетке ұмтылмайтыны, басқаға еліктемейтіні, басқа балалар ойнайтын ойынды ойнамайтыны, тек бір істі бар көңілімен қайталай беретіні басты белгісі болып табылады.

Аутист балаларда ерте жастан-ақ қоршаған заттардың пішініне, шығу тегіне деген қызығушылық пайда болады. Ата-аналар баланың текшелерді, пирамидалардың шығыршықтарын, қарындаштарды түсіне қарай өзі топтастыратынын, заттарды пішініне қарай сұрыптап, көлемі бойынша қатарлап тізетінін, арнайы үйретпесе де компьютер, ұялы телефонды пайдалана алатынын, жиі жағдайда екі-үш жастағы балалар әріптерді, цифрларды білетінін, көру, музыкалық есте сақтау, тақпақтарды есте сақтау қабілеттерінің болатынын айтып отырады.

Мектепке дейінгі жас. Мектепке дейінгі жастағы балалардың қоршаған ортамен қарым-қатынасы мен өзара әрекетте болудың қиындығы, сөйлеу тілінің дамуының тежелуі, баланың тәртібіндегі проблемалар ата-анасына айқын байқала бастайды да, олар мамандардан көмек сұрай бастайды.

Мектеп жасы. Мектеп жасындағы кейбір балалар (1 топ) басқаруға көнеді, жақын адамдармен арадағы әрекеті бағытталған түрде өтеді, сөздік өтініштерді орындай бастайды, болып жатқан жағдайларға қызығушылық байқалады, сөйлеу тілі пайда болады да, өз қалауын білдіру үшін жеке сөздермен сөз тіркестерін пайдалана бастайды.

2 топ балаларында мектептегі оқу үшін қажетті мүмкіндіктері үлкен болады. Кейбіреулері бастапқы кезде бейімделуге қарсы тәртіпті көрсетуі мүмкін, бірақ аз уақыт өткен соң мектеп өмірінің жалпы стереотипі пайда бола бастайды да оны бұлжытпай орындайды.

3-топ балаларының мектеп өміріне бейімделу немесе оқу материалын меңгеруіне байланысты проблемалар болмайды. Бірақ қиындық баланың тәртібінде туындайды. Оқуда жеткен жоғары нәтижелері, мұғалімнің қойған жоғары бағасы мен мақтауын уәж еткен бала, одан тек өзіне көңіл аударуды талап етеді, онымен үнемі өз қызығушылығы тақырыбында ғана сөйлескенді қалайды. Мұндай бала үнемі бірінші болғанды, барлық сұрақтарға өзі жауап бергенді қалайды, қарсылыққа төзбейді.

4-топ балалары тежелудің жоғарлығына, тез қажып, шаршағанына, жылдам ренжігіштігіне қарай оқуда қиындықтарға кездеседі. Бұларда айтылған сөзді түсінудегі қиындықтар, нұсқауды қабылдау мен

материалды меңгерудің баяулылығы байқалып, мұғалім көмегін қолдауын қажет етеді. Бұларды ПДТ бағдарламасы бойынша оқыту ұсынылады.

Аутист балаларға арнайы көмек көрсету

Аутист балаларға арнайы көмек көрсету жүйесі өткен ғасырдың 60 жылдарында алғаш рет АҚШ пен Батыс Еуропа елдерінде қалыптасуын бастаған. Еуропада ең бірінші аутист балаларға арналған мектеп Данияда 1920 жылы ашылған. Кейін кейбір жеке меншік мекемелер аутист балаларға көмек көрсеткен, бірақ ол кезде, нақты оқыту мен түзеудің әдістемелік, ғылыми негіздемесі болмаған.

Ресей ғалымдарының мәліметтері бойынша уақытымен түзетушілік көмек көрсетілген жағдайда аутист балалардың 60 пайызы жалпы білім беру бағдарламалары бойынша, 30 пайызы арнайы білім беру бағдарлама бойынша оқуға қабілетті, ал 10 пайызы отбасында әлеуметтенуге мүмкіндіктері бар. Бірақ түзетушілік көмексіз қалған жағдайдағы балалардың 75 пайызы әлеуметтік ортаға бейімделе алмайды, 22–23 пайызы шамалы бейімделеді, тек 2–3 пайызы әлеуметтік бейімделудің жеткілікті деңгейіне жетеді.

Аутист балаларға арнайы көмек көрсету жүйесі өткен ғасырдың 60 жылдарында алғаш рет АҚШ пен Батыс Еуропа елдерінде қалыптасуын бастаған. Еуропада ең бірінші аутист балаларға арналған мектеп Данияда 1920 жылы ашылған. Кейін кейбір жеке меншік мекемелер аутист балаларға көмек көрсетуді бастаған, бірақ ол кезде нақты оқыту мен түзетудің әдіснамалық, ғылыми негіздемесі болмаған.

Қазіргі уақытта балалық ерте шақтағы аутизмді түзетудің әдістемелік негіздері әр түрлі. Жиі кездесетін бихевиористік психологияның негізінде операнттық оқыту (мінез-құлықтық емдеу).

Бұл түзету әдісі АҚШ-та және басқа да елдерде кеңінен тараған. Әдістің негізі қажетті қылықты, әрекетті қалыптастыру үшін сыртқы жағдайларды арнайы қамтамсыз ету, әлеуметтік-тұрмыстық бейімделу, сөйлеу тілін дамыту, оқу немесе еңбек ету дағдыларына үйрету. Бұл әдіс бойынша оқытылған балалардың 50–60 пайызы жалпы мектеп бағдарламасын меңгере алады, кейін орта, жоғары оқу орындарында оқуын жалғастыра алады.

Операнттық оқыту әдістен басқа шет елдерде ТЕАССН атты бағдарлама (Э. Шоплер, Р. Райхлебер), холдинг терапия (М. Уелш) күнделікті өмір сүру жағдайын қамтамсыз ету арқылы емдеу (К. Китахара) т.б. тәжірибеде жиі пайдаланады.

Ресейлік тәжірибеде ең танымал К.С. Лебединская мен О.С. Никольскаяның аутизмді түзетудің кешенді медициналық-психологиялық-педагогикалық әдістемесі. Бұл әдістеменің негізгі ерекшелігі дәрігер, педагог пен психологтардың бірлесе, тығыз байланыста жұмыс жасау. Өткен ғасырдың ортасынан бастап балалық ерте жастағы аутизмді

зерттеулер басталуына қарамастан, қазіргі уақытқа дейін арнайы кешенді көмек көрсету жүйесі құрастырылмаған.

Бұл жерде кейбір балаларды жалпы мектептегі арнайы сыныптарда оқыту тәжірибесі бар екенін айту керек. Бірақ сол балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қажеттілігі негізгі талап.

Л. Каннер бойынша ерте балалық шақтағы аутизм синдромы келесі үш көрсеткішті біріктіреді: аутистикалық уайымдар, стеротипі, үйреншікті, бір қалыпты мінез-құлық, сөйлеу тілінде ерекше сипаттағы кемістіктер [4, б. 41-43]

Әдебиеттер

1. Гилберт К., Питерс Т. Аутизм: Медицинское и педагогическое воздействие: Книга для педагогов-дефектологов. – М.: Владос, 2003. – 106 б.
2. Зацепин В.И., Бучинска Л.М., Гавриленко И.Н. и др. Справочник. – К.: Политиздат, 1989. – 255 с.
3. Каирова Б.К. Әлеуметтік психология. – Қостанай, 2008. – 86 б.
4. Малдыбаева А.О., Орынбаева Э.Ә. Дефектология негіздері. – Шымкент, 2007. – 41-43 б.

Б.А. Найманов, А.Б. Найманова

Павлодарский педагогический университет, г. Павлодар

АЛГОРИТМИЧЕСКАЯ ЛИНИЯ В КУРСЕ МАТЕМАТИЧЕСКОГО АНАЛИЗА

Аннотация. В статье рассматривается алгоритмическая линия курса математического анализа. На основе анализа программ и учебников были составлены схемы использования курса математики при изучении информатики. С помощью этих схем в работе были отобраны некоторые понятия математического анализа, входящие в школьный курс математики и подлежащие алгоритмизации. Здесь также выявлены возможности проведения алгоритмической линии через решение задач и доказательства теорем на основе материалов из курса математического анализа. Для ее реализации были отобраны алгоритмы по курсу математического анализа. В работе приводятся также три этапа метода математического моделирования и отмечается постепенное введение данного метода в средней школе.

Здесь также выявлены условия для формирования у студентов знания и умения межпредметного характера, а именно, умение выделять правила, теоретические утверждения и задачи, подлежащие алгоритмизации, умение формировать алгоритмы школьного курса математики, умение составлять задачи, носящие алгоритмический характер.

Ключевые слова: алгоритм, математический анализ, математическое моделирование, межпредметные связи, лекция, практическое занятие.

Усиление алгоритмической линии в курсе математического анализа призвано формировать знания и умения, связанные с использованием межпредметных связей в преподавании математики.

Содержание курсов математического анализа и информатики, а также методические приемы, используемые при преподавании этих предметов, вызывают необходимость:

- 1) интерпретации понятия алгоритма на примере различных понятий школьной математики, изучаемых в курсе математического анализа;
- 2) решения задач и доказательства теорем, которые основаны на использовании определенных алгоритмов и схем или нацелены на их построение;
- 3) построения математических моделей;
- 4) обобщения математических знаний с помощью алгоритмических схем.

Полагаем, что студенты смогут осуществлять межпредметные связи в процессе изучения математического анализа, если у них будет сформирована алгоритмическая культура. Она предполагает овладение следующими понятиями: интуитивным понятием сущности алгоритма и его свойств; представлением о возможности автоматизации той области, где существует алгоритм этой деятельности; умением представлять алгоритм с помощью определенных средств и методов описания; знанием основных типов алгоритмов. [1]

Рассмотрим сформулированные выше (1-4) методические приемы.

1. На основе анализа программ и учебников алгебры, алгебры и начала анализа и информатики были составлены схемы использования учебного курса математики при изучении информатики. С помощью этих схем были отобраны некоторые понятия математического анализа, входящие в школьный курс математики и подлежащие алгоритмизации.

К ним относятся: сравнение конечных дробей, построение графика функции с помощью преобразований, нахождение приращения функции, исследование функции на четность и нечетность, на возрастание и убывание, построение графика функции по готовому алгоритму, задание функции в виде нескольких аналитических выражений, приближенное решение уравнений методом половинного деления, приближенное вычисление определенного интеграла с помощью метода прямоугольников и трапеций. На практических занятиях студентам следует предлагать задания, связанные:

- с отбором понятий, подлежащих алгоритмизации;
- с составлением алгоритмов, встречающихся в школьном курсе математики;
- с отбором алгоритмического материала из курса математического анализа доступного школьникам.

2. Хорошую возможность проведения алгоритмической линии через решение задач и доказательство теорем дает материал математического анализа.

Для ее реализации с помощью критерия алгоритмичности (под алгоритмичностью мы понимаем возможность решения некоторого класса

задач с помощью определенного алгоритма) отобраны следующие алгоритмы: вычисление предела дробно-рациональной функции, вычисление членов рекуррентных последовательностей, нахождение производной от элементарных функций, приближенное решение уравнений с заданной степенью точности методом хорд и касательных и методом итераций, интегрирование рациональных функций, рационализация интегралов от тригонометрических функций, рационализация интегралов, содержащих иррациональность [2].

Постоянно в ходе работы нужно обращать внимание студентов на выделение классов объектов, для которых существует алгоритм. Это позволит лучше усвоить такое свойство алгоритма, как массовость, и научить их отличать алгоритм от схемы.

На лекции студентам следует предлагать такие задания: по готовой схеме доказать теорему по изученной теореме составить схему доказательства однотипных теорем. Такая работа может проводиться при доказательстве теорем о свойствах пределов, производных и интегралов. На практических занятиях необходимо постоянно обращать внимание на основные свойства алгоритмов (массовость, результативность, детерминированность).

Все основные понятия математического анализа так или иначе связаны с понятием предела. Поэтому мы можем говорить только о схемах вычисления предела, производной и интеграла. Следует обратить внимание студентов на то, что эти схемы не являются алгоритмами (нарушено одно из основных свойств алгоритмов – результативность).

3. Курс математического анализа располагает множеством примеров применения его методов к решению практических задач. Это в первую очередь относится к задачам, решаемым с помощью дифференциального и интегрального исчисления. При их решении следует обратить внимание студентов на три этапа моделирования (построение модели, ее решение и интерпретацию) [3].

Обязательно отметить постепенное введение этого метода в школе. Сначала отрабатывается метод прямого и обратного перевода ситуации, заданной в нематематической форме, на математический язык.

Это является первоначальным этапом знакомства с математическим моделированием. Далее идет описание и выделение этого приема в курсе информатики. На последнем этапе осуществляется использование вышеуказанного приема при изучении различных школьных предметов.

4. Обобщение некоторых математических знаний происходит при решении аналогичных по своей структуре задач с помощью одной и той же алгоритмической схемы. Примером может служить изучение скорости протекания неравномерных процессов. Рассматривая со студентами задачи о вычислении мгновенной скорости прямолинейно движущейся точки, линейной плотности стержня, углового коэффициента касательной, следует обратить внимание на то, что их решение проходит по од-

ной и той же схеме, в конце которой вычисляются пределы отношения приращения различных функций к приращению соответствующих аргументов, когда последнее стремится к 0. Естественно, возникает необходимость вычисления этого предела для любой функции.

Таким образом, обобщая схему решения вышеуказанных задач, мы приходим к определению производной [4].

Подводя итоги, можно утверждать, что осуществление на практике отмеченных выше методических приемов поможет сформировать у студентов следующие знания и умения межпредметного характера:

- умение выделять правила, теоретические утверждения и задачи, подлежащие алгоритмизации;
- умение формировать алгоритмы школьного курса математики;
- знание основных алгоритмов школьного курса математики;
- знание метода математического моделирования и умение применять его на практике;
- умение обобщать полученные знания с помощью схем;
- умение составлять задачи, носящие алгоритмический характер.

Литература

1. Монахов В.М. Формирование алгоритмической культуры школьников при обучении математике. – М.: Просвещение, 1978.
2. Уваренков И.М., Маллер М.З. Курс математического анализа. – Том 1. – М.: Просвещение, 1966.
3. Марон И.А. Дифференциальное и интегральное исчисление в примерах и задачах. Функции одной переменной. – М.: Наука, 1970.
4. Задачник по курсу математического анализа, ч.1. / Под ред. Н.Я. Виленкина. – М.: Просвещение, 1971.

Ж.М. Нурғалиева

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

ЖАҢА БІЛІМ БЕРУ СТАНДАРТЫ АЯСЫНДА МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Андатпа. Орта мектепте математикалық талдаудың мазмұнын, әдістері мен құралдарын жетілдіру жолдары қарастырылады.

Түйін сөздер: функционалдық теңдеу, монотондылық, математикалық талдау.

Заманауи қоғам білім ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір адамда сапалы және терең білім мен іскерліктің болуын, жастардың белсенді, шығармашылықпен жұмыс істеуін және кеңінен ойлауға қабілетті болуын талап етеді. Оқушылардың интеллектін, шығармашылық ойлауын дамыту, ғылыми-көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше білім алу дағдыларының дамуына негіз салу болып табылады [1, 164 бет].

Математиканы оқыту әдістері кез-келген басқа білім салалары сияқты үнемі даму, жетілу үстіндегі ғылым. Бұл әсіресе оқыту әдіс-темесіндегі орын алып отырған өзгерістерден анық байқалады. Математиканы оқытудың қазіргі кездегі ең басты ерекшеліктері мынадай:

1. Оқытудың барлық кезеңдерінде шәкірттердің білім алу белсенділігін арттыру. Мұнда мұғалімнің жәрдемімен шәкірттердің өздігінен білім ашуына аса көңіл бөлінеді.

2. Оқу үрдісінде оқушылардың математикалық ойлау интенсифтендіру, яғни оларды математика саласы бойынша теориялық білім алу және рационал ойлаудың негізгі интенсифті әдістерін игеруге баулу.

Оқыту мұғалім тарапынан, үйрету, ал шәкірт тарапынан оқу, үйренуді қамтитын екі жақты үрдіс. Сондықтан да оқыту жемісі болу үшін бұлар арасында әрқашанда тура және кері байланыс болу керек.

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер қоры жылдан-жылға дамып келеді. Өте жиі қолданылатын әдіс-тәсілдер келесі:

- Құндылықты-бағдарланған тәсіл
- Тұлғалық-бағдарланған тәсіл
- Интегративтік тәсіл
- Зерттеу тәсілі
- Интербелсенді әдіс

Оқытушы оқу үрдісінің жүруін басқарып отыру үшін шәкіртте мұғалімге ол жөнінде ақпарат дер кезінде жетіп отыруы шарт. Тек осындай ақпаратты ескере отырып, мұғалім сабақ үстінде әр оқушының оқуына білікті түрде араласа алады. Бұл бағдарламалық оқыту идеясын туғызады.

Жалпы педагогикалық тұрғыда бағдарламалық оқыту деп – оқу материалын арнайы бағдарлама бойынша мұғалім шағын бөліктерге бөлшектейтін және әрбір оқушының іс-әрекетінің сипаты мен ретін анықтайтын сондай-ақ оқытылатын материалды меңгеру барысын ұдайы бақылауға көмектесетін дидактикалық жүйені түсінеміз. Бағдарламалық оқыту әсіресе білімді машинаның көмегімен бақылау бүгінгі таңда барлық оқу орындарында кеңінен пайдаланады.

Тағы бір айтарлықтай маңызды мәселі – мектеп курсы бағдарламасы бойынша математика пәнінен алған білімдерін шыңдай отырып, оны практикада, яғни есептер шығаруда тиімді қолдана білуге үйрету. Бұл мәселе жаңа болмаса да, жаңа білім беру аясында математиканы оқытудың жетілдіру жолдарының өте бір тиімді жолы,

Математикалық талдау элементтерін көптеген оқушылар үстірт меңгеретіні белгілі. Бұл енгізілген ұғымдардың белгілі бір жаңалық болуына және күрделілігіне, сондай-ақ оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты. Шектеулі уақыт жағдайында 11-сыныпта әртүрлі теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу кезінде функциялардың қасиеттерін ашатын ұғымдарды қолдану қажет. Осыны математикалық әдебиет-

терде – Функциялардың монотондылығына негізделген әдістер деп атайды. Осыған байланысты келесі мысалдарды қарастырайық.

$$f(x) = g(x)$$

типтік теңдеулерді шешуде кейбір жағдайларда функциялардың монотондылығын қолданатын әдіс өте тиімді

Мысал 1. Теңдеуді шешу керек

$$\log_2(7-x) = x-1.$$

Шешімі. Теңдеудің анықталған мәндерінің ауданы $x < 7$.

$f(x) = \log_2(7-x)$ және $g(x) = x-1$ функцияларын салыстырайық.

Функция $y = f(x)$, $x < 7$ мәндерінде кемімелі болады.

Ал функция $y = g(x)$ – керісінше, өспелі.

Онда теңдеудің бір ғана түбірі болады

Жауабы $x = 3$.

Мысал 2. Теңдеуді шешу керек

$$\log_2(1+\sqrt{x}) = \log_3 x.$$

Шешімі. Жаңа айнымалы енгізейік

$$y = \log_3 x.$$

Онда $x = 3^y$, $1 + \sqrt{x} = 1 + (\sqrt{3})^y$ және теңдеу мына түрге келеді

$$1 + (\sqrt{3})^y = 2^y$$

$$y = 2$$

осы теңдеу түбірі болатыны оңай көрінеді. Басқа түбірлері болмайтынын көрсетейік. Теңдеудің екі жағын $(\sqrt{3})^y$ бөлейік, онда

$$\left(\frac{1}{\sqrt{3}}\right) + 1 = \left(\frac{2}{\sqrt{3}}\right)^y$$

$$\frac{1}{\sqrt{3}} < 1, \text{ ал } \frac{2}{\sqrt{3}} > 1,$$

онда теңдеудің сол жағы кемімелі функция болады да, теңдеудің оң жағы өспелі функция болады. Онда теңдеудің бір ғана түбірі болады. Осыдан $y = 2$ – теңдеудің жалғыз түбірі.

Онда $\log_3 x = 2$. Осыдан $x = 9$.

Жауабы: $x = 9$.

Функционалды теңдеулерді шешу әдістері

Математикадан оқуға түсу емтихандарындағы ең күрделі есептердің қатарына функционалдық теңдеулерді қарастыруға арналған есептер жатады

$$\underbrace{f(f(\dots(f(x))\dots))}_{n \text{ дағ}} = x$$

немесе

$$f(g(x)) = f(h(x)).$$

$f(x)$, $g(x)$, $h(x)$ – кез келген функциялар және $n \geq 2$.

Мысал 3, $\sqrt{1-\sqrt{1-x}} = x$ теңдеуінің үш түбірі бар $x_1 = 0$, $x_2 = 1$, $x_3 = \frac{-1+\sqrt{5}}{2}$, бірақ $\sqrt{1-x} = x$ теңдеуіне жарамдысы біреуі ғана, қосымша зерттеу жүргізу керек [2, 122 бет].

Қорыта айтқанда, мұғалім – оқушының жеке тұлғалық және зияткерлік дамуын жобалаушы. Бұл мұғалімнен ақпараттық құзырлылықты, ұйымдастырушылық қабілеттілікті, оқушыларды қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеуді, олардың ізденімпаздық дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін дамыту бағыттарын талап етеді. Бүгінгі күні мемлекетіміздің өркениетке жету жолындағы өр талабына тұғыр боларлықтай ұрпақ оқыту, тәрбиелеу ісін жаңа сапалық өзгерістер деңгейіне көтеруді талап етіп отыр. Мектеп құрылымында болып жатқан өзгерістер, білім беру мақсаттарының алмасуы, оның дамытушылық сипаттарының бекітілуі, көпнұсқалық оқытуға көшу сияқты мәселелер орындаушылардан шығармашылық бастамалық, жұмыстың жоғары сапасын және кәсібилікті талап етеді. Мысалы, орта мектепте алгебра және анализ бастамалары курсы оқытудың сапасын арттыру үшін компьютерлік технологияны қолданып, оқу процесін жекелендірудің әдістемесі қолданған жөн. Ол оқушылардың алгебра және анализ бастамаларының абстрактілі ұғымдары мен ережелерін түсініп меңгеруіне, соның негізінде оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыруға үлкен әсерін тигізетіндігі, математикалық есептерді шығару біліктерін қалыптастыруға ықпал ететіндігі анықталды [3, 56 бет].

Әдебиеттер

1. Әбілқасымова А.Е, Кенеш Ә.С. Орта мектепте математика есептерін шығаруға үйретудің әдістемелік негіздері. – Алматы, 2004.
2. Назаров А.И. Задачи-ловушки. – Мн.: Аверсэв, 2006.
3. Барвенов С.А. Методы решения алгебраических уравнений. – Аверсэв, 2006.

Д.Ф. Нурсеитов, Г.Е. Асылбекова, М.Ф. Нурсеитова

Павлодар қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебі

НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІНДЕ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада зияткерлік мектептің оқушыларын салауатты өмір салтына ынталандыруды қалыптастырудағы ерекшеліктері қарастырылған. Зияткерлік мектептерінің оқушыларының салауатты өмір салтын сақтауға ынталандыруды қалыптастыруға қажеттілік сыртқы (әлеуметтік) және ішкі (тұлғалық) факторлар арқылы айқындалады деп көрсетілген.

Түйін сөздер: ынталандыру, салауатты өмір салты, зияткерлік мектеп, дарындылық, әлеуметтік-психологиялық факторлар.

Зияткерлік мектептері білім беру мазмұнын байыту арқылы тұлғаның жан-жақты дамуын қалыптастыра отырып, кең ауқымда білім беру қызметтерін көрсетеді. Алайда бұл процесстің оқу-қабылдау ісін қиындататыны анық. Өз кезегінде ол да қатысушылардың денсаулығына әсер етпей қоймайды. Зерттеулердің нәтижесіне көз жүгіртсек, жалпы білім беру мектептерімен салыстырғанды зияткерлік мектептеріндегі шамадан тыс жүктің оқушылардың физикалық, әлеуметтік, психологиялық, рухани жағдайларына әсері үлкен. Қоғамда зияткерлік мектептерінің оқушылары жайлы елдің болашақ зиялы қауымы деген көзқарас қалыптасқан. Дарынды балаларды анықтау әрі оларды одан әрі жан-жақты дамыту қолға алынған. Сонымен қатар осы жолда туындайтын кедергілерді, оның ішінде оқушылардың денсаулық жағдайының ақауларын тиімді болжау және шешу жолдары өзекті мәселе ретінде қарастырылады. Әсіресе, Қазақстан Республикасының зияткерлік мектептері оқушыларының салауатты өмір салтына қызығушылықтарын ояту өте маңызды жұмыс.

Білім беру орындарында денсаулықты сақтау ортасын қалыптастыру – Қазақстан Республикасының білім беру саясатының маңызды бағыттарының бірі. Жалпы білім беру мектептеріндегі құрдастарына қарағанда ауқымды материалдар ағынын игерулеріне тура келетін зияткерлік мектеп оқушыларына қолайлы, денсаулықтарына зақым келмейтін орта ауадай қажет.

Зияткерлік мектептерінің оқушыларының салауатты өмір салтын сақтауға ынталандыруды қалыптастыруға қажеттілік сыртқы (әлеуметтік) және ішкі (тұлғалық) факторлар арқылы айқындалады. Денсаулық сақтау сұрақтарын зерттеу анализі зияткерлік мектеп оқушыларының басым бөлігіне жоғары талаптардың әсерінен үлкен салмақ түседі, нәтижесінде денсаулықтарында кінәраттар пайда болатынын көрсеткен.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанда соңғы бес жылдың ішінде оқушылардың сырқаттануы 22%-ға, оның ішінде қаназдық – 2,5 есе, тыныс алу жолдары аурулары – 1,5 есе, эндокриндік аурулар мен асқорыту жүйесінің бұзылуы – 1,4 есе, жүйке жүйесі аурулары – 1,5 есе, түрлі жарақаттар, улану, қайғылы оқиғалар – 1,2 есеге артқан. ҚР Денсаулық сақтау жылы деп жарияланған 2002 жылдың өзінде 1 млн 700 мың оқушыны диспансерлеу кезінде 12–18 жастағылардың 44,6%-ының денсаулықтарында ауытқулар бар екендігі анықталған. Қазіргі жағдай одан жақсы емес. Тізімді асқорыту мүшелерінің аурулары бастап тұр, онымен әрбір алтыншы оқушы ауырады. Одан әрі тыныс алу, жүйке жүйесі және қимыл-тірек аппараты аурулары келеді. Жоғарыдағы мәліметтердің көрсетуінше, оқушылардың, әсіресе, зияткерлік мектептердегі оқушылардың уақыттарының көп бөлігі сабақ оқуға кетеді де, денсаулықтарына қауіп туады.

Білім беру жүйесінің міндеттерін анықтайтын әлеуметтік факторлар қоғамның интеллектуалдық, физикалық және рухани дені сау азаматтарға қажеттілігі болуымен байланысты. Бұл мемлекеттің басты құжаттарында да көрсетілген. Қазақстан Республикасының 2016–2019 жылдарындағы білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында мектеп оқушылары арасында салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінген әрі бұл мақсатқа жету үшін нақты қадамдар анықталған [1]. «Ресей Федерациясының 2025 жылға дейінгі демографиялық саясатының концепциясында» былай делінеді: «тұрғындардың денсаулығын жақсарту, әлеуметтік маңызы бар сырқаттардың деңгейін төмендету мақсатында азаматтарды салауатты өмір салтын сақтауға ынталандыруды қалыптастыру бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жағымсыз факторлардың әсері мен олардың алдын алу шараларын, дене шынықтыру жаттығуларымен, туризм және спортпен айналысуды үгіттеу, тұрғылықты мекенге қарамастан демалыс және бос уақытты тиімді ұйымдастыруды, халық денсаулығын жақсартуды көздейтін қоғамдық бастамаларды қолдау механизмін құруды насихаттау арқылы жүзеге асырылады» [2].

Қазіргі таңда салауатты өмір салтын айқындаудың екі жолы қалыптасқан. Біріншісі, дәстүрлі, бәріне бірдей «дұрыс» әрекеттерді реттейді: шылым шегуден және ішімдік пайдаланудан бас тарту, қозғалыс белсенділігін арттыру, қаныққан майлар мен ас тұзын пайдалануды азайту және т.б. Салауатты өмір салты мен халықты жаппай сауықтыруды насихаттауда мұндай бағдарламалардың тиімділігі осы қағидаларды ұстанатын адамдардың санына қарап бағаланады. Жоғарыда келтірілген жолдың кемшілігі, адамдар барлық қағидаларыды бірдей ұстанғанымен, олардың әртүрлі тұлғалық морфогенетикалық ерекшеліктерінің болуына байланысты сырқаттану дәрежелері де әртүрлі. Бұл жол жалпы халықтың бірдей қағидаларды ұстанып өмір

сүруіне әкелуі мүмкін, алайда бәрінің бірдей дені сау болуына жеткізе алмайды.

Екінші жол адамның белгілі бір өмір сүру ұзақтығы мен өмір сүру сапасына деген қалауының болуына негізделеді. Сондай-ақ, бұл дұрыс әрекет деп саналады. Адамдардың әрқайсысының тұлғалық ерекшеліктері болатындықтан, сәйкесінше, олардың өмір сүру салтында және салауаттылық қағидаларын ұстану дәрежесінде өзгешеліктер болады.

Салауатты өмір сүруді қалыптастыруды көптеген ғалымдар зерттеген. Атап айтқанда, А.А. Ошкина, О.И. Платонова, Н.В. Седых, А.А. Токарев және т.б. мектепке дейінгі балалар арасында салауатты өмір сүру салтын қалыптастыру мүмкіндіктерін іздеген. Н.В. Анушкевич, А.А. Иванова, Р.Н. Терлецкая, Т.В. Яковлева және т.б. балалар мен мектеп жасындағы жасөспірімдер арасында сауатты өмір салтын қалыптастырудағы мәселелерді талдаған. Ф.А. Курбоев, М.К. Салаватова, С.А. Федоткина, Л.Н. Яцковская және т.б. тәлімгерлер мен жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастырудағы кедергілермен айналысқан. Айта кететіні, еңбектерде «қалыптастыру» термині шектеусіз қолданылған, себебі салауатты өмір салтын қалыптастыру процесі онтогенез кезіндегі дамып жатқан тұлғаға әсер ету арқылы жүзеге асады.

Салауатты өмір салтына ынталандыруды қалыптастыру мәселесіне қатысты түрлі көзқарастарға анализ жасай отырып, мынадай қорытындыларға келдік:

1. Құндылықтар бағытын қайта бағалау, оларды деперсонификациялау (жеке тиістілікті жою). Бұл референттік топтардан бөлінумен байланысты. Зияткерлік мектептер жағдайында бұл процесс оқушылардың мамандандырылған мектептерге 7-сыныпта, яғни жасөспірімдік кезеңнің қиындықтары күрделенген шақта ауысуынан көрініс табады.

2. Үлгі болу қызметінің ата-анадан референттік топқа көшуі: ата-аналардың «моральдық» эталон ретінде құнының жоғалуы. Құрдастар тобы қоғамның ішінде құрылады. Сондықтан балалық шақта қалыптасқан құндылық жайлы түсінік жасөспірімдік кезінде де сақталады. Жасөспірімдік кезінде зияткерлік мектебіне түскен оқушылар арасында жаңа референттік топтар құрылады және ол топтар бұл жағдайда білім алудағы жетістіктерге негізделеді.

3. Біздің зерттеуіміз салауатты өмір салтына ынталандыруды Қазақстан Республикасының зияткерлік мектептері оқушылары арасында қалыптастыруды негізделгендіктен, салауатты өмір салтына қажеттіліктің қалыптасу жетістігі оқуға деген дұрыс көзқарасының болуына тікелей байланысты.

4. Сондай-ақ, зерттеулерімізде біз А.К. Громцевамен келісеміз, яғни «тікелей әрекеттің өзіне қатыстырмастан» қатысушыларды белгілі бір қызметке дайындау мүмкін емес [3]. Сәйкесінше, салауатты өмір салтына ынталандыруды қалыптастыру дене шынықтыру сабағында көрініс табуы керек.

5. Мәдени салт-дәстүрмен ұштасқан құндылықтар мен мұраттардың ассимиляциялануы (бірігуі). Зияткерлік мектептеріне түскеннен кейін де орын алуы мүмкін болған үрей, қарсылық, бүлік шығару сатыларынан кейін жасөспірімдердің көпшілігі өздерінің мәдени ортасындағы, мектеп ішіндегі құндылықтардың көбісін мойындайды.

6. Жоғарыда келтірілгендерге байланысты есею мен менмендіктен бас тарту деңгейіне қарай өзара моральдық міндеттер алдыңғы орынға шығады. Дарынды жасөспірім менмендіктен айығады, яғни зияткерлік мектептебі қабырғасындағы жалпыға бірдей қолданылатын бағалау критерийлерін, адамгершілік құндылықтарды өзіне де қолдана бастайды. Сондай-ақ, өзгенің ойымен санаса бастайды.

7. Мамандандырылған мектеп оқушылар арасында салауатты өмір салты мәдениетін орнықтыруға, денсаулық, өзін-өзі ұстау, мотивация негіздері жайлы терең түсініктерін қалыптастыруға қауқары жетеді. Өз кезегінде бұл мектеп түлегінің болашақта үлкен өмірге сіңісіп кетуіне әрі күнделікті тұрмыстан бастап мемлекеттік мәселелерді де шеше алуға зор септігін тигізеді. Оқушылар арасында салауатты өмір салтына ынталандыруды қалыптастырудағы маңызды істердің бірі – білім беру ортасындағы субъектілерді өзара жұмылдырып, салауатты өмір салтын қалыптастыруда мектеп ортасының рөлін күшейту.

Жоғарыда келтірілгендерге анализ жасау арқылы келесідей қорытындылар шығарамыз:

1. Ғалымдар денсаулықты тұлғаның көп қырлы сипаттамасы ретінде қарастырады, оның ішіне тұлғаның ішкі жан дүниесі мен сыртқы ортамен физикалық, психикалық, әлеуметтік және рухани байланысы кіреді.

2. Денсаулық мәселесін шешу кезінде әр адам өз денсаулығына деген көзқарасы, өз ағзасын зерттеуі мен өмір сүру салтын ескеруі қажет. Денсаулықты сақтауда басты рөлді адамның өзі атқарады.

3. Дарынды балалар – мемлекеттің адами ресурстарының дамуының потенциалы, сондықтан мемлекет және қоғам тарапынан дарындылық мәселелеріне алаңдаушылық байқалады. Дарынды балалардың салауатты өмір сүру салты олардың жалпы дамуына тікелей әсер ететін фактор.

4. Салауатты өмір салтын қалыптастыруда физиологиялық және әлеуметтік-психологиялық факторлар ғана емес, денсаулықты бағалау, салауатты өмір салтына ынталандыру, жағдай жасау да маңызды. Ересектік кезеңінде адамның құндылықтарды өзі саналы түрде қалыптастыруы орын алады, тұлғаны жеке дамуы да осы және жасөспірімнің ынталандыруға қажеттілігі осы жерде көрініс табады.

5. Қазақстан Республикасының зияткерлік мектептерінде салауатты өмір салтына ынталандыруды қалыптастыру жүйелілікті қажет ететін процесс, үлкендер мен жасөспірімдер тарапынан ретпен қадамдар жасауды керек етеді.

Бұл зияткерлік мектеп жағдайында денсаулықты сақтауға мүмкіндік береді. Жасөспірім ұстаздардан тиісті мәліметтерді алып, есте сақтап, қорытып, оны нақты іс-әрекеттермен бекітіп, өзін-өзі сезінуін және физиологиялық көрсеткіштерді есепке ала отырып анализ жасайды. Зияткерлік мектептегі білім алу жағдайында жасөспірімнің денсаулық сақтаудың маңызын түсінумен қатар, денсаулықты жақсартуды практика жүзінде игеруі маңызды. Әрине, жоғарыдағы процесстің дамуы белгілі бір педагогикалық талаптардың орындалуы арқылы жүзеге асады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының 2016–2019 жылдарға арналған білім беруді дамыту бағдарламасы, №205 Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жарлығы 1 наурыз 2016 жыл. – <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1000001118>
2. Ресей Федерациясының 2025 жылға дейінгі демографиялық саясаты концепциясы // Образование в документах. – 2007. – № 20. – С. 29–43.
3. Громцева А.К. Оқушылардың өздерінен білім алуға дайындығын қалыптастыру. – М., Просвещение, 1983. – 155 с.

Н.П. Корогод, А.И. Беляновская,

А.О. Рахманова, Х.З. Ахатова

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Томск политехникалық университеті, Томск, Ресей

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА 9-СЫҢЫП БИОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША САРАЛАНҒАН ТАПСЫРМАЛАР ӘЗІРЛЕУ

Андатпа. Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесінің ең басты міндеті-білім берудің ұлттық модуліне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жетелеу. Саралап оқыту әрекеті – білім алуға бағытталған әрекет. Ол өз бетінше, әр мұғалімнің жетекшілігімен жүзеге асады.

Түйін сөздер: сараланған тапсырма, жаңартылған білім беру, жеке тұлға, даму, білім беру, дифференция, сауалнама.

Мектеп – еліміздің халыққа білім беру жүйесінің – күрделі тармағы. Сондықтан мектебіміздің мақсаты: жеке тұлғаны жан-жақты дамытудың алғы шарты ретінде оқушыларды сараптап оқыту арқылы шығармашылық қабілетін дамыту. Оқу үшін қажетті талаптардың өсуіне және білім көлемінің ұлғаюына байланысты мұғалімдер әр оқушының барлық ерекшеліктерін ескеретін тәсілді табуы керек. Оқытудың дәстүрлі әдісі барлық студенттердің бағдарламаны игеруін қамтамасыз ете алмайды. Әдетте сыныптар табиғи қабілеттерінде, еркінде, температураментінде, мінезінде және мотивациясында ерекшеленетін балалардан тұрады. Мұндай жағдайда мұғалім байқаусызда орташа оқушыға және орташа нәтижеге тең болады. Бұл оқушылардың толық ашылуына мүмкіндік бермейді: мықты студенттер оқуға деген қызығушылығын жоғалтады,

өйткені бұл оларға қатты күш салуды және қабілеттерін қолдануды қажет етпейді, ал әлсіз студенттердің материалды игеруге және сыныптан әрі қарай жүруге уақыты жоқ [1, 29 б.]. Бұның барлығы әр баланың жеке тұлғасына, даралығына назар аударуға алып келеді.

Қазіргі уақытта мектеп оқушының барлық қабілеттері мен бейімділігі барынша жүзеге асырылатын жағдайларды қамтамасыз етуі керек. Оқыту оқушылардың жеке қабілеттеріне әр түрлі болуы керек. Оқытуды саралау әр оқушыға көзқарас табуға мүмкіндік береді және оқушылардың танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктерін ескеруге, сол арқылы оқу процесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Дифференциалды оқыту әр оқушының қабілеттерін ашуға және дамытуға ықпал етеді, өзін-өзі тану және тұлғаның өзін-өзі анықтау процестерін ынталандырады [2, 134 б.].

Оқытудың дифференциациясы мен оқу процесін дараландыруды мұғалімдер мен ғалымдар бұрыннан зерттеген. Мәселенің әртүрлі аспектілері негізінен жеке бағыттар ретінде қарастырылды: оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың шарты ретінде сараланған тәсіл (А.А. Кирсанов), көп деңгейлі оқыту құралы ретінде сараланған тәсіл (В.К. Шишмаренков), жеке жоспарлар мен бағдарламалар бойынша оқыту құралы ретінде сараланған тәсіл (И.Э. Унт), аралас оқыту жүйесі ретінде сараланған тәсіл (Н.П. Гузик). Алайда, сараланған оқыту тақырыбындағы зерттеулердің кең ауқымына қарамастан, орта мектеп жасындағы биология бойынша сараланған тапсырмалар жүйесін құру мәселесі іс жүзінде қарастырылмайды. Бұл менің зерттеуімнің тақырыбын анықтады [3,4,5].

Зерттеудің мақсаты: 9-сыныпқа арналған «Биология» пәні бойынша сараланған тапсырмалар жүйесін әзірлеу және эксперименттік тексеру.

Зерттеу гипотезасы: Әр оқушының жеке қабілеттерін ескере отырып, сараланған тапсырмаларды қолдану арқылы 9-сыныпта білім сапасы мен деңгейін арттырады.

Зерттеу мақсатына жету үшін келесі міндеттер қойылды:

1. Мектептегі дифференциалды тәсілдің теориялық негіздерін зерттеу.

2. 9-сынып үшін биологиядан сараланған тапсырмалар жасау.

3. Мұғалімдер мен оқушылар арасында сауалнама жүргізу.

Зерттеу нысаны – 9-сыныпта Биологияны оқыту процесі.

Зерттеу пәні – 9 сыныптар арасында биологиядан сараланған тапсырмаларды қолдану әдістемесі.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы 9 сынып үшін биологиядан сараланған тапсырмалар жүйесін әзірлеу болып табылады.

Зерттеу базасы Павлодар қ. химия-биология бағытындағы НЗМ-нің 9 «F» сыныбы және Екібастұз қ. №7 мектеп-гимназиясының 9 «B» сыныбы болды.

Биология сабақтарында сараланған тәсілді қолданудың тиімділігін зерттеу және сараланған тапсырмаларды қолдану деңгейін анықтау мақсатында оқыту сапасын арттыру үшін практиканың екі базасынан 7 Биология мұғалімінен сұхбат алынды. Сауалнама 4 блокқа бөлінген 15 сұрақтан тұрады. Әр сұрақты 4 балдық шкала бойынша бағалау ұсынылады.

Бірінші блоктың сұрақтары сабақта сараланған тапсырмаларды қолдану мәселесі бойынша теориялық білімнің өзіндік деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Бірінші блок 4 сұрақты қамтиды. Саралау міндеттерін түсіну, көп деңгейлі оқыту әдістемесін білу, саралау әдістері мен қабылдаулар туралы бірінші блоктың сұрақтарына барлық мұғалімдер жоғары баллға жауап берді. Менің ойымша, бұған 3 жылдан 30 жылға дейінгі тәжірибесі бар мұғалімдерден сұхбат алынды.

Екінші блокта сараланған оқытуды ескере отырып, сабаққа дайындық деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін сұрақтар болды. Екінші бөлімде сабақтың түрін ескере отырып, саралау қажеттілігін анықтау, оқушыларды оқу топтарына бөлу критерийлерін білу және сараланған тапсырмалар құру мүмкіндігі туралы 3 сұрақ бар. Барлық мәселелерде мұғалімдердің 85%-ы максималды баллды атап өтті. Мұғалімдердің тек 15%-ы сараланған тапсырмаларды орта деңгейде жасай алатындығын атап өтті.

Сұрақтардың үшінші блогы мұғалімдердің сынып ішіндегі саралауды ескере отырып, оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыра білуінің өзіндік деңгейін бағалауға мүмкіндік берді. Ол 4 сұрақтан тұрады: теориялық материалды түсіндіруде сараланған тәсілді қолдана білу, оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру, білімді бақылау және үй тапсырмасын ұйымдастыру. Сараланған тәсілді ескере отырып, оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру мұғалімдердің ешқайсысына қиындық туғызбайды. 15% мұғалімдер үй жұмысын ұйымдастыруда және сыныпшілік теориялық түсіндіру материалдарды саралау кезінде сәл қиынға түсетінін көрсетті.

Сұрақтардың төртінші блогы сараланған тапсырмаларды қолдану қажеттілігі туралы хабардарлықты бағалауға мүмкіндік берді. Ол 4 сұрақтан тұрады. Сабақтың барлық кезеңдерінде саралауды қолдану міндетті ме деген сұраққа оқытушылардың 43%-ы «иә» деп жауап берді. Мұғалімдердің 27%-ы бұған келіспеді. Мұғалімдердің 15%-ы бұл мәселені «2» және «3» балл бойынша бағалады. Мұғалімдердің 70%-ы әр сабақта сараланған тапсырмаларды қолданатындығын атап өтті, 15%-ы оларды жиі қолдануға келісті, ал 15%-ы сараланған тапсырмаларды сирек қолданатындығын мойындады. Барлық мұғалімдер сараланған тапсырмалар білім сапасын арттырады деп келісті. Мұғалімдердің 43%-ы сабақтарда сараланған тәсілді қолдануды ұйымдастыру тәжірибесімен бөлісуге келісті.

Мұғалімдердің сауалнамасы сараланған тәсілді ұйымдастыру және сараланған тапсырмаларды қолдану деңгейі өте жоғары екенін көрсетті. Айта кету керек, сұхбат берген мұғалімдер гимназия сыныптарымен немесе мамандандырылған мектепте жұмыс істейді.

Сондай-ақ, зерттеу барысында екі 9 сынып бойынша жұмыс жүргізілді. №7 мектеп-гимназияның 9 «Б» сыныбында 25 оқушыдан тұрады, олардың барлығы экспериментке қатысты. 9 «F» НЗМ сыныбы 14 адамнан тұрады. Олардың ішінде экспериментке 5 оқушы қатысты. Эксперимент 3 кезеңде жүргізілді. «Тұқымқуалаушылық және өзгергіштік заңдылықтары» бөлімі бойынша күрделіліктің үш деңгейінің тапсырмалары құрастырылып, сыналды.

Оқу тиімділігінің критерийлерінің бірі академиялық көрсеткіштер екенін ескере отырып, эксперименттің басында мен «моногибридті және дигибридті кресттер» тақырыбында білімді бақылау бөлімін өткіздім. Бақылау нәтижелері бойынша оқушылардың тек 17%-ы күрделілігі жоғары тапсырмаларды шеше алды. Білім алушылардың 26%-ы бірінші деңгейден аса ілгерілемеген. Оқушылардың басым бөлігі, ал бұл 56%, орташа ауырлықтағы тапсырмаларды шешті. Алынған нәтижелер оқушыларды үлгерім деңгейіне сәйкес үш топқа бөлуге мүмкіндік берді: жоғары, орташа, төмен.

Келесі кезеңде аралық бақылау жүргізілді. Оқушылар сонымен қатар «толық және толық емес үстемдік» тақырыбында 3 қиындық деңгейіндегі тапсырмаларды шешті. Оқушылардың 17%-ы қиындығы жоғары мәселені шеше алды. Күрделілігі тек төмен деңгейдегі есептерді шеше алған оқушылардың үлесі 3%-ға азайып, 23%-ды құрады. Оқушылардың 60% күрделілігі орташа деңгейдегі есептерді шешті.

Қорытынды бөлім барлық тапсырмаларды шешкен оқушылардың үлесі 3%-ға артып, 20%-ды құрағанын көрсетті. Орташа оқушылар саны өзгерген жоқ. Бұл ретте әлсіз оқушылар санын азайту есебінен күшті және орташа оқушылар саны.

Экспериментке дейін және одан кейін зерттелген көрсеткіштерді талдау биология сабақтарында деңгейлік саралауды қолданғаннан кейін оқушылардың білім, білік және дағды деңгейі жоғарылағанын көрсетті. Оқытудың саралануы оқушылардың білім деңгейіне айтарлықтай әсер етті. Әр оқушының өзі үшін мүмкін болатын қиындық деңгейіндегі жұмысы саралау алдында төмен деңгейлі топқа жатқызылған студенттердің қазір орташа деңгейлі топқа ауысуына әкелді. Сонымен қатар, білім мен дағды деңгейін жоғары деп анықтауға болатын оқушылар саны артты. Сыныптағы оқу деңгейі аздап өзгерді, бірақ соған қарамастан жақсы жаққа өзгерді. Эксперимент биология сабақтарында сараланған тапсырмаларды қолданудың тиімділігін дәлелдеді.

Осылайша, зерттеу нәтижелері бойынша келесі қорытынды жасауға болады:

1. Дифференциация оқытудың әдістері мен әдістерінің формаларын таңдауды; оқу жоспарлары мен бағдарламаларын құруды, әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмалар мен мектеп жүйесін құруды қамтиды.

2. Сараланған тапсырмаларды қолдануды ұйымдастыру және оларды әзірлеу әр оқушының жеке сипаттамаларына және сыныптың диагностикалық картасына байланысты бірнеше сатыда жүзеге асырылады. Мұғалім бақылау, талдау және педагогикалық түйсігі арқылы оқытудың тиімді әдістері мен әдістерін анықтайды.

3. Күрделіліктің үш деңгейіндегі биология бойынша сараланған тапсырмалар әзірленді және 9 сынып негізінде эксперимент жүргізілді. Әр оқушыға жеке бағытталған оқыту әдістері мен тәсілдерін таңдауда оқытудың тиімділігін арттыру анықталды.

Әдебиеттер

1. Утегенова Б.М. Основы дифференциации преподавания и обучения в современной школе: учебное пособие / Б.М. Утегенова, Т.И. Смаглий, Е.А. Онищенко. – Костанай: КГПИ, 2017. – 98 с.

2. Кашканова Л.З. Дифференциация обучения как форма организации образовательного процесса в начальной школе / Л.З. Кашканова // Теория и практика образования в современном мире: материалы II Междунар. науч. конф. (г. Санкт-Петербург, ноябрь 2012 г.). – СПб. Реноме, 2012. – С. 132-136.

3. Кирсанов А.А. Педагогические основы индивидуальной учебной деятельности: дис. докт. пед. наук. – Казань, 1982. – 434 с.

4. Унт И.Э. Индивидуализация учебных задач и ее эффективность: автореф. дис. докт. пед. наук. – Тарту, 1976. – 391 с.

5. Осмоловская И.М. Дидактические принципы дифференциации процесса обучения в общеобразовательной школе: автореф. дис. докт. пед. наук. – Москва, 2002. – 314 с.

6. Hockett, J.A. (2018). A.C.C.E.S.S. Differentiation Handbook: Strategies and Examples: Grades 6–12 created. Tennessee Department of Education.

Б.С. Сапарбекова, Ю.И. Олейник, Н.П. Корогод

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ЖАҒДАЙЫНДА БИОЛОГИЯ БОЙЫНША САБАҚТАРДЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ӘЗІРЛЕУ

Андатпа. Мақалада негізгі компоненті пәннің оқу-әдістемелік кешені болып табылатын биология бойынша оқыту бағытының негізгі кәсіптік білім беру бағдарламасын іске асырудың маңызды шарттарының бірі қарастырылады.

Түйін сөздер: білім беру, жаңартылған бағдарлама, әзірлеу, зертханалық жұмыс, бейімделу.

Бүгінде әлемдік қоғамдастық жаңа білім берудің мазмұнын айқындайды, оқытудың жаңа технологиялары әзірленуде және енгізілуде, білім

беру процесі үнемі жетілдірілуде. Бұған көптеген маңызды факторлар ықпал етеді: оқушыларға қажетті білім, білік және дағдылардың өсіп келе жатқан көлемі, балалық шақ табиғатын зерттеу нәтижелері, әртүрлі елдердегі оқу орындарының тәжірибесі. Сонымен қатар, әлемдік білім өндірістің, ғылымның, мәдениеттің жаңа деңгейіне сәйкес келуі керек. Сонымен, білім беру жүйесін жаңарту өзекті, сөзсіз міндет болып табылады. Оқушыны осындай жағдайда өмір сүруге дайындау үшін академиялық білім, функционалдық дағдылар, жеке құзыреттер мен қатынастар жеткіліксіз. Мүлдем жаңа қасиеттер қажет – метакогнитация, метакомпетенция. Алдыңғы қатарлы экономикалар білім беру мақсаттарын «адамгершіліктен» – «шығармашылық ойлауға, әрекет етуге, өзін-өзі дамытуға қабілетті адамға» ауыстыруды талап етеді [1,2].

Орта білім беру бағдарламасының жаңартылған мазмұны қоғамның белсенді, шығармашылық ойлауға және өз бетінше шешім қабылдауға қабілетті, функционалды сауатты, өмірдің әртүрлі салаларында стандартты және стандартты емес өмірлік міндеттерді шешуге дайын адамның сұранысына тікелей байланысты. Бұған оқушылардың негізгі қарым – қатынас дағдыларын-тыңдау, сөйлеу, оқу және жазуды дамытуға бағытталған құзыреттілік тәсіл ықпал етуі керек [3].

Жаңарту жаһандық білім беру қажеттіліктері мен терең динамикалық процестермен байланысты.

Жұмыстың мақсаты: жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында биология сабақтарына арналған виртуалды зертханалық жұмыстарды әзірлеу.

Қойылған мақсатты іске асыру үшін келесі міндеттер тұжырымдалды:

1. Білім мен ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мазмұнын зерделеу және талдау.

2. 8-сыныптың биологиясы бойынша 12 виртуалды зертханалық жұмысты жасау.

3. Зертханалық жұмыстарды жүргізу үшін қажетті оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу және микропрепараттар дайындау.

Материалдар мен әдістер:

